

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

С.Ч.Тұрсынғалиева  
Г.Д.Рыскелдиева

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің  
9-сыныбына арналған оқулық



ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 84.Қаз-44  
Т 86

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сарапшыларымен келісілді.

Т 86 Тұрсынғалиева С.Ч.  
**Қазақ әдебиеті.** Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. С.Ч.Тұрсынғалиева, Г.Д.Рыскелдиева. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2019. – 272 бет.

ISBN 978-601-318-203-2

Оқулыққа негізгі білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес шешендік сөз үлгілері, ақын-жазушылар шығармалары енгізілді. Оқулықтың тілі жеңіл, оқушылардың өз бетімен білім алу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 84.Қаз-44

ISBN 978-601-318-203-2

© Тұрсынғалиева С.Ч.,  
Рыскелдиева Г.Д., 2019  
© «Арман-ПВ» баспасы, 2019

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

## Шартты белгілер

**Жаңа тақырыпты меңгеру тапсырмалары – функционалдык сауаттылықты қалыптастыру тапсырмалары**

1 Білу

2 Түсіну

3 Қолдану

4 Талдау

5 Жинақтау


6 Бағалау

 Зергер сөз

ақын-жазушы туралы пікір, түйінді ой

 Даналық ойдан дән ізде

даналық ой, сөз сарасы, ойтолғау

 Сөздің көркі – мақал

мақал-мәтелдер

 Бағалы дерек

маңызды мәлімет



**Сөзмаржан** – түсіндірме сөздік



**Әдебиет теориясы** – әдебиеттану ғылымының түсініктері



**Тыңдалым** – шығармалар үзінділерінің аудионұсқасы



**Тапсырмалар** – әдебиет теориясын меңгерту тапсырмалары



**Артық болмас білгенің** – танымдық мәліметтер



**XXI ғасыр оқырманына** – қосымша оқуға ұсынылған әдебиеттер



### Назар аудар

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны *arman-pv.kz* сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алуыңа болады

## КІРІСПЕ

### *Әдебиет пәнінің ерекшелігі қандай?*

Қымбатты достар! Сендер бұған дейін ауыз әдебиеті үлгілерімен, ежелгі дәуір әдебиетінің кейбір мұраларымен және әр кезеңдегі ақын-жазушыларымыздың шығармаларымен таныстыңдар. 9-сыныпта қазақ әдебиеті әлеміне еркін еніп, ауыз әдебиетінің ерекше түрі – айтыс өнері туралы түсінік аласыңдар, әр дәуірдегі әдебиет үлгілерінің үздік шығармаларымен білімдеріңді толықтырасыңдар.

Төменгі сыныптардан бастап, әдеби шығармаларды оқи отырып, тарихи дәуірдің әдебиетте бейнеленуі, сол дәуірдегі көтерілген мәселелер, ақын-жазушылар шығармашылығындағы өмір шындығының көрінісі, авторлық идеяның ашылуымен танысып келесіңдер. Сыныптан сыныпқа көшкен сайын білімдеріңе білім қосылып, таным көкжиектерің кеңейе бермек.

Әр пәннің өзіндік ерекшелігі, тілі бар. Әрқайсысы өз өрнегімен сөйлейді. Әдебиет – өнердің, жан-жақты ойланту мен терең ойлаудың пәні. Әдебиеттің басқа пәннен өзгешелігі – онда дәлелденген ешқандай заң жүйесінің, формулалардың, бұлжымас, айнымас ережелерінің жоқтығы. Әдебиет – жақсылық пен ізгіліктің дәнін себетін, адам бойына асқақ арман, әдемі сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді мөлдір сезім мен адамгершілік асыл қасиеттер дарытатын құдіретті күш.

«Өнер алды – қызыл тіл» деп тегін айтылмаған, себебі сөз арқылы табиғатты да, зәулім ғимаратты да, адамның ішкі дүниесі мен кескінін де, өткенді де, қазіргіні де, болашақты да суреттеуге болады. Ал өнердің басқа түрінде мұндай мүмкіндік жоқ. Сендер төменгі сыныптарда әдебиеттің өзіне тән ерекшелігін, көркем шығарманы талдау жолдарын, әдеби жанрлар мен оның түрлерін, әдеби ағым мен көркемдік мәселелер туралы түсінік алдыңдар.

Өнердің қай саласында болсын, шынайы суреткер өзіндік өрнегімен, нақышымен көрінеді. Әр жазушының өзіне тән суреттеу стилі мен сөз саптау мәнері бар. Әрқайсысы өзінің өмір танымына,



## Сөзмаржан

**Жаһандану** – әр елдің әлеуметтік, саяси және мәдени айырмашылықтарының жойылуы.

**Құндылық** – қымбаттылық, бағалылық, маңыздылық, мәнділік.

## Даналық ойдан дән ізде

Әдебиет – адам өнерінің ішіндегі ең ұзақ жасайтындарының бірі.

*Ғ.Мұстафин*

Әдебиет оқушының ақыл, сезімін тәрбиелеп жетілдіруден басқа, сол оқушыға қазақ деген елдің өткендегісі мен бүгінгі пішінін танытуға керек.

*М.Әуезов*

Әдебиет – тек асыл мұратпен, таза ар-намыспен ғана кіруге болатын зәулім сарай.

*С.Шаумян*

Әдебиеттің мақсаты – адамға өзін-өзі тани білуге жәрдемдесу.

*М.Горький*

Әдебиет – халықтың санасы, оның рухани өмірінің бояуы мен жемісі.

*В.Белинский*

шығармасының идеялық мазмұнына сай өзінше сөйлейді, өзінше толғайды, өзінше нақыштайды. Көп жағдайда суреткердің қиял дүниесі шындық өмірге негізделеді. Ал кейде суреткердің қиялы шарықтап, ақиқаттағы, шындықтағы заттар мен құбылыстардың бейнесі өмірдегіден алшақ кетеді. Көркемсөздің қуатын танып, шығарманың шырынына тереңдей бойласақ, одан рухани нәр алатынымыз сөзсіз. Көркемсөз – жан дүниені, көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы өз ырқына жетелеп алатын қасиетті дүние.

Көркем шығарманы ұлттық құндылық ретінде тануға ұмтылуларың керек. Ұлттық құндылықтарға Отан, туған жер, туған ошақ, халық, ана тілі, ұлттық мәдениет, дәстүрлер мен ғұрыптар жатады. Жаһандану аясында ұлт ретінде жойылып кетпеу үшін ұлттық мәдениетті, әдебиетті, тілді, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді сақтап қалудың маңызы зор.

**Оқулық құрылымы қандай?**

9-сыныпта оқылатын «Қазақ әдебиеті» пәні сендердің жан дүниелеріңді байытып, рухани өсулеріңе ықпал етеді. Әдеби туындыларды оқу арқылы сендердің бойларыңда туған тілін сүюден бастап, адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдерің қалыптасады. Мысалы, Майқы, Мөңке, Әнет баба, Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды би-шешендер сөздеріндегі биік мұраттарды ой-сезімнен өткізіп, өздерің де ізгілене түсесіңдер. Нысанбай жырау мен Махамбет жырларын оқу арқылы адамның ішкі сезім иірімдерін, көңіл күйін тануға ұмтылатын боласыңдар. Ш.Уәлиханов, І.Жансүгіров, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов шығармалары адам өміріндегі ақиқатты, ұлттық түсініктерді

бағалай білуге үйретсе, Ф.Оңғарсынова, Т.Айбергенов өлеңдері адам жанының құпиясына үңілуге ықпал етеді. «Мәңгілік Ел – мәңгілік мұрат» идеясын Н.Айтұлы, Қ.Мұханбетқалиұлы шығармашылығы арқылы танып білуге тырысасындар. Осылайша әр жазушы туындысындағы ұлттық құндылықтарды бойларыңа сіңіру арқылы рухани дүниелеріңді байыта түсесіңдер, адамгершілік асыл қасиет иелеріне айналасыңдар.

Оқулық құрылымында берілген «Сөзмаржан», «Зергер сөз», «Артық болмас білгенің», «Даналық ойдан дән ізде», «Бағалы дерек», «Сөздің көркі – мақал» айдарлары білім аясын кеңейтіп, қазақ әдебиеті жайлы түсініктеріңді толықтыра түседі.

**«Артық болмас білгенің»** және **«Бағалы дерек»** айдарларында тақырып бойынша білімдеріңді кеңейтуге бағытталған материалдар ұсынылған. Онда ғылыми, тарихи, мәдени деректермен қоса ақын-жазушылардың өміріне байланысты қызықты мәліметтер берілді. **«Даналық ойдан дән ізде»** айдарындағы пікірлер мен қанатты, нақыл сөздер ұлттық құндылықтарды бойына дарытқан парасатты тұлға болып қалыптасуларыңа көмектеседі. **«Сөзмаржан»** айдары сөз құпиясын ашуға, сөздік қорларыңды толықтыруға арналған. **«Сөздің көркі – мақал»** айдарындағы мақалдар терең ой салып, көркем, образды сөйлеуге жаттықтырып, сөздік қорларыңды дамытса, **«Зергер сөз»** айдары ұлы тұлғалардың сөздерінен мол тағылым мен мәлімет алуларыңа мүмкіндік береді. Атадан қалған ұлы сөздерді санамызға түйіп, сөз кезегі келгенде орайын келтіріп қолдана білетін болсақ, сөз өнерінің асыл маржандарын меңгеретініміз сөзсіз.

Оқулықта әдеби-теориялық ұғымдардан да түсініктер берілген. Бұл ұғымдар сендердің бұрыннан алған білімдеріңді тереңдетуге мүмкіндік беріп, жаңадан берілген тың ақпараттар әдебиеттанудан алған білімдеріңді толықтыра түспек. Іске сәт, достар!

## I ТАРАУ

# АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ СӨЗ

Бабалар сөзі – ақылдың көзі.

Адамға екі нәрсе тірек тегі: бірі – тіл, бірі – дінің жүректегі.

*Ж.Баласағұн*

### **Бұл бөлімнен сендер:**

- X–XII ғасырлардағы әдебиеттің жалпы сипатымен танысасыңдар;
- Жүсіп Баласағұн, оның «Құтты білік» кітабы туралы оқып білесіңдер;
- Халық ауыз әдебиетінің бір түрі – шешендік сөздер, олардың ерекшеліктері туралы түсінік аласыңдар;
- Қазақ халқының би-шешендерінің даналық ойлары мен нақыл сөздерінің тамырына үңілесіңдер;
- Ақын-жыраулардың мағынасы терең толғау-жырларымен сусындауға мүмкіндіктерің болады;
- Айтыс өнері туралы түсініктеріңді толықтырасыңдар.

Х–ХІІ ғасырлардағы тарихи жағдай мен әдебиеттің сипаты қандай болған?

## Х–ХІІ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ӘДЕБИЕТ

Түркі халықтары әдебиеті тарихында ислам дәуірі (Х–ХІІ ғасырлар) ерекше орын алады.

Қазіргі Орта Азия мен Қазақстан жерін бір кезде мекен еткен түркі халықтарының тарихында Х–ХІІ ғасырлар қоғамдық дамудың жаңа басқышы болды. Бұл кезде араб халифатының билігі жойылып, ел басқару ісін жергілікті жерлердегі феодалдар мен ақсүйектер өз қолдарына алған еді. Енді араб тілі бұрынғыдай міндетті мемлекеттік тіл болудан қалды.

Х–ХІІ ғасырларда түркі әдеби тілі жан-жақты дамып, жетіле түсті. Мұның өзі түркі халықтарының, соның ішінде қазақ, өзбек, ұйғыр, қырғыз т.б. халықтардың этникалық құрамының қалыптаса бастауы мен олардың әлеуметтік-қоғамдық өмірдегі рөлінің біртіндеп арта түсуіне байланысты болды. Қыпшақ, оғыз, қарлұқ және ұйғыр тайпалары мен халықтарының тілдері негізінде Х–ХІІ ғасырларда араб графикасындағы түрік жазуы қалыптасты. Әдебиеттің көптеген ескерткіштері аралас қарлұқ-ұйғыр және қыпшақ-оғыз тілдерінде жазылды. Орта ғасырдағы ең танымал туындылар – әл-Фарабидің «Әлеуметтік-этикалық трактаттары», ибн Синаның «Даныш-намесі» («Білім кітабы»), әл-Бирунидің «Хикметтері» («Даналық сөздері»), Махмұд Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігі» («Диуани лұғат ат-түрк») Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» («Құдатғу біліг») дастаны, Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы кітабы»,



### Сөзмаржан

**Ренессанс немесе Қайта өркендеу** – XIV–XVII ғасырлар аралығындағы еуропалық жаңа мәдениет дәуірі. «Ренессанс» сөзі ауыспалы мағынада «өркендеу, гүлдену, жаңару, көркею, қайта серпілу» секілді мағыналарды береді. Азиядағы бұл мәдени өрлеу Х–XV ғасырларды қамтиды. «Қайта жаңғыру» (Ренессанс) мәдениеті – тек ежелгі мәдениетке мирасқорлық, ұмытылған өркениет мұраларының игі дәстүрлерін қайта жандандыру, өткен үлгілерді қайталау ғана емес, сол көне және кейінгі рухани қорлар тоғысынан қуат алып, тыңнан бой түзеу, гүлдену.



Ахмет Ясауидің «Ақыл кітабы» («Диуани хикмет») Қарахан мемлекетіндегі тайпалар мен халықтардың бәріне түсінікті, ортақ тіл болып табылатын түркі тілінде жазылды.

Қоғамдық өмірдің түрлі салаларын қамтитын жоғарыда аталған шығармалар үкімет билігін жаңадан қолға алған, түркі-тектес жергілікті халықтардан шыққан әкімдер үшін аса маңызды болып табылатын ең басты сауалдарға жауап берді. Бұл сауалдар мемлекетті басқаратын билеушілер, жергілікті әкімдер ақыл-парасаты, білімі, адамгершілігі жағынан қандай адам болуы керек, сондай-ақ ел билеушілер мен қарапайым халықтың өзара қарым-қатынасы қандай болуы тиіс, ақыл-парасаттың, білімнің, мінез-құлықтың қоғамдағы рөлі қандай деген сияқты сұрақтар еді.

Әсіресе этикалық, моральдық мәселелерге қатысты шешілмей тұрған теориялық проблемалар көп болатын. Сол себепті ислам дәуірінде этикалық-моральдық тақырыптағы туындылар көбірек жазылды.

X–XII ғасырлар – түркі халықтарының қоғамдық-мәдени даму тарихында Қайта өрлеу – Ренессанс дәуірі болды.

*(Н.Келімбетов. «Ежелгі дәуір әдебиеті»)*



Қашқар қаласындағы Жүсіп Баласағұн кесенесі

IX–XII ғасырлардағы түркі халықтарының көрнекті өкілдерінің бірі, бұл кезеңнің рухани мәдениеті тарихында өзіндік із қалдырған, қазақ топырағында дүниеге келген Жүсіп Баласағұн – түркі әлеміндегі белгілі ойшыл, данышпан, философ, қоғам қайраткері.

*Н.Келімбетов*

## ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН



ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН  
(1020 жылы туған – қайтыс болған жылы белгісіз)

Жүсіп Баласағұн – Орта Азияның белгілі ақыны. Туған жері – Жетісу жеріндегі Баласағұн қаласы. Бұрын бұл қаланы «Күз Орда» деп атаған.

Жүсіптің әкесі ақын, өнерпаз кісі болған, Қараханидтер мемлекетінің астанасы Баласағұн қаласында хан сарайында өлең айтып, күй шерткен. Жүсіп әкесімен бірге хан сарайында қызмет етіп, оның тәлімін алып өскен. Бұл орта оның қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарынан білім алуына көмегін тигізген. Жасынан зерделілігімен көзге түсіп, сарай қожаларының назарын аударған Жүсіптің болашағынан Шығыс Түркістан, Қашқар, Баласағұн, Жетісу өлкелерін билеп тұрған Богра хан да үлкен үміт күтеді. Жүсіп кезіндегі атақты білім ордаларында болып, түркі тілдеріне қоса парсы, араб, қытай тілдерін үйреніп, әдебиет пен ғылым салаларын жетік білген. Өз кезінің білімді адамы саналған Жүсіп Баласағұн сол дәуірдің әдебиетін, тарихын, астрономиясын, геометриясын, тағы басқа ғылым салаларын жете меңгерген.

Жүсіп Баласағұнды ақын ретінде де, ғалым ретінде де танымал еткен – «Құтты білік» (*Құтадғу білігі*) атты дидактикалық поэмасы. Бұл – көне түркі тілінде жазылған, түркітілдес халықтардың ортақ әдеби мұрасы.

Жүсіп Баласағұнды ақын ретінде де, ғалым ретінде де танымал еткен – «Құтты білік» (*Құтадғу білігі*) атты дидактикалық поэмасы. Бұл – көне түркі тілінде жазылған, түркітілдес халықтардың ортақ әдеби мұрасы.

Жүсіп Баласағұн «Құтты білікті» 1070 жылы жазып бітірген. Дастанның кіріспесі қара сөзбен жазылған, онда ақын: «Бұл кітапты жазған кісі Баласағұнда туған, осы кітапты Қашқарда жазып бітіріп, шығыстың әміршісі Табғаш

Қара Богра ханға тарту еттім», – дейді. Еңбек алғаш рет түркі тілінде жазылған. Қоғамдық-әлеуметтік мәні терең, халықтың моральдық-этикалық бағдарламасы іспеттес бұл еңбегін Қараханид мемлекетінің сол кездегі билеушісі Табғаш Арслан хан Богра ханға тарту етіп, бұған қоса оның арғы тегіне арнап, «Хусайынның дерті» деген күй шығарған. Хан оның бұл еңбегін жоғары бағалап, оған «Хас Хажыб» деген атақ берген. Бұл туралы ақын:

Хандар ханы Табғаш Қара Богра –  
 Падишахтың құзырында оқыды.  
 Мархабатпен даңқ қосты атына –  
 Ақылы мен қаламының хақына.  
 Хас Хажыб деп атақ берді тағы да,  
 Мұны сеніп жақын тұтты жанына.  
 Сол мәні үшін жұрт құрметпен қарады,  
 Аты – Жүсіп Хас Хажыб деп тарады, –

деп жазады.

Ақын «Құтты білікте» қандай адам «Хас Хажыб» болып істеуі мүмкін деген сауал қойып, оған өзі егжей-тегжейлі жауап береді. Ұлы Хас Хажыб – өмірші патшаның көрер көзі, есітер құлағы, мемлекет заңдары мен сол елдің әдет-ғұрпының дұрыс орындалуын қадағалап отырушы. Сондай-ақ ұлы уәзір қазына ісін басқарушы адамға, сарайда қызмет ететін хат көшірушілер мен қолөнершілерге патша атынан әмір беруге, елшілерді қабылдап, шығарып салуға, ресми түрдегі салтанатты жиындардың заңға сәйкес өтуін қадағалауға, кедейлер мен жетім-жесірлердің арызын тыңдап, оны ханға жеткізіп отыруға құзырлы болған.

«Құтты білік» дастаны – мемлекетті басқару әдістерін, адамгершілік ұстанымдарын, қоғамдық-саяси мәні бар ережелер мен заңдарды, әдет-ғұрыптар қалыбын қамтыған энциклопедиялық дәрежеде жазылған көркем туынды. Дидактикалық сарында жазылып, ғибрат-уағыздарды бейнелі, көркем тілмен жырлайтын бұл дастанда қарапайым халықтан бастап, Богра ханға дейінгі түрлі дәрежедегі әлеуметтік таптардың, түрлі кәсіп иелерінің мінез-құлық қалыптары, түр-сипаты, ақыл-парасаты, міндеттері мен жауапкершілігі қандай болу керектігі, олардың әрқайсысының қоғамнан алатын орны қандай болуы тиіс екені баяндалады.

Автор әңгімені әмірші-патшаның өзінен бастайды. Ел-жұртты басқаратын адам – ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, өнер мен білімге жетік, қолы ашық, пейілі кең, кек сақтамайтын болуы шарт. Білім мен өнерден құралақан жандардың әділ билік жүргізе алмайтындығын айтады. Жүсіп Баласағұн ел басқарған әкімдерді сол кезде хан сарайында кең тараған жаман қылықтардан сақтандырады:

Бек халықты тек біліммен сендірер,  
 Барлығын да ақылына жеңдірер.  
 Бек дегенің білікпенен берік тұр,  
 Білік кетсе, бек қалады желік құр...  
 Халыққа жақ, көңілі – тоқ, көзі тоқ,  
 Ойы терең, тілі майда, сөзі шоқ...  
 Егер бегі қиянатшыл, сұм болса,  
 Халқы сорлап, күн көре алмас құл да онша.  
 Зұлым күшпен бек ұзаққа бармайды:  
 Күш-зорлыққа халық шыдап қалмайды.  
 Елді дана келсе ұзақ билегің,  
 Заңды ұстап, бұрсын елге бүйрегің!

Алайда ел басқарған адам қанша зерек, қанша іскер болса да, күллі мемлекетті, барша істі жалғыз өзі ойдағыдай басқара алмайды. Мемлекеттің күш-қуатын нығайтып, ұлыстар мен кенттерді гүлдендіре түсу үшін, әкімшілік нығайып, ел дәулеті еселеп артуы үшін патшаға істің көзін білетін адал, білімді көмекшілер керек. Ақын мұндай көмекшілердің бірі – әміршінің кеңесшісі, оның көрер көзі, есітер құлағы саналатын адамы, елдегі барлық істі қадағалап отыратын уәзірі, ал екіншісі – ләшкербасы дейді. Ж.Баласағұн уәзір мен ләшкербасының міндеттері, ел басқарудағы олардың атқаратын рөлі мен қоғамдағы орны туралы айта келіп, уәзір мен ләшкербасын бір аттың басына салынған жалғыз шылбырдың екі жақ тізгініне ұқсатады. Бұлардың бірі – елді қалам-қағазбен басқарса, екіншісі – қылышпен жөнсіздерді жөнге салады:

Бірі – уәзір, екіншісі – ләшкербасы,  
 Бірі – қылыш, ал екіншісі – қалам ұстаған.  
 Бұлар – ел тізгіні, ал тізгіннің екі жағы бар,  
 Екеуін тең ұстаса, оны ешкім үзе алмайды.



## Сөзмаржан

**Хас Хажыб** – араб сөзі, ханның ең жақын, ең сенімді кеңесшісі, ұлы уәзір деген мағынаны білдіреді.

**Білік** – 1) білім; 2) билік ету, басқару.

**Құтадғу** – құт, бақыт.

**Ләшкер** – әскери атақ.

Сондай-ақ ақын елшіге, кеңсе қағаздарын жазатын адамға, жұлдызшыға, қазына ісін басқарушыға, аспазға тағы басқаларға қажетті игі қасиеттерді сипаттап жазады.

«Құтты білік» дастанында ақын елдің әкімдерге қоятын және әкімдердің елге қоятын талаптарын ашып айтқан. Ел билеген әкімдерге мынадай сөздер айтады: «Ей, әкім, халықтың сенде үш түрлі ақысы бар, сен сол ақысын төле, сөйтіп, өз жаныңа жә-

бірлік жасама. Бұл ақының бірі – ақшаның нарқын көтеру, ақша құрамындағы алтын мен күмістің үлесін арттыру, оның төмендеп кетпеуін қадағалап отыру. Тағы бірі – ел үшін сенімді, берік және әділ заңдар шығару, мұны ел сенен күтеді. Үшіншісі – жолдарды қарақшылардан, адам өлтірушілерден тыныш етіп, сақтай білу». Сонымен қатар әкімдер елге мынадай үш талап етуге құқылы дейді: «Бірі – сен қандай жарлық шығарсаң да, жұрттың бәрі оны сөзсіз тез орындауы керек. Екіншісі – мемлекет салықтарын уақытында жомарттықпен мемлекет қазынасына тапсырып тұрсын. Үшіншісі – бүкіл халық досыңа дос, дұшпаныңа дұшпан болу керек».

Жүсіп Баласағұн бұл өмірдегі барлық нәрседен ғылымды жоғары қояды, адам бойындағы барлық жақсы-жаман қасиеттерді біліммен тығыз байланыстырып қарайды. Дастанда оқу-білім, ғылым мәселелеріне арналған арнайы жолдар бар:

Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын,  
Білім – жарық, нұрын саған шашатын.  
Талай ізгі іс атқарылды ақылмен,  
Мың рақмет ақыл-еске асыл кен!  
Білім – байлық, азаймас һәм жоғалмас,  
Еш қарақшы, ұрыға да тоналмас.

Ақын ғалымдарды мадақтай келіп, олардың орны әрқашан да төрде болуы керек дейді. Ал жоғары қызметке ие болып жүрген білімсіз, қараңғы, надан жандардың төрден алған орнының өзі босаға секілденіп қалатынын ескертеді:

Наданға төрден орын тисе, қор етеді,  
Данышпанға босағадан орын тисе, төр етеді.

### Даналық ойдан дән ізде

Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн – түркі халықтары тарихындағы қайта өрлеу дәуірінің аса көрнекті ақыны, есімі күллі Шығыс елдеріне мәшһүр болған данышпан ойшыл, атақты ғалым, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері.

*Н.Келімбетов*

Дастандағы ой-пікір: патша ел-жұртың қылыштың күшімен, қатал тәртіппен басқарса, ғалымдар қалың бұқараны ақыл-парасатымен басқаруы керек. Адам бойындағы зұлымдық, қатыгездік, сараңдық, опасыздық, т.б. түштеп келгенде, білімсіздіктен, надандықтан туындайды деп есептейді.

«Құтты білік» дастанында автор ерекше мән беріп, зор шабытпен жазылған аса маңызды мәселелердің бірі – адамдардың бірін-бірі құрметтеуі, ізет көрсетуі, сыйлауы. Жастардың қарттарға, қариялардың жастарға, өкімдердің қызметшілеріне, жалшылардың қожаларына, балалардың әке-шешесіне, ата-ананың перзенттеріне деген ізгі-құрметі қандай болуы керек деген сауалға жауап берілген.

Ж.Баласағұн жақсы мінез-құлық, әдептілік, кішіпейілділік, ең алдымен, адамның тәлім-тәрбиесіне байланысты деген ой түйеді. Әдептіліктің сан түрін жырлай келіп, солардың ішіндегі ең бастысы – тіл әдептілігі деген қорытынды жасайды. Қысқа әрі мазмұнды сөйлей білу – әдептіліктің басы деген пікір айтады.

Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,  
Қор қылар тіл, кететұғын бас болар.  
Біліп айтқан сөз білікті саналар,  
Біліксіз сөз басыңды жеп табалар.  
Көп сөйлесең, «езбесің» деп жек көрер,  
Сөйлемесең, «мылқау екен» деп сөгер.  
Бұлай болса, тең ортасы – керегің,  
Тілге ұстамды болсаң, өсер беделің!  
Қалар мұра – сөз, кісіден кісіге,  
Сөзді мұра тұтсаң, пайда ісіңе.

«Құтты білік» дастанының басты идеясы төрт ұстанымға негізделіп жазылған: біріншісі – мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің бейнесі ретінде Қунту патшаны көрсетеді. Екіншісі – бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі дастанда патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған. Үшіншісі – ақыл-парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық рөлі уәзірдің баласы Өгдүлміш бейнесінде жырланады. Төртіншісі – қанағат-ынсап

### Зергер сөз

Егер мейірімділер күшті, ал қатыгездер әлсіз болса, біз ауыр ойлардан тұнжырамас едік. Егер әлемде әділдік заң болса, тағдырымыздың қатыгездігіне наразы болмас едік.

*Ж.Баласағұн*

Қанша білсең, ізден тағы,  
тағы да,

Білікті адам жетер  
тілек, бағына.

*Ж.Баласағұн*



### Сөзмаржан

**Рубаи** – үлкен ой, түйінді тұжырымды білдіретін бір шумақты, лирикалық өлең түрі. Рубаи – арабтың төл сөзі. Мағынасы – «рубағи» – «төрттік» немесе «төрт жолдық өлең» деген терминді танытады.

**Бәйіт** – араб, парсы және түркі тілдес халықтар поэзиясындағы қос тармақты, егіз ұйқасқа құрылған өлең түрі. Айтылар ой барынша тұжырымды болып келеді.

мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш Одғұрмыш бейнесі арқылы өңгіме болады.

Дастан рубаи жанрында жазылған. Байырғы философтар, данышпандар ел билеген би-шешендер өздерінің даналық ойларын осы жанр арқылы бұқараға жеткізіп отырған. Композициялық құрылысы жағынан «Құтты білік» дастаны 6520 бәйіттен (екі жолдық өлең) тұрады. Бұл – 13000 өлең жолы. Соның бәрі 85 тарауға бөлініп берілген. Шығармада Әділет, Бақыт, Ақыл, Қанағат атты төрт кейіпкер бар. Өңгіме осы төрт кейіпкердің сұрақ-жауаптары арқылы өрбиді.

Ақынның «Құтты білік» поэмасынан басқа жазған көптеген рубаилары да болған. Мысалы, Наманган қолжазбаларының ішінен оның 600 жолдан астам рубаилары табылған. Олардың да поэзиялық көркемдігі жоғары, философиялық толғамдары терең.

Орта ғасырдың аса көрнекті ақыны, ғажайып сөз зергері, ғалымы, мемлекет қайраткері Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының әдеби, мәдени, тарихи мәні ерекше зор.

### Артық болмас білгенің

Танымал түркітанушы ғалым В.В.Бартольд кезінде «Құтадғу біліг» дастанының атын орыс тілінде «Бақыт сыйлайтын білім» немесе «Патшаларды ақылға шақыратын білім» деп аудару туралы ұсыныс жасаған. С.Е.Малов «Бақыт кітабы» деп аудару туралы айтса, зерттеуші А.А.Валитова «Басқару туралы білім» деп аударған. С.И.Иванов тұңғыш рет орыс тіліне толық поэтикалық тәржіма жасап, дастанның атауын «Құтты білім» деп аударған.

*Н.Келімбетов*

Ж.Баласағұнның туған жері Батыс Түрік қағанатының басты астанасы, саяси, экономикалық, сауда-саттық және рухани мәдениеттің орталығы ретінде аты әлемге әйгілі болған ортағасырлық ірі қала Баласағұн екендігі тарихтан белгілі. Баласағұн – «көрікті тас қала» деген ұғымды білдіреді. Баласағұн қаласы V ғасырда пайда болып, XIII ғасырдың басында қираған. Баласағұн қаласы тарихи сахнадан түсіп, уақыттың өтуімен аты да, орналасқан жері де XIV ғасырда белгісіз болып, кейін жергілікті тұрғындар шаһардың ортасында сақталып қалған биік төбенің атымен Ақтөбе деп атап кете берген. Сөйтіп, Шу өзенінің сол жағасында орналасқан, тарихта ортағасырлық Ақтөбе қаласы деген атпен белгілі ескерткішті терең зерттеу арқылы оның тарихи Баласағұн екендігі дәлелденді.

*Б.Әбдікәрімұлы*

### Бағалы дерек

#### **Баласағұн қаласының шығу тарихы туралы**

Зерттеуші-ғалым У.Шалекенов өзінің «Қазақ мәдениеті» атты кітабында былай дейді: «Қашқари еңбегінен Баласағұн қаласының этимологиясын анықтадық: «Сағұн» – қарлұқ жұртының мықтыларына берілетін ат, лақап. Түрік тәуіптерін Ата сағұн дейді». Қаланың аты екі сөзден құралған. «Бала» деген түрік сөзі баршаға мәлім болса, «сағұн» – хакан, хан, князь. Олай болса, Бала + хакан; бала + князь; бала + хан болып, Баласағұн деген ұғымды құрайды, яғни жас түркеш, әйтпесе қарлұқ хаканының қаласы деген сөз» деп өз ойын түйіндейді. Ал С.Сыздықов өзінің «Қарлық – Қарахан мемлекеті» атты монографиясында: «Осы қала атының әуелгі екі түбірі бары байқалады. Олар: «бола» және «сағұн». Этимологиялық талдауда: біріншісі – «боло», «було», яғни тайпа аты, ал екіншісі – «соғұн», «сағұн» болып, қарлық тайпасының көсемі атағын білдіреді.

Қала атауы екі негізден тұратыны айқын. Бұл атауды «Балауса және ғұн» деп алсақ та болады. «Балауса» сөзі көне түріктің осы күнге дейін мағынасын жоғалтпай сақтап келе жатқан ежелгі сөзі екені белгілі. Ол жас дегенді білдіреді, ал ғұн Орта Азиядағы ежелгі ұлы тайпалардың бірі екені белгілі. Сонда «Жас ғұн, яғни жас немесе балауса ханзада» дегенді білдіреді. Қалай болғанда да, бұл қаланы ғұндардың жас патшасы салдырғаны немесе билегені осы атаудан-ақ байқалады.

*А.Шайділдаев*



XI ғасырдың аса көрнекті ақыны, есімі күллі шығыс елдеріне мәшһүр болған данышпан ойшыл, энциклопедист ғалым, белгілі қоғам қайраткері Жүсіп Баласағұнның атақты «Құтты білік» дастанын шығыс патшалары көшіртіп алып оқитын болған екен. Шығыс патшаларын қызықтырған дастанның құпиясы неде?

## «ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫ



CD 01

«Құтты білік» дастанын тыңдап, үзіндімен үндес мақал-мәтелдер тауып келіңдер.



### Зергер сөз

Ұрпағыңның ұрпағына  
үлгі ет те –  
Кісілікті кісілікпен  
құрметте!  
Тірі кісі кісілігін  
асырсын;  
Кісілікпен, ей, мәрт  
ерім, ұлы бол;  
Кісілікке түсер содан  
ұлы жол;  
Адамшылық жаса  
адамға, адам бол;  
Адам атын мақтаныш  
қып, адал бол!  
*Ж.Баласағұн*



### Сөзмаржан

**Дәруіш** – суфизм ағымын қолдаушы, дүние қызығынан безген адам; диуана, қайыршы, кедей.

**Пәни (фәни)** – өткінші, опасыз дүние (жалған).

Күнтуды деген патша өзінің әділ саясатымен жер-жиһанға есімі белгілі болады. Құдіретті де әділ патшаның атақ-даңқын естіп, оған іштей тәнті болған Айтолды деген данышпан сол патшаны іздеп, алыс жолға аттанады. Ұзақ сапарда көп қиыншылықтарға ұшырап, ақыры Күнтудыны іздеп табады. Патша алдымен Айтолдыны жан-жақты, әбден сынап көреді. Ақыры, патша оны өзіне уәзір етіп алады. Патша енді мемлекеттің барлық істерін уәзіріне сеніп тапсырады. Айтолды уәзір кезінде ел-жұрттың жағдайы жақсарып, бақ-дәулеті арта түседі.

Жазылмас дертке шалдыққан Айтолды күндердің күнінде жарық дүниемен қоштасады. Уәзір ажал төсегінде жатып, Күнтуды патшаға және жастай қалып бара жатқан баласы Өгдүлмішке өсиет-уағыз айтады.

Арада талай жылдар өтеді. Өгдүлміш ер жетіп, Күнтуды патшаның қарамағына қызметке тұрады. Ол жас та болса, аз уақыттың ішінде-ақ өзінің іскерлігімен, білгірлігімен, адамгершілігімен көзге түседі. Бірте-бірте ол әкесінің орнын басып, патшаның ең жақын, сенімді адамы болады. Патша енді мемлекет істерін соған тапсырады. Өгдүлміш ел басқару ісін әкесінен де жақсы жүргізеді. Ел-жұрттың

бақ-дәулеті еселеп артып, ол басқарған мемлекет жайқалған гүлстанға айналады.

Бір күні патша Өгдүлмішпен әңгімелесіп отырып, оған көмекші болуға жарайтындай білгір, іскер адам керектігін айтады. Сонда Өгдүлміш іске әбден лайықты бір туысқаны бар екенін ескертеді. Ол адамның аты Одғұрмыш екен.

Патша Өгдүлмішке қалайда сол кісіні тауып, маған ертіп әкел деп өтініш жасайды. Өгдүлміш көп іздеп, ақыры Одғұрмышты табады. Бірақ ол бұл өмірдің бар қызығынан безіп, тәркі дүние жолына түскен дәруіш болып, тау кезіп кеткен екен. Дана-дәруіш бес күндік пәни өмірдің күйбең тіршілігіне қайтып оралғысы келмейтінін айтып, патша сарайындағы жоғары лауазымнан, абырой-атақтан, дүние-мүліктен бас тартады.

Патша Өгдүлмішті үш рет жұмсап, Одғұрмышты қайта-қайта шақырады. Бірақ дәруіш патша сарайына бармайды. Күнтуды үшінші рет шақыртқанда дана-дәруішті қызметке емес, менімен жай әңгімелесіп, қонақ болып кетсін, бізге өсиет-ғибрат айтсын деп сәлем айтады. Сонда ғана Одғұрмыш патшаға келеді. Екеуі ұзақ сұхбат құрады. Бір-біріне сұрақ қойып, жауап береді. Содан кейін Одғұрмыш қайтадан дәруіш дорбасын асынып, тауға қарай кете барады.

Ақылы көл-көсір дәруіштің бұл қылығы Өгдүлмішті ауыр ойға салады. Адам жасы келіп, қолына таяқ ұстағанда бұл өмірдің күнделікті күйбең істерінен безіп, арғы дүниелік дәруіш болып кетуі керек пе? Әлде әркім өзінің ғұмыр бойы жасап келген жұмысын өле-өлгенше істей бергені жөн бе? Өгдүлміш осы сауалға жауап таппай, дал болады. Ақыры ол таудың бір үңгірін мекен еткен дәруіш – Одғұрмышқа барады. Дәруіш оған: «Бұл өмірде адамдар үшін еңбек ету – сауап іс, сондықтан өз міндетінді бұрынғыша

#### Даналық ойдан дән ізде

Бұл шығармада сол кездегі қоғамның әлеуметтік шындығы көрініс тапқан. Сондықтан да нақты философиясы көзге ұрып тұр.

*М.С.Орынбеков*

«Құтты білік» тек қана саяси трактат емес, ол сол ғасырдағы әртүрлі ғылым мен мемлекет салаларындағы дамуды да көрсетті. Бұл еңбек автордың өмірді көрсетудегі философиялық пайымдауының тереңдігін, адам құқының сол замандағы дамуын көрсетеді.

*А.Х.Қасымжанов*

Дастанда қай заманда болмасын, барлық халықтарды толғандырып келген жалпы адами идеялардың, ізгі мұраттар мен ойлардың өзіндік ерекше көркем де, аса айшықты бейнеленуі оның адамды тәрбиелеу мәселесінде өміршеңдігін білдіреді.

*А.Н.Кононов*

адал атқара бер», – деп кеңес береді. Өгдүлміш оған ризалығын білдіріп, өз қызметіне қайтып оралады.

Жылдар жылжып өте береді. Бір күні Одғұрмыш ауыр науқасқа шалдығып, Өгдүлмішті шақыртады. Ол келеді. Дәруіштің жазылмас кеселге ұшырағанына Өгдүлміш қатты қайғырып, өзегі өртеніп күйіп-піседі. Ақыры Одғұрмыш дүниеден өтеді. Ал Өгдүлміш өз ісін одан әрі жалғастыра береді.

«Құтты білік» дастанында кейіпкерлердің символикалық сипаттары арқылы төрт жетекші тағылымдық құндылықтар берілген. Олар: әділдіктің бейнесі Күнтуды патша арқылы берілген бұлжымас әділ заң мен тура жол; патшаның уәзірі Айтолды бейнесімен берілген бақ-дәулет, ырыс-байлық; уәзірдің баласы Өгдүлміш арқылы берілген ақыл мен парасат; уәзірдің жұрағаты тақуа жан Одғұрмыш бейнесі арқылы берілген қанағат, ынсап, барға риза болу, ұстамдылық.

«Құтты білік» дастаны бүгінде бірнеше әлем тілдеріне аударылып, халықтың рухани игілігіне айналып отыр. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастаны бойынша жүргізілген зерттеулердің барлығында оның бізге дейін сақталып келген үш нұсқасы бар екендігі айтылады.

### Артық болмас білгенің

Академик В.В.Бартольд «Тюрки: Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии» атты атақты еңбегінде: «Құтты білік бізге үш қолжазба түрінде жетті, біріншісі ұйғыр алфавитімен 1439 жылы Гератта жазылған және екеуі араб алфавитімен жазылған, оның біреуі – Египетте, екіншісі – Ферғанада табылған», – деп жазады. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанының түпнұсқаларына мазмұндық сипаттама:

1-нұсқа

Вена нұсқасы  
немесе қазіргі оның  
табылған орны,  
көшіріп алынған  
жеріне қарай  
Герат нұсқасы

1439 жылы 17 маусымда көшіріп біткен, араб әрпімен жазылған жазбадан ұйғыр әрпімен көшірілген. Бұл нұсқа белгісіз себептермен Гераттан Тоқат қаласынан (Түркия), сосын 1474 жылы Стамбулдан шығады. 1796 жылы елшілік қызметте жүріп, аустрия ғалымы Иосиф фон Хаммер-Пургшаль (1774–1856) букинистен сатып алып, оны Венадағы Король кітапханасына тапсырады. Нұсқа ұқыпсыз көшірілген, сондықтан онда кейбір бәйіттер жоқ

2-нұсқа	Каир (Мысыр) нұсқасы	Араб әрпімен жазылған, 1896 жылы Каирде Хидив (Кедивен) кітапханасының директоры, неміс ғалымы Б.Мориц тапқан. Қолжазбаның сапасы нашар, көптеген бәйіттер жоқ. «Құтты біліктің» Каир нұсқасының көшірмесін 1898 жылы В.В.Радлов Петербург Ғылым Академиясының Азия музейіне алдырған, ол қазір Ресей Ғылым Академиясы Шығыстану институтының Санкт-Петербург бөлімшесінің қолжазбалар қорында сақтаулы
3-нұсқа	Наманган (Ферғана) нұсқасы	Ең толық, жақсы сақталған қолжазба, араб әрпімен жазылған. Оны 1913 жылы Наманган қаласынан (Өзбекстан) Мұхаммедхожа ишан Лоләріштің жеке кітапханасынан А.З.Валидов тапқан. Кейінірек, 1925 жылы өзбек ғалымы Фитрат қайта тауып алып, Ташкентте ол туралы қысқаша түсініктемелер жазады. Қазір Наманган нұсқасы Өзбекстан Ғылым академиясының Шығыстану қорында сақтаулы

«Құтты білік» дастаны – сан ғасырлар сынынан өтіп, өзінің рухани баға жетпес құндылығымен иесінің (авторының) есімін аспан көгіндегі жарық жұлдыздай етіп, әлемдік мәдениеттің тарихына мәңгілік етіп жазып қалдырған көне түркі ғылымының ұлы ескерткіші, саясат, өнеге, тәрбие, еңбек туралы толғанысқа құрылған, тәрбиелік мәні мен маңызы зор, тұлғаның қалыптасуы мен дамуын дәріптейтін философиялық және танымдық туынды.

1

Білу

1. Жүсіп Баласағұн кім?
2. Ж.Баласағұнның шыққан тегі мен ортасы туралы не білдіңдер?
3. Баласағұнның атын шығарған еңбегі қалай аталады?
4. «Құтты білік» дастаны қандай туынды? Басқа қандай шығармалар жазған?
5. Ж.Баласағұн атап көрсеткен бес дұшпан не?
6. Достық туралы қандай пайымдар жасайды?
7. Тіл туралы ойлары несімен ерекшеленеді?

8. Ж.Баласағұн «Құтты білік» дастанында қандай игі қасиеттер мен істерді насихаттайды? Қандай жағымсыз қылықтардан сақтандырады?
9. Құт дарыған елдің адамы қандай болмақ?
10. Ж.Баласағұнның білімді, тәрбиелі болу туралы идеялары қандай?
11. «Құтты білік» дастанындағы кейіпкерлердің символикалық сипаттары қандай?

2

Түсіну

1. Ақын шығарма кейіпкерлеріне қандай атаулар берген? Неліктен деп ойлайсыңдар?
2. Дұшпандардан қашық болуға шақыру себебі неде?

3

Қолдану

1. Ислам дәуірі кезіндегі әдебиет туралы баяндаңдар.
2. Ж.Баласағұнның туған жері Баласағұн қаласының тарихы туралы тарихи мәліметтерге, зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, мәлімдеме жасаңдар.
3. Дастан мазмұны бойынша шығарма идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтап, оларға мінездеме беріңдер.

Күнтуды патша	Айтолды уәзір	Өгдүлміш	Одғұрмыш	Мысалдар
<b>Аталған кейіпкерлерге қандай қасиеттер тән?</b>				

4. Хрестоматияны пайдаланып, «Құтты білік» дастанының әр тарауында көтерілген мәселелерді анықтаңдар.
5. Дастанда сипатталған кейіпкерлерге тән қасиеттерді кластер арқылы көрсетіңдер.
6. Дастаннан көріктеуіш құралдарына (метафора, аллегория, астарлау, гипербола) мысалдар теріп жазыңдар.
7. Ж.Баласағұнның «ақыл, білім, білік, дағды» ұғымдарына қандай анықтамалар бергенін жалғастырыңдар:

Білім	Білік	Дағды
«Білім – інжу, түбінде – анық, қойма сан»;	«Ақыл қайда болса, ұлылық толады, білім кімде	«Білік берді – адам бүгін жетілді, ақыл берді – талай түйін

Білім	Білік	Дағды
«Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын, білім – жарық, нұрын саған шашатын»; «Білім – байлық, азаймас һәм жоғалмас, еш қарақшы, ұрыға да тоналмас!»	болса, сол білікті болады»; «Біліктің тыңда, ақылдың бұлағы, білімді сөз – шырын, жанның құнары»; «Білік мәнін біл, не дейді білген ер: білім білсең, бөле жүрмес іргеден»	шешілді»; «Оқу-тоқу берер – білім, парасат, оның бәрі ақыл емес, қарасақ»

- «Даналық ағашы» ойынын өткізіндер. Ол үшін дастанды мұқият оқып шығындар. Араларыңнан бір жүргізуші сайлап алындар. Жүргізушінің қолында сандықша немесе қорап болуы керек. Шығарма мазмұны бойынша қиын сұрақтар құрастырып, жүргізушіге беріндер. Әрқайсысыларың сандықшадан кез келген сұрақты алып, дауыстап оқындар, неғұрлым толық жауап беруге тырысындар. Басқа оқушылар қойылған сұрақ пен жауапты бағалайды. Іске сәт!
- Дискіден дастан үзінділерін тыңдап, «Үш түрлі күнделік» толтырындар. Жұмыс нәтижесін талдаңдар.

Шығармадан ерекше әсер еткен немесе ой салған үзінді, дәйексөз	Жеке түсінік беру: бұл үзіндіні немесе дәйексөзді таңдауға қандай себеп болды? Осыған байланысты қандай сұрақтар туды?	«Мұғалімге хат» – сұрақтар

4

Талдау

- Венн диаграммасы арқылы Ж.Баласағұн дастанын Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен салыстырындар. Ортақ ойлары туралы пікірлеріңді білдіріңдер.
- Адам тәрбиесі туралы Ж.Баласағұн мен Абайдың көзқарастарына салыстырмалы талдау жасаңдар.

Салыстыратын мәселелер	Ж.Баласағұн	Абай
Тәрбие мақсаты		
Оқу-білім		
Әділдік		
?		

5

Жинақтау

1. «Құтты білік» дастанының басты идеясын анықтаңдар.
2. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінде «Текті, парасатты, иманды кісі» бейнесі қалай сипатталады? Топтастыру арқылы көрсетіңдер.
3. Жүсіп Баласағұн, оның «Құтты білік» шығармасы туралы пікірлеріңді «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы білдіріңдер:  
*Пікір.* Мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңді бір сөйлеммен жазыңдар.  
*Дәлел.* Өз пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдендер.  
*Мысал.* Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.  
*Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды шығарыңдар.
4. «Құтты білікте» көтерілген негізгі мәселе – «Адам және оның кемелдену жолдары» деген тұжырымды қалай дәлелдер едіңдер? Ойларыңмен бөлісіп, әдеби эссе жазыңдар.
5. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанының адамзат қоғамы үшін құндылығы қандай деп ойлайсыңдар? Пікірлеріңді дәлелдеуге тырысыңдар.

6

Бағалау

Топтарға бөлініп, «Ақылдың алты қалпағы» тәсілімен баға беріңдер.

«Ақ қалпақ» – шығармада көтерілген мәселеге қатысты талассыз деректерді келтіреді; «Сары қалпақ» – кейіпкерлер өмірінің сәтті кезеңдерін айтады; «Қара қалпақ» – кейіпкерлер өмірінің сәтсіз тұстарына тоқталады; «Көк қалпақ» – талдау жасайды, топтар «Не үшін? Неге? Неге байланысты?» деген сұрақтарға жауап іздейді; «Жасыл қалпақ» – кейіпкерлер өміріне қатысты тың идеялар мен болжамдар ұсынады; «Қызыл қалпақ» – оқиғаны оқу барысында бастан кешірген сезімдерін тұжырымдайды.

### Артық болмас білгенің

Түркі дүниесінің ойшылы Жүсіп Хас Хажыб Баласағұнның туғанына 1000 жыл толуына байланысты 2016 жыл түркі әлемінде ТҮРКСОЙ шешімімен Жүсіп Баласағұн жылы деп жарияланды. Осыған байланысты елімізде көптеген мерейтойлық шаралар өткізілді.

*ҚазАқпарат*

«Құтты білік» дастаны бүгінде бірнеше әлем тілдеріне аударылып, халықтың рухани игілігіне айналып отыр. Алғашқы аударманы шығыстанушы ғалым Г.Вамбери неміс тілінде жасады (1870 ж.). Академик В.В.Радлов дастанның толық аудармасын жасауға өмірінің жиырма жылын арнады. Ол 1890 жылы Вена нұсқасы бойынша жұмысты бастап, 1897 жылы басып шығаруға кіріскен уақытында, Каир нұсқасы табылады да, жұмысты тоқтатуға тура келеді. Сөйтіп, 1900 жылы екі нұсқа бойынша неміс тілінде дастанды басып шығаруды бастап, оны толығымен 1910 жылы аяқтайды.

*Н.Келімбетов*



### XXI ғасыр оқырманына

Ж.Баласағұнның өмірі мен шығармашылығы, оның «Құтты білік» дастаны туралы Н.Келімбетовтің «Ежелгі дәуір әдебиеті» кітабынан, У.Шәлекеновтің «Баласағұндағы археологиялық зерттеулер» еңбегінен, Ә.Дербісәлінің «Даланың дана перзенттері» кітабынан оқып алыңдар.



«Қазақтар шешен келеді, олар мақамдап сөйлейді, жай сөзінің өзі өлең боп құйылып жатады», – деген ұлы ғалым В.В.Радловтың ұлағатты сөзінің мәні неде?

## ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Шешендік сөздер – қазақ ауыз әдебиетінің күрделі де көркем бір саласы. Шешендік сөздердің қай уақытта шығып, қалай қалыптасқанын анық айту қиын. Қазақ шешендік өнері Майқы биден бастау алып, Жиренше, Асанқайғы есімдерімен жалғасады.

Шешендік өнер айтыс-тартыста дамиды, сондықтан ер құны, ел тағдыры талқыланатын парламент сарайлары мен сот залдары шешендік өнердің ежелгі мектебі болғандығы тарихтан белгілі. Дүниежүзіне әйгілі шешендердің көбінесе, парламенттік қайраткерлер мен заң қызметкерлерінен шыққанына да тарих куә. Мысалы, ерте замандағы Афина шешені Демосфен мен Рим шешені Цицерон әуелі адвокат, кейін парламент мүшелері, басшылары болған. Ал ХІХ–ХХ ғасырлардағы орыс шешендері А.И.Урусов, А.Ф.Кони, Ф.Н.Плевако заң қызметкерлерінен шыққан. Сондай-ақ Төле Әлібекұлы, Қазыбек Келдібекұлы, Әйтеке Байбекұлы, Сырым Датұлы сынды қазақ шешендері – қауым ішіндегі дау-жанжалдарды реттеуден бастап, елшілік-мәмілегерлік қызметтерімен белгілі болған адамдар.

*Шешендік сөздер дегеніміз – белгілі бір оқиғаға байланысты тапқырлықпен, көркем тілмен айтылған және жұртшылық қабылдап, елге тараған белгілі, үлгілі ойлар, тұжырымдар.*

### Сөздің көркі – мақал

Шешендік күші – шындық.

Ине көзінен сынады,  
Шешен сөзінен сынады.

Тіл – қылыштан өткір.

Піл көтермегенді тіл  
көтереді.

Тіл – тәрбие бастауы.

Тіл жүйрік емес, ой жүйрік.

Шешендік сөздердің өзіндік ерекшеліктері бар. Белгілі шешендер мен шешен билердің сөздері жазылып сақталмағандықтан, біздің дәуірімізге дейін тек ауыздан-ауызға көше жүріп, сұрыпталған түрлері жеткен. Шешендік сөз нұсқаларын ертегілерде, ескі өлең-жырларда, хикая-дастандарда молынан кездестіруге болады. Қазақ шешендік сөздері бата-тілектен бастап, өнегелі өсиет сөздерді, өмірде кездесетін жер дауы, ер құны секілді дау-талас, келіссөздерді қамтиды.



*Үш бие арналған ескерткіш. Нұр-Сұлтан қаласы*

Айтушылардың өңдеуіне ұшырағандықтан, шешендік сөздердің бірнеше нұсқада кездесуі заңды. Жеке адамдар бірде шешендік сөздердің авторы болып табылса, бірде кейіпкер ретінде айтылады.

Қазақ елінде әр ауылда, әрбір руда сөзбен ағайынның мүддесін қорғайтын, қауымның әдет-ғұрпына жетік, ойға жүйрік, сөзге шебер адамдар болды. Ондай шешендерді халық «би» деп атаған. Халық сотының алдында билердің бірі талапкердің, екіншісі айыпкердің сөзін сөйлеп, ал үшіншісі – төбе би болып, төрелік айтқан. Сондай әділ төрелігімен, тапқырлығымен, өткір тілімен белгілі болған билер – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би. Қазақтың шешендік өнері, әсіресе, үш жүздің басын қосқан Тәуке ханның тұсында дамыған. Төле би, Қаздауысты Қазыбек би және Әйтеке шешендердің атақ-даңқтары да осы кезде шыққан.

Қазақ тұрмысындағы ең қиын дау – жер дауын, жесір дауын шешу кезінде бірнеше би қатысқан. Бірнеше бидің пікірі бір жерде тоғысқан кезде ғана түйінді шешім қабылданған. Қазақ – «қара қылды қақ жарған» биді құрметтеген халық. Бұра тартқан бидің қадірі болмаған, ондайлар көп ұзамай-ақ, ел билігінен ығысып қалып отырған. Қазақ елінің билер тарихында аты шыққан ұлы

### Даналық ойдан дән ізде

Әділ билердің қолындағы билік – қазақтың түрлі дертін жазатын жақсы дәрі.

*А.Байтұрсынұлы*

Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітуімен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би атану үшін қазақ халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған.

*Ш.Уәлиханов*

Түркі халықтарының ішіндегі ең суретшіл, образды тіл – қазақ тілі. Қазақтар өзінің шешендігімен, әсем ауыз әдебиетімен де мықты.

*С.Малов*

Қазақтар сөз өнеріне жетік келеді. Бұл жұрттың бәріне: оқыған адамдарға да, әліпті таяқ деп білмейтіндерге де, байға да, жарлыға да тән қасиет.

*А.Брем.*

тұлғалардың саны аз емес. Олардың ішінде он үш жасында қазақ пен қалмақ елінің дауын шешіп, Қоңтажыны бейбіт бітімге келтірген Қазыбек, он үш жасында билік айтып, көзге түскен Мөңке би, Шақшақтың Жәнібегі мен Әнеттің Кеңгірбайы сияқты билерді сөзден мүдірткен он бес жасар Жобалай бар. Олар – нағыз халық даналары, дала ділмарлары. Кейінгі билер өзінің алдында өмір сүргендердің тәлім-тәжірибесін ескеріп отырған. Сөйтіп, билер сөзі сол күйінде кейінгі ұрпаққа жетіп отырған.

Атақты билердің барлығы халық мектебінен тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алған. Мысалы, Қазыбек би Бұқарада оқыған кезде ғұлама ғалым тобықты Әнет бабаның қасына көшіп барып, айлап-жылдап, қазақтың әдет-ғұрпын, шарифат заңдарын үйренген, батасын алған. Әрі батыр, әрі шешен Қошқарұлы Жәнібек – Төледен, Датұлы Сырым Малайсары биден бата алған. Би – сөздің құдіреті мен күшін терең меңгерген адам. Бұл туралы Ш.Уәлиханов: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған үкімет тарапынан бекіту арқылы емес, ел ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болып отырған. Мұндай би атағын алу үшін, би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамның атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған», – деген пікір айтқан. Халық алдында талқыланатын дау-жанжал, билік-бітім сөздерде жеңіске жету үшін қазақ билерінен халықтың

салт-санасын, әдет-ғұрпын жетік білумен бірге ойға ұшқыр, тілге шешен болуы талап етілді.

Шешендік өнер қай жерде сөзге бостандық, еркіндік болса, жүйелі сөзге жұртшылық, қоғам құлақ асса, сол жерде, сол елде ғана дамиды. Керісінше, ақыл-ойға, тілге қысым жасалып, шек қойылған жерде талант аясы тарылып, сөз өнері тоқырайды. Сондықтан билердің шешендік сөз өнері өз алдына үлкен тәрбие мектебі болып саналған.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде шешендік сөздерді *саясат шешен сөз, билік шешен сөз, қошамет шешен сөз, білімір шешен сөз, уағыз* деп жіктейді. Ұлттық шешендік өнер, шешендік сөздер теориясының дамуы белгілі ғалым Б.Адамбаевтың еңбектерінде көрініс тапқан. Б.Адамбаев, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Х.Досмұхамедов сынды ғалымдар ұсынған «билер сөзі» терминін «шешендік сөздерге» ауыстырып, тақырып аясын айқындап, жанрдың ішкі үлгілерінің мазмұндалуына қарай үшке, құрылысына қарай екіге бөледі. Бұл туралы ғалым: «...мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау деп, үш салаға топтап зерттедім», – дейді.

*Шешендік арнау* адамдар арасындағы қарым-қатынасты, *шешендік толғау* халықтың философиялық көзқарасын көрсетеді десек, *шешендік дау* қазақ қауымының заттық және рухани даулы мәселелерді реттейтін ежелгі әдет заңын бейнелейді.

Шешендік арнау сөздер мазмұны мен түрі жағынан аңыз-әңгімелерге жақын. Бірақ әңгімеге қарағанда, шешендік сөздің көлемі шағын келеді, мазмұны өсиет-насихатқа құрылады, баяндаудан гөрі мақал, нақыл сөздерге бейім болады. Құрамында қарасөз бен өлең сөз араласып, алмасып отырады.

Шешендік толғау сөздер тұрмыс-салт жырларына, ақындық толғау-термеге ұқсайды. Бірақ бұл ұқсастық форма жағынан ғана, ал мазмұнына үңілсек, шешендік толғауларда бастан-аяқ өсиет, ақыл айтылады, сөйлемдері тапқырлық ойға құрылады.

Шешендік даулар көлемі шағын, оқиғалы әңгімеге ұқсайды. Бірақ мұнда оқиға мен кейіпкер сипатталмайды, сол оқиға тұсында туған «бір ауыз» тапқырлық ой, шешендік сөз айтылады. Шешендік дауларды мазмұнына қарай жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал дауы және ар (намыс) дауы деп беске бөледі. Ар дауы адамдар арасындағы намысты жыртумен шектелмейді. Жер, жесір, құн, барымта дауларының бәрінде де бір жағынан

дүние-мүлік таласы болса, екінші жағынан атақ-абырой үшін тартыс жатады.

Шешендік сөздер, көбінесе, түсінік сөзбен басталады. Түсінік сөзде аталмыш шешендік сөздің нендей мәселемен байланысты, қандай жағдайда туғандығы мен кім айтқандығы баяндалады.

Шешендік сөздер үш түрлі болады: *кеңесу, билік және салтанатты сөз*. Ал құрылысы жағынан *кіріспе, баяндау және қорытынды* бөлімнен тұрады.

Шешендік сөздің тілі көркем, мағынасы терең болуымен бірге, сөздері сұрыпталған, сөйлемдері қалыптасқан, тұрақты болып келеді.

Шешендік сөздер *термелі сөз, пернелі сөз* деп бөлінеді.

Құрылысы өлең-жырға ұқсас шешендік сөздерді термелі сөз дейміз. Шешендік термелі сөздің өлең-жырдан негізгі айырмасы – шешендік терме үшін буын-бунақ саны біркелкі болып келуі шарт емес. Шешендік терме түр жағынан ақ өлеңді еске түсіреді. Негізінде, өлең – өнмен, жыр – әуенмен айтуға арналған. Ал шешендік терме әнге салып, әуенге қосуға келмейді.

Көркем қара сөзбен айтылатын шешендік сөздерді пернелі сөз дейміз. Шешендік пернелі сөздің ерекшелігі – сөздері сұрыпталған, сөйлемдері іріктелген.

Шешендік сөз өнерінің зерттелуіне сүбелі үлес қосқан ғалымдар ретінде Ш.Уәлихановты, С.Сейфуллинді, Х.Досмұхамедовты, Н.Төреқұловты және т.б. атауға болады. Сондай-ақ Б.Адамбаев, З.Ахметов, Т.Кәкішев, Ж.Дәдебаев, С.Қорабай, С.Негимов сынды танымал ғалымдарымыздың еңбектерінде шешендік сөз өнеріне қатысты мәселелер өз шешімін тапқанын көруге болады.

Шешендік өнердің зерттелуіне өз үлесін қосқан ғалым Г.З.Апресян қазіргі шешендікті мазмұнына қарай былайша бөледі:

Шешендік сөздер	Мазмұны
Әлеуметтік-саяси мәндегі шешендік	<ul style="list-style-type: none"> <li>– әлеуметтік-саяси және саяси-экономикалық тақырыптарға жасалатын баяндамалар;</li> <li>– конференция, съездердегі баяндамалар;</li> <li>– саяси сөздер мен саяси шолулар;</li> <li>– дипломаттық сөздер;</li> <li>– әскери-патриоттық сөздер;</li> <li>– митингіде сөйлейтін сөздер;</li> <li>– үгіт-насихат.</li> </ul>

Шешендік сөздер	Мазмұны
Академиялық шешендік	– жоғары оқу орындарындағы дәрістер; – ғылыми баяндамалар; – ғылыми шолулар; – ғылыми хабарламалар.
Сотта айтылатын шешендік	– айыптаушының айыптау сөзі; – әлеуметтік айыптау сөздері; – қорғаушының сөзі; – әлеуметтік-қорғану сөзі; – айыпкердің қорғану сөзі.
Әлеуметтік тұрмыста қолданылатын шешендік	– мерейтойларда айтылатын сөздер; – дастарқан басындағы бата, тілектер; – қабір басында айтылатын аза сөздері.
Діни қызметте қолданылатын шешендік	– діни уағыздар; – діни мерекелерде айтылатын сөздер.



#### Сөзмаржан

**Мүдде** – алға қойған мақсат, тілек, арман.

**Қағида** – әбден қалыптасқан, барлық адамдарға ортақ заңдылық, бұлжымайтын тұжырым.

**Тұжырым** – белгілі бір істің қорытындысы, байламы, шешімі.

Шешендік өнердің қоғамдық құбылысқа да қатысы бар. Еліміз тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болғаннан бастап, шешендік өнердің қажеттілігі күн санап артып келеді. Елдің тәуелсіздігі өзімен бірге ойлау тәуелсіздігін, санадағы, танымдағы тәуелсіздікті, тіл тәуелсіздігін қоса алып келді. Демократиялық қоғам өмірдің барлық саласында сөйлеу еркіндігін қамтамасыз етті, әртүрлі саяси көзқарастағы топтар қалыптасты, дін тақырыбында шешіліп сөйлеуге мүмкіндік туды. Еліміздің Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып қабылдануына байланысты сот істері қазақ тілінде жүргізіле бастады. Республикадағы телеарналар мен радиохабарлардың тең жартысы қазақ тілінде дайындала бастады, қазақ баспасөз басылымдарының тілі өткірлене түсті. Осының бәрі қазақ тілінде шешен сөйлеу талабын күшейте түсері сөзсіз.

#### Артық болмас білгенің

Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин шешендік нақыл сөздерді жинап жариялады. Ол «Қазақ хрестоматиясына» «Ізбасты», «Байұлы», «Жәнібек батыр», «Жиренше шешен» тағы басқалардың көрегендікке,

тапқырлыққа құрылған «даналық әліппелерін» енгізіп, кезінде оларды оқуға ұсынған. Алғашқы ұстаз аталы сөздің құндылығын сол кезде-ақ білген.

Шешендік сөздерді тұңғыш зерттеушілердің бірі М.Әуезов болса, 30-жылдары оларды іріктеп, жинап, халықтың керегіне жаратуға үлес қосып, қамқор болған, асыл сөздерді оқырман қауымға ұсынушы және балаларды ізгілікке тәрбиелеуде таптырмас құрал екенін оқытушы Сәкен Сейфуллин болды. Ол «Қазақ әдебиеті» кітабында шешен билердің әлеуметтік қызметін, шешендік сөздердің ауыз әдебиетінде алатын орнын анықтап, бірнеше нұсқауларын жариялады.

Қазақ шешендік өнеріне қызығушылық танытып, шешендік сөз үлгілерін жинап, халық шешендігін бағалаған адамдардың бірі – белгілі орыс ғалымы В.В.Радлов.

*С.Негимов*

### Даналық ойдан дән ізде

Қазақта би-шешендер – ерекше тұлға. Ерекше тұлға дейтін себебіміз, бұрын-соңды қазақтан басқа халықтарда мұндай тұлға, мұндай елді аузына қаратқан адамдар болған емес. Шығыс халықтары арасында біздің билерімізге ұқсас бірлі-жарым болуы мүмкін, бірақ олар дәл қазақтағыдай емес-тін. Демек, би-шешендер – тек қазаққа ғана тән құбылыс. Олар айтқан билік, шешендік сөздер тек қазақ арасында кездесетін халықтық асыл қазына болып табылады.

*Н.Төрқұлұлы*

Атам заманда адамзаттың рухани болмысының негізгі арналары риторика мен философия саналған. Әу баста бұл әдебиеттің ми-тамыр жүйесі болып есептелген. Асылы, шешендік өнер және оның теориясы – ұлттық мәдениеттің бөлінбес бөлшегі.

*С.Негимов*

1

Білу

1. Шешендік сөздер дегеніміз не?
2. Шешендік сөздердің қандай ерекшеліктері бар?
3. Шешендік сөздердің құндылығы неде?
4. Қандай шешендерді білесіңдер?
5. Шешендік сөз өнерінің дамуына, зерттелуіне үлес қосқан ғалымдарды атаңдар.

2

Түсіну

1. Қазақтың би-шешендері неліктен ерекше тұлға болып саналады?
2. Шешендік сөздердің жіктелу ерекшелігі неде?

3

## Қолдану

1. Шешендік сөздер туралы түсініктеріңді тірек сызба арқылы көрсетіп, мазмұндап беріңдер.
2. «Билік айту» ойынын ойнаңдар. Араларыңнан айыпкер, талапкер, төбе биді сайлаңдар. Сынып ішіндегі бір жағдайға байланысты мәселені талқылаңдар.
3. «Би», «ғибрат», «мүдде» сөздерінің мағынасын түсіндірме сөздіктен тауып, жазып келіңдер.
4. «Қазақ тілі – өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымыңа қонымды, жүрегіңе тиімді, қысылтаяң қатал жағдайда қайрап, егеп, «сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендейін, ерге, елге медет болып, адам түгіл жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл...», – деген Бауыржан Момышұлының ұлағатты сөзінің мәнін ашыңдар.
5. Шешендік сөздердің, риторика ілімінің қалыптасуына үлес қосқан ұлы тұлғалар туралы таныстырылым (презентация) дайындаңдар.

4

## Талдау

1. Шешендік сөздерді ертегілермен, аңыз-әңгімелермен, басқа да өздерің білетін ауыз әдебиетінің түрлерімен салыстырыңдар.
2. Шешендік сөздердің мақал-мәтелдермен ұқсастығы мен айырмашылығы туралы айтыңдар.
3. Өз заманында шешендердің болашаққа айтқан болжауын қазіргі өмірмен салыстырыңдар.

5

## Жинақтау

1. Шешен адамдарға тән қасиеттерді топтастырып көрсетіңдер.
2. Қазіргі кездегі шешендік өнер туралы ойларыңды 8–10 сөйлеммен тұжырымдаңдар.
3. Шешенге қандай талаптар қойылады? Ойларыңды мысалдармен дәлелдендер.

6

## Бағалау

1. Шешендік сөздердің маңызы мен мәні, тарихи және көркемдік құндылығы туралы пікірлеріңмен бөлісіңдер, ойларыңды білдіріңдер.
2. «Шаршы топта сөз бастау қиын:  
Тауып айтсаң, мереке қылады,



Таппай айтсаң, келеке қылады», – деген Досбол шешеннің сөзін қалай түсіндірер едіңдер?

3. Кез келген адам шешен бола ала ма? Пікір таластырыңдар.
4. ХХІ ғасыр – ақпараттық технологиялар ғасыры. Жаңа замандағы шешендік өнердің сипаты туралы ойларын қандай? Жауаптарыңды 3–4 сөйлеммен түйіндеңдер.

### Артық болмас білгенің

«Шешен» сөзі қазақ тілінде өте ертеден қолданылып келеді. Бұл сөздің мағынасы түйінді мәселелерді шешіп сөйлейтін *данышпан, ақылгөй, дана* деген ұғымдармен өзектес. «Шешен» сөзі қазақ тілінде сөзшең, айтқыш, тапқыр, суырыпсалма, ділмар, қызыл тілге жүйрік дейтін сөздермен қатар қолданыла береді. «Шешен» сөзін халықаралық терминмен атасақ, «оратор» деген сөз.

*Б.Адамбаев*

### Зергер сөз

Сөзден тәтті нәрсе жоқ,  
Сөзден ащы нәрсе жоқ.  
Сөзінді тіліңе билетпе,  
Ақылыңа билет.  
Сөзінді ақылсызға қор етпе,  
Ақылдыға айт.  
Кімге қай кезде, қай жерде қалай сөйлейтініңді біл.

*Белтірік шешен*

Жаман сөзден жақсы сөз дұрыс.  
Жаманға айтқан сөзден,  
Жақсыға айтқан сөз дұрыс.  
Ойсыз сөзден ойлы сөз дұрыс.  
Айтылмай қалған сөзден,  
Айтылып қалған сөз дұрыс.

*Белтірік шешен*



### ХХІ ғасыр оқырманына

Шешендік өнер туралы Б.Адамбаевтың «Халық даналығы», Н.Төреқұловтың «Қазақтың 100 би-шешені», «Билер сөзі – ақылдың көзі», С.Негимовтің «Шешендік өнер» кітаптарынан оқып-білулеріңе болады.



### Шешендік сөздер

**«Шешендік сөздер»** – қазақ ауыз әдебиетінің жанры, ғибраттылық мәні, өнегелі ой-тұжырымы бар айрықша тапқырлық танытатын нақыл сөз. Нақышты нақыл сөздің басқа түрлерінен айырмасы – көбіне дауласу үстінде билік шешім айтылған кезде туған. Мұндай шешендік сөздерге нәр беретін, оның өзегі болатын – тауып айтылатын, ұтымды өткір жауап, қағытпа сөз» («Әдебиеттану терминдер сөздігі»).

Шешендік өнерге тән белгілер: шешендік сауал, шешендік жауап, шешендік жұмбақтау, шешендік тұспалдау, шешендік мақалдау, шешендік мысалдау, шешендік дәлелдеу, шешендік сынау. *Шешендік сауал* – қарсыластың білімі мен біліктілігін, танымы мен талғамын, ой әлемін, сөз саптау мәнерін аңғару мақсатында қойылатын сауал-тәсіл. Мысалы: Ер басында бақыт нешеу, кемдік нешеу, құлазу нешеу? Үш арсыз, үш ғайып, үш жетім деген не?

*Шешендік жауап* – шешендік сауалға орай келетін ой ұшқырлығын асыл сөзге түйген, қарымта қайтаратын, қарсыласының күдігін сейілтп, өмірден түйген тәжірибені, дүниетанымы мен алғырлықты көрсететін тәсіл.

Мысалы, Үш арсыз, үш ғайып, үш жетім деген не? Шешендік сауалына қайтарылған шешендік жауап:

Үш арсыз: ұйқы арсыз, күлкі арсыз, тамақ арсыз.

Үш ғайып: қонақ ғайып, несібе ғайып, ажал ғайып.

Қарабас шешен: Жетім үшеу емес, бесеу еді ғой! – депті де:

Оты жоқ жер жетім,

Басшысы жоқ ел жетім.

Елінен ауған ер жетім,

Тыңдаусыз сөз жетім,

Жоқтаусыз қыз жетім, – дейді.

Айтар ойды ашық айтудан гөрі жасыра, жұмбақтай айтудан туған тәсіл – *шешендік жұмбақтау*. Мысалы:

– Алысыңыз қандай? – депті Қазыбек Төле биден.

– Алысым жақын болды, – депті Төле би.

– Тәттіңіз қандай болды?

– Тәттім шырын болды.

– Несиеніз қандай?

– Несием, шүкір, өніп жатыр.

*Шешендік тұспалдау* – ойды астарлап, ишаралап айтудан туған тәсіл. Шешендік тұспалдау ой астарын, шешімін табуды қажет етпейді.

*Шешендік мысалдау* – ойды нақты бір фактінің негізінде өрбітуден туған тәсіл. Шешендік мысалдауда ойдың ғибраттылығы, мораль

мәселесі жетекші рөл атқарады. Шешендік мысалдауда аллегорияны қолдану ұсталынады. Мысалы:

Аққу ұшып көлге кетті,  
Сұңқар ұшып шөлге кетті.  
Ол адасып кеткен жоқ,  
Өркім барар жолға кетті...

*Шешендік дәлелдеу – іс-қимыл, ой уәжін нақтылы оқиға жетегінде мойындатып көрсетуден, заңдастырудан туған тәсіл.*

*Шешендік мақалдау – шешендік сөздерді өткір, ықшам бейнелеп айтудан туған тәсіл.*

*Шешендік сынау – шешеннің тура айтатын, ұстараның жүзіндей өткір келетін, содан сабақ алатын ащы сатирасынан туған тәсіл.*

*«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы*



#### Тапсырма

Шешендік тұспалдау, шешендік мақалдау, шешендік дәлелдеу, шешендік сынауға мысалдар тауып келіңдер.

«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» дейтін қанатты сөз арқылы атадан балаға танымал Майқы би кім?

## МАЙҚЫ БИ ТӨБЕЙҰЛЫ



МАЙҚЫ БИ ТӨБЕЙҰЛЫ  
(1105–1225)

### Зергер сөз

Естіге айтқан тура сөз,  
Шыңға тіккен тумен тең.  
Есерге айтқан тура сөз,  
Құмға сіңген сумен тең.

*Майқы би*

Майқы би Төбейұлы – 1105–1225 жылдар шамасында өмір сүрген қазақ халқының төбе биі.

Майқы би – елаузында Шыңғысты хан көтеруге қатысқан атақты он екі бидің бірі, әділ билігі мен тапқыр шешендігімен бүкіл қазақ қауымына атағы шыққан адам. Халық арасында: «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген ескі сөз сақталған. Қазақтың би-шешендері тарихының бастауында Майқы тұлғасының тұруы аталмыш өнердің қайнар көзінің қай дәуірден бастау алатындығын меңзейді.

Майқы есімі қазақтардың шығу тегіне қатысты көптеген аңыз-әңгімелерде кездеседі. Оның Шыңғыс ханның ел басқару ісіне көмектесіп, ақылшысы, өзі жорыққа аттанғанда орнына қалдыратын биі болғаны, Жошы ханның Батысқа жасаған жорығында моңғол әскерінің оң қанатын басқарғаны айтылады.

Қазақ аңыздары оны қазақтардың үш жүзге бөліну кезеңінде үлкен рөл атқарды дегенді айтады. Мұнда Майқы би Орманбет би өліп, он сан Ноғай елі бүлінгенде, қазақ ұлысын құрған тарихи қайраткер есебінде көрсетіледі. Майқы би қазақ руларын үш жүзге бөліп, Үйсін бастаған бөлікті Ұлы жүз, Арғын бастаған бөлікті Орта жүз, Алшын бастаған бөлікті Кіші жүз деп атайды. Ноғайлы хандарының бірі – Қызыл Арыстанның баласы Ахметті Ұлытауда үш жүздің ханы етіп көтереді. Ол ұлысқа кірген қырық руға таңба таратып, таңбаны әр рудың



### Сөзмаржан

**Тәмсіл** – адамгершілік танымға негізделген, ой байламы берік, тұжырымды, көлемі шағын әңгімелер мен өсиет сөздер.

**Ділмар** – шешен.

ерекшелігіне қарай белгілейді. Ұлыс туын ұстаған Үйсінге «жалау», ортада жүрген Арғынға «көз», жауға алдымен шабатын Алшынға «найза» таңбасын берген. Аталмыш қырық рудың таңбасын жартасқа қашатқан. Кезінде «Майқының таңбасы» деп аталған бұл таңбалы тас кейін жер атымен «Нұра

таңбасы» аталып кеткен.

Ерте кезден жеткен Майқы би тәмсілдерінде ел бірлігі, ынтымағы жөнінде күні бүгінге дейін өзінің рухани қуатын, арман-мұратын жоймаған жыр жолдары ұрпаққа қалдырған аманат іспеттес:

Жанның ұлы Ар мен Хүн,  
Тартқызбас бізге зар мен мұң.  
Түбі бірге түртпейді,  
Одан болмас тұл мен құн.  
Бектен жалғыз Алшын-ды,  
Біз үшін қанға малшынды.  
Жауда жүрсең жанында,  
Сойылың соғар қамшынды.  
Балдың көп дүр ұрпағы,  
Үйсінді жоқ ұрмағы.  
Ондай ел өскін келеді,  
Оның жоқ дүр құрмағы.  
Қоң, Рат, Қып, Шақ, Болдан-ды  
Жоқ деменіз болғанды.  
Ақ тұрған жерде қақ тұтар,  
Досым дос оған, қасым қас,  
Жауымды түнде шолған-ды.  
О, тәңірім, табынам,  
Бесеуге бер береке.

Қазіргі қазақ ұлтын құрайтын, сол дәуірдегі біраз ру, тайпаларға қатысты айтылған Майқы би толғауынан келтірілген бұл үзінді тек замана тынысынан хабар беріп қоймайды, ұлттық тұтастықты, бірлікті көксеген ел мұратының асқақ рухын да танытады.

Ел аңыздарының деректеріне қарағанда, Майқы бидің өз заманында ел қамын ойлаған үлкен ойшыл адам болғаны аңғарылады,

халықтың әдет-ғұрып, салтын, жол-жоралғысын заңға айналдыруда Майқы бидің орны ерекше болғаны көрінеді. Майқы биді өзбек, татар, башқұрт халықтары да өз биіміз деп есептейді. Бұған шежіреде көрсетілгендей, Төбе биден тараған Қойылдыр, Мекре есімді балаларының осы халықтардың арасына барып, сіңісіп кетуі себеп болса керек.

Майқы би жүздер арасында болып жататын қызу айтыс-тартыстар мен дау-дамайларға да қатысып жүрген. Ол әрқашан халықтың шешендік сөздері мен мақал-мәтелдеріне сүйене сөйлеген, халық бірлігін бәрінен де жоғары қойған. «Бірліксіз тірлік жоқ» деген аталы сөз де Майқы бидің аузынан шыққан. Майқы би ұзақ өмір сүріп, 120 жасында қайтыс болған.

Майқы биден бастау алған шешендік сөз өнері ғасырлар бойы жалғасып, қазіргі жаңа заманға иек артып отыр. Ауыз әдебиеті тарихындағы Аяз би, Едіге би, Бәйдібек би, Жиренше шешен, Әнет би есімдері – шешендік өнер көшінің шоқтығын көтеріп тұрған тұлғалар. XVI–XVII ғасырларда өмір сүрген Мөңке би, Қазы би, Бөлтірік шешен, Бөкен би, Сеңкібай би, Қараменде би, Ескелді би, Байдалы би, Бекболат би, Жаңқұтты шешен сияқты дала ділмарлары – тарихта өздерінің аталы сөзі мен халыққа тигізген қайырым шапағатымен есте қалған даналар.

#### Бағалы дерек

Майқы туралы көнекөз ел аузында сақталған аңыздарды танымал орыс зерттеуші Г.Н.Потанин өзінің «Қазақ-қырғыз және алтай ертегілері мен аңыз әңімелері» деген еңбегінде атап көрсеткен.

#### Артық болмас білгенің

Майқы би жүзден асқан шағында дүние салады. Бүкіл Дешті қыпшақ жұрты оны ақ жауып, арулап қояды. Жылын атап, еске түсірген соң, сол өңірдің өзге билері төбе билікке таласып, бірінен-бірі сөз асырмақ болады. Бұрын Майқы би айтып кеткен билік, шешім жарғыларды олар өз аттарынан айтып, тарата бастайды. Бір жолы Бәйдібек батыр ауылында бір топ би бас қосып, екі ел арасындағы дауды қарамақ болады. Олар бірнеше күн айтысып, тартысады. Киіз үй сыртында олардың тартысын тыңдап отырған әр тараптан келгендер «біздің елдің биі былай деді», «біздің елдің биі солай деді» деп, әркім өз биін көтермелеп, дәріптеп жатады. Сонда Майқы бидің алдын көріп, сөзін тыңдаған қария: «Сендер несіне таусыласыңдар? Бұл кешегі Майқы би жарықтық айтып кеткен жарғы сөздері ғой. Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би», – деп орнынан тұрып, жүре беріпті.

Қазақтар «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» десе, қарақалпақтар мен өзбектер «Түмен өзбек түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген. Башқұрттар «Қара табын руының түп атасы – Майқы би, ол Орал тауының Миялық деген жерінде өмір сүріп, хан Шыңғысты алғаш қарсы алған би» деп санайды. Қазан татарларының арасында да өз атасын Майқы биден бастайтын шежіре бар екенін әйгілі Шахабудиң Маржани анықтаған. Онда «Майқы би, оның ұғылы Нұрыш (Тұрыш), оның ұғылы Қырық садақ, оның ұғылы Аюп. Бұл Аюп заманында Қазан шаһары орыстар тарапынан алынды» деген шежіре бар. Сондықтан татарлар да Майқыны өз бабасы санайды. Мұның негізгі себебі, кезінде бір шаңырақтың астында болып, біте қайнасып кеткен осы тамырлас халықтардың іргелі ел болуына ұйытқы болған – дана Майқы би екені анық.

*Б.Адамбаев*

1

Білу

1. Майқы би туралы не білдіңдер? Ол қандай адам екен?
2. Хрестоматияда берілген «Майқы би мен Алаша хан» туралы аңызда қандай оқиға орын алған?
3. Алаша хан елін жүздерге қалай бөледі?

2

Түсіну

1. Майқы би қазақ ұлысын құра отырып, кейінгі ұрпақтарына «Хан ақылды, әділ болса, қарашасы ынтымақты, Батыл болса, қара жерден су ағызып, кеме жүргізеді... Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап, ел болуды ойлаңдар», – деп өсиет қалдырған. Майқы би өсиетінің мәні неде?
2. «Майқы би мен Алаша хан» туралы аңызда Майқы би неліктен баланы көргісі келеді?

3

Қолдану

1. «Майқы би мен Алаша хан» туралы аңыз мазмұны бойынша «Екі түрлі түсініктеме күнделігін» толтырыңдар:

Үзінді	Менің пікірім

2. Белгілі ғалым Нысанбек Төреқұлдың: «Қазақта би-шешендер – ерекше тұлға. Ерекше тұлға дейтін себебіміз, бұрын-соңды қазақтан басқа халықтарда мұндай тұлға, мұндай елді аузына қаратқан адамдар болған емес. Шығыс халықтары арасында біздің билерімізге ұқсас бірлі-жарым болуы мүмкін, бірақ олар дәл қазақтағыдай емес-тін. Демек, би-шешендер тек қазаққа ғана тән құбылыс. Олар айтқан билік, шешендік сөздер тек қазақ арасында кездесетін халықтық асыл қазына болып табылады», – деген пікірін мысалдар арқылы дәлелдеңдер, зерттеушілік әңгіме құрастырыңдар.

4

Талдау

1. «Майқы би мен Алаша хан» туралы аңызда көтерілген мәселені бүгінгі күнмен байланыстырып, салыстырыңдар.
2. Майқы бидің нақыл сөздерін мән-дес қазақ мақал-мәтелдерімен салыстырыңдар.

5

Жинақтау

1. Майқы биге тән қасиеттерді топтастыру арқылы көрсетіндер.
2. Майқы бидің нақыл сөздерінің мағынасын түсініп, идеясын ашыңдар.

6

Бағалау

1. «Әділ билердің қолындағы билік – қазақтың түрлі дертін жазатын жақсы дәрі», – деген А.Байтұрсынұлының пікірі туралы ойларыңмен бөлісіңдер.
2. Хрестоматияда берілген Майқы би туралы шешендік сөзден қандай ой түйдіңдер? Қазақ әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, өз көзқарастарыңды шағын сын мақала жазу арқылы білдіріңдер.
3. «Майқы би мен Алаша хан» туралы аңыздағы Алаша ханның іс-әрекетіне баға беріп, өз ойларыңды 4–5 сөйлеммен жеткізіңдер.
4. Өз таңдауларың бойынша Майқы бидің бір нақыл сөзінің түйіні туралы әдеби эссе жазыңдар.



XXI ғасыр оқырманына

Майқы би туралы Н.Төреқұлұлының «Қазақтың 100 би-шешені» кітабынан оқып алыңдар.



Өз заманында «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен сұңғыла би», келер күнді айнытпай болжайтын сәуегей және дала даналығының көрінісі іспетті ой-тұжырымын тағылымды поэтикалық жырға айналдырған жырау ретінде танылған тұлғалардың бірі – Мөңке би.

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы

## МӨҢКЕ БИ ТІЛЕУҰЛЫ



МӨҢКЕ БИ ТІЛЕУҰЛЫ  
(1675–1756)

Мөңке би Тілеуұлы – шамамен 1675 жылы дүниеге келген белгілі би, Әбілқайыр хан кеңесшілерінің бірі, жырау.

Мөңке бидің философиялық толғаулары, риторикалық сұрақ-жауап, болжау, билік, кесім, шешім түріндегі мұралары өзіндік ерекшелігімен айшықталады. Көшпелі тірліктің тіні бұзылмаған қоғамда заман аңысын аңдап, оның келешек кескін-кейпін дәл болжай білу – Мөңке би шығармашылығының басты белгісі. Оның:

Түрлі-түрлі халық болады,  
Күндіз-түні жарық болады...  
Дүниенің жүзіне,  
Өре мен темірден жол тартылады...  
Адам ақысыз жұмыс істемейді,  
Дүниені түрлеп кестелейді, –

деген толғау жолдарынан келер күнді болжаған сәуегейлігі көрінеді. Сондай-ақ:

Құрамалы-қорғанды үйің болады,  
Айнымалы, төкпелі биің болады.  
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,  
Ай сайын бас қосқан жиын болады.  
Домалақ-домалақ түймедей дәрің болады,  
Жастарға билігі жүрмейтін көрің болады,

Алашұбар тілің болады,  
Дүдәмалдау дінің болады.  
Еркегің қазаншы болады,  
Әйелің базаршы болады, –

деп келетін жолдардан болашақтың бет алысын, бағыт-бағдарын тап басып, танығандығы аңғарылады.

Тарихта халықтың ес жиып, етек жинаған, қалмақ, жоңғарға қарсы тұруында, бірігуінде біртұтас ұлыс болуында билердің рөлі бекем болды. Олар ханға септесе, ел басшыларына көмектесе жүріп, өздерінің даналық ойларымен, шешендік сөздерімен, әділ шешімдерімен халықтың тұтасып ел болуына өлшеусіз үлес қосты. Ұлы даланың әдет-ғұрып заңдары халықтың өмір-тіршілігіне, сенім-нанымына, шаруа-кәсібіне үйлесімді болды. Сол себепті «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» берекетті өмір, есігіне құлып салмаған мамыра-жай тіршілік жалғасын тауып отырды. Алайда қазақтың билік жүйесі, шаруа-кәсібі, тұрмыс-салты, арнамысы отаршыл жүйе келгенде сетінеп, шайқала бастады. Осы өзгеріске алдымен «ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары бар» дегендей, би-шешендер, ақын-жыраулар төзе алмай шамырқанып үн қатып, «Зар заман» деп аталатын сарынмен толғаулар арнайды. Ақиық ақын

#### Зергер сөз

Тәңірі артық жаратқан,  
Аузына халқын қаратқан,  
Қара қылды қақ жарған,  
Алдынан топты таратқан.  
Мөңке, Төле, Қазыбек,  
Әйтеке – алшын, би Кебек.

*Базар жырау*

Тілеуімнің ішінде  
Әулие өткен Мөңке би.  
Дәулет пен баққа  
асқандар,  
Қайырын судай шашқан  
бар.

*Н. Байғанин*

Тілеудің ұлы Мөңке еді,  
Алты алашқа бас болған.  
Қара мойын серке еді,  
Ақылы зерек әулие  
Қияға көңіл сілтеді.

*Сарышолақ ақын*

С. Сейфуллиннің тілімен айтқанда, «ескілікті салт-санаға қамқор, күзет болған» билерге жаңа ереже қорқынышты көрінеді. Сол билердің соңғы өкілі Мөңке би болды. Мысқалдап, сыналап ене бастаған тәртіпке қарсы болып, сынға алған, халқының болашақта азып-тозатынын, бодандық зобалаңның ауыр болатынын ескерту, сәуегейлікпен жорып, дабыл қағу, халқын сақтандыру Мөңке би толғауларынан анық байқалады. Отаршылдықтың енуі, көшпелі тіршіліктен отырықшылыққа көшу, хандық биліктің жойыла бастауы, жат жұрт енгізген әкімшіл-әміршіл жүйе, бөтен дінге шоқындыру әрекеттері Мөңке би жырында ақырзаман белгісі ретінде үрейлі бейнеленеді.

Мөңке би отаршылдық жүйені ақырзаман елесіндей таңбалау арқылы

халықты бодандықтан сақтандырып, одан түңілдіріп, жиіркендіре білді, бітіспес қарсылық тудыртып, елдің санасын оятты. Елді тілінен, ділінен, дінінен, жерінен, ізгіліктен бездіретін ауыр зобаланды алдын ала болжап, сәуегейлік жасап, ащы ақиқатты айтып, отарлықтың шын сиқын өткір тілмен айнытпай суреттеп, жұрттың санасы әрдайым сергек болуға, қорғаныс қабілетін ұдайы бекемдеуге шақырды.

Мөңке би толғауларының негізі өзегі – отаршылдыққа қарсылық сарын. Мемлекеттің құлауы, көшпелі өркениеттің дағдарысы, тұйыққа тірелген ел өмірінің әлеуметтік өткір арналары толғауда толық қамтылады:

Жақсыны алдар жезбенен,  
Іріткі салар сөзбенен.  
Өзен мен көлге атақты,  
Толтыра салар қаланы.

Жаңа заман елге әкелген кәсіптің бірі – сүзгі салып, балық аулау болса, екіншісі – жер жыртып, егін егу еді. Сахара кең далада малшаруашылығымен күн көріп жүрген көшпелі қауым салтына бұл дағдылар мүлде ерсі көрінеді. Сол себептен де Мөңке би:

Азарсың, жұртым, азарсың,  
Азғаныңның белгісі, –  
Атыз-атыз жыртылған,  
Жер шығады деп еді, –

деп толғайды.

Мөңке би жер жыртып, «тоған басы мұрап деп», арық қазуды айып көреді. Себебі жерге байланып, кетпен ұстаған ел көшіп-қонып жүрген кең шалқар қонысынан айырылып, жауынгер, асау, арда болмысынан адасып қалуы ықтимал. Толғауда ол туралы:

Арық шығар деп еді,  
Сол арықтың ішінде,  
Ыңғайы жоқ жаманның,  
Пышағы мен шақпағы,  
Қалып шығар деп еді, –

деп налиды. Жауынгерлік қару-жарақ, аңшылық тұрмыстың құрал-саймандары, кісе белбеу, оқшантай, білтеге от жағатын

шақпақ, өткір пышақтан айырылу би үшін ақырзаман белгісіндей. Мөңке бидің сөздері түңілу емес, бодандық жүйені жазғырып, айыптап, азаттық аңсаған ақиқаттың үні деуге болады. Айбарлы Шыңғысханның қасында жүрген Майқы биден Нұралы ханның жанына ерген Мөңке биге дейінгі дала даналарының айтқан әр сөзі алаш рухына серпін беретін сарқылмас қуат көзі болып қала берері хақ.

*Д.Қыдырәлі. Дала данагөйлері:  
Майқыдан Мөңкеге дейін*

#### Бағалы дерек

Шекті Мөңке би жеті жасында билік айтып, кісі құны дауды бітірген екен.

*А.Байтұрсынұлы*

Мөңке бидің Сырым батырға қойған астыртын сұрақтары мен оған Сырымның қайтарған жауаптары, сондай-ақ оның шеркеш Түрке би, тана Нүрке билермен кеңесе отырып айтты дейтін «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» дейтін толғауы белгілі.

Мөңке би – қазақ тарихында есімі құрметпен аталатын, үлкен философ, терең ойшыл, ұлы ақын.

#### Даналық ойдан дән ізде

Алдымен, Мөңке бидің толғамы келер заманның кейпін кемел көрегендікпен сипаттауымен ерекшеленеді. Кесек ойлар кестелі, ұйқасты тілмен өрнектелген. Болжаудың әрбір сөзінде суреткерлік сипат бар. Түйінді тұжырым, бейнелі ой, сұлу сурет, эмоциялық-экспрессивтік қуат бар.

*С.Негимов*

Мөңке би көркем ойын сиқырлы сөзбен өрнектеген шашасына шаң жұқпас шешен болды. Оның сөзінен рух күші сезіледі. Қара қылды қақ жарған әділ би ретінде айтқан кесімді сөздері қазақтың төрелік жөн-жоралғысында жоғары бағаланды. Оның қисынын тауып айтқан шешендік, нақыл сөздері сөз өнерін асқақтата бермек...

*М.Құл-Мұхаммед*

#### Артық болмас білгенің

Мөңке биге арналған халық күйі «Кеңес» үлкен жиында, тарихи оқиғалардың шиеленіскен кезінде тартылған. Күйді батыстағы Қызылқоғаның тумасы, қазақтың талантты композиторларының бірі Мәкәлім Қойшыбаев өзінің үш бөлімнен тұратын «Ре-Мажор» d-dur» симфониясында негізгі тақырып ретінде пайдаланған. Күй симфонияны

өне бойын жарқыратып ашып тұрады. Қазір осы күй Құрманғазы ұлт-аспаптар оркестрінің репертуарында және симфониялық үлкен оркестрдің алтын қорына мәңгілік сақтауға алынған.

Т.Шәмелов

### Бағалы дерек

Мөңке би Әбілқайыр хан дүние салған соң, Нұралы ханның билігін тану туралы орыс патшайымы Елизавета Петровнаға жазылған хатқа Орта жүздің беделді адамдары Жәнібек тархан мен керей Наурыз би бастаған топпен, сондай-ақ Кіші жүздің отыз биі, батырларымен бірге қол қойған.

Мөңке би Тілеуұлы белгілі би, жырау, күйші және емші болған. Мөңкенің күйлері: «Өттің, жалған-ай!», «Шалқыма», «Қиқу дәурен», «Жиын, алқа, кеңес».

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы

1

Білу

1. Мөңке би туралы не білдіңдер?
2. Мөңке би қандай ізгі қасиеттерді дәріптейді?

2

Түсіну

1. Мөңке бидің заман жаңалықтарына қарсы болу себебі неде?
2. Мөңке бидің айтқандары не себепті әлі күнге дейін өзекті?

3

Қолдану

1. «Мөңке бидің айтқаны» толғауынан келер күнді болжаған сәуегейлігі көрінетін жыр жолдарын теріп жазыңдар. Мағынасын түсіндіріңдер.
2. «Синквейн» стратегиясын қолданып, Мөңке би образына бесжолды өлең құрастырыңдар.

Бірінші жол – тақырып – бір сөзбен беріледі (зат есім).

Екінші жол – тақырыпты екі сөзбен сипаттау (сын есім).

Үшінші жол – тақырыпқа қатысты қимыл атауынан үш сөз жазу (етістік).

Төртінші жол – төрт сөзден тұратын төрт сөйлем құрастыру.

Бесінші жол – тақырып мәнін ашатын бір синоним сөз.

4

Талдау

1. Мөңке би қолданған құбылту мен айшықтау түрлерін талдаңдар.

2. Хрестоматия материалдарын пайдаланып, «Үш түрлі күнделік» толтырыңдар. Жұмыс нәтижесін топта талдаңдар.

Шығармалардан ерекше әсер еткен, ой салған үзінді немесе дәйексөз.	Бұл үзіндіні немесе дәйексөзді таңдауға қандай себеп болды? Осыған байланысты қандай сұрақтар туындады?	«Мұғалімге хат» – сұрақтар

5

Жинақтау

Мөңке биге тән қасиеттерді топтастыру арқылы көрсетіңдер.

6

Бағалау

1. Хрестоматияда берілген Мөңке би жайлы әңгімелердің мазмұны туралы пікірлеріңді «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы білдіріңдер.

*Пікір.* Мәтіндер бойынша өзіндік пікірлеріңді бір сөйлеммен жазыңдар.

*Дәлел.* Пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдендер.

*Мысал.* Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.

*Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды шығарыңдар.

2. «Мөңке бидің нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні» тақырыбына аргументативті эссе жазыңдар.



#### XXI ғасыр оқырманына

Мөңке би, оның даналық ойлары туралы Б.Адамбаевтың «Шешендік сөздер», «Шешендік шиырлары», «Тозған қазды топтанған қарға жейді», С.Толыбековтің «Қазақ шежіресі», Т.Кәкішевтің «Билер сөзі», С.Негимовтің «Шешендік өнер» кітаптарынан оқыңдар.



#### Әдебиет теориясы

##### Құбылту мен айшықтау түрлері

**Троп** немесе **құбылту** – сөздерді ауыспалы мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп жеткізу тәсілі.

Троп түрлеріне көріктеу, меңзеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмас-тыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, дамыту, түйдектеу, бүкпелеу, т.б. жатады. Тілде троп түрлері өте көп, ол екі нәрсенің, не құбылыстың бір-бірімен сабақтастығы мен арақатынасын ашу негізінде жасалады (метонимия, синекдоха) не сипатталатын құбылыстың белгілерін екінші бір құбылыс ерекшеліктеріне ұқсату, ауыстыру тәсілі негізінде туындайды (метафора, теңеу), сондай-ақ троп бір нәрсені үлкейту не кішірейту, не сықақтау яки қарсы мағынада сипаттаумен, әсірелеу сарынымен де шендеседі (гипербола, литота, кейіптеу, ирония). Троп көркем әдебиет стилінде, публицистика мен ауызекі сөйлеуде жиі кездеседі.

Әдебиетте сөз өткір, тартымды, әсерлі болуы үшін сөз таңдау, ауыстырып айтудан басқа да әдістер қолданылады. **Айшықтау** немесе **фигура** – сөз тіркестерін дағдылы синтаксистік қалыптан гөрі өзгеше ораммен, айрықша айшықпен құру. Айшықтау немесе фигура түрлеріне арнау, қайталау, шендестіру (антитеза), дамыту, инверсия, эллипсис жатады.

*«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы*



#### Тапсырма

Құбылту мен айшықтау түрлеріне мысалдар тауып жазыңдар.

Әнет баба – Арғынның ел ағасы,  
 Әрі би, әрі молда, ғұламасы.  
 Үлгі айтқан Орта жүзге ғәділ екен,  
 Сол кезде 95-ке келген жасы.

*Ш.Құдайбердіұлы*

## ӘНЕТ БИ КІШІКҰЛЫ



ӘНЕТ БИ КІШІКҰЛЫ  
 (1626–1723)

Әнет би Кішікұлы (Көшек, Күшік деп те аталады) – 1626–1723 жылдар аралығында ғұмыр кешкен әйгілі абыз, «Жеті жарғыны» құрастыруға қатысқан атақты билердің бірі.

1626 жылы Шыңғыстаудың баурайында туған зерек бала ерте хат танып, Бұхардағы Шарип-ғәділ медресесінде оқиды. Мұсылмандық шарифатты, сол заманның ғұлама философтары: Сократ, Платон, Аристотель, Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи, тағы басқалардың еңбектерімен танысып, көптеген пән мазмұнын толық меңгеріп, жан-

жақты білім алған үздік шәкірт атанады.

Әнет би көп жылдар Жәңгір хан, Тәуке хан, Батыр хан, Болат хан ордаларында кеңесші болған. Өз Тәукенің тұсында бас уәзір болып, мемлекеттік іске батыр, билермен қатар, қара халықты тартушы алғашқы қайраткер. Уәзір кезінде орда қызметкерлерінің, үш жүздің сұлтандары мен билерінің біліктілігін, саяси сауаттылығын, мәдениетін көтеруге баса назар аударды. Әсіресе, сол замандағы елдер арасындағы шапқыншылыққа орай ел дауы, жер дауы, ел ішінде күйіп тұрған барымта, жесір дауын шешуде әділдікті, шешендікті қажет ететін елшілер мен билерді хан маңына

### Зергер сөз

Әнет баба – XVII ғасырда қоғамдық аренаға шыққан «сөзі уәлі, аузы дуалы» атақты Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің ұстазы. Өз Тәуке ханның ақылшысы, бас уәзірі, «Жеті Жарғы» жинағының авторларының бірі болған.

*Т.Жұртбаев*



жинауға, дайындауға ерекше көңіл бөледі. Тәуке ханмен ақылдаса келе «Билер кеңесін» құрады. Көшпелі қазақ қоғамындағы «Билер кеңесі» – құрамына белгілі рубасылары, билері, батырлары, жыраулары, хандары кірген мемлекеттік маңызды мәселелерді шешіп отырған келелі кеңес. Билер кеңесінде қазақ елі үшін маңызы бар сыртқы және ішкі мәселелер қаралған.

Әнет бабаның елді береке-бірлікке, ынтымаққа шақырып, адамдарды имандылыққа, парасаттылыққа, адамгершілікке уағыздаған ел есінде сақталған ұлағатты сөздері, ой-толғаулары, ақыл-кеңестері жазбаларда сақталған. «Жеті қазына», «Жеті ата», «Жеті ғалам», «Жеті хақ» және тағы басқа ұғымдарды білдіретін тұжырымдамалары Әнет бабаның есімімен тығыз байланысты. «Дүниеде неше жетім бар?» деген сауалға баба:

Сөз – жетім, ынтаменен тыңдалмаса,  
 Бөз – жетім, киілместен тозған болса,  
 Жер – жетім, иесі жоқ қалған болса,  
 Ел – жетім, жақсы басшы арман болса,  
 Көл – жетім, қаз қонбаса, құстары ұшып,  
 Ер – жетім, жеке қалса, тізе құшып.  
 Болмаса замандасың тойға барма,  
 Басыңа жалғыздықтың торы түсіп.

«Жеті қазынаға нелер жатады?» деп сұрағанда: «Әйел, ер жігіт, ілім-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, алғыр ит», – десе, біреу тұрып:

– Баба, қазақта: «Бала – белде, әйел – жолда», – деуші еді ғой. Ер жігіт әйеліңді жаудан олжалап та алады, айттырса, қалың малына қырық жетісін байлап, матап беріп, сатып та алады. Бұл – шығын. Қазақтың тағы бір мәтелі «Қойныңдағы жарыңа сенбе, астындағы атыңа сенбе» дейді. Тағы да «Атың жаман болса, сатып құтыласың, әйелің жаман болса, қайтіп құтыласың?» деген де сөз бар. Соған қарағанда әйелді жеті қазынаның бірі деу дұрыс бола қояр ма екен дегенде, Әнет баба:

– Әйел – жеті қазынаның бірі емес, біріншісі. Дүниедегі бар тіршілік атаулының анасы – әйел. Адам бойындағы асыл қасиеттердің бәрі ананың ақ сүтінен дариды, әлдиімен ақ бесіктен басталады. Сондықтан оған тіл тигізуге де, қол көтеруге де болмайды. Пайғамбарымыздың өзі әйел затын қатты құрмет тұтқан. Ал бірді-екілі ауылдың бейпіл ауыздары әйел туралы жаман сөз

айтар болса, ондайларға тыйым болу керек. Ол халықтың, көптің пікірі емес, – депті. Әнет бабаның осы сөзінен кейін әйелдің жеті қазынананың бірі екеніне күмән келтіру қазақ арасында мүлде тыйылыпты.

Әнет бабаның билік басындағылардың әділ, шыншыл болуы, ел бірлігі жөніндегі өсиет-өнегелері халық жадында сақталып және үш ұлы бимен кездесіп, ақыл-кеңес құрғандағы әңгімелері кеңінен тараған. Мәселен, ел аузында мынадай әңгіме бар.

Төле би төбе би болып, атағы шығып тұрғанда, билердің біреуі:  
– Уа, Төле би, біз адассақ, сізден ақыл сұраймыз. Сіз адассаңыз, кімге жүгінесіз? – деген екен. Сонда Төле би:

– Әнет бабаң бар емес пе? – депті.

Бұдан Төле бидің Әнет бабаның ғұламалығына бой ұсынғанын, қарапайымдылық, кішіпейілділік, ізгілік сияқты ұлы қасиеттердің иесі екенін көреміз.

Бірде ақыл-кеңес алуға барған Төлеге садағының алтын оғын бармағымен біртіндеп сындырып, екі бүктеп, он екі шабақ етіп, ортасынан буып: «Енді мынаны сындырып көрші», – депті. Әрине бір буда шыбықты сындыру мүмкін болмайды. Сонда Әнет баба былай депті:

– Төлежан, сен көптің айтқанын қыл. Көптің айтқанын қылсаң, көп те сенің айтқаныңды қылады. Ал көп болсаңдар, өзара ынтымақты болсаңдар, сендердің белдеріңді де ешкім сындыра алмайды.

Қайтарында Төле биге:

– Жорытқанда жолың болсын! Қыдыр ата қолдасын! Алдыңнан дау қайтпасын! Дұшпанның қолы саған жетпесін! – деп, Әнет баба батасын беріпті.

Әнет бабаның данагөйлігі туралы халық жадында сақталған Қазыбек бимен кездесуіндегі даналық ойлары осы күнге дейін өзінің өміршеңдігін жоймағанын аңғарамыз. Қазыбек би жыл сайын қасына жолдас-жораларын ертіп, Әнет бабаға сәлем беріп, көрі құлақты қариядан төлім-тәрбие, үлгі-өнеге, тағылым алады екен. Бірде сол әдетімен Әнет бабаның үйіне келіп түседі. Қарт бұрынғыдан әжептәуір қартайып қалса да, сыр білдірмейді. Қазыбектің жора-жолдастарын, өзін жақсы қарсы алып, мал сойғызып, қазан көтертеді. Сол ауыл маңындағы қариялар, жайсаңдар жиналып, әңгіме-дүкен құрады. Ертеңіне Қазыбек жол жүруге қам жасап, сапар алдында Әнет бабаға бір ауыз өсиет айтып беруін өтініпті. Бірақ Әнет баба:

– Қазыбекжан-ай, жасы келіп қартайған, қасынан жар тайған, басынан мал тайған адамнан не кеңес, не өсиет сұрайсың? – деп ештеңе айтқысы келмейді. Бірақ бірбеткей Қазыбек шешен Әнет бабаның бір ауыз ақылын тыңдамай, еш жаққа кетпейтінін білдіреді. Сонда Әнет баба Қазыбек шешеннің бұл қылығына күле қарап:

– Болмадың ғой, айтайын, – деп, сәл ойланып, – «әкім» деген сөзді жадыңда сақта, – депті. Қазыбек Әнет бабаға ризашылығын білдіріп, жора-жолдасын қасына ертіп, еліне қайтады. Ол жол-жөнекей өзімен еріп келе жатқан нөкерлерінен:

– Әнет бабаның қандай өсиет айтқанын ұқтыңдар ма? – дейді. Бірақ бұл сұрағына ешкім үндемейді. Сонда Қаздауысты Қазыбек Әнет бабаның айтқан өсиетін былай деп шешіпті:

– «Ә» – дегені – әділ бол,

– «К» – дегені – күншіл болма, көпшіл бол,

– «І» – дегені – ілтипатты бол,

– «М» – дегені менмен болма, мейірман бол, – дегені.

Сөйтіп, Әнет бабаның сол өсиеті ел арасына кең тарап, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалыпты.

Дуалы ауыз Әнет баба Тәуке ханның сардары Қалқаман ұлды болғанда, оған:

Есімің Бұқар болсын,  
Мінгенің тұлпар болсын!  
Дауысың сұңқар болсын,  
Ісіңе халқың іңкәр болсын! –

деп, батасын беріп, атын қойған екен. Қасиетті бабаның батасы қабыл болып, Бұқар Қалқаманұлы елді аузына қаратқан жырау, алдынан жұрт тараған көсем, жауы ығысқан батыр, елі сүйінген ақын болған.

Әнет баба қартайып, жасы 90-ға келгенде ел дауы, жер дауы, жесір дауына көп араласпай, Қожа Ахмет Ясауи, Софы Аллаярдың шығармаларын, сондай-ақ «Кәләм-Шәриф», «Нұрнама» секілді кітаптарды оқып, оңаша жатады екен. Қоржын-қоржын кітаптарды ақтарып, кейде көзінің жасы сақалын жуып жылап алады екен, кейде балаша мәз болып күледі екен. Кейде тұңғыық ойға батып, орнынан тұрып, ешкімге ештеңе айтпай, қыр асып, қыдырып кетеді екен.

– Әнет баба, не іздеп жүрсіз, кімді іздеп жүрсіз? – деп сұрапты бірде ауыл сыртында жолығып қалған Қазыбек би.

– Өзімді іздеп жүрмін, шырағым, – деп жауап беріпті Әнет баба. Жас Қазыбек ештеңені ұға алмай, аңтарылып тұрып қалыпты.

– Түсінбегеніңді біліп тұрмын. Өзімді іздеп жүрмін дегенімнің мәнісі мынау, шырағым. Адам баласы Алланың өмірімен жарық дүниеге келгенде пәк, адал, таза болады. Өсе келе өрнені көреді, өрнені есітеді, жақсыға да, жаманға да бой ұрады. Баяғы пәктігің жоғалтады. Жас ұлғайып, қым-қуыт, қызыл-жасыл дүниенің қызығы басылған соң, баяғы адал күйіне қайта оралады. Мен қазір қартайдым. Су жорғаны мініп көрдік, сұлу әйелді құшып көрдік, өзен судай тасып та көрдік, өткел бермес дариядан асып та көрдік – бәрі жалған екен. Енді маған ештеңенің керегі жоқ. Баяғы күнәдан пәк адал жүрегім керек. Өзімді іздеп жүрмін дегенім – осы, – депті.

«Қалың елім – қазағым азат болса екен» деп, бес ұлын бірдей қалмақтарға қарсы шабуылға аттандырып, барлығынан сол соғыста айырылған, халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған киелі, оқымысты, ғұлама Әнет баба 1723 жылы көктемде жоңғарлар шабуылы басталып, ел «Ақтабан шұбырындыға» ұшыраған кезде жұртта қалып, Қаратау-Қошқарата деген жерде қайтыс болған. Кейін Көкенай бастаған батырлар ұлы бидің сүйегін тауып, Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи мазарына жерлеген.

Қазақта көзі тірісінде бүкіл ел болып, Әнет бабадан басқаны «баба» атандырғандығы туралы деректер кездеспейді. Бұл – Әнет бабаның кемеңгерлігі мен көсемдігіне, еңбегіне, білімдарлығы мен әділдігіне халқының көрсеткен құрметі мен әділ бағасы.

Әнет әулие абыз бейнесін Мұхтар Әуезов өзінің тұңғыш туындысы «Еңлік-Кебек» драмасында, Шәкәрім Құдайбердіұлы «Қалқаман-Мамыр» поэмасында бейнелеген. Әнет бабадан кейінгіге мұра боп қалған билік, шешендік ақыл, нақылдар аз емес. Әнет баба есімі Алматы, Түркістан қалаларының көшелеріне берілді. Семей қаласындағы Орталық мешіт Әнет баба атымен аталады. Абай ауданының орталығы Қарауыл ауылында Әнет бабаға ескерткіш қойылған.

---

### Артық болмас білгенің

---

Академик Әлкей Марғұлан Әнет бабаның Бұхарадағы ең жоғарғы діни оқу орнын бітіріп, ғұламалық дәреже алған құжаты сақталған деген. (Б.Исабеков. «Ұлылар мекені»). Ол кезде Бұхарадағы «Көгелташ» медресесіне дүниенің төрт бұрышынан талантты шәкірттер келіп білім

алып, оқуды тауысқан соң, әрбір шәкірттің қабілетіне қарай құжат беріледі екен. Әнет баба өзімен қатар оқыған шәкірттердің бәрінен үздік шығып, ғұламалардың батасын алып, жолға шыққалы тұрғанда, Бұхараның дінбасы Шейх ұл-Ислам баба оған былай деп сұрақ қойыпты:

– Әнет, міне, сен ғұлама болдың. Қадамың құтты болсын! Енді Түркістанға жүргелі отырсың. Бірақ онда біз сайлаған мүфти бар. Ол – бір қасиетті адам. Саған муфтиліктен басқа лауазымды лайық көрмей отырмыз. Не істеген жөн?

– Әміріңізге құлдық, Шейх ұл-Ислам. Мен Түркістанға барғанда лауазым іздеп бара жатқаным жоқ.

– Енді не іздеп барасың?

– Елімді іздеп барамын. Ен сахараны ен жайлаған қазақ деген халық бар. Сол халқыма қызмет етемін, – депті Әнет баба.

Шынында, ол Түркістан, Сауран, Қарнақтағы мың сан мешіттің ешқайсысының муфтиі болмаған. Қандай уақытта да халық арасында жүрген, елімен бірге болған. Елі де оны төбесіне көтеріп, өз әулие тұтқан.

*А.Беркімбай*

1

Білу

1. Әнет баба кім?
2. «Не ғайып? Не арсыз? Не даусыз?» атты шешендік сөзде не туралы айтылған?
3. Әнет бабаға қандай сұрақтар қойылыпты?
4. Әнет баба қалай жауап берген екен?
5. Әнет баба туралы шешендік сөздерде қазақ халқының қандай салт-дәстүрлері көрініс тапқан? Мысал келтіріңдер.

2

Түсіну

1. Неліктен ұйқы, тамақ, күлкі арсызға жатады?
2. Ажал, қонақ, несібенің ғайыпқа жату себебі неде?
3. Неліктен мінезді, көрілікті, ажалды даусызға жатқызған?
4. Үш қадірсізді Әнет баба қалай түсіндіреді?
5. Әнет баба үш төтті, үш күшті, үш жаманға шешендік сөзде аталғандарды жатқызуының себебі неде? Түсіндіріңдер.

3

Қолдану

1. Хрестоматияда берілген Әнет баба туралы шешендік сөздерді оқыңдар, мазмұны бойынша түйінді ой тұжырымдаңдар.

2. Әнет баба туралы оңай және қиын сұрақтар кестесін құрыңдар. Оңай сұрақтар дегеніміз – жауабы бар сауалдар, қиын сұрақтар – өзіндік тұрғыдан жауап беруге бағытталған сауалдар.

Оңай сұрақтар	Қиын сұрақтар

4

Талдау

Майқы, Мөңке билер мен Әнет бабаны салыстырыңдар. Қандай үндестік таптыңдар?

5

Жинақтау

Әнет бабаның жеті сауалға берген жауабын тірек сызба арқылы көрсетіңдер.

6

Бағалау

1. «Не ғайып? Не арсыз? Не даусыз?» сұрағына өздерің қалай жауап берер едіңдер?
2. Әнет баба туралы шешендік сөздер сендерге қалай әсер етті?
3. Биге қандай құндылықтар тән болу керек?



#### XXI ғасыр оқырманына

Әнет баба туралы «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан (1-том), «Қазақстан тарихы: Этникалық зерттеулердің 10-томынан, Б.Адамбаевтың «Халықтың шешендік мектебі», «Қазақтың 100 биі» кітаптарынан оқып алыңдар.

Шынайы шешен, тума талант халық өмірі мен әдет-ғұрып, салт-сана дәстүріне мейлінше жетік болуы керек.

Цицерон

## ТӨЛЕ БИ ӘЛІБЕКҰЛЫ



ТӨЛЕ БИ ӘЛІБЕКҰЛЫ  
(1663–1756)

### Зергер сөз

Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық.

*Төле би*

Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,

Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.

Өзің білмесең, білгендерден үйрен,

Үйренгеннен ештеңе кетпейді.

*Төле би*

Төле би Әлібекұлы – қазақтың Тәуке, Болат, Әбілмәмбет, Жолбарыс, Абылай хандары тұсында ел басқару ісіне араласқан аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, ойшыл дана. Өз Тәуке хан құрған «Билер кеңесінің» мүшесі, атақты шешен, Ұлы жүздің төбе биі, «Жеті жарғы» заңдар жинағын құрастырушылардың бірі.

Төле би жастайынан ескіше оқыған, сауатты адам болған. Араб, парсы тіліндегі тарихи кітаптарды, аңыз, қиссаларды көп оқиды. Шешен, ділмар кісі болған әкесі Әлібекке еріп жүріп, ел таниды, небір аузы дуалы билердің сөзін тыңдайды, солардың батасын алады. Жастайынан ел арасындағы билікке араласып, әділдігімен, шешендігімен, тапқырлығымен танылады.

Төле би ел бірлігін нығайтуға көп еңбек сіңірген. Ол кезде қазақ пен жоңғар хандықтары үнемі жауласып жүретін. Ұлы жүздің төбе биі Төле би, Орта жүздің төте биі Қазыбек Келдібекұлы және Кіші жүздің бала биі Әйтеке Байбекұлы үшеуі Өз Тәукенің бас кеңесшісі болған. Төле би Түркістанды Қазақ хандығының астанасы қылуға, үш жүзді бір орталыққа бағындыруға, Қазақ хандығын күшейтуге белсене атсалысқан.

Тәуке хан өмірден өткеннен кейін Қазақ хандығының іштей әлсіреуіне орай



CD 02

Дискіден «Ердің бақыты – әйел» аңыз-әңгімесін тыңдап, идеясын анықтаңдар.



Сөзмаржан

**Жарғы** – 1) тұлғалардың қызметін реттейтін құжат, белгіленген ережелер жинағы; 2) дәстүрлі қазақ қоғамындағы заңдар жинағының атауы. Ежелгі түркі тіліндегі «иар» («жар») сөзінен шыққан. Мағынасы – әмір, әмір беру, билік айту. Ал «Кодекс Куманикусте» бұл сөз – «яг» түрінде жазылған, мәні – шешім, берілген әмір.

Төле би Ұлы жүзді билеген. Жоңғар басқыншылары Жетісуды жаулап алуына байланысты біраз уақыт соларға тәуелді болады. Бірақ оларға алым-салық төлеп тұрғанымен, саяси билікті өзінше атқарып, «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі қазақ қауымын біріктіріп, оларды жоңғар езгісінен азат етуде аса зор ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді. Ол жоңғар қонтайшысына алым-салық төлей отырып, Абылай ханмен, Барақ сұлтанмен, Шақшақ Жәнібек батырмен, Қоқан хандығымен байланысын үзбейді. Төле би Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыруға күш салды. 1749 жылы Орынбор губернаторы И.И.Неплюевке өзінің жиені Айтбай бастаған елші жіберіп, Ресейге қосылу ниетін білдіреді.

Төле би жоңғар билеушілерінің арасындағы тақ таласын өршіте қолдап, ежелгі жаудың іштей әлсіреуін қамтамасыз етеді. Абылай хан мен Төле би таққа таласқан жоңғар нояндарын алма-кезек қолдай отырып, ақырында Жоңғар хандығының құлауына ықпал етеді. Бұл Төле бидің Абылай ханмен бірлесе жүргізген сыртқы саясатының ірі нәтижесі еді.

Төле би Тәуке ханның тұсында «Билер кеңесінің» мүшесі ретінде мемлекеттік істердің оң шешілуіне айтарлықтай үлес қосқан, жыл сайын өтетін бүкілхалықтық жиынды ұйымдастырушылардың бірі болған. Ол Орта жүздің биі Келдібекұлы Қазыбекпен, Кіші жүздің биі Байбекұлы Әйтекемен бірге үш жүз ұлыстарын бір орталыққа бағындыруға, Қазақ хандығын нығайтуға, жоңғар шапқыншылығына қарсы бауырлас қырғыз, қарақалпақ, өзбек халықтарының одағын құруға бағытталған шараларды жүзеге асыруға белсене қатысады.

Төле би Қабанбай, Бөгенбай және Жәнібек батырлармен бірге біртұтас халық майданын құрып, азаттық жолында күрес жүргізді. Халық ауыз әдебиетінде Төле би туралы көптеген тарихи аңыздар сақталып қалған. Халық арасында Төле би айтты деген мақал-мәтелдер, нақыл сөздер кең таралды. Төле би есімі тек Ұлы жүзде ғана



### Даналық ойдан дән ізде

Шебер айтылған ақыл, нақыл сөздер – жаратылыста, қоғам өмірінде болған өзгеріс, құбылыстарды жіті көзбен байқап, бақылап айтылған халық ойының жемісі, қорытындысы.

*Б.Адамбаев*

емес, Орта жүз бен Кіші жүзде де аса құрметпен аталады. Бұл – оның бүкіл қазақ халқының тағдырына қатысты ірі оқиғалардың ортасында жүргенінің айғағы.

Төле бидің замандасы, тағдырласы Қаздауысты Қазыбек бидің «Төле би дүниеден өтті» деген суық хабарды естігенде: «Төле өлді дегенше, дүниеден әділет өлді десейші. Бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есім жеткен, бұл екеуіне кім жеткен?» – деп, жер таянып, көзіне жас алған екен.

Бізге келіп жеткен аңыз-әңгімелерде Төле бидің елдің береке-бірлігін нығайтуда сіңірген еңбегі туралы молынан айтылады. Сондай аңыз-әңгімелердің бірінде Төле би өз көңілін сұрай келген Қазыбек, Көкі, Мәлік, Ержан билердің еліңізге қандай өсиет қалдырасыз деген сұрағына былай деп жауап берген екен: «Жүзге бөлінгендердің жүзі қара. Руға бөлінгендердің құруға асыққаны. Атаға бөлінгендер адыра қалады. Көпті қорлаған көмусіз қалады. Хан азса, халқын сатады. Халық азса, хандыққа таласады».

Төле би жас кезінде талай жасы үлкен атақты абыз билердің алдынан өтіп, батасын алады. Бала Төле әуелі әкесіне барыпты. Жасы жүзге тақап отырған әкесі ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып отырады. Төле: «Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ?» – дегенді сұрайды. Сонда әкесі әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады:

– Балам, мынаны сындырып көрші?

Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп, сындыра алмайды.

– Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы? – Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп, бырт-бырт еткізіп, оп-оңай сындырып береді. Әлібек би:

– Бұдан не түсіндің, балам? – дейді.

Сонда Төле бала:

– Түсіндім, әке, бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді» демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады» дегеніңіз ғой.

– Бәрекелді, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін, алдымен, елді ауызбірлікке, ынтымаққа шақыра біл. «Бақ қайда барасың? Ынтымаққа барамын» дегеннің мәнісі – осы, – депті.



*Бала Төленің даналығы*

Төле жас кезінен дау-таластарда төрелік айтып, көзге түсе бастайды. Ертеде Шу өзенінің Балқашқа жақын жайылым алқабына үйсін мен арғын тайпаларының белді бектері таласыпты. Екі жақтың да билері бас қосып, кеңесіп, бәтуаласа алмайды. Көпшілікке еріп барған он бес жасар Төле билік айтушыларға көңілі толмайды. Ол:

Ақты ақ деп бағалар!  
 О, игі жақсы ағалар!  
 Өзегі талса ел біткен,  
 Өзен бойын жағалар, –

деп сөз бастай бергенде:

– «Ата тұрып, ұл сөйлегеннен без, ана тұрып, қыз сөйлегеннен без» деуші еді. Мына бала кім өзі? – дейді төрде отырған би. Төле қасқая қарап тұрып:

– О, би ата, он үште отау иесі демес пе, кінәлімін бе, келіп қалсам он беске? Сөз сөйледім, бұйыра көрмеңіз айыпқа. Алакөз болу ағайын адамға лайық па? – деп, бір тоқталады да, төрде отырған биге былай деп сауал қояды:

– О, игі асқар тауымыз, әділ ме осы дауымыз? Жар астында тұрғанда, жасырынып жауымыз?

Сонда әлгі би:

Қой асығы демендер,  
Қолайыңа жақса, сақа қой.  
Жасы кіші демендер,  
Ақылы асса, аға қой, –

деген ғой, балам, билікті саған бердім, – дейді. Бала Төле жұлып алғандай:

– Сары табақтан сарқыт қайтады деген. Билікті маған берсеңіз, Шу өзенінің оң жағын үйсін, сол жағын арғын жайласын, бұған қалай қарайсыздар? – дейді. Бұл шешімге екі жақ та риза болып, бітімге келеді. Сонда төрдегі би:

Үй баласы ма деп едім,  
Ел баласы екенсің.  
Ай маңдайлы арысым,  
Талабың алдан өтелсін.  
Ауылыңның таңы бол,  
Маңдайыңдағы бағы бол! –

деп бала Төлеге бата берген екен. Осыдан бастап, Төленің аты шығып, ел арасындағы дау-жанжал, келіссөзге араласып, билік айта бастапты.

Төле бидің «Қарлығаш әулие» атануы туралы да ел аузында аңыз сақталған. Жоңғар басқыншылары өрттей қаптап, қазақ жерін таптап келе жатады. Қамсыз малын бағып отырған ел босып, үдере көшеді. Сонда жалғыз бір үй түтінін түтетіп отыра береді. Жоңғар қоңтайшысы батырларын жұмсап:

– Анау жалғыз үй неғып көшпей отыр, барып біліп келіңдер! – дейді. Келсе, ол Төле бидің үйі екен. Жоңғар жігіттері:

– Жұрттың бөрі көшіп кеткенде, сен кімсің, неғып отырсың?! – деп өкіреңдейді. Төле би олардың алдынан шығады:

– Жігіттер, сабыр етіңдер! Алдымен үлкен кісіге сәлем қайда? – Әдет-дәстүрден бір сүрінген олар сәлем беріседі. – Енді тыңдаңдар, – деп сөз бастайды Төле би. – Шаңырағыма қарлығаш ұя салып еді. Сол құс қашан сарыауыз балапандарын қанаттандырып өргізіп кеткенше, мен ешқайда көшпеймін. Қарлығаш – қасиетті құс, адам баласының досы. Сендер білесіңдер ме, ертеде дүниежүзін топан су қаптағанда Нұх пайғамбардың кемесін суға батудан аман алып қалған осы, қарлығаш! Адам баласына қастандық жасамақ болған жыланнан да

қорғап қалған – осы қарлығаш! Мен жау келді деп, үйімді жығып, оның ұясын бұзып, балапандарын шырылдатар жайым жоқ! Сендердің де бала-шағаларыңды улатып-шулатып қырып, қырғын-сүргін қылып жатса, жақсы көресіңдер ме?! Хандарыңа осы сөзімді айтып барыңдар!

Жоңғар жігіттері барып, Төле бидің осы сөзін айтса, қоңтайшысы:

– Ол әулие адам екен, оған тимеңдер, оның төңірегіндегі елін де қозғамаңдар! – депті. Содан былай қарай Төле би «Қарлығаш әулие» атанып кетіпті.

Төле би қазақтың «Жеті жарғы» әдет-ғұрып заңын жасауда жетекші рөл атқарған. «Жеті жарғыдағы» жер дауы, жесір дауы, құн дауы тағы осындай ел арасында болатын айтыс-тартыс, дау-дамайлардың көптеген тарам-тармақтары сол Төле би ұсынысымен қабылданғаны аян. «Жеті жарғы» заңы ел арасындағы әдет-ғұрып дәстүрлерін бұзушыларға тыйым салуда елеулі қызмет атқарады.

Өзінің өмірін Төле би шындық, әділдік жолына арнады. Төле бидің даналығы, шешендік тапқыр сөздері, өсиет-нақылдары ел арасына мол таралған.

Төле би Ташкенттегі Жүніс хан мазарының қасына жерленген. Жамбыл облысында Төле би есімімен аталатын елді мекен бар. Оңтүстік Қазақстан облысында бір ауданға Төле би есімі берілген. Еліміздің ірі қалаларында Төле биге ескерткіш қойылған, Төле би есімімен аталатын көшелер бар.

### Артық болмас білгенің

«Жеті жарғы» – Тәуке хан тұсында қабылданған қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы. Тәуке хан бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әдет-ғұрып заңдары мен өзінен бұрынғы хандардың тұсында қабылданған заңдарды одан әрі жетілдіру арқылы жаңа заң жүйесін жасады. Үш жүздің игі жақсылары мен билерін жинап, оның ішінде Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер бар, Күлтөбенің басында «Тәуке ханның Жеті жарғысы» деген атауға ие болған заңдар жиынтығын қабылдады. Жеті жарғыға сүйенген қазақ билері ел ішіндегі дау-жанжалдар мен саяси мәні бар мәселелерді тиімді шешіп отырған. Жаңа заң жүйесі қазақ халқының өмірлік мәселелерін барлық жағынан қамтыды. Жеті жарғы қазақтың ұлттық шешендік өнеріне сай, негізінен, афоризмдерден, мақал-мәтелдерден, қанатты сөздерден құралған. Жеті жарғының толық нұсқасы сақталмаған.

*«Қазақстан тарихы» оқулығы*

1

Білу

1. Төле би кім? Қандай адам болған?
2. Ел бірлігін нығайтуға қандай еңбек сіңірген?
3. «Ердің бақыты – әйел» аңыз-әңгімесінің кейіпкерлері кімдер?

2

Түсіну

1. Төле би неліктен «Қарлығаш әулие» атанған?
2. «Ердің бақыты – әйел» шешендік сөзінде Төле би баласына әйел таңдау себебін қалай түсіндіреді? Қандай дәлелдер келтіреді?

3

Қолдану

1. Ел аузында Төле би туралы аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер өте көп. Солардың барлығында Төле – ақылды, әділ, шешен, халық қамын ойлаған қайраткер. Сендерге ұсынылып отырған әңгімеде Төле би қандай қырынан көрінеді? Топтарға бөлініп, Төле би туралы әңгімелеудің үлгісін ұсыныңдар.
2. «Ердің бақыты – әйел» шешендік сөзіне сюжеттік-композициялық талдау жасаңдар.
3. «Жеті жарғы» заңдар жинағы туралы қосымша мәліметтерге сүйеніп, айтып беріңдер.
4. Хрестоматияда берілген материалдарды пайдаланып, «Төленің төрелігі» деген тақырыпта жұптық жұмыс орындаңдар.

4

Талдау

1. «Ердің бақыты – әйел» шешендік сөзіндегі Данагүлдің ақылдылығы танылған эпизодтарды талдаңдар.
2. Тапсырмаларды орындап, шешендік сөзге талдау жасаңдар:
  - «Талқылаушы» әңгіменің тақырыбын, негізгі ойын анықтайды.
  - «Белгілеуші» әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады.
  - «Байланыстырушы» шығарма мазмұнын өмірмен байланыстырады.
  - «Топ шешені» әңгіме мазмұнына сәйкес қазіргі қолданыстағы мақал-мәтелдерді айтады.
  - «Қорытындылаушы» шығарманың құндылығына, маңызына баға береді.

5

Жинақтау

Төле биге тән қасиеттерді топтастыру сызбасы арқылы көрсетіңдер, мысалдармен дәлелдеңдер.

6

Бағалау

1. Хрестоматияда берілген шешендік сөздерден Төле би туралы ойларыңмен бөлісіңдер.
2. Данагүл туралы пікірлерің қандай? Данагүлдің даналығын қандай мысалдар арқылы дәлелдейсіңдер?
3. Шығарманың идеясын талдап, кейіпкерлер әрекетіне баға беріңдер. «Бақыт деген не?» тақырыбына әдеби эссе жазыңдар.



### XXI ғасыр оқырманына

Төле би туралы С.З.Зимановтың «Қазақтың ата-заңдары». 1-том (құжаттар, деректер және зерттеулер) жинағынан, Б.Тоғысбаевтың, А.Сужикованың «Тарихи тұлғалар» кітабынан, Төле би туралы тың деректерді С.Мадуан, М.Алипхан сынды ғалымдардың еңбектерінен оқып алыңдар.

<https://adebiportal.kz/kz> сайтынан «Шешендік сөздер. Төле би туралы әңгімелер» атты жинақпен де онлайн танысуларыңа болады.

Қазыбек Келдібекұлы – қазақ елі басынан кешірген тағдыр тауқыметінің, алмағайып замана оқиғаларының куәгері, Орта жүздің төбе биі, шешендік өнердің маңдайалды өкілі ретінде еліміздің тарихында мәңгілік орын алған, беделі мен ықпалын, шешендігі мен әділеттілігін қазақ хандары ғана емес, ұлы империялардың да басшылары мойындаған аса ірі тұлға.

*М.Қаймұхаммет*

## ҚАЗЫБЕК БИ КЕЛДІБЕКҰЛЫ



ҚАЗЫБЕК БИ  
КЕЛДІБЕКҰЛЫ  
(1667–1764)

Қазыбек Келдібекұлы 1667 жылы Сыр бойында дүниеге келіп, жастық шағын Қаратау, Ұлытауда өткізген. Қазақтың Тәуке хан құрған «Билер кеңесінің» мүшесі, атақты шешен, Орта жүздің төте биі, «Жеті жарғы» деп аталатын заңдар жинағын құрастырушылардың бірі.

Қазыбектің анасы Тоқмейіл ұтымды да тапқыр сөздерді көп білетін зерек кісі болыпты. Анасы айтқан есті сөздерді кішкентай күнінен жаттап өскен ол ержете келе өзі де солай сөйлеуге машықтана бастайды. Қазыбектің шешен, алғырлық, әділдік қасиеті жеті жасынан-ақ көріне бастапты деседі ел аузындағы аңыздар. Ертеде ас беріліп, бөйге жарыс болып жатқанда, бір құла қасқа жүздеген аттан озып келеді. Тойханада жүрген бір жігіт:

– Мынау – менің тай күнінде жоғалтқан бөсірем, – деп, оның шылауына орала кетеді. Бөйгеге қосып тұрған адам:

– Өзімнің құла биенмен туған атым, – деп оған жеңістік бермейді. Осы арада дау-жанжал туады. Көпшілік ол екеуін:

– Келдібек биге жүріңдер, – деп ертіп барады. Келдібек екі жағын сұрастыра келіп, не істерін білмей отырып қалады. Сонда әкесінің жанында отырған жеті жасар Қазыбек екі даугерге қарап:

### Даналық ойдан дән ізде

Қазақтар мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауызекі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздері ұйқаспен, ырғақпен келетіні соншалық, бейне бір өлең екен деп таңғаласың.

*В.В.Радлов*

## Зергер сөз

Алтын ұяң – Отан қымбат,  
 Құт-берекең – атаң қымбат.  
 Аймалайтын – анаң қымбат.  
 Мейірімді – апаң қымбат.  
 Асқар тауың – өең қымбат.  
 Туып-өскен елің – қымбат.  
 Ұят пенен ар қымбат,  
 Өзің сүйген жар қымбат.

Бірлігі кеткен ел жаман,  
 егесіп өткен ер жаман.

*Қазыбек би*

– Қандай дәлелдерің бар, айтып көріңдерші? – дейді. Құла қасқаны бәйгеге қосқан кісі:

– Енесін бір көрсем, одан туған төлді дәл айта аламын.

«Тай күнінде жоғалтқан бәсірем» деген жігіт:

– Мал бағып өскен қазақпыз ғой. Енесін көріп төлін, төлін көріп енесін айнытпай табамын.

– Олай болса, – дейді бала Қазыбек, – анау көгендеулі тұрған қозы, лақтан, екеуің екі қозы ағытып әкеліндер. Екі

жігіт «жарайды» деп, көгеннен екі қозы жетектеп келеді.

– Енді, – дейді Қазыбек, – екеуің өріске барып, осы екі қозының енесін танып әкеліндер.

Екеуі өріске барып, екі саулықты әкеледі.

– Қозыны енесіне салыңдар, – дейді бала. Ат қосқан жігіт қозысын енесіне салса, әлгі әкелген саулығы алмайды, қозы да жеріп қашады. Ал «тайында жоғалтқан бәсірем» деген жігіт қозысын саулыққа салса, иіскелеп, қозыны емізіп тұра қалады. Сонда Қазыбек атқа иелік етіп жүрген кісіден:



*Бала Қазыбектің даналығы*





CD 03

Дискіден «Кім жақын?  
Не қымбат? Не қиын?»  
шешендік сөзін тың-  
даңдар. Сұрақтарға  
өздерің қалай жауап  
берер едіңдер?

– Ал, ағайын, мына жігіттің мал тапқыштық қасиетіне күмәніңіз бар ма? – деп сұрайды. Ол төмен қарап, үндемей қалады. Қазыбек көпшілікке қарап:

– Қане, жұртшылық, бұған сіздер қалай қарайсыздар? – дегенде, айнала тұрғандар:

– Бала дәл шешім айтты, атасына рақмет, бөйге құла тай күнінде жоғалтқан жігіттікі, – десіп, тарапты.

Қазыбек шешендік өнерінің арқасында бала биден дана биге айналады. Тәуке хан Орта жүзге Қазыбекті би етіп тағайындайды. Ол ел басқару ісіне араласып, Қазақ хандығының ішкі, сыртқы саясатына елеулі ықпал жасап отырған. Жоңғар басқыншылығына қарсы халық күресін ұйымдастырушылардың бірі болған Қазыбек би елдің азаттық алуы жолында аянбай тер төгеді. Сондай-ақ ол Ресей, Бұхара, Хиуа мемлекеттері арасындағы еларалық мәселелерге де араласып, мәмілегер болған. Оның тұңғыш рет он төрт жасында елшілікке атшы болып барып, басшы болып қайтқаны ел аузында әлі күнге аңыз болып айтылады.

Қалмақтың ханы Қоңтажы қазақ елін үш рет шауып алғанда, малдан бөлек, сол шабылғанның ішінде бірталай ұл мен қыз да кетіпті. Соны сұрап, қазақ елші жіберсе, Қоңтажы ешбір есе бермепті. Қазақ билері бас қосып: «Қалмақта, шынымен-ақ, ұлымыз құл, қызымыз күң болып кеткені ме? Қол жинап, бір шайқассақ қайтеді?» – деп Абылай ханның алдына келіпті. Сонда Абылай хан: «Біз әлі де тілі өткір елші жіберіп сынасқанымыз жоқ, іріктеп елші жіберіп, оған есе бермесе, сосын шайқасайық!», – дейді. Бұл жұмысты Қаракесек Келдібек биге жүктейді. Келдібек өзі бара алмай, өзіндей кісі таба алмай, ақыры Қазыбек деген үлкен баласын ұзақ жолға жіберіп, сынамақшы болады.

Қазыбек Қоңтажыға келіп, қарысып тұрып:

– Ел ебелек емес, ер көбелек емес, дат! – дейді.

– Өй, өзің жөніңді айтшы, атың кім? – депті Қоңтажы.

– Атым – Қазыбек, әкем – Келдібек, халқым – қазақ, руым – қаракесек, – депті.

– Даусың қаздың дауысындай қаңқылдап тұр екен, ал, датыңды айтшы! – депті хан. Сонда Қазыбек:

– Біз қазақ деген мал баққан елміз, Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, Жеріміздің шетін жау баспасын деп, Найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпанға басындырмаған елміз, Басымыздан сөзді асырмаған елміз.

Досымызды сақтай білген елміз, Дәмі-тұзын ақтай білген елміз. Асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз қазақ, қарысқалы келгенбіз, Сен темір болсаң, біз көмір, еріткелі келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз, Табысуға келмесең, шабысуға келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан, алысқалы келгенбіз, Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз. Берсең, жөндеп бітіміңді айт, Бермесең, дірілдемей жөніңді айт, не тұрысатын жеріңді айт! – депті. Сонда Қоңтажы не дерін білмей, сасып қалыпты. Өзінің қалмақтарына:

– Менің енді бұған қайтарып айтар сөзім жоқ, мал мен жанын есептеп, алдына салып беріңдер, – деді.

Мал мен жанды есептеп бергеннен кейін хан:

– Жігітім, Қазыбек, сен жаңа үйреткен жас тұлпар екенсің, сенің айтқан сөзіңе менің буыным шыдамай, сіресіп тұра алмадым. Сондықтан саған екі түрлі белгі беремін. Біреуі – сенің даусың қаздың даусындай қаңқылдап шығады екен, сондықтан сенің атың бұдан былай Қаздауысты Қазыбек болсын. Екінші – тоқсан жеті жүлдені саған арнап байладым, бұдан былай сен екі сыбағалы бол! – депті. Жас Қазыбектің шешендігіне, ел бүтіндігін ойлаған даналығына қалмақ ханы риза болған екен.

Қазыбек би Келдібекұлы 1764 жылы Семізбұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында 97 жасында дүниеден өткен. Денесін баласы Бекболат Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне апарып жерлеп, басына құлпытас орнатқан.

Қарағанды облысында бір ауданға, еліміздің қалаларындағы көшелерге би есімі берілген, елордасы Нұр-Сұлтанда ескерткіш орнатылған.

Қаздауысты Қазыбек Келдібекұлы – асқан шешен, ақын, дау пешкен әділ қазы, халықаралық дәрежедегі елші, қоғам қайраткері.

---

### Артық болмас білгенің

---

Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, Қазыбек би Тәуке ханның белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне атқосшы болып, алғаш рет қалмақ ханына барғанында, он төрт жаста екен. Сол сапарда шешендік танытып, тоқсан тұтқынды, шабылған мал, тоналған

мүлігімен алып қайтқан. Содан бастап, ел назарына ілініп, Қаздауысты Қазыбек атанып кеткен. Қазыбек бұдан кейін де жоңғарларға екі рет елшілікке барып, ел намысына дақ түсірмей, көздеген мақсатын орындап қайтқан.

Ойраттардың тұтқиылдан жасаған шабуылында қолға түсіп қалған Абылайды тұтқыннан босату үшін Қазыбек би барлық айла-шараларды қолданып, 1743 жылы Абылайды тұтқыннан босатып, қазақтың 33 қаласын Әбілмәмбет ханға қайтарып беруге өз үлесін қосқан.

*«Даланың дара ділмарлары» кітабы*

1

Білу

1. Қазыбек Келдібекұлы кім?
2. Шешен болуына қандай жағдайлар ықпал еткен?
3. Қазақ хандығының қандай саяси істеріне араласқан?
4. Қазыбектің Қоңтажыға айтқан сөзінде қазақ халқы қандай ел?
5. Қазыбек би «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?» сұрақтарына қалай жауап береді?

2

Түсіну

1. Қазыбек бидің он төрт жасында алғаш елшілікке баруының себебі неде?
2. Неліктен Қаздауысты Қазыбек атанған?

3

Қолдану

1. Қазыбек би туралы мәтінді мұқият оқып шығындар да, осы мәтінді сипаттайтын бір ғана сөз ойлаңдар. Енді мәтінді бір сөйлеммен сипаттап, оның бір «құпиясын» табындар. Барлығын жазып отырыңдар. Бірінші кезеңде сөздерді, екінші кезеңде сөйлемдерді оқындар, үшінші кезеңде – «құпиясы». Ең дұрыс, ең жақсы нұсқа ұсынған оқушылар жеңімпаз болады.
2. Қазыбек би мен мәтінде кездескен ұлы тұлғалар туралы ұсынылған кестені толтырыңдар.

Ұлы тұлға	Ол кім?	Ол туралы не білемін?

3. «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?» әңгімесіндегі түсініксіз ұғымдарды жинақтап, мағынасын ажыратыңдар.

4. Қазыбек бидің жауабынан құбылту мен айшықтау түрлеріне мысалдар теріп жазып, мағынасын түсіндіріңдер.

4

Талдау

Қазыбек бидің елшілік қызметі тарихтан мәлім. Бұрынғы елшілер мен қазіргі елшілерді салыстырыңдар.

5

Жинақтау

1. Қазыбек биге тән қасиеттерді топтастыру арқылы көрсетіңдер.
2. «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?» шешендік сөздерінің негізгі түйінін анықтаңдар.

6

Бағалау

1. Қазыбек бидің қазақ тарихындағы орны туралы пікірлесіңдер.
2. «Еркін жазу» тәсілін қолданып, «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?» шешендік сөзіндегі негізгі ойды, одан алған әсерлеріңді, не үйренгендеріңді, әлі де нені біле түсу керек екені туралы өз пікірлеріңді жазыңдар.



#### XXI ғасыр оқырманына

Қазыбек Келдібекұлы туралы Н.Дулатбековтің «Қаздауысты Қазыбек би» кітабынан, М.Хамзиннің «Қаздауысты Қазыбек би». Мақалалар жинағының 1-томынан, «Даланың дара ділмарлары» кітабынан, С.Сматаевтың «Елім-ай» романынан оқып алыңдар.

<https://adebiportal.kz> сайтынан «Шешендік сөздер. Қазыбек би туралы әңгімелер» атты жинақпен де онлайн танысуларыңа болады.

Артына аталы сөзі қалған, есімі ел жадында сақталған қазақ шешендерінің бірі – Әйтеке Байбекұлы. Шоқан Уәлиханов белгілі билердің бірі ретінде Әйтекенің есімін Төле бимен қатар атайды.

*Б.Адамбаев*

## ӘЙТЕКЕ БАЙБЕКҰЛЫ



ӘЙТЕКЕ БАЙБЕКҰЛЫ  
(1644–1700)

### ○ Даналық ойдан дән ізде

Түркі халықтарының ішіндегі ең суретшіл, образды тіл – қазақ тілі. Қазақтар өзінің шешендігімен, әсем ауыз әдебиетімен де даңқты.

*С.М.Малов*

Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі бай тілге жатады. Қазақтар – шешен әрі әдемі сөйлеудің үлкен шебері... Қазақтардың халық әдебиеті аса бай әрі жанжақты.

*П.И.Мелиоранский*

Әйтеке Байбекұлы 1644 жылы Өзбекстандағы Қазбибі тауының етегінде дүниеге келген. Ол – қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері, Әмір Темірдің бас кеңесшісі Ораз қажының бесінші ұрпағы, Қоқанға хан болған Ақшаның немересі. Шешендік қасиетінің ерте танылуына әкесі Байбектің айрықша ықпалы тиеді. Алайда жеті жасынан бастап, аталары Ақша хан мен Жалаңтөс баһадүр Әйтекені өз тәрбиесіне алады.

Ол Самарқандағы Ұлықбек медресесінде оқып, дін, құқық, аспан әлемі, география, тарих, математика пәндерін, араб, парсы, шағатай, өзбек тілдерін меңгеріп шығады. Әйтеке Ақша атасынан ел басқару, елшілік байланыстар жасау жолдарын үйренсе, Жалаңтөс атасынан әскери қолбасшылық дәстүрлер мен дағдыларға жаттығады. Жиырма бір жасында бүкіл Бұқара мен Самарқан төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақ құрама жұртының бас биі болды. Ал жиырма бес жасында барша Кіші жүз халқы оны бас би етіп сайлады.

Тәуке таққа отырғаннан кейін алғаш рет ресми түрде айрықша құқықты «Билер кеңесі» сайланды. Әйтеке Кіші жүз жұртының атынан осы кеңестің мүшесі болды. Тәуке хан, Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің қатысуымен 1684 жылы «Жеті жарғы» деп аталатын заң жинағы қабылданды.



CD 04

«Қасқакөл дауы»  
әңгімесінің шешіміне баға  
беріңдер.

### Сөздің көркі – мақал

Өнер алды – қызыл тіл.

Шешеннің сөзі – мерген,  
Шебердің көзі – мерген.

Бас кеспек болса да, тіл  
кеспек жоқ.

Жақсының сөзі шамдай  
жарық, айдай анық.

Көне сөз – жаңа сөздің  
казығы.

Көп ішінде сөйлеген –  
көсемдіктің белгісі,  
Көпке сөзі ұнаған – ше-  
шендіктің белгісі.

Шешеннің тілі ортақ,  
Шебердің бізі ортақ.

Шешен кісі сөз бастар,  
Батыр кісі қол бастар.

Тура биде туған жоқ,  
Туғанды биде иман жоқ.

Әйтеке шешендігімен, әділдігімен бірге жоңғарлармен болған ұрыстарда қол бастаған батыр да болды. Осылайша ел басына туған қиын күндерде Әйтеке би Төле бимен, Қазыбек бимен біріге отырып, елді, жерді қорғауға белсене қатысады.

Әйтекенің ең алғаш рет билік, тап-қырлығымен көзге түсуі туралы халық аңызында былайша айтылады:

Әйтеке бала кезінде үш жолаушыға кездеседі. Сонда ол:

– Ассалаумағалейкүм, ағалар! – деп, үлкендерге ізетпен сәлем береді.

Жолаушының жасы үлкені:

– Сәлемет бол, балам, мынау қай ауыл?

– Сейітқұл ауылы.

– Өзің кімнің баласысың?

– Байбектің баласымын.

– Қосуақ бидің ауылы қайсы?

– Анау қырдың астында, онда не шаруаларыңыз бар еді? – деп сұрайды бала.

– Даулы болып келеміз, – дейді әлгі қарт жолаушы. – Ойнап жүрген баламызды сол ауылдың бір жолаушысының аты теуіп өлтірді. Соның құнын даулап келеміз. Әйтеке болса, сәл ойланып тұрып:

– Балаңызды ат босағада тепсе – бүтін құн, жабықта тепсе – жарты құн, түзде тепсе – төрттің бірін аласыздар. Қосуақ

би де осыны айтар, осыны айтпаса, қосып айтар. Жолдарыңыз болсын, – дейді.

Үш жолаушы қырдан асып, Қосуақ бидің үйіне барады, дауларын баян етеді. Қосуақ би далада ойнап жүрген Әйтеке баланың кесімін айтып, балаңызды ат түзде тепсе, төрттің бірі шығар деп, әлгі құн даулап барғандарды риза етіпті.

Сонда өлген баланың әкесі:

– Япырмай, осы билікті бізге ең әуелі далада ойнап жүрген бала айтып еді, түбі сол бала әділ би болар, – деген екен.

Әйтеке ержете келе билікті мақал-нақылмен мәнерлеп айтатын, дауды әділ шешетін өте әділетті, білгір шешен би болған.



*Әйтеке бидің даналығы*

Әйтеке биден қалған шешендік мұралардан оның ел қамын, туған халқының зар-мұңын жоқтаушы болғанын көреміз. Ел ішінде оның Орманбет биге айтыпты дейтін сөздері сақталған:

Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін,  
 Батыр болсаң, жауға найзаң тисін.  
 Бай болып елге пайдаң тимесе,  
 Батыр болып жауға найзаң тимесе,  
 Елден бөтен үйің күйсін!

Әйтекенің тапқырлығы, шешендігі туралы халық аузында көптеген аңыздар сақталған.

Әйтеке Байбекұлы бірде Қазыбек биге жолығады. Сонда ел билігіне араласып, атағы жайылып қалған Қаздауысты Қазыбек би:

Атадан жақсы ұл туса,  
 Елінің туы болады.  
 Атадан жаман ұл туса,  
 Көшінің соңы болады, –  
 деген, сен сол ұлдың қайсысы боласың? – депті.

Сонда Әйтеке би:

Ораздының кәрісі,  
 Қартайғанда қазына болады.  
 Араздының кәрісі,  
 Қартайғанда қазымыр болады, –  
 демекші, сіз өзіңіз соның қайсысы боласыз? – деп қалжыңдап,  
 қарсы сұрақ қойыпты.

Қаздауысты Қазыбек Әйтекенің батылдығына риза болып:

– Е-е, бауырым, халқым сөзімді тыңдаса, қазынасы болармын, – дейді. Сонда Әйтеке:

– Мен де халқым құп алса, елімнің оң сөйлер ұлы болармын, – депті оған.

Халық жырауы Қазанғап Байболұлы Төле биге арнаған дастанында Төле биге, Қазыбек биге мінездеме береді де, Әйтеке би туралы:

Онан да өткен Әйтеке,  
 Қудан ұшқыр, құланнан.  
 Мұндай шешен болмайды,  
 Бір сөзін жүз мақалдап,  
 Сипаттап қандай тіркейді.  
 Түршіктіріп денеңді,  
 Барған сайын өрлейді.  
 Таудай сөзге тарыдай,  
 Қию тауып сөйлейді.  
 Ерегіссе біреумен,  
 Қара жерге жерлейді.  
 Қанша ділмар дегендер,  
 Ширегіне келмейді,.. – дейді.

Қазақ халқының алты Алашын аузына қаратқан үш бидің біреуі – Әйтеке би өзінің ата жұрты – Нұрата тауына оралған соң, қайтыс болады. Еліне қайтар алдында Төле би, Қазыбек би секілді үзеңгілес серіктеріне сәлем ретінде жолдаған ұзақ толғанысында Әйтеке би: «Елінен айырылған – ер бақытсыз, жерінен айырылған – ел бақытсыз. Құдайым ондай күнді маған көрсетпегей!» – деп толғанған екен. Дана би халқының «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіретін көрмей, дүниеден өтеді.



### Артық болмас білгенің

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» – бұл тұрақты сөз тіркесінің пайда болуына XVIII ғасырда тарихымызда орын алған жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ халқының туған жерін, атақонысын тастап, басынан қиын-қыстау кезді өткізуі себеп болған.

1723 жылы көктемде жоңғарлар 70 мың әскермен жеті бағыттан қазақ жеріне тұтқиылдан басып кіреді. Алғашқы соққыны Жетісу мен Ертіс өңірінің қазақтары қабылдады. Жоңғарлардың шапқыншылығын күтпеген, дайындалмаған қазақтар әуел баста оларға еш қарсылық көрсете алмады. Жоңғарлар халықты жаппай қырып, мал-мүлкін тонады, тұтқынға айдады, Қазақ хандығы аумағының басым бөлігін жаулап алды. Қазақтар үйлерін, мал-мүліктерін тастап, босып кетуге мәжбүр болды. Қашып, босқан қазақтардың паналаған жері Сырдарияның сыртындағы Алқакөл көлі болды. Қазақ тарихында бұл кезең «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталады.

«Қазақстан тарихы» оқулығы

### Зергер сөз

Тарихтың талай соқталаңын бастан кешкен дала жұртының қабырғалы халық, іргелі ел болып кете қоюы оңай шаруа емес еді. Ол екі тізгін, бір шылбырдың көреген көкірек, қайратты қолға тигеннің арқасы еді. Ел мен ер, тәуекел мен парасат бірге қимылдап, бірлесе қайрат көрсеткеннің арқасы еді. Ендеше, сол бір жан-жақтан жау анталап, іргеден қиқу кетпей тұрған тұста күллі ұлтты түгел ұйытып, ұйымшылдыққа бастаған рухани ізденіске мұрындық болғандар кімдер еді? Сондай даналардың ішінде дәуірдің үш кемеңгері деп танылған Әлібекұлы Төле бидің, Келдібекұлы Қазыбек бидің, Байбекұлы Әйтеке бидің орны бөлек. Барша қазақ баласы аттарын ардақтап, айтқандарын жаттаған осы үш бабамыздың ел алдындағы еңбегіне, халық қамын жеген қасиетті ісіне сөз жеткізіп баға беру қиын-ақ. Халық болып сақталғанымыз, міне, бүгін егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тігіп отырғанымыз, тіпті басқасын былай қойғанда, ата-баба жерінде басымыз аман, бауырымыз бүтін жүріп жатқанымыз үшін бүгінгі ұрпақ осы аталарымыздың аруағының алдында бас иеді. Үш данагөйдің өнегелі өмірі, ел қамын жеген адал еңбегі, топ бастаған көсемдігі, от ауызды, орақ тілді шешендігі, мүлтіксіз әділдігі жөніндегі айтар әңгіме аз емес. Олардың аузынан шыққан бітімді бата, кесімді баға, ордалы ой, бейнелі теңеу, төрт аяғы тең жорға толғаулар ғасырдан ғасырға жұрт жадында жатталып, бүгінгі күнге жетті. Осынау асыл мұра билер сөзі – кім-кімді де таңдандырмай, тамсандырмай қоймайды.

Н.Ә.Назарбаев

1

Білу

1. Әйтеке би туралы не білдіңдер?
2. Қандай игі істерімен ел есінде қалған?

3. «Қасқакөл дауы» – қандай дау?
4. «Қасқакөл дауы» қандай шешіммен аяқталады?

2

Түсіну

1. «Қасқакөл дауының» туындау себебі қандай?
2. Орманбеттің билер шешіміне көнбеу себебі неде?

3

Қолдану

1. Мәтін мазмұнын ашатын тірек сөздерді жазып шығындар.
2. Әйтекенің төрелігі қай сөздерде түйінделген? Мағынасын түсіндіріңдер.

4


Талдау

Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би шешендік сөздерінде қандай үндестік бар? Салыстырмалы талдау жасап көріңдер.

5

Жинақтау

1. Әйтеке биге тән қасиеттерді көрсетіңдер:



2. «Қасқакөл дауы» шешендік сөзінің түйінін анықтаңдар.

6

Бағалау

1. Әйтеке бидің нақыл сөздерінің мәні туралы ойларыңды білдіріңдер, заманауи тұрғыдан салыстырып, жаңашылдығына баға беріңдер. Жауаптарыңда хрестоматия материалдарын пайдаланыңдар.
2. «ПОПС формуласы» арқылы «Қасқакөл дауы» шешендік сөзінің мазмұны туралы ойларыңмен бөлісіңдер:

«Менің ойымша...»

«Себебі, мен оны былайша түсіндіремін...»

«Оны мен мына дәлелдермен, фактілермен дәлелдей аламын...»

«Осыған байланысты мынадай шешімге келдім...».

3. «Қасқакөл дауы» шешендік сөзінің идеясын қазіргі кездегі жер мәселесімен байланыстыра отырып, «Жер тағдыры – ел тағдыры» тақырыбына аргументативті эссе жазыңдар.



### XXI ғасыр оқырманына

Қазақтың би-шешендері, шешендік сөз үлгілерінің ерекшеліктері туралы С.Негимовтің «Шешендік өнер», Б.Адамбаевтың «Халық даналығы», М.Жармұхамедовтің «Шешендік өнер», Г.Қосымованың «Қазақ шешендік өнерінің негіздері», Ж.Дәдебаевтың «Шешендік сөздер» еңбектерінен танысуға болады.



### Әдебиет теориясы

#### Әдеби шығармадағы психологизм

Әр жазушы кейіпкерінің ішкі жан дүниесін ашуда әртүрлі көркемдік тәсілдерге жүгінеді. Әдеби шығармадағы **психологизм** дегеніміз – шығарма кейіпкерінің ойы мен іс-әрекетінің ішкі дауылынан, сана қақтығысынан тұратын ерекше көркемдік жүйе, яғни көркем шығармадағы адамның жан дүниесін, ішкі сезімін терең ашып көрсетуге айрықша мән беру. Психологизм бірде ішкі монолог, бірде психологиялық параллелизм, бірде психологиялық реплика түрлерінде көрініс тапса, кейде тағы басқа тәсілдер арқылы да жүзеге асады. Әдебиеттің негізгі нысаны адам болғандықтан, оның рухани әлемін, ой-сезімін, түсінік-түйсігін, дүниетанымын, ішкі қайшылықтарын ашып көрсету – суреткердің негізгі міндеттерінің бірі.

Психологизм – эпостық, драмалық, лирикалық шығармалардың барлығына тән тәсіл.

*«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы*



### Тапсырма

Әдеби шығармалардан психологизм тәсілдеріне мысалдар іздестіріңдер.

Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы күрескен Кіші жүз қазақтары көтерілісінің көрнекті басшысы, атақты батыр, әйгілі шешен, өзінің асқан ақылдылығы арқасында өз ортасында тым ерте танылып, әділдігімен аты шыққан, «Бала би» атанған тұлға – Сырым Датұлы.

«Қазақстан тарихы» оқулығы

## СЫРЫМ ДАТҰЛЫ



СЫРЫМ ДАТҰЛЫ  
(1753–1802)

Сырым Датұлы – қолбасшы батыр, би, шешен, 1783–1797 жылдардағы Кіші жүз руларының орыс отаршыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің жетекшісі.

Сырым Датұлы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген.

Сырым жеті-сегіз жасынан-ақ естілігі, сөз тапқыштығымен ел аузына ілігеді. Өсе келе сол өңірдегі би, шешен, сұлтан, хандарды тани жүріп, олардан шешендік тапқырлықты, ел билеу ісін үйренеді.

Ел аузында сақталған әңгіме-аңыздарда Сырым Датұлы, Малайсары, Алдар, Есет секілді билерден бата алған. Мұның өзі Сырым Датұлының Кіші жүз қазақтарының арасында өзіндік беделге ие болғанын аңғартады. Асқан ақылдылығы арқасында өз ортасында тым ерте танылып, әділдігімен «Бала би» атанады.

Сырымның дене бітімі, кескін-келбеті мінсіз, жан-жақты жетілген, сом болаттан құйылғандай болса керек. Осыған байланысты ел аузында қалған аңызда Байбақты руынан шыққан Сырымның қарындасы күндікке түсіп, Сырымды көптен көрмесе де, кездескенде қырық жігіттің ішінен жазбай таныпты. Сол ауылдың ақсақалы: «Сырымды сен қалай таныдың?» – деп сұрағанда қыз: «Сырымның үш қасиеті бар. Біріншісі – батырға біткен тұлғасы, екіншісі – өжет мінезі, үшіншісі – асқан

### Зергер сөз

Тұлғасына қарасам,  
Адамға біткен бір алып...  
Ажарына қарасам,  
Ашулы көкжал арыстандай,  
Қабағы тым қатыңқы  
Қара бұлт басқан аспандай.  
Сәукеле қара сақалды,  
Азын-шоғын ақ бардай.  
*Ж.Тілешов*

даналығы деп естуші едім. Маған Сырым қыран топшылы, толық денелі, кең иықты, шалқақ төсті, жолбарыс бетті, басы да елден бөлек, торсық шекелі болып көрінді», – дейді. Сөйтіп, Сырым Байбақтының қызын күндіктен құтқарып ауылына алып қайтқан екен.

Сырым тұтқиылдан қойылған сауалдарға ықшам, жинақы жауап бере білуімен де ерекшеленген. Бірде хан Сырымнан:

Сөз анасы неден?  
Су анасы неден?  
Дін анасы неден?  
Жол анасы неден? –

деп сұрапты.

Сонда Сырым:

Сөз анасы – құлақтан,  
Су анасы – бұлақтан,  
Дін анасы – ұяттан,  
Жол анасы – тұяқтан, –

деп жауап беріпті.

Тағы да хан:

Дау мұраты не?  
Сауда мұраты не?  
Жол мұраты не?  
Қыз мұраты не? –

деп сұрапты.

Сонда Сырым:

Дау мұраты – біту,  
Сауда мұраты – ұту,  
Жол мұраты – жету,  
Қыз мұраты – кету, –

депті.

Өз заманында Сырым Датұлы жер мен жесір дауы, адам құқығы, ұрлық, барымта және тағы да басқа қоғамдағы орын алған дауларға араласып, тура, әділ билік айтып, елдің бітімшісі ретінде танылған, шым-шытырық дау-шарды егжей-тегжейлі саралап, жіктеп сөйлей білген. Бірде Сырым ақылды қария Малайсарыдан бата алмақшы болады. Көпті көрген көне қарт: «Батамды беремін, көңілімде жүрген бір іс бар еді, – дейді. – Байұлының бір баласын Әлім жігіттері өлтірген еді. Соның жоқтаушысы жоқ. Ердің құнын

жастың жайсаңы даулайды, не көрінің сайтаны даулайды деуші еді», – деп күрсінеді. Сырым еліктей ұшып, Малайсары айтқан елге, сол ауылдың ақылауыз ақсақалы Ақсуат биге келеді.

– Уа, тоқтаңдар, шаңқай түсте шабатындай, ауылымның үстін шаңдатып келе жатқан бұл кім, түге?! – деп би ақырады. Сырым:

– Уа, би, ел десең – елміз, жау десең – жаумыз. Алты қырдың астынан жаяулатып келетін Байұлы Әлімнің келіні емеспіз, бізбен дұрыстап сөйлесіңіз, – дейді.

Ақсуаттың бір жігіті бидің құлағына сыбырлап: «Өздері он екі аттылы екен», – дейді. Ақсуат: «Онда он екі ата Байұлы түгел атқа мінген екен, үш-төрттен үй-үйге бөліп түсіріңдер», – дейді. Сырым екі жолдасымен Ақсуаттың үйіне түседі, бірақ би шешіліп сөйлесе қоймайды. Сырым:

– Би, аты-жөн сұраса отырайық, – дейді. Ақсуат:

– Бала, менің аты-жөнімді сұрайсың, елімді сұрасаң – Әлім, жерімді сұрасаң – Бұйырғын, атымды сұрасаң – Ақсуат, осы елдің ортасындағы бір қазығымын, айналамнан ел кетпейді, алдымнан дау кетпейді, – дейді. Ілік іздеп отырған Сырым:

– Би, сөз білсеңіз, суатпын деп мақтанбаңыз, су жаманы – суат, басынан соқпақ кетпейді, қазықпын деп мақтанбаңыз, мүлік жаманы – қазық, басынан тоқпақ кетпейді, бұйырғын деген шөп болады, мал тоқ болады, қауқары жоқ болады. Әлім болсаң, әліңді біл, адамның құнын бер, – дейді.

Жамбастап жатқан Ақсуат басын көтеріп:

– Сырым балам, сырыңды енді ұқтым. Байұлының бір адамы біздің елде жазым болуы рас еді. Ердің құны – мың қой, үлесе келе үй басына – бір қой. Бір қойдан Әлімнің үйі кедейленіп қалмайды, жоқтаушысы кездеспей жүр, жоқтаушысы болса, табылмайтын жоқ болмайды, жорта өлтірген емес, жортуылда болған жазым ғой, төрелігін өзіңе бердім, ағаңның құнын өзің айта ғой, – дейді. Сырым:

– Мың тоқты – бір қора қойдың жазғы төлі, сонымен мен де Байұлын байытайын деп келгенім жоқ. Ел арасында бүтінші-бітімші болайын деп келдім, егер билікті маған берсеңіз, жортуылда болған жазым дедіңіз ғой, ұрының құны – жарты құн, елу қара болсын, – дейді.

Осыған екі жақ та тоқтайды, тиісті малын алып, Байұлының жігіттері жүргелі тұрғанда Ақсуат:

– Сырым балам, ел арасына бүтінші-бітімші болайын деп келдім дедің-ау! Баланың екі түрі болады: үй баласы, ел баласы. Ел арасының бүтіндігін ойлап, ел ағасы болайын деген бала екенсің. Мұратыңа жет, жолың болсын, менің алдымда бірінші айтқан

билігің екен, әділдігің үшін жолыңа нар бастаған тоғыз байлатып қойдым, бұдан былай сенің жолың бас тоғыз болсын, – деп Сырыммен қоштасыпты.

Сырым елу жылқыны елге айдатып, олжасын жолдастарына үлестіріп, қалы кілем жабылған қара нарды Малайсары қарттың босағасына әкеліп байлайды. Риза болған би:

– Енді саған батамды берейін, сен жас болғанмен, елге бас болғандай екенсің, – дейді.

– Арқаң қара нардай жауыр болсын,  
Мінезің қара жердей ауыр болсын.  
Өкпең жоқ, бауыр болсын.  
Үйіңнің сыртынан дүбір кетпесін,  
Құлағыңнан сыбыр кетпесін, –

деп батасын береді де, мен не десем де, бәрінің мағынасы бар, қалай түсінгеніңді өзіме қайырып бер, – дейді. Сырым:

«Арқаң қара нардай жауыр болсын» дегеніңіз – ел бастайтын ердің жүгі ауыр, арқама батты деп ауырсынба дегеніңіз болар. «Мінезің қара жердей ауыр болсын» дегеніңіз – сабырлы, шыдамды бол, беріден ойлама, әріден ойла дегеніңіз болар. «Өкпең жоқ, бауыр бол дегеніңіз» өкпешіл болма, кешірімді кең бол, ат төбеліндей аз ғана қазақты алыс-жақын деп бөле-жарма, алақұла көрме дегеніңіз болар. «Үйіңнің сыртынан дүбір кетпесін, құлағыңнан сыбыр кетпесін» дегеніңіз – жора-жолдасың болсын, ел мұңына, жетім-жесірге құлағың түрік, есігің ашық болсын дегеніңіз болар», – деп жауап қайтарыпты.

Нұралы хан батырды бауырына тартып, оның беделіне арқа сүйеуге тырысты. Ол әуелі Сырымның әпкесіне үйленіп, оған жезде болады, кейін «ақсүйек тұқымы қара халыққа қыз бермейді» деген ата дәстүрін бұзып, Орын деген әйелінен туған қызы Айғанары батырға қосып, оны күйеу бала етеді. Бірақ патшалық Ресейдің далалық өлкеде әкімшілік-саяси реформа жүргізіп, хандық билікті күшейту арқылы қалың бұқараның Жайық өзенінен өтуіне тыйым салып, шұрайлы жайылым мен өрісінен айырып, құқыларын шектеуі, салық көлемін көбейтуі Сырым Датұлы мен орыс патшасы тағайындаған Нұралы ханның арасын ашып жіберді. Патша әкімшілігінің озбырлығына, хан-сұлтандардың дәрменсіз халіне ашынған батыр рубасыларының қалауымен қолына қару алып, қалыптасқан саяси жүйеге қарсы шықты. Ол Орынбордың генерал-губернаторы Игельстромға жазған бір хатында: «Сіздердің түрлі әдістермен алдап, қолға түсірген ноғай, башқұрттар сияқты бізге де бұғалық

салып, езбекші екендігіңіз белгілі», – деп жазады. Бұдан Сырым батырдың қолына қару алып, көтеріліске шығып, басын бөйгеге тігудегі мақсатының айқындығы анық аңғарылады. С.Датұлы Е.Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне қатысты. Орал казак-орысы Ф.Куричын 1774 жылы Пугачев әскерінің құрамындағы қазақ жасағын Сырым батыр бастағанын мәлімдейді. Е.Пугачев өлтірілгеннен кейін де ол патша үкіметінің жазалаушы отрядына қарсы күресін жалғастыра берді. Оған генерал Ф.Суворовтың 1775 жылы граф П.Панинге: «Сырым батыр бастаған қырғыздарды қай жерде кез келсе де, қандайлық алысқа қууға тура келсе де, оның өзін ұстап алып, тамырына біржола балта шауып немесе сол жерде өлтір дедім, оның басты жолдастарына да осыны істеңдер, әскерлік ант бойынша өздеріңнің күштеріңді де, өз бастарыңды да аямандар деп тапсырдым», – деген мазмұнда жолдаған баянхаты дәлел. Дегенмен батыр араға уақыт салып, Ресей әкімшілігімен келісімге келді. Бұған белгілі дәрежеде 1775 жылы 7 қарашадағы Ресей Сыртқы істер алқасының Сырымның Еділ-Жайық арасына, Каспий теңізінің жағалауына, Жем-Сағыз атырабына қоныстануына рұқсат берген жарлығы ықпал етті. Бірақ Ресейдің жасаған «кеңшілігі» ұзаққа созылмады, әсіресе, Орал казак-орыс әскерлері қазақтардың жер-су иелену құқықтарын кеңейтуге үзілді-кесілді қарсы шықты.

### Зергер сөз

Кезінде бір би көпшіліктің ортасында отырған Сырым батырды сынамақ болып: «Әй, Сырым, қарадан туып хан болғаның қалай? Айырдан туып нар болғаның қалай? Жоқтан бар болғаның қалай?» – деп сұрапты. Сонда Сырым: «Қарадан туып хан болсам, халқым қалаған шығар, айырдан туып нар болсам, атам жараған шығар, жоқтан бар болсам, Құдай қараған шығар», – деп жауап берген екен.

*Қ.Мұханбетқалиұлы*

Тарих мынаны айқын көрсетеді. Ол – Сырымның өз халқына білдірген асқан сүйіспеншілігі; өз халқын сатқан ел басшыларымен ешқашан ымыраласпайтындығы; өз Отанының бостандығы үшін, оның мемлекеттігі нығайып, дамуы үшін жанын аямай күрескені... Қазақтар халық қамы үшін күрескен осы бір батырды ешқашан есінен шығармақ емес.

*М.П.Вяткин*

### Бағалы дерек

Белгілі тарихшы, шығыстанушы М.П.Вяткин өзінің «Сырым батыр» атты еңбегінде Сырым Датұлының өмірі мен қызметін сипаттай келіп, ол жайлы: «Сырым жастайынан ақылды және әділ адам болып қалыптасты, 20 жасында Байбақты руының биі атанды», – дейді. Генерал-губернатор Игельстром: «Ол (Сырым Датұлы) – тұтас Ордадағы ең беделді старшина. Орда оны тегіс тыңдайды. Сырымның ұсыныстары барлық жиындарда сөзсіз орындалады», – деген екен.

*К. Темірханов «Сырым батыр»*



### Даналық ойдан дән ізде

Сырымнан ілгеріректе өткен Бұқар жырау патша үкіметінің отаршылдық саясатынан соққан ызғардың алыстағы демінен қалтыраса, Сырым батыр сол ызғардың түтеген боранына тұншықты, аязынан үсіді. Бұқар жырау отаршылдық өртіне алыстан байбалам салып, оның арты неге соғарын данышпандықпен болжаса, Сырым батыр сол өртке шарпылып, оны сөндіруге жанталасты. Сырым көтерілісі Бұқар жыраудың жырында айтылатын қауіптің расқа шыққанын іс жүзінде дәлелдеді.

*С.Мұқанов*

Тарихты танып, зерделеу керек, тарихты таразылау керек; сонда тағдырыңды, бүгінгі тұрпатыңды танысың; келешегіңді бағдарлайсың; алдағы жүрер жолыңның сілемін табасың... Халықтың басына түскен тауқымет қабырғасын қайыстырып, сол жолда басын бәске тігіп, қасықтай қанын аямай, шыбын жанын шүберекке түйген өр тұлғалардың тағдырын танытатын да, ұрпаққа өнеге етіп, алдына тартатын да – тарих.

*Н.Назарбаев*

Сырымның өз замандастарынан мойны озық тұрғандығының тағы бір дәлелі – оның тек қана ханды тақтан тайғызғандығында емес, сонымен бірге тақтан түсірілген сол ханның да, хандық биліктің де орнына ел билеудің жаңа үрдісін дүниеге әкелгендігінде.

Сырым Датұлының мемлекетті үлкен көлемде ойлай алатын басшы, ірі қайраткер болғандығының дәлелі – өзіне дейінгі жұрт естімеген ел билеудің жаңа формасы «Халық кеңесін» өмірге әкелгендігі.

*Қ.Мұханбетқалиұлы*

Осыған орай 1782 жылы 27 желтоқсанда патша үкіметі қазақтардың мал жаюына рұқсат еткен аудандарын енді тек жалға беру туралы жарлық шығарды. Бұл өз кезегінде ұлт-азаттық қозғалыстың қайта өрістеуіне алып келді. 1783 жылы Сырым бейқам жатқан қазақ ауылдарын шауып, кезекті тонауға келген казак-орыс атаманы Чагановтың отрядымен шайқасып, оны ойсырата жеңді. Атаманның өзін тұтқындап, Хиуаға құлдыққа сатып жіберді. Бұл патша әкімшілігіне үлкен соққы еді. Соған орай Орал қаласындағы патша әскері түгел аттанып, сол жылдың күзінде Сырымды қолға түсірді. Бірақ оны Нұралы хан қыруар мал беріп, бірер айдан кейін босатып алды. Түрмеден босағаннан кейін Сырым Табын руының старшыны Тіленші Бөкенбайұлының қолдауымен Орал казак-орыс әскерімен күресін әрі жалғастырды. Бірақ Нұралы хан бұл жолы Сырымды қолдамайды, қайта оған қарсы шығып, шекаралық әкімшіліктен көтерілісшілерді басу үшін арнайы әскер жіберуін талап етті. Сөйтіп, ол Сырымға қарсы күресте шекара әкімшілігімен бір болды. 1784 жылдан бастап, Сырым бастаған халық қозғалысының күресі енді Әбілқайыр әулетінен шыққан ханмен сұлтандарға қарсы бағытталды. Кіші жүздің көптеген рулары Нұралы ханға бағынбай көтерілісшілер жағына шықты. 1785 жылдың күзінде болған старшындар жиналысы Нұралыны хан деп танудан бас тартты. Келесі жылдың көктемі қарсаңында көтерілісшілердің қысымына



### Сөзмаржан

**Старшын** – Ресей өкіметінің қазақтардың белгілі бір рулық топтарын басқару үшін тағайындаған адамы.

шыдамаған Нұралы шекаралық шептегі қамалға қашуға мәжбүр болды. Оның ақыры сол жылы II Екатеринаның Нұралыны хандықтан түсіру жөніндегі жарлыққа қол қоюына әкеп соқты. Хан тағынан Нұралы кетіп, Ералы отырғанымен де жағдай түзелмеді. Халықтың наразылығы одан сайын күшейе түсті. Сырым бастаған

көтерілісшілер енді ашық соғыс қимылдарына көшіп, патша қамалдарына шабуыл жасай бастады, бірақ олар нәтижеге жете алмады. Елек қамалына жасаған шабуылдың сәтсіздігінен кейін Сырым соғыс тәсілін өзгертіп, партизандық әрекеттер жасауға көшті. Шекаралық бекіністерге, сұлтандар мен оларды қолдаушылардың ауылына тұтқиылдан шабуылдап, адамдарын тұтқынға алды. 1797 жылы көтерілісшілердің үлкен бір тобы Ералыдан кейін хан тағына отырған Есімнің ауылына тұтқиылдан шабуыл жасап, ханды өлтіреді. Есім ханның өлтірілуі Сырымға тілектес билер мен старшындардың одан ірге ашуына себепші болды. Есімнің орнына Айшуақ хан сайланғаннан кейін, ол Есімнің кегін алмақ болып, арнайы отряд жасақтап, Сырымға қарсы аттанды. Соңынан қуып, маза бермеген патша жасағынан ығысып, Сырым Хиуа хандығы жеріне өтіп кетті. Ел арасына атағы кеңінен тараған батырдан қауіптенген Хиуа ханы оның көзін жоюдың амалын жасады. Ақыры оның есебін тауып, у беріп өлтірді. Бұл жөнінде халық аузында түрлі әңгімелер айтылады.

### Артық болмас білгенің

1832 жылы Санкт-Петербургтен шыққан А.И.Левшиннің «Описание киргиз-казацких или киргиз-кайсацких орд и степей» деген еңбегі бар. Осы еңбектің II томының қырық шақты беті тек қана Сырым қозғалысының тарихына арналған. А.И.Левшиннің бұл еңбегі Сырым қозғалысының тарихнамасында кейінгі зерттеушілердің көбіне негіз болғаны белгілі. Қанды оқиғадан кейін 1797 жылы 29 тамызда орыс шекарасынан қашық емес Кіші Қобда бойында өткен «Хан Кеңесіне» беделді деген Әлімұлдары, Байұлдары және Жетіру руларының 1000-ға жуық би, батырларын ертіп келуі Сырымның биік парасатын дәлелдегендей. Сырым тарихы – еліміздің тәуелсіздігі жолындағы халқымыздың азаттық күресінің құрамдас бөлігі, оның қайыспаған қайраткер ерлерінің жарқын бейнесі. Оның тарихы болашақ ұрпақ үшін әрқашанда үлгі-өнеге, тәрбие алар сабақ болып қалмақ.

*«Қазақстан тарихы» оқулығы*

1

Білу

1. Сырым Датұлы туралы не білдіңдер?
2. Сырым қандай адамдардан бата алған? Бұл туралы ел аузында қандай аңыз-әңгімелер сақталған?

2

Түсіну

1. Сырымның «Бала би» атану себебі неде?
2. Сырым Датұлы неліктен көтеріліс басшысы болды?
3. Нұралы ханмен араздасу себебі қандай?
4. «Балаби мен Сырым» әңгімесінде Сырым Балабидің қандай сұрақтарына жауап береді?
5. Сырымның жауабы оны қандай адам ретінде көрсетеді?

3

Қолдану

1. Тарих пәнінен алған білімдеріңді қолдана отырып, Сырым Датұлы бастаған көтеріліс туралы ұсынылған кестені толтырыңдар:

Көтерілістің алғышарттары	Көтерілісшілердің басты мақсаты	Сырымның мақсаты	Жеңілу себептері	Тарихи маңызы	Көтерілістің нәтижесі

2. «Т кестесін» толтырыңдар:

Көтеріліс кезінде Сырымға көрсетілген ықылас	Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Сырымға көрсетілген ықылас

3. Балаби мен Сырымға мінездеме беріңдер. Шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректерді жинаңдар.

4

Талдау

1. Тарих пәнінен алған білімдеріңді пайдалана отырып, С.Датұлы бастаған көтеріліс пен Е.Пугачев бастаған көтерілісті салыстырыңдар.
2. Төле, Қазыбек, Әйтеке билер мен Сырым Датұлын салыстырыңдар.

5

Жинақтау

1. «Көтеріліс» сөзіне топтастыру жасаңдар.
2. Сырым туралы аңыз-әңгімелер мазмұны бойынша Сырымға тән қасиеттерді кластер арқылы көрсетіңдер, жауаптарыңды дәлелдеңдер.

6

Бағалау

1. «Ақылдың алты қалпағы» тәсілі арқылы Сырым туралы аңыз-әңгімелер мазмұнына байланысты ойларыңды білдіріңдер.  
«Ақ қалпақ» – мәселеге қатысты талассыз деректерді келтіреді;  
«Сары қалпақ» – сәтті кезеңдерді айтады;  
«Қара қалпақ» – мәселенің сәтсіз тұстарына тоқталады;  
«Көк қалпақ» – талдау жасайды, топтар «Не үшін? Неге? Неге байланысты?» деген сұрақтарға жауап іздейді;  
«Жасыл қалпақ» – идеялар мен болжамдар ұсынады;  
«Қызыл қалпақ» – шығарманы оқу барысында бастан кешірген сезімдерін тұжырымдайды.
2. Сырым туралы біздің заманымызға жеткен аңыз-әңгімелерге жүздеген жылдар өтті. Қалай ойлайсыңдар, шешендік сөздер түйіні біз үшін өзекті ме? Неліктен? Ойларыңды өрбітіңдер.
3. Сырым Датұлының нақыл сөздерінің мазмұнымен танысыңдар. Өмірмен байланыстырып, маңыздылығына, құндылығына баға беріңдер, әдеби эссе жазыңдар.

### Сырым Датұлының нақыл сөздері

Табалдырықтан биік тау жоқ,  
Жаман ағайыннан асқан жау жоқ.

Таудан биік көңіл бар, теңізден терең ғылым бар, оттан бетер қайғы-зар.

Мен ағайынды екеумін: біреуі – өзім, екіншісі – халқым.

Бір аяқ сусын екі кісінің құны: су табылмаса, шөлдеген өледі, ұяттан – тауып бермеген өледі.

Дәурені озса, жасы жеткені болар,  
Қамқа тозса, күгімі кеткені болар.

Қарадан хан болсам, халқым қалаған болар,  
Айырдан нар болсам, атам жараған болар,  
Жоқтан бар болсам, Құдайым қараған болар.

Азамат жетім болмайды, халықтан болса панасы,  
Халық жетім болмайды, басшы болса данасы.

Ағаңнан айырылсаң – қанатыңның қайырылғаны,  
Әкеңнен айырылсаң – асқар тауыңның шағылғаны,  
Сүйген жарыңнан айырылсаң – жапырағыңның қуарғаны,  
Анаңнан айырылсаң – ағып жатқан бұлағыңның суалғаны.

Ата тұрып ұл сөйлесе, ержеткені болар,  
Ана тұрып қыз сөйлесе, бойжеткені болар.

Ат шабысына қарай шабады, ер намысына қарай шабады.




#### XXI ғасыр оқырманына

С.Датұлы туралы Б.Тоғысбаев, А.Сужикованың «Тарихи тұлғалар», А.Сейдімбековтің «Елтұтқа» кітаптарынан, Р.Отарбаевтың «Сырым батыр» атты тарихи драмасынан, Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» тарихи романынан, «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығынан оқып алуларыңа болады.

Ақын-жыраулар мағынасы терең толғау-жырларымен өшпес із қалдырды, олардың өміршең жырлары ұрпақтан ұрпаққа ұмытылмай жетіп, өнегелі сөзбен үн қатқандай болады. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, әдебиет тарихында авторлық атын сақтаған ақындар көбейе бастады. Солардың ішіндегі ең үздігі де, халық арасында өлең-жырлары көбірек сақталғаны да – Бұқар жырау.

«Тарихи тұлғалар» кітабынан

## БҰҚАР ҚАЛҚАМАНҰЛЫ



БҰҚАР ҚАЛҚАМАНҰЛЫ  
(1668–1781)

Бұқар Қалқаманұлы – қазақтың ұлы жырауы, XVIII ғасырда жоңғар басқыншыларына қарсы қазақтың азаттық соғысын бастаушысы әрі ұйымдастырушысы, атақты Абылай ханның ақылшысы. Сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең сөз төгілгендіктен, «көмекей әулие» атанған.

Бұқар жырау туралы сақталған мәліметтерге қарағанда, ол 1668 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында туып, 1781 жылы өз елінде қайтыс болған.

Кезінде Бұқар Арғын руының қабырғалы, беделді билерінің бірі болып, өмірінің біраз шағын Абылай ханның маңында өткізіп, ел басқару ісіне белсене қатысқан. Ол Абылайдың ақылшысы, қателігін түзеп отырар данасы, ел мен ханды қосқан дәнекері болады. Бұқар жырау мұраларының ішінде өз заманын, сол кездегі тарихи шындықты бейнелейтін толғау-жырлар мен шешендік-нақыл сөздері аз емес.

Бұқар өлеңдерін тақырыптары мен мазмұнына байланысты өмір, бірлік, ерлік және Абылай хан туралы деп бөлуге болады.

### Даналық ойдан дән ізде

Жырау туындылары көңіл пернесін деп басар әсерлілігімен, көздегенін орып түсер өткірлігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, сұлу сазды көркемдігімен, асау серпімді қуатымен ерекшеленеді.

М.Мағайун

Бұқар – халық тарихындағы ең ірі тұлғалардың бірі Абылайға сан шумақтарын арнаған жырау. Ханның кеңесшісі әрі қазақ хандығы дербестігінің жаршысы Бұқар жырау ханның ішкі және сыртқы саясатына мейлінше әсер еткен дарынды адам болды. Бірлік жайында толғап, бөлінбеуді, қазақ халқының тұтастығын сақтауды: «...*Жат бойынан түңілсін, бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз*», – деп баса айтады. Ерлікті, елдікті насихаттайды, кімнен сақтануды ескертеді. Жырау кейде Абылайды асыра көтеріп мақтаса, кейде қатал сынайды:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,  
Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,  
Үш жүздің басын қосқан, Абылай!.. –

деп, Абылай ханның ісіне сүйсінсе, енді бірде:

Ашуланба, Абылай,  
Өкпеңменен қабынба,  
Өтіңменен жарылма,  
Орыспенен соғысып,  
Басына мұнша көтерген  
Жұртыңа жаулық салынба, –

деп ханға басу айтады. Бұқар жыраудың толғаулары – Абылай хан дәуірінің айнасы. Жырау ханның ұстанған саясаты мен көрегендігін, алғырлығы мен білгірлігін туындыларының арқауы еткен. Сонымен қатар ханның кемшілігін де бетіне басқан батыл жырау болған. «Әй, Абылай, Абылай!» атты өлеңінде:

Әй, Абылай, Абылай!  
Сені мен көргенде,  
Тұрымтайдай ұл едің,  
Түркістанда жүр едің.  
Әбілмәмбет патшаға  
Қызметші болып тұр едің.  
Сен қай жерде жүріп жетіктің?  
Үйсін Төле бидің  
Түйесін баққан құл едің!  
Сен жиырма беске келген соң,  
Алтын тұғыр үстінде  
Ақсұңқар құстай түледің.  
Дәулет құсы қонды басыңа,  
Қыдыр келді қасыңа.  
Бақ үйіне түнедің,

Алыстан тоят тіледің,  
Қылышыңды тасқа біледің.  
Алмаған жауың қоймадың,  
Алғанменен тоймадың,  
Несібеңді елден тіледің!..–

деп Абылайдың шыққан тегінен бастап, ел басқарған, алашты аузына қаратқан хан болғанға дейінгі өмірін саралап, ағат істен сақтануды ескертеді.

Ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналған. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артқан. Абылай хан да сол биіктен табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін қызмет еткендігі тарихтан мәлім. Жырау азаттық жолында өлімге бас тігіп, ерліктің небір үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың сөзбен сомдалған бейнелерін жасаған. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде елдің басын біріктіріп, бірліктің тізгінін ұстай білгенін жырлаған.

Бұқар жыраудың *«Абылай ханның қасында»*, *«Ал, тілімді алмасаң»*, *«Әй, Абылай, Абылай»*, *«Қазақтың ханы Абылай»*, *«Ханға жауап айтпасам»*, *«Басыңа біткен күніңіз»*, *«Ай, Абылай, сен он бір жасыңда»*, *«Ал, айтамын, айтамын»* атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі айтылады. Оны төмендегі өлең жолдарынан байқауға болады:

...Хан Абылай атандың,  
Дүниеде шықпай мініңіз.  
Алтын тақтың үстінде  
Үш жүздің басын құрадың.  
Әділетпен жүрдіңіз,  
Әдепті іске кірдіңіз.  
Жеті күн кіріп ұрысқа,  
Өлімге басың байладың.

*«Садыр, қайда барасың?»*, *«Бұқарекен, біз келдік, Ақан, Төбет байларға»* деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз еткен. *«Он екі айда жаз келер»*, *«Абылай ханның қасында»*, *«Ханға жауап айтпасам»* атты толғаулары халықтың





*Бұқар жырау ескерткіші.  
Ботақара кенті*

болашағын жарқын етіп, халық арасындағы бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделібайсынға көшу мәселесін қозғаған. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық, үлгі-өнегелік сипаты басым болып келеді.

Бұқар өмір сүрген дәуірдің ұлы оқиғасы – жоңғар қалмақтарының қазақ жеріне баса-көктеп кіруі. Халық басына түскен бар ауыртпалықты Бұқар елімен бірге көрген. Бұқар жырау – Бөгенбай батырдың өлімін хан Абылайға естіртуші жыраудың бірі. Ол батырдың тарихи орнын, оған деген халықтың қайғысын хан қайғысына ұштастыра жырлай білген. Қазақтың даңқты батырларының ішінде Бөгенбайды даралай да білген. Бұқар Абылай ханды да,

Бөгенбай батырды да өз ортасында, басқа батырлармен бірге суреттейді. Олар – бірінен-бірі асып түсіп отыратын қайтпас ерлер. Солардың ішінде Бөгенбайдың тұлғасы ерекше:

Қазақтың ханы Абылай,  
Абылай ханым, бұл қалай?  
Ақиықты аспанға  
Ұшпастай ғып торлады.  
Құлағанға ұқсайды  
Қазақтың қамал қорғаны.  
Қайғырмаңыз, ханзадам,  
Айтпасыма болмады, –  
Батырың өтті Бөгенбай.

«Ұлтының тамаша рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгерді Абылай хан да қасынан бір елі қалдырмаған. Ақыл-ойға кемел «көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі Қытай мен Ресей атты қос алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасаған. Заман келбеті, Отан тағдыры, өмір шындығы, ел тұтқасын ұстаған шебер қолбасшы, біртуар баһадүр, үздік мәмілегер, зерделі мемлекет басшысы Абылай ханның жортуыл-жорық күндеріндегі

іс-қимылдары, ұлтының ұлы мұраттар жолындағы ізгі, жалынды күресі жырау мұраларында шынайы шыншылдықпен суреттелген». Әсіресе, оның толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты әшкереленген. Мысалы, «Қилы заман» толғауында:

#### Даналық ойдан дән ізде

Бұқарекең сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана, бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұқтың өмірі, Айыптың сабыры, Аплатонның ақылы керек.

*М.Ж.Көпеев*

Жырау... заман сыншысы, сөйлесе: шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйлейді. Сыртқы түрі құбажондатқан толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді... Не айтса да, көптің мұңы мен қамы, көптің жәйі туралы: не көпке арнаған ақыл, есиет есебінде айтылады.

*М.Әуезов*

Күнбатыстан бір дұшпан,  
Ақырында шығар сол тұстан.  
Өзі сары, көзі көк,  
Діндарының аты боп,  
Күншығысқа қарайды.  
Шашын алмай, тарайды,  
Құдайды білмес, діні жоқ,  
Жамандықта міні жоқ,  
Затсыз, тексіз бір кәпір,  
Аузы-басы жүн кәпір,  
Жемқорларға жем беріп,  
Азды-көпке теңгеріп,  
Ел қамын айтқан жақсыны,  
Сөйлетпей ұрар ұртына.  
Бауыздамай ішер қаныңды,  
Өлтірмей алар жаныңды,  
Қағазға жазар малыңды.  
Есеп алар пұлыңмен,  
Солдат алар ұлыңнан,  
Күндердің күні, Абылай,  
Жаяулап келер жұртыңа,  
Жағалы шекпен кигізіп,  
Балды май жағар мұртыңа,  
Есе тимес өзіңе,  
Есіктегі құлыңнан, –

деп келер заман қайшылығын көрегендікпен болжайды.

Бұқар жырау Тәуке ханның тұсында да ордадағы беделді билердің бірі ретінде ел басқару ісіне араласқан. XVIII ғасырда болған жоңғар шапқыншылығы қазақ халқының мүлдем жойылып кету қаупін тудырғаны белгілі. Осы кезде «Ақтабан шұбырындыға» ұшыраған елдің басын қосып, ата жауға қарсы азаттық күресіне жұмылдыру бар ғұмырын халқының бірлік-бүтіндігіне арнаған ұлы жыраудың басты мақсатына айналады. Хан да, қарапайым халық та шиеленген қиынның шешімін Бұқардан күтеді. Ол жан-жақтан андыздаған жаулардан

қорғануы үшін басты шарт бірлік екенін терең түсінеді, ата жауға қарсы бірігіп, тізе қоса күрескен ерлерді өзгелерге үлгі етеді:



CD 05

Бұқар жыраудың «Тілек» толғауын тыңдап, әр тілегінің мәнін түсіндіріңдер.

Қаракерей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Қаздауысты Қазыбек,  
Шақшақұлы Жәнібек,  
Ормандай көп Орта жүз,  
Солардан шыққан төрт тірек, –

деп, майдан даласында көрсеткен ерлігімен бірге елдің ұйытқысы болып, бірліктің тірегі болып жүрген ерлерді мадақтайды.

Бұқар мұсылманша оқыған, сауатты адам болған. Бұқардың сөздері – қазақ хандығының сыртқы саясаты туралы айтылған ақыл-кеңестер. Бұл – жыраудың кезінде ел арасындағы саясатқа тікелей араласып отырғанының куәсі. «Тілек» деген толғауында:

Бірінші тілек тілеңіз,  
Пиғылы жаман залымның,  
Тіліне еріп азбасқа.  
Екінші тілек тілеңіз,  
Ардақтаған аяулың,  
Өзіңнен басқа бір жанға,  
Тегін олжа болмасқа.  
Үшінші тілек тілеңіз,  
Желкілдеген ту келіп,  
Жер қайысқан қол келіп,  
Сонан да сасып тұрмасқа.  
Төртінші тілек тілеңіз,  
Омыртқасы үзіліп,  
Аязды күнде айналған,  
Тар құрсағын кеңіткен,  
Тас емшегін жібіткен,  
Анаң бір аңырап қалмасқа, –

деп ел бірлігінің, тәуелсіздігінің қаншалықты қымбат екенін білдіреді.

Бұқар өлеңдері – ауыз әдебиетімен және өзінен бұрын жасаған Асанқайғы, Қазтуған, Шалғез жыраулар толғауларымен үндес, ақыл, нақыл, ғибрат, өсиет ретіндегі толғаулар. «Асқар таудың өлгені» деген толғауында:

Асқар таудың өлгені –  
Басын мұнар шалғаны.

Көктегі бұлттың өлгені –  
 Аса алмай таудан қалғаны.  
 Ай мен күннің өлгені –  
 Еңкейіп барып батқаны.  
 Айдын шалқар өлгені –  
 Мұз болып тастай қатқаны.  
 Қара жердің өлгені –  
 Қар астында қалғаны.  
 Өлмегенде не өлмейді?  
 Жақсының аты өлмейді,  
 Ғалымның хаты өлмейді, –

деген өсиет қалдырған.



### Сөзмаржан

**Қабырғалы би** – ықпалды, күшті би.


**Парық** – 1) бір нәрсенің екінші нәрседен айырмасы, ерекшелігі; 2) бір нәрсенің қадір-қасиеті, мән-жайы, жай-жапсары; 3) белгілі бір істің байыбы, пайымы; 4) белгілі бір затқа тән баға, құн.

**Парасаттылық** – адамға тән байыптылық, байсалдылық.

**Азғындық** – теріс жолға түсіп, бұзылғандық.

Бұқар жырау қазақ әдебиетіндегі жаңа поэзияның бастаушысы болды. Бұқардың өлеңдері өзі тұстас ақындармен салыстырғанда, кейінгіге молырақ жеткен. Оның Абылай туралы өлеңін жазып алып, алғаш пікір айтқан – Шоқан Уәлиханов. Одан кейін жырау өлеңдерін жинап, ол туралы мәлімет берген – белгілі фольклоршы, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Бізге жеткен жырлары – 1200 шамасындағы жыр жолдары. Бұқар жырау мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қ.Халид, Г.Потанин, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, М.Мағауин, Р.Сыздықова секілді ұлт зиялылары зор еңбек сіңірген.

### Артық болмас білгенің



Уәлиұлы Абылай хан – қазақ халқының әйгілі ханы, Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы, төре. Орта жүздің сұлтаны Уәлидің баласы Абылай (Әбілмансұр) 1711 жылы дүниеге келген. Атасы – Түркістан қаласының билеушісі (оның есімі де Абылай) әскери жорықтарда ерекше көзге түскен, алайда кейбір озбырлық әрекеттерінің нәтижесінде «қанішер» деген атақ ие болған. Абылайдың 13 жасында ауылына жау шауып, әке-шешесінен, туыстарынан

айырылған, әкесінің қызметшісінің көмегімен жаудан қашып құтылған. Осы кезден-ақ, Абылайдың бойында ірі қайраткерге тән қасиеттер байқала бастаған. Ақылымен, ержүректігімен, табандылығымен ерекше көзге түскен. Қашып жүргенде аты-жөнін жасырып, «Саба-лақ» атанған Абылай әкесімен ағайындас Орта жүз ханы Әбілмәмбет сарайындағы ақсүйектерге келіп қосылды.

Абылай ханның бүкіл өмірі бір ғана мақсатқа бағытталды. Ол ең далада еркін өскен қазақ халқын аман сақтап қалу үшін, барлық ақыл-ойы мен қажыр-қайратын сарқа жұмсады. Ол он бес жасынан бастап, қан майданды көзімен көріп, небір қырғын шайқастарда жеңіс туын желбіретті. Талай рет жекпе-жекке тіленіп түсіп, Қалдан Сереннің сүйікті жиені Шарышты өз қолымен өлтірді. Ел қамы, халық тағдырына қатысты істе Абылай хан ештеңеден тартынған жоқ. Ол елі мен жеріне қауіп төндірген Ресей мен Қытайға тосқауыл болу үшін күші жетпей, сөзі өтпей қиналған сәттерде ең сүйікті балаларын кепілдікке берді.

*«Ана тілі» газеті*

Бұқар жыраудың болашақты болжай алатын көрегендігі болғандықтан, Абылай хан жырау сөздеріне үнемі құлақ асып, кеңесіп отырған. Абылай хан бірде қалмақтарға қарсы соғыс ашпақ болып, Бұқар жыраудан кеңес сұрайды. Сонда Бұқар жырау:

Соғыспа деп жырлайды  
Бұқар деген кәріңіз,  
Соғыссаң, кетер сәніңіз...  
Пұсырман болсаң, кетіңіз,  
Сырдарияның суынан

Көлденең кесіп өтіңіз,  
Үш жылға малды ту сақтап,  
Жиделі-Байсын жетіңіз...  
Қатын-бала қамы үшін  
Солай таман жетіңіз, –

деп ақыл-кеңес берген екен. Абылай хан Бұқар жыраудың кеңесін орындап, Сырдарияны кесіп өтіп, үш жыл күш жинап, ақыры қалмақтарды ойсырата жеңеді.

1

Білу

1. Абылай хан кім, оның заманындағы ақын-жыраулардан кімдерді атай аласыңдар?
2. Бұқар жырау өмір сүрген кездегі қазақ елінің тарихи жағдайы қандай болды?
3. Жыраудың қандай толғаулары бар?
4. Жырау толғауларын қағаз бетіне түсірген кім?

5. Бұқар толғауларында қандай әлеуметтік мәселелер көтерілген?
6. Адам өмірінің кезеңдерін суреттеген қандай толғаулары бар?
7. Ел бірлігін сақтау идеясы жырау толғауларында қалай көрініс береді?

2

Түсіну

1. Бұқар жырау толғауларының өзектілігі неде?
2. «Асқар таудың өлгені» толғауының философиялық мәні қандай?
3. Толғаудың «Тілек» деп аталу себебін түсіндіріңдер, жауаптарыңды дәлелдеңдер.
4. Жыраудың «Әй, Абылай, Абылай!» толғауында Абылай хан өмірінің кезеңдерін тілге тиек етудегі мақсаты не?

3

Қолдану

1. Бұқар жырау өмір сүрген кездегі тарихи жағдай туралы тарих сабағынан алған білімдеріңе сүйеніп, әңгімелеп беріңдер.
2. Мәтінде кездескен ұлы тұлғалар туралы мәліметтерді тауып, кестені толтырыңдар.

Ұлы тұлға	Ол кім?	Ол туралы не білемін? Не білгім келеді?

3. Хрестоматиядан Бұқар жыраудың Абылай ханға арналған өлеңдерін мәнерлеп оқыңдар. Ақын толғауларында Абылай қай қырынан көрінеді? Өздеріңе ұнаған өлеңін жаттап алыңдар.
4. «Әй, Абылай, Абылай», «Тілек» өлеңдерінің тарихи маңызы туралы айтып беріңдер.
5. Бұқар жырау толғауларындағы мақал-мәтел, нақыл болып кеткен сөздерді тауып, олардың бүгінгі біздер үшін қандай маңызы бар екенін айтып беріңдер.
6. Бұқар жырау шығармашылығы туралы өз таңдауларың бойынша эссе жазыңдар: «Бұқар жырау толғауларындағы Абылай бейнесі», «Бұқар жырау – өз заманының жыршысы, ел бірлігін ту еткен бітімшісі».

4

Талдау

1. Бұқар жырау толғауларындағы Абылай мен тарихи тұлға Абылайды салыстырыңдар.
2. Бұқар жырау шығармаларындағы Абылай хан бейнесін суретші М.Айтбаевтың қолынан шыққан портретпен, «Көшпенділер» фильміндегі, М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанындағы Абылай хан образымен салыстырыңдар, тарихи және көркемдік құндылығы туралы ойларыңмен бөлісіңдер.

5

Жинақтау

1. Бұқар жырау толғауларының тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Абылай ханға арналған толғаулары негізінде Абылай хан образына топтастыру жасаңдар. Тірек сөздер арқылы Абылай хан туралы айтып беріңдер.

6

Бағалау

Бұқар толғаулары ХХІ ғасырда бізге несімен қымбат деп ойлайсыңдар? Ой бөлісіңдер.



#### XXI ғасыр оқырманына

Бұқар жырау туралы «Тарихи тұлғалар» жинағынан, Абылай хан туралы «Абылай хан» атты тарихи-зерттеу еңбегінен, С.Сматаевтың «Елім-ай», Ұ.Доспанбетовтың «Абылайдың ақ туы» шығармаларынан, З.Тайшыбайдың «Қазақтың ханы – Абылай» атты кітабынан, С.Дәуітұлының «Абылай хан» тарихи жырынан, «Бабалар сөзі» топтамасынан және тағы басқа басылымдардан оқып-танысыңдар.

Ғасырдан ғасырға, атадан балаға, заманнан заманға ұласып келе жатқан айтыс өнері – қазақ деген рухы биік өнерлі халық екенімізді бүкіл әлемге танытатын әдеби мұраларымыздың бірі.

*Қазақ өнерінің антологиясы*

## АЙТЫС



Айтыс – ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. М.Әуезовтің сөзімен айтқанда, «айтыс – сөз барымтасы». Айтыс – қазақтың ауызекі әдеби-музыкалық өнерінің көлемді және аса құнды салаларының бірі. Ол суырыпсалма ақындық өнердің жемісі болып табылады. Айтыста халықтың әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты, дүниетанымы, эстетикалық, рухани, философиялық және әлеуметтік көзқарасы, қалыптасу тарихы байқалады. Ең алғаш тұрмыс-салт

жырларынан бастау алып, сан алуан кезеңдерден өтіп, кемелдене жетілген айтыстың алғашқы үлгілері жаттанды өлеңдерден тұрса, кейін суырыпсалмалық сипаты басым болып отырады. Егер де айтыстың ең ежелгі түрі – «Бәдік» айтысының негізінде адам баласының табиғатқа әсер ету мақсаты жатса, ақындар айтысының тақырыптары бірнеше сала болып кетеді және бәрі халықтың өмір-тұрмысын жан-жақты көрсетіп, барынша толық бейнелейді.

Қазақтың ауыз әдебиетінде айтыстың бірнеше түрі бар: *бәдік, жар-жар, жануарлар мен адамның айтысы, өлі мен тірінің айтысы, жұмбақ айтыс, салт айтысы, қыз бен жігіттің айтысы, ақындар айтысы, осы күнгі айтыстар.*

Айтыс – синкретті өнер, ол тұрмыс-салт жырларынан бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан. Синкреттілік дегеніміз – фольклорлық туындылардың бойында бірнеше өнердің



### Даналық ойдан дән ізде

Айтыс заманында өзге елдерде де болған. Парсыда «мүшәйра», арабтарда «мұғалләкәт» деген. Арабтардың көшпенді бәдәуилері қара сөзбен емес, үнемі өлеңмен сөйлескен, қазақ халқының аса бір ұлы қасиеті сол қынаптан суырып алған қылыштай қолма-қол қиып айтқыштығында, айтыскерлігінде. Бұл – қай халықтың алдында да мақтануға тұратын өнер.

М.Әуезов

### Зергер сөз

Қазақ болған түрік-моңғол руларының ескіден келе жатқан ауыз әдебиетінің бір саласы – айтыс сөздер.

С.Сейфуллин

бірлесіп көрінуі. Мысалы, батырлар жыры немесе айтыс жанрында сөз өнері, саз өнері және театрдың белгілері бар. Айтыста осыған орай лирикалық, эпикалық, драмалық сипаттар мол ұшырасады. Айтыс өлеңдерінің алғашқы үлгілері халықтың тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына байланысты туған және жұрттың жиналған жерінде, ойын-сауық үстінде шығарылған. Оларды шығарушы ақындар болған. Айтыстың алғашқы үлгілері ойын-сауық ретінде, халықты көңілдендіру, күлдіру негізінде туғандығын аңғартады. Өлең жолдары жұрттың жаттап алып, айта беруіне лайықталып құрылады. Мұнда нағыз ақындар айтысындағыдай күрделі тақырыптар, тосын оқиғалар желісі, сөз түйіндері кездеспейді. Алғашқы айтыс үлгілері кейіннен үлкен айтыс өлеңдерінің – ақындар айтысының негізін салды.

Айтыс ақындар ұғымында, белгілі бір кісіге қонатын өнер саналған. Кемпірбай, Балқы Базар, Бұдабай, Бақтыбай, Сүйінбай, Жамбыл, Құлмамбет тәрізді ақындар өлеңнің «киесі бар, иесі бар» деп білген. Бетпе-бет келген екі ақын жеңудің сан алуан жолдарын, амал-тәсілдерін қарастырады. Аmandасу, ел жағдайын сұраудың өзінде айтыс боларлық

түйін, сын тағарлық мәселелер іздестіріледі. Айтыскер ақындар айтыста сөз таппағаннан жеңілмейді, аталы сөзден, жүйелі ойдан, бұлтартпас шындықтан тосылады.

Қазақ айтыстары жанрлық сипаты жағынан *түре айтыс* және *суре айтыс* болып бөлінеді. *Түре айтыс* – екі ақынның кезектесіп, бір шумақты өлеңмен жауаптасуы («Жар-жар», «Бөдік»). Ал *суре айтыс* – екі ақынның көп әңгімені қамти, дамыта және бірнеше шумақпен ұзағынан жауаптасулары (Айсұлу мен Кеншімбай, Әсет пен Ырысжан, Сүйінбай мен Қатаған айтыстары). Айтыс мазмұндық сипатына қарай *әдет-ғұрып айтысы* және *ақындар айтысына* жүйеленеді. Ақындар айтысы тақырыбына байланысты *жұмбақ айтыс*, *мадақ айтыс* болып жіктеледі.



## Сөзмаржан

**Үшкіру** – ауырған адамға дем салу, дұға оқу.

**Шаманизм** – шамандық бағыт: Күнге, Айға, Көкке, Отқа табынатын таптық қоғамға дейінгі дін түрі.

**Бөдік** – алғашқыда ауру адамды немесе малды емдеу мақсатында айтылған тұрмыс-салт жырларының бір түрі.

**Шақыру** – ауырған адамды емдеу кезіндегі бақсылардың тылсым күштерді шақыру тәсілі.

**Бөдік айтысы** – айтыстың ең көне түрі. «Сөз ішінде асылы – өлең сөз. Ендеше, сол өлең сөзді дерт-індетке қарсы қойып, ескі діндік ырым атқарады. Осындай жолмен, сол ескілікті дін-нанымынан туған айтыс – бөдік айтысы болады», – деп М.Әуезов атап көрсеткендей, бөдік айтысы адамның табиғаттың тылсым сырына түсінбеген кезінде, шаманизм діни-нанымына байланысты туған. «Бөдік» сөзі нені білдіреді? Сөздіктерде берілген анықтамаларға жүгінетін болсақ, «Бөдік» – делбе, малдың айналма ауруы; малға, адамға жұғатын індет, айналма; бөдік ауруына қарсы сиқыр, арбау нанымынан туған айтыс». «Бөдікті айтудағы негізгі мақсат – мал бойындағы

кеселді қуалап көшіру, сөйтіп оны дерт қыспағынан құтқарып, арылту болып табылады», – деген түсініктерді фольклоршы Б.Уахатовтың еңбектерінен кездестіруге болады. С.Сейфуллиннің: «Адам ауырса, мал ауырса, әйел-еркек жиналып, ауырған малды қамап алып, екі-екіден қосылып, шулап өлең айтады. Өлең айтқанда, ауру «иесін» қорқытып, жын ойнағандай қылып айтады», – деуі қаскөй күштерден қорқыту, үркіту арқылы арылуға болады деген көне магиялық сенімді дәлелдей түседі.

Адам өзіне беймәлім күштердің бәріне табынған, бәрінің өз иесі, тәңірі бар деп түсінген. Соларға құлшылық етіп жалбырынған, көмек күткен. Ерте заманда адам мал ауруының да, адам дертінің де иесі бар деп, сол дерттерден «үшкіру», «шақыру» арқылы құтылуға болады деп ойлаған. Бөдік, әдетте кешке қарай, іңір қараңғысында орындалған. Оны топ болып айтқан. Бірте-бірте бөдікті ерлер тобы мен әйелдер тобы болып айту салты шыққан. Ақырында, бөдіктің атқаратын міндеті өзгеріске ұшырағаны соншалықты, жастар бөдік көшін қыз-жігіт болып, бөдік айтысқансып, оны бас қосудың, көңіл көтерудің амалына айналдырған.

Бөдік, бөдік деседі,  
 Бөдік желдей еседі.  
 Асқар, асқар тауларға,  
 Ағыны қатты суларға,  
 Айнала соққан құйынға,

Ай, көш десе, көшеді.

Ай, көш!...

Сөйтіп, індетті сөзбен арбап, басқа мекенге жіберуді ойлайды. Оған жайлы, шұрайлы қонысты ұсынады. Адамның ой-санасының жетілуіне байланысты бәдік айтысы жаңа мазмұнға ие болады. Өлеңді айтыс түрінде орындаушы екі жақ сөзін «көш» деп бітіреді және қайда көшудің жолын көрсетеді.

***Жігіт:***

Бәдікті баста десең, мен бастайын,  
Түбіне шоқ айнаның із тастайын.  
Бәдігі бұл баланың қай жерінде,  
Суырып ақ тікендей ап тастайын.  
Көш, көш!

***Қыз:***

Айтқаным менің бәдік оным деген,  
Бәдігі бұл баланың қолында екен.  
Бәдікті көшірейік басқа жаққа,  
Ауылым алыс емес, жолында екен.  
Көш, көш!

Бәдіктегі қыз бен жігіт өнер жарыстыратын тұлғалар емес, дәстүрлі ғұрыпты орындаушылар ғана. Олардың аузынан шығатын сөз де ақындардікіндей қолма-қол ойдан шығарылатын, суырып салынатын өнер дүниесі емес, көбінесе бұрыннан қалыптасқан даяр үлгілер. Бәдікте белгілі бір сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді, сөйлемдер тобын, шумақты неғұрлым көп қайталаса, соғұрлым зиянкес күшке қатты әсер етуге болады деген сенім жатыр. Сондықтан «бәдік» сөзі бір шумақта бірнеше рет қайталанатын.

**Жануарлар мен адамның айтысы.** Қазақ халқының күн көрісі, тұрмыс-тіршілігі төрт түлік малға байланысты болды. Төрт түлік мал халқымыз үшін тіршілік тірегі болып саналды. Сондықтан да өзінің тұрмыс-тіршілігінде осындай ерекше орын алған төрт түлік туралы жыр-өлеңдер, аңыз-ертегілер шығарып қана қоймай, жануарлардың, аңдардың адаммен айтысын да тілге тиек еткен. Бұлардың бәрінде де малды кәсіп еткен адамның төрт түлік жайындағы ойы, көзқарасы, арманы мен тілегі көрінеді. Мысал ретінде әдебиетте кеңінен қолданыс тапқан «Иесі мен Сиырдың» айтысынан үзінді келтірейік:

**Иесі:**

Неғып жүрсің, қу жалғыз, шолақ сиыр,  
 Сиырымен Айтақтың болдың үйір.  
 Үй маңында көдені жұлып жемей,  
 Сен шолаққа бір сойқан болды биыл.

**Сиыр:**

Мейірімсіз адамсың тастан қатты,  
 Сүмеңдетіп арыттың кер жорға атты.  
 Үй қасында көденің түк дәмі жоқ,  
 Көл жағалай қамыстың түбі тәтті.

Халқымыз тек төрт түлік малды өсіріп, соны тіршіліктің тірегі етіп қана қойған жоқ, аң аулауды да кәсіп еткен. Аңның етін, терісін, жүнін керегіне жаратқан. Ауыз әдебиетінде төрт түлік малдан басқа адамның аңдармен де айтысы кездеседі. Мысалы:

«Бір күні Шашубай апанға қақпан құрып, бір қасқыр ұстайды. Қасқырды өлтірмей тұрып, қасқырмен айтысады.

**Шашубай:**

Қасеке, амансыз ба, жақсы күйде?  
 Көз қызартпай қонақ бол біздің үйге,  
 Бас берем, балық берем тойғызамын,  
 Тоймасаң тауық, қоян сойғызамын,  
 Көрмегенді көресің қызық дүние.

**Қасқыр:**

Қақпан салып ұстаттың аяғымды,  
 Қақпан шот қыстырып ап таяғыңды,  
 Соңыма түсіп алдың сауысқандай.  
 Әкеңіз Қошекеңді өлтіргем жоқ,  
 Мойныңды бір-ақ бұрап соғар едім,  
 Аяғым ісіп кетті, амал барма-ай!»

Бұл айтыстар халықтың тұрмыс-тіршілігінен, өмірге деген көзқарасынан, шешуін таппаған мәселелерінен хабардар етеді.

**Жұмбақ айтыс.** Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, өдет-салтына байланысты туған айтыс өлеңдерінің бір түрі – жұмбақ айтыс. Бұл айтыс та ойын-сауық үстінде, көпшіліктің жиналған жерінде айтылатын болған. Жұмбақ айтыс тапқырлық пен зеректікке құрылғандықтан, айтыс өлеңдерінің ішінде ең бір қиын

түрі болып саналады. Мұндай айтыс ақыннан суырыпсалмалықтан басқа тапқырлықты, білгірлікті, білімділікті, шапшаңдықты талап етеді.

Жұмбақ өмір шындығынан алынады. Заман, қоғам дамыған сайын айтылар жұмбақтың мәні де жаңарып отыруы заңды. Жұмбақ мазмұнына қарай оның қай кезде пайда болғаны туралы білуге болады. Жұмбақ айтыс адамның ақыл-ойын кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар тапқырлыққа, теңеп салыстыруға үйретеді.

Қазақ әдебиетінде жұмбақ айтыстың алуан түрлері бар. Бір-бір ауыз жұмбақ жауап сөз, бірлі-жарым шумақ қысқа өлеңнен бастап, ұзақ өлеңмен келетін жұмбағы да, жауабы күрделі нұсқалары да мол. Бұл айтыстың белгілі үлгілері – Әсет пен Рысжанның, Қожахмет пен Әубәкір, Нұржан мен Сапарғалидың айтыстары.

Әсет пен Рысжан ел арасына атақтары жайылған ақындар болған. Бір жылы елдің көп жиналған жерінде екеуі айтысып, екі ақын да жеңіске жете алмай, үлкен тартысқа түседі. Әсетті сынамақ болып, Рысжан бірнеше жұмбақ айтады. Табан астында берілген жұмбақтарды Әсет ойланбастан шешіп береді. Мысалы, Рысжанның:

Арықтап бір түйе өлді жетіп ажал,  
Алты батпан бұлы бар, безбенге сал.  
Сүйегі жерден, көкпен табылмайды,  
Білдің бе, мұның өзі қайда өлген мал? –

деген жұмбағын Әсет:

Домбыра саған ерген бұлбұл екен,  
Рысжан қара сөзге қырғын екен.  
Арықтап оттай алмай өлген түйең,  
Ақылмен абайласам бір жыл екен, –

деп шешеді.

Жұмбақ айтыстарының мәні зор болған. Ол ақындарды ізденуге, білмегенді білуге талпындырған.

**Салт айтысы.** Салт айтысы *қыз бен жігіт айтысы, ақындар айтысы* болып бөлінеді.

**Қыз бен жігіт айтысы** халықтың әдет-ғұрып салтына байланысты ойын-сауықтар кезінде айтылған. Бұл айтыс, әдетте, екі жастың амандасуынан басталып, әзіл-оспақ, қалжың ретінде айтыла береді. Қыз бен жігіт айтысында әлеуметтік маңызы бар үлкен тақырыптар қозғалмайды, ойын-сауыққа лайықталған жеңіл жайлар сөз болады. Мысалы:

**Жігіт:**

Көгілдірік, ендеше, көгілдірік,  
Көк дөненге жарасар өмілдірік.  
Осындай бірме-бірге кез келгенде,  
Айта гөр өлеңді төгілдіріп.

**Қыз:**

Асыл қайрақ, замандас, асыл қайрақ,  
Бау ағашта тұрады бұлбұл сайрап.  
Құдай сайрап осындай кез келгенде,  
Өлеңді айта гөр, тәуір сайлап, –

деп қыз бен жігіт бір-бірін айтысқа шақырады. Айтыс осылай басталып, жұртты күлдіру үшін әдемі әзіл мен қалжың айтылады, бір-бірінің бойындағы кемшіліктер де сөз болады. Халық ауыз әдебиетінде қыз бен жігіт айтысы айтыс жанры негіздерінің бірі болып саналады.

**Ақындар айтысы** – айтыс жанрының ішіндегі ең көлемдісі, тақырыбы мен мазмұны жағынан күрделісі. Зерттеулер ақындар айтысының XIX ғасырда туғандығын көрсетеді. Ақындар айтысы барлық айтыс түрлерінің оң ерекшеліктерін бойына сіңіріп, айтыс дәстүрінің кемелденуінің басты белгісі болып табылады.

Бұл туралы М.Әуезов «Айтыс өлеңдері» деген зерттеуінде: «Қазақ ауыз әдебиетінде айтыстың көне түрі бірнеше адам қосылып орындалатын ғұрыптық әндерден басталып, ақындар айтысына ұласты», – деген пікір айтқан. Жазба әдебиеті тумай тұрған кезде ақынға «ақын» атағын әперетін де осы айтыс болған, себебі айтыс – ақындар үшін үлкен сын және шеберлік мектебі. Айтыс ақындардан тапқырлықты, білімділікті, сезімталдықты, өзіндік ерекшелікті талап еткен.

Ақындар айтысына қатысу арнайы дайындықты қажет еткен. Мысалы, Жамбылдың ақын болып қалыптасуы кезеңіне көз жіберсек, жас кезінен ақындықты мақсат еткен ол шағын өлеңдер шығарып, үй-үйді, ауыл-ауылды аралап жарапазан айтқан, Сүйінбайдан бата

**Сөзмаржан**

**Сөз саптауы** – сөз қолданысы.

**Саңлақ** – 1) ұшқыр, жүйрік; 2) елден ерек, озат, шебер.

алып, сөз өнеріне үйренген. Ақындық қанаты қатайып, кемеліне келген кезде ғана айтыстарға түскен.

Ақындар айтысының өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен, ақындар белгісіз тақырыпқа өлеңді табан астында шығара білуі керек. Екіншіден, тосын сұрауларға тапқырлықпен жауап бере алуы керек. Үшіншіден, қарсыласын сүріндіру үшін өмір құбылыстарын жұмбақ етіп те айта білуі құпталады. Төртіншіден, ел-елдің шежіресін, тарихын білуі шарт. Бесіншіден, домбыра не басқа саз аспаптарының сүйемелдеуімен әндетіп айта білуі қажет. Ақынның сөзі мәнерлі, түсінікті, дауысы құлаққа жағымды болуы да маңызды. Айтыс жас талғамайды, үлкен де, кіші де, әйел де, ер адам да өз өнерін сынай алады.

#### Даналық ойдан дән ізде

Айтыс – екі палуанның күрескені сияқты, екі ойыншы ұтысқаны сияқты, екі батыр жекпе-жек ұрысқаны сияқты, екі ақынның бірін-бірі сөз жүзінде аңдып, бірінің-бірі қапысын тауып жеңу үшін айтатын өлеңдері. Ақындар әдісін сөз арқылы жұмсап, бірін-бірі сөзбен шаншып, жеңеді. Әрқайсысы сөзбен шаншуға қолайлы, оңтайлы жерін іздейді. Басында, ісінде, жұртында, ұлтында болған осалдық, кемшіліктерді айтып, сөзбен ұялтып, яки сөзбен қамап, жан-жағын бөгеп, тоқтатады.

*А.Байтұрсынұлы*

Айтыстың басты ерекшелігі – оның суырыпсалма түрде орындалуы.

Соңғы деректер бойынша, қазақ халқының айтыс өлеңдерін екіге бөліп, біріншісін – *тұрмыс-салт айтысы*, оның ішінде: *бәдік, жар-жар, қыз бен жігіт айтыстары, қағысулар* деп сараласа, екіншісін – *ақындар айтысы* деп, оны – *діни, жұмбақ, жазба айтыс* деп топтаған.

Айтыс халықтың жиналған жерінде өткізіліп, қандай тақырыпта болатындығы сол айтыс үстінде анықталған. Сондықтан әр айтыскер қарсыласын қалай болса да жеңу, неден сүріндіру амалын ойластырып, соған дайындалып келеді. Әдетте, айтыста көптеген мәселелер көтеріліп, бір тақырыптан екіншісіне ауысып отырады.

Ақындар өз жерінің, елінің, шыққан ортасының кереметтігін жырлайды. Әрине, жеңу мақсатын көздеп келген ақын қарсыласының мін-кемшіліктерін айтады.

Айтыс түйіні – шындық. Қандай жүйрік, суырыпсалма тапқыр ақын болса да, шындықтан жалтарып құтылып кете алмаған, шындықпен суарылған аталы сөзге тоқтап, бас иген. Айтысқа түскен ақындар өлең шығара алмағандықтан емес, білімі таяз болса, айтыс үстінде қойылған тосын сұрақтарға жауап тауып айта алмаса, әлеуметтік мәні бар мәселелерге қарсы дәлел айта алмаса,

жеңіледі. Айтыста ақынның өзінің жеңілгендігін мойындау да үлкен ерлік болып саналады.

Айтыс өнерінің ғасырдан ғасырға ел жадында сақталып, қазіргі дәуірімізге дейін жетуі – халқымыздың сөз өнерін, ақындықты дәріптеуі, асыл сөздің мәнін бағалауы. Ақындар айтысының саңлақтары болып саналатын Жамбыл мен Құлмамбет, Шөже мен Кемпірбай, Біржан мен Сара, Әсет пен Рысжан және т.б. айтыс ақындары ғана емес, бүкіл рудың, ауылдың ар-намысын қорғаушылар да болған.

Ақындар айтысы – қазақ халқының мәдениеті мен тарихынан елеулі орын алатын, поэзиямыздың дамуы мен кемелденуін, көркемдік дәрежесін айқындайтын көрсеткіштерінің бірі.

Айтыс сөз тапқырлығының ғана жарысы емес. Халыққа қоғамда орын алған мәселені батыл да, айқын жеткізе алатын мүмкіндік тек айтыста ғана бар. Демек, айтыскерге қойылатын талап та өте жоғары. Олар:

- өмірді өзіндік көзқарасымен пайымдай алатын дарындылық пен білімділік;
- жүйелі сөз, ұтымды, ойлы шумақтар төгілетін асқақ шабыт пен қабілеттілік;
- батылдық, өткірлік, шындыққа толы көркем бейнелі сөздер табу;
- жаттанды сөздерге бармау, жасанды ұйқасқа жоламай, уақыт мөлшеріне сыйғызып айтысу;
- мәдениеттілік, әдеп, сыпайылық, бір-біріне құрметпен қарап, бағалай білу.

Айтыс барысында қарсыласының сөзіне бірден тура жауап қайтарып, тойтарыс жасай алмаса, айтыс құны төмендейді. Ол үшін ақындар бойынан жоғарыда көрсетілген қасиеттер табылуы керек. Сонда ғана айтыстың мәні мен мағынасы сонылығымен тыңдаушыларға қызықты болады.

«Айтысқа түсіп жүрген суырыпсалма ақын тегінде өлең таба алмағандықтан, ұйқасты сөз құрай алмағандықтан жеңілмейді. Олар жеңілгенде ұтымды дәлелден жұтап, жүйеге жығылып барып жеңіледі. Жеңуші адам өзінің қарсы ақынына бет бұруға, жалтаруға ерік бермей, нақты дәлелдермен тұсап, тұқыртып буып тастайды», – деген М.Әуезов сөздері ақындар айтысының өзіндік сипатын танытады. Бұл – бүгінгі айтысқа да толық қатысты талап.

Айтыс өнері – бүгінгі рухани мәдениетіміздің ажырамас бір бөлігі. Бұл өнер ұрпақтан ұрпаққа, буыннан-буынға ауысып, өрісі ұлғайып, ілгерілеп дамып келеді.



## Қазіргі ақындар айтысы

Еліміз тәуелсіздігіне қол жеткізіп, ұлттық құндылықтарымыз алдыңғы қатарға шыққан тұста ақындар айтысының ұлт өміріндегі рухани қызметінің зор екендігін бүгінгі күн көрсетіп отыр.

Соңғы жылдары ақындар айтысы жаңа белеске көтеріліп, жаңаша түр мен мазмұн тауып, ел өміріндегі өзекті қоғамдық-әлеуметтік мәселелердің шешілуіне ықпалын тигізуде. Ұлттық мүддеге тікелей қатысты мәселелердің: қазақ тілінің тағдыры, мемлекеттік меншікте болып келген қазақ жерінің жекеменшікке өтуі, қазақ балаларының шетелге берілуі, елге қайта оралған қандастарымыздың әлеуметтік жағдайы, жердің асты мен үстіндегі ұлттық байлығымыздың басқа ұлттардың қанжығасында кетіп қалу қаупі, тағы да басқа осы сияқты өткір саяси, әлеуметтік мәселелердің қоғамдық өмір шындығына айналып отырғандығын ақындар кейде астарлап, кейде ашық айтып, бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік шындықтың көкейкесті мәселелерін көлденең тартып, жалпы көпшіліктің талқысына тастап, айтыс өнерінің салмағын арттыруда.

Қазіргі ақындар айтысының ерекшеліктері туралы ғалым А.Тойшанұлы: «...айтыстың поэтикалық табиғаты бағзы заманнан бері қалыпқа соғылған халық қазынасының канондық үлгі-өрнегін өзіне берік мирас етеді. Айтыстың өзегінде жатқан шендестіру амалы оған драмалық тартысты сипат береді. Сол себептен де қазіргі айтыста ежелден бері келе жатқан дәстүрлі нақыштар, үйреншікті тақырыптар, машықты сарындар тұтастай қайталанып, бірақ жаңа заманның тілегіне сай өңделіп, жаңғыртылып қолданылып отыр деуге болады. Әрине, айтыстағы өткірлік, қоғамдағы кемшілікті мінеу, жүйрік ой, тапқырлық, бұлтартпас деректілік, шынайы шындық ХХІ ғасырдағы ақпарат қарқынымен үйлесіп, ұрымтал да жедел мәлімет беретін жанр болғандықтан, маңызы күн санап артып, адам құқығы мен сөз бостандығын қорғау талабына үндесіп, тәуелсіздік кезеңде қызықты да думанды телешоу ретінде жаңа сапаға көтеріліп, дамып отыр...», – деген пікір айтады.

Қазіргі заман айтысының мақсаты мен міндеттері:

1. Айтыс өнерін мәдениетіміздің баға жетпес асыл мұрасы ретінде халыққа жан-жақты насихаттап, оның дамуына қолдау көрсету.
2. Болашақ ұрпаққа айтыс өнерін жеткізу, одан әрі дамытып, сапалық деңгейін жақсарту.
3. Шебер сөз құрау мен жоғары деңгейдегі поэзия арқылы мемлекеттік тілді кеңейтіп, дамыту.

4. Талантты, дарынды жас ақындардың ақындық шеберлігінің шындалып, көпшілікке танылуына мүмкіндік жасау.
5. Елдегі халықтар достығын, береке-бірлікті және саяси тұрақтылықты дәріптеу.

Айтыстың әдебиет тарихында алатын орны мен маңызы ерекше. Бұл тұста ірі жазушы, ғалым М.О.Әуезовтің айтыс туралы: «Ауызша әдебиет ішінде айтыстан көп кездесетін өлең жоқ... Бұл өлеңдер өте көп, көптігі жұрттың бәріне мәлім. Бұл күндері баспаға басылып, ол жазба күйінде жиналып жүрген айтыстардан басқа талай-талай жақсы айтыстардың әлі күнге жазылмай, жиналмай жүргені де толып жатыр. Бұдан айтыс сөзі қазақ ескілігінде өте жанды, өте қызулы, бағалы сөз болғанында дау жоқ», – деген ұлағатты сөзі айтыстың болашағы зор өнер түрі екендігін дәлелдей түседі.

1

Білу

1. Айтыс халық өмірінің қандай салаларын қамтиды?
2. Айтыстың қандай түрлері бар?
3. Айтыс қандай өнер? Мысалдармен дәлелдеңдер.
4. Қазақ айтысы жанрлық сипатына қарай қалай бөлінеді?
5. Мазмұндық сипатына қарай қалай жіктеледі?
6. Тақырыбына байланысты қалай бөлінеді?
7. «Бөдік» сөзі нені білдіреді?
8. Салт айтысының қандай түрлері бар?
9. Қыз бен жігіт айтысы туралы не білдіңдер?
10. Ақындар айтысының өзіне тән ерекшеліктері қандай?
11. Айтыскердің мақсаты қандай?
12. Айтыс ақынына қандай талаптар қойылады?
13. Қазіргі ақындар айтысы қандай мәселелерді көтереді?

2

Түсіну

1. Айтысқа деген халық ықыласын қалай түсіндірер едіңдер?
2. М.Әуезов неліктен айтысты «сөз барымтасы» деген?
3. Бөдік айтысында «бөдік» сөзінің бір шумақта бірнеше рет қайталану себебін түсіндіріңдер.
4. Адамның жан-жануарлармен, аңдармен айтысуының себебі қандай?
5. Жұмбақ айтысының ерекшелігі неде?
6. Ақындар айтысы неліктен барлық айтыс түрлерінің күрделісі болып табылады?

7. Айтыс өлеңдерінің бүгінгі күнге дейін жету себебі неде деп ойлайсыңдар?
8. Қазіргі ақындар айтысының ерекшелігі неде? Мақсаты мен міндеттері қандай?

3

Қолдану

1. Берілген мәтін бойынша «Айтыс» тақырыбына тірек сызба жасаңдар. Сызба негізінде мәтін мазмұнын баяндап беріңдер.
2. «Синквейн» стратегиясын қолданып, «Айтыс» сөзімен бесжолды өлең құрастырыңдар.
3. Топтарға бөлініп, «*Оптимистер*», «*Пессимистер*», «*Реалистер*» рөлдік ойынын өткізіңдер: «Оптимистер» айтыстың болашағы, бүгінгі күндегі айтыстың өркендеуі туралы өз пікірлерін білдіреді. «Пессимистер», керісінше, айтыстың бүгінгі күнде дамуына кедергі болып жатқан себептер туралы ой қозғайды. «Реалистер» айтыста бейнеленетін өмір шындығы туралы нақты мысалдармен ой өрбітеді.
4. Импровизация, экспромт дәстүрінде жазылған шығармаларға мысалдар тауып келіңдер.
5. Айтыс өнерінің эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу немесе сын мақала жазыңдар.

4

Талдау

1. Бәдік айтысы мен ақындар айтысының ерекшеліктерін салыстырыңдар.
2. Бұрынғы айтысты осы күнгі айтыспен салыстырыңдар.

Бұрынғы айтыстар	Қазіргі айтыстар
<i>Ұқастықтары</i>	
<i>Айырмашылықтары</i>	

5

Жинақтау

1. Айтыс өлеңдеріне байланысты түсініктерді жинақтап, тірек сызба түрінде көрсетіңдер.
2. Айтыс ақынына қандай қасиеттер тән болған?



6

Бағалау

1. Қазіргі ақындар айтысының маңызы туралы ой бөлісіңдер.
2. Айтыстың болашағы жайлы не ойлайсыңдар?
3. Қалай ойлайсыңдар, айтыс неліктен киелі өнер болып табылады?
4. Айтыс өнерінің тәрбиелік мәні туралы пікірлеріңді білдіріңдер.
5. «Айтыс – киелі өнер» тақырыбына әдеби эссе жазыңдар.

#### Артық болмас білгенің

Айтыстың жазба ескерткіштерде белгілі болған ескі түрлеріне Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» атты кітабындағы «Қыс пен жаздың айтысы», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы Күнтуды Елік (Әділдік), Айтолды (Дәулет), Өгдүлміш (Ақыл), Одғұрмыш (Қанағат) арасындағы бастан-аяқ сұрақ-жауап түрінде келетін талас-тартысты үлгілер, Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметінде» кездесетін ұжмақ пен тозақтың айтысы жатады.

*М.Жармұхамедұлы*

«Біржан-Сара айтысы» – түр жағынан да, мазмұн жағынан да, өзге айтыстардан оқшау тұрған әлеуметтік және көркемдік маңызы бар айтыс.

С.Мұқанов

## БІРЖАН МЕН САРА АЙТЫСЫ

XIX ғасырдағы ақындар айтыстарының ішінде айрықша орын алатыны, кеңінен тарағаны, көркемдік дәрежесі жоғарысы – «Біржан мен Сара айтысы». Өзінің идеялық мазмұны жағынан да, көркемдік, образдық сипаттарымен де, «Біржан мен Сара айтысы» – нағыз әдеби шығарма. Осы айтыста Біржан мен Сара қазақ қоғамындағы келеңсіз жайттарды, кереғар пікірлерді сынға алады, әлеуметтік мәселелерді көтереді. Білімді, дана ақындардың әр сөзінде қазақ өлкелерінің байлығы, тарихи адамдары, қоныс мекендері, әр елге тән әдет-жоралғылары білгірлікпен баяндалады.

### Даналық ойдан дән ізде

«Біржан мен Сара айтысы» атақты екі ақынның арасындағы сөз айтысы ғана болмай, айтыс өнеріндегі көркемдік қуаты, тіл бейнелілігі жағынан ерекше эстетикалық талғам биігінен көрінген айтыстың үздік үлгісі ретінде қазақ ауыз әдебиетінің тарихынан ерекше орын алады.

*М.Жармұхамедұлы*

Оқиға желісі бойынша Жетісу өңірінде Сара атты әрі әнші, әрі атақты ақын қыздың бар екенін, оның сан жүйріктерді сөзбен бұғандығын ақын Біржан естиді. Ал Біржан жайын, оның қандай әнші, ақын екендігін Сара да естіген. Бұлар бір-бірін көрмесе де, сырттай таныс, көрісіп, айтысуды арман етіп жүреді.

Біржан бір жолы қасына шәкірттерін, жолдастарын ертіп, Сараның еліне келеді. Біржан келсе, Сара үйінде жоқ екен. Біржанның алдынан Сараның шешесі мен сіңлісі шығады, олармен бір-екі ауыз сөз қағыстырып, Сараның қажы аулына кеткендігін естиді де, оны іздеп сол ауылға тартады.

Бұл кезде Сара жиналған көпшіліктің алдында қажы атасына:

...Қажы-еке, сізге айтарлық арызым сол,  
Қапамын бастан билік алмағанға, –

деп мұңын шағып отыр екен. Осы тұста Біржан келіп: «Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері», – деп хабар салады, жұрт жиналып

қалады, осылайша екі ақынның айтысы да басталып кетеді. Біржан:

... Қырандай аспандаймын желді күнгі,  
 Даусымның көтерілер шықса тері.  
 Суырған жер танабын майталманмын,  
 Жасымнан маған мағлұм қыз не дері.  
 Алтын менен күмістің нақысындай,  
 Міні жоқ, бізден шығар сөз бедері...  
 Ақиық мұзбалақпын жерге түспес,  
 Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес, –

деп, өзін мұзбалаққа, жүйрік арғымаққа теңейді.

Сара да өзі туралы:

Белгілі қанша жұртқа атым – Сара,  
 Ішінен ер Қаптағай шықтым дара.  
 Домбыра ап он үшімнен сөз сөйледім,  
 Келемін бір сүрінбей жеке-дара.  
 Мінеки, он сегізге биыл шықтым,  
 Сан жүйрік ілесе алмас самғағанда.  
 Сөзіме он жасымнан ең берілген,  
 Ерке жоқ өз басыма теңгерілген.  
 Нәп-нәзік көзге олқы көрінсем де,  
 Сан жүйрік қойдан оңай өңгерілген, –

дей келіп, сан айтыста өрелі ақындарды жеңгені туралы Біржанға:

Арыстан, сол Ниязбек іздеп келіп,  
 Шошынған жүрісімнен танбағанға...  
 Жанақ та қобызбенен түк қылған жоқ,  
 Оңай ма сендей сорлы бейшараға... –

деп айбын таныта келе:

Найманда екі жүзді наркескенмін,  
 Желкеңді қимақ үшін қойған саптап.  
 Тозаңың анда-санда бұрқ-бұрқ етер,  
 Сабасам бейпіл тілді екі жақтап...  
 Жалынмын жанып тұрған нөсерге өшпес,  
 Болатпын екі жүзді алмас кеспес, –

дейді Сара.

Ақын Біржан Сараның әдемілігіне, сұлулығына, ақындығына көңілі толып, жоғары бағалайды. Біржан:

Жарайды, жаным Сара, осы сөзің,  
Тастүлек тұрымтайдай екі көзің...  
Шіркін-ай, мұндай жүйрік туармысың,  
Сөйлейсің алтындай ғып сөздің жезін.  
Қанатын күн шалмаған ақ тұйғынның,  
Жапалақ иемденер басқан ізін...  
Кемігер дұшпан, шіркін, қай жерінді,  
Адамзат озар емес бір басыңнан, –

деп сүйсіне мақтап, шын бағасын береді.

Айтыскерлердің бар мақсаты – жеңу. Біржан ақын Сараның өнерін ардақтай отырып, осындай сөзге жүйрік ақын қызын елі қалай қадірлейді екен деп, тың тақырып бастап кетеді. Біржан аяқ астынан Сараға:

Шақыртып, осында алдырт күйеуінді,  
Көрейін таңдап қосқан сыңарыңды, –  
дейді. Сан жүйрікті сөзбен буған Сараның қауіптенетіні де осы еді... Тағдыры аянышты ақын Сара дәл осы жерде жеңілгенін мойындайды:

Адамға жол бермеген есіл тілім,  
Күн өтпей желпіп ұшқан қызыл гүлім.  
Сіздерден ұялғаннан жүруші едім,  
Есекке қосақтаулы өтті күнім.  
Өзі білер деуші едім жақсылардың,  
Ақыры қайғы болды енді мұным.  
Сіздерге сенетұғын сорлы басым,  
Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнім... –

деп қатты қамығады, басына теңдік беруін сұрайды. Өзімен теңдес әріптесінің қайғысына Біржан да ортақтасып:

Обалың Есімбек пен Тұрысбекке,  
Жігітің жөндеу екен, ей, бишара, –  
деп аяушылық білдіреді.

«Біржан мен Сара айтысы» сол тұстағы қазақ әйелдерінің бас бостандығын, адамгершілік пен әділдікті, шындықты өзекті де әлеуметтік тақырып етіп көтереді. Екі ақын өздері тұрған екі өңірдің жақсы-жайсаңдарын кезек-кезек сараптай отырып, олардың сан алуан адамгершілік қасиеттері мен келеңсіз іс-әрекеттерін жайып салып, оларға халық талабына сай келетіндей баға беріп отырады. Сонау қияндағы Сарыарқадан Сараны жеңемін деп Жетісуға келген



*Біржан сал. А.Айтжанов*

Біржан сал ә дегеннен амандасу рәсімінің өзін бойында дос тұрмақ дұшпан кемітер бір міні жоқ сұлудың, шебер ақын, шешен қыздың бетін қайырып, жігерін жасытып алуға пайдаланбақ болады. Бірақ білімді де ақылды қыз Хауа анаға Адам атаның өзі келгенін «Қиссас-ул-Әнбиядан» оқып білгенін дәлел етіп ұсынады. Мұндай жауапты күтпеген Біржан қатты тосылса да, сөз кезегін әрі қарай жалғастыра береді. Қос жүйрік бұдан әрі жалпы ақындық өнер, адам бойындағы сан алуан қасиеттер, ел дәстүрі, байлық, салтанат, ел басшыларының іс-әрекеттері секілді мәселелерді сөздеріне арқау етеді. Айтыс алғашында рулық бағыт алса да, кейін дәстүрлі арнадан ауытқып, жүйелі өнер сайысына, көркем де кестелі сөз жарысына айналады, қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатынастың адам өміріне әсері, тұрмыстың мән-мазмұны философиялық ой-толғамдармен қосыла өріліп, өз нақышын тауып жатады. Айтыста халқымыздың әдептілік пен әсемдік туралы пікірлері, талғам-талаптары кең көрініс тапқан. Осының бәрі «Біржан мен Сара айтысының» ХІХ ғасырдағы қазақ халқының болмыс-тіршілігін жан-жақты суреттейтін көркем туынды екенін айқын аңғартады.

«Біржан мен Сара айтысы» – атақты екі ақынның өнер жарысы ғана емес, әлеуметтік теңсіздікті, әйел теңсіздігін көтерген саяси



мәні бар өнер туындысы. «Біржан мен Сара айтысының» негізінде композитор Мұқан Төлебаев «Біржан – Сара» операсын жазды.

1

Білу

1. «Біржан мен Сара айтысы» айтыстың қай түріне жатады?
2. Айтыста қандай мәселелер тілге тиек болады?
3. Айтыстан Біржан мен Сара туралы не білдіңдер?
4. Тәкаппар Біржанды Сара қандай жауаппен тойтарады?
5. Айтыскер екі ақынның бір-бірімен жауаптасуынан қандай білгірлік, тапқырлық байқалады?
6. Біржан Сараны, Сара Біржанды қалай бағалайды?

2

Түсіну

Біржаннан Сара не себепті жеңіледі? Біржан Сараны жеңгенімен, қандай ықылас білдіреді?

3

Қолдану

1. Айтыстан әйел теңсіздігі туралы айтылған жолдарды табыңдар.
2. Сендер үшін мағынасы түсініксіз сөздердің сөздігін құрастырыңдар.
3. «Синквейн» стратегиясын қолданып, «Біржан», «Сара» сөздерімен бесжолды өлең құрастырыңдар.
4. «Джигсо» тәсілін пайдаланып, кестені толтырыңдар:

Үзінді	Кім туралы?	Көркем-дегіш сөздер	Көрінігін мінез-қыры
Қырандай аспандағы желді күнгі, Дауысымның көтерілер шықса тері. Болжаған жер шаршысын майталманмын, Жасымнан маған мәлім қыз не дері			
Алтын менен күмістің, нақысындай, Міні жоқ бізден шығар сөз бедері. Ақиық, мұзбалақпын жерге түспес, Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес... Сайратқан Орта жүздің бұлбұлымын, Қанды көз май жеп алған ақиықпын...			


Үзінді	Кім туралы?	Көркем-дегіш сөздер	Көрінігін мінез-қыры
<p>Майысып, нәзік белім бұраң қаққан.                      Қырық түрлі дана кеудем өнер тапқан.                      Сөйлесе май тамызған бұлбұл тілім,                      Сықылды гауһар сағат нақыс шапқан.                      Ажымсыз он саусағым– бәрі де аппақ,                      Болғанда аузым сағат, ернім қақпақ.                      Міні жоқ отыз тісім меруерттей,                      Ерінбей тіздіргендей адамзатқа-ақ.                      Мойыным сұңғағындай жүзген құдың,                      Лебізім шырынындай шәрбат судың.                      Қаққанда төңкерілген қас бітісім,                      Ашылған айбатындай жібек тудың.                      Қырмызы қызыл жібек маңдайым кең,                      Арғынның айтшы, кәне, қай қызы тең?!                      Тал бойым ұзын да емес, қысқа да емес,                      Азар дұшпан болсаң да, қай жерім кем?!                      Тамағым жас баланың білегіндей,                      Иығым тік сандалдың тірегіндей.                      Бет алдым қоңыр қаздың кеудесіндей,                      Тал бойым жолбарыстың жүрегіндей</p>			

5. Айтыс негізінде сюжеттік желісі бар өңгіме жазыңдар.

4

Талдау

1. Венн диаграммасын қолданып, Біржан мен Сараны салыстырыңдар.



2. Айтыстың көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасаңдар. Сөз образдарын теріп жазыңдар.

5

Жинақтау

1. Айтыстың толық мәтінімен хрестоматиядан оқып танысыңдар. Айтыстың түрі, тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

2. Біржан мен Сара өзді-өзін қалай таныстырады? Қалай бағалайды? Топтастыру арқылы көрсетіндер.

6

Бағалау

1. Концептуалды кесте толтырыңдар:

Кейіпкерлер	Өмірге қызығушылығы	Адами қасиеттері	Кейіпкерге берілетін баға

2. Біржан Сараның қандай осал тұсынан ұстайды? Қалай ойлайсыңдар, ол Сара бойындағы кемшілік пе?

### Артық болмас білгенің

Біржан Қожағұлұлы Көкшетау облысына қарасты Еңбекшілер ауданындағы Жөкей көлінің жағасында Степняк деген жерде 1834 жылы туған. Біржанның әкесі Тұрлыбай кедей шаруа болған. Қожағұл – Біржанның атасы. Біржанның Ержан, Нұржан атты ағалары болғандықтан, ол шаруаға көп араласпайды, өлең мен әнге үйір болады. Қайда ойын-сауық болса, Біржан сонда болады. Жастайынан асқан әнші, өлеңші, домбырашы атанады. Біржан әнді де, өлеңді де өзі шығарып, халықтың, әсіресе, жастардың қалаулысына – ақын Біржанға, әнші Біржанға, сал Біржанға айналады. Ел аралап, жер таниды, Абай ауылында болып, ұлы ақынның жоғары бағасын алады.

Біржан сал үш бірдей өнер иесі – асқақ үнді ақын, сазгер, әнші. Ол – қазақтың әншілік-орындаушылық өнерін дамытып, халық музыкасын өз шығармашылығымен биік белеске көтерген аса дарынды халық композиторы. Біржан салдың «Айтбай», «Ақтентек», «Алтын балдақ», «Ғашығым», «Бірлән» шығармалары – өзіндік көркемдік шешімін тапқан тамаша туындылар. «Ләйлім шырақ» немесе «Көлбай-Жанбай» өлең-әндері – қазақ аруларының қайталанбас көркем бейнелерін сомдаған шығармалар.

Сара Тастанбекқызы қазіргі Алматы облысының Ақсу ауданында туған. Әкесінен ерте айырылған Сара жетімдік пен жоқшылық зардаптарын көп көреді. Жастайынан өнерге жақын болып, «ақын қыз» атануына туған, өскен ортасының ықпалы көп болған. Он үш жасында қолына домбыра алып, айтысқа қатысады.

Сара Тастанбекқызының Біржан салмен айтысы – ғасырдан ғасырға үзілмей жалғасып келе жатқан қазақтың айтыс өнерінің

шоқтығы биік, көркем үлгісі. Ақынның бұл айтыстан басқа «Жүрек», «Ашындым», «Арсалаң аға алдында», «Жүрек сыры», «Жайлауда», «Әбіштің аруағына», «Хош бол, елім» секілді көптеген өлеңдері мен «Тұзақ» атты дастаны бар.

*М.Фабдуллин*

#### Бағалы дерек

«Біржан мен Сара айтысы» – айтыс өнерінің озық үлгілерінің бірі. Айтыс 1895 жылы қазіргі Алматы облысының Қапал-Ақсу өңірінде Біржан Қожағұлұлы мен Сара Тастанбекқызы арасында өтеді. Бұл айтысты ең алғаш 1898 жылы Қазанда «Қисса Біржан сал менен Сара қыздың айтысқаны» деген атпен Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы жариялады. Кейін Зайсаннан екінші нұсқасы табылып, «Біржан сал мен ақын Сараның айтысқаны» деген атпен Қазанда жеке кітап болып басылды. Айтыстың алғашқы нұсқасы – 969 жол, екінші нұсқасы – 1080 жол. Ақын Өріп Тәңірбергенұлы жазған тағы бір нұсқасы 1907 жылы жарық көрді. 1918 жылға дейін бұл үлгілер сегіз рет, Кеңес өкіметі тұсында он бір рет жарияланды. Сөйтіп, ел ішіне жазбаша да, ауызекі де таралып келді. Айтыстың жарық көруіне, таралуына, өңделіп сарапталуына Сара, Жүсіпбек қожа, Өріп ақын елеулі үлес қосқан.

*М.Жармұхамедұлы*

## Жиынтық бағалау тапсырмалары

1. Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды қазақтың атақты би-шешендерінің нақыл сөздерінің сендер үшін маңызы қандай? Бұрынғы шешендердің сөзі қазіргі кезде өзекті ме? Ойларыңды дәлелдеп жазыңдар.
2. Тәуке ханның:

Төле би, ер Қазыбек, тілді Әйтеке,  
Асқар тау – Қазығұрттай білімді еді.  
Бірі – күн, бірі туған айдай болып,  
Заманға сәйкесімен келіп еді, –

деген сөздері туралы ойларыңды ортаға салыңдар. Билердің қандай қасиеттері туралы айтылған? Сендер қандай пікір қосар едіңдер? Жазбаша жауап дайындаңдар.

3. Билердің қатысуымен дүниеге келген «Жеті жарғы» заңының маңызы туралы «Қазақстан тарихы» пәнінен алған білімдеріңді пайдаланып, тезис құрыңдар.
4. Н.Назарбаевтың: «Есімнің немересі, Жәңгірдің бел баласы Тәуке хандық құрған XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басы қазақ елінің абыройы асып, көсегесі көгерген ерекше бір кезеңі болды. Бұл жайында белгілі тарихшы А.И.Левшин былай деп жазыпты: «Тәукенің атын атасақ-ақ, бар қазақтың жүрегін алғыс кернеп, мақтаныш билейді. Қазақ ордасының Ликурғы, Драконты – сол адам. Тәуке алауыз болып, қырғынға бөккен елді сабаға түсіріп, ру мен рудың арасындағы талай жылғы қантөгісті тоқтатты, ақылы мен әділдігінің арқасында жұрттың бәрін өзіне мойынсұндыра білді, әлсіз рулардың басын қосып, әлеуетті дұшпанға қарсы қоя алды, күштілерді тізеге салып, тәубесіне келтірді, баршаға ортақ заң жасап, сол бойынша билік айтты». Тәуке Қазақ хандығын бір орталықтан басқарудың нақты тетігін тапты, жыл сайын атақты Күлтөбеде үш жүздің игі жақсыларының басын қосып, ел өмірінің келелі мәселелерін талқылады. Қазақ қоғамына осындай біртұтастық дарытып, ынтымақ орнықтырған ежелгі ереже-қағидалардың үлгілі нұсқасы, халықтың тәртіп-низамының, салт-дәстүрінің жүйелі жиынтығы атақты «Жеті жарғы» еді. «Жеті жарғы» дана бабаларымыздың «Қасымханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын мемлекет басқару мен халық билеудің қалыптасқан жосықтарын негізге алып, сахараның сол замандағы тұрмыс-тірлігіне, қоғамдық

әлеуметтік ахуалын ескере отырып, келешектің қамын ойлап, жан-жақты байыпталған заңгерлік ұлы мұрасы еді», – деген сөздері сендерді қандай ойларға жетелейді? Қандай тарихи оқиғаларды естеріңе түсіреді? Жауаптарыңды тірек сызба түрінде көрсетіңдер.

5. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы:

Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын,  
Білім – жарық, нұрын саған шашатын.  
Ақыл қолдап, біліммен ержетілер,  
Екеуімен қадірі тартып, бекінер.  
Ақылдыға қадір-құрмет лайықты,  
Ақымақ жан керең, сезбес айыпты! –

деген пікірді қалай түсінесіңдер? Жырдан дәлелдер келтіре отырып, 100–120 сөз көлемінде өз көзқарастарыңды білдіріп, эссе жазыңдар.

6. «Сырым мен Балаби» әңгімесіндегі Сырымға жазбаша мінездеме беріңдер.

7. «Жыраулар поэзиясы – өз дәуірінің айнасы» тақырыбына баяндаудың тірек сызбасын жасаңдар.

8. «Бұқар жырау – ел бірлігі мен бүтіндігінің кепілі» тақырыбына эссе жазыңдар.

9. Бұқар жыраудың «Асқар таудың өлгені» өлеңіндегі:

Өлмегенде не өлмейді?  
Жақсының аты өлмейді,  
Ғалымның хаты өлмейді, –

дегенді қалай түсінесіңдер? Дәлелдер келтіре отырып, 130–150 сөз көлемінде өз көзқарастарыңды жазбаша білдіріңдер.

10. Бұқар жыраудың Абылай ханға арналған толғауларынан Абылай бойынан қандай қасиеттерді байқадыңдар? Ойларыңды 5–7 сөйлеммен жеткізіңдер.

11. Айтыс жанрының өзіне тән ерекшеліктерін атаңдар. Айтысқа, айтыс ақындарына қойылатын талаптар туралы пікірлеріңді 5–6 сөйлеммен түйіндеп жазыңдар.

12. «Біржан мен Сара айтысында» көтерілген әлеуметтік мәселелер туралы шағын мақала жазыңдар.

13. Қазіргі заман айтысы, айтыстың болашағы туралы ойларыңды жазбаша дәйектеңдер.

14. **Оқу сауаттылығы.** «Ердің бақыты – әйел» шешендік әңгімесінен үзінді.

– Бөркекелді, көп жаса, айналайын! Атың кім?

– Алакөздің қызымын, атым – Данагүл.

– Бөркекелді, қызым, өркенің өссін! Атың даналы болса, ақылың саналы болар түбі, – дейді де, Төле би жүріп кетеді. Былай шыққан соң оған ой келеді, қасындағыларға:

– Аттың басын қыз ауылына бұрыңдар. Алакөз қандай адам екен, білейік, – деп арнайы шапқыншы жібереді.

Сөйтеді де, бөрі Төрткүлдің жазық даласымен жүріп отырып, бір ауылға жетеді. Шеткері бір үйден Алакөздің үйі қайсы деп сұрайды. Ақ қалпақты жас жігіт: «Алакөз жәкемнің үйі – анау тұрған қараша үй», – деп сілтеп жібереді. Төле би бөрі сол үйге барып аттан түседі. Алакөз байдың жылқысын бағатын момын адам екен. Топ аттыны көргенде сасқалақтап, қалбалақтап қалады. Көршісінен бір қой қарыз алып сояды, алдына барын жайып күтіп алады. Сол заматта «Алакөздің үйіне бір топ аттылы кеп түсті, ішінде атақты Төле би бар» деген сөзді естіп, Қара батырдың жылқылы байы Алакөздің үйіне барып, Төкеңе сәлем береді.

– Ау, биеке, менің сегіз қанат ақ үйім тұрғанда жылқышымның қара лашығына түскеніңіз қалай? Мен сіздерді шақырып келіп тұрмын. Тай соямын, қымыз сапырамын. Алакөздің үйінде жағдайларыңыз болмайды, көне, жүріңіздер, – дейді. Сонда Төле би:

– Байеке, әуре болмаңыз. Сіздей байлардың үйіне түсіп жүрміз ғой. Бір жолы Алакөз сияқты кедейлердің де үйін көріп қойғанымыз теріс болмас, – деп оған көнбепті. Ет пісіп, кісілердің алдына табақ тартылыпты. Төле бидің алдына бас қойылыпты. Би «Біссмілла» деп, бастың құйқасынан дәм ауыз тиіпті де:

– Алакөз інім, балаң бар ма?

– Балам жоқ, Данагүл деген қызым бар.

– Сол қызыңды бері шақыршы!

Ошақ басында самаурын қайнатып, шешесіне қолғабыс тигізіп жүрген Данагүл үйге енеді. Төле би бастың құйқасын қасқалап кеседі де, бір құлағын, тілін, таңдайын алып қызға береді де, мынадай тілек айтады:

– Шырағым, құлақ бергенім – бас ием бол дегенім. Тіл мен таңдай бергенім – іштегі құпиямды айттырмай тауып, шешіп отыратын шешен бол дегенім, – депті.

Қыз:

– Рақмет ата, тілегіңіз қабыл болсын, – деп шығып кетеді. Бата беріледі, дастарқан жиылады. Енді Төле би Алакөзге қарап:

– Сенімен құда болғым келіп отыр, бұған қалай қарайсың? – дейді...

### Тапсырмалар

1. «Ердің бақыты – әйел» әңгімесінен берілген үзіндіде не туралы айтылған?
  - A. Төле бидің даналығы туралы
  - Ә. Алакөздің қонақжайлылығы туралы
  - Б. Байдың ұсынысы туралы
  - В. Төле би мен оның адамдарының ауылға келуі туралы
2. Төле би неліктен Алакөздің үйіне түсті? «Қысқа сөйлемдер» стратегиясын қолданып, жауаптарыңды дәлелдеп жазыңдар.
3. Мәтінді оқып, қажетті белгілерді қойыңдар. Маңызды ақпараттың астын сызыңдар «\_\_». Келіскен пікірдің жанына немесе үстіне «+» белгісін қойыңдар. Келіспеген пікірдің жанына немесе үстіне «X» белгісін қойыңдар.
- 4.«Ердің бақыты – әйел». Осы пікірмен келісесіңдер ме? Өз ойларыңды нақты деректерге сүйене отырып жазыңдар.  
Келісемін, өйткені ...  
Келіспеймін, себебі...



## II ТАРАУ

# ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

Әрбір көркем шығарма халқына, өз уақыты мен ортасына тән және ерекше тарихи, басқа да мақсат-мүдделерге бағынышты.

*Г.Гегель*

Қазақ жырының ой-санасы – Абай, ар-намысы – Махамбет. Абайдың ғибратымен, Махамбеттің жігерімен еңсе тіктеген әулетпіз. Бірі – рухани ұстазымыз, бірі – рухты ұранымыз.

*Т.Боранғалиұлы*

### **Бұл бөлімде сендер:**

- Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай жырының» мазмұнымен танысасыңдар;
- Махамбет Өтемісұлы өлеңдеріндегі психологизмді анықтауды үйренесіңдер;
- Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасауды жалғастырасыңдар;
- Қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлихановтың «Ыстықкөл күнделігіндегі» автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөлін танисыңдар;
- Ұсынылған шығармалардағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беруге үйренесіңдер.

Бұқардан кейінгі аса ірі жорық жыршысы – Нысанбай жырау. Қайғылы оқиғаның қызығы мен қайғысының ортасында болған ақын дастанды шындыққа ғана құрып, кестелі тілмен суреттей жазған. Кенесары – Наурызбай жорығы туралы кейінгі талай ақын түрлі өлең шығарса да, дәл Нысанбай жеткен өріске жеткен емес.

М.Әуезов

## НЫСАНБАЙ ЖЫРАУ (1822–1883)

Нысанбай Жаманқұлұлы – 1822 жылы қазіргі Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққошқар елді мекенінің түстігінде Шеңгелсай деген жерде дүниеге келген ақын, жырау. Жырау бір өлеңінде өзі туралы:

Менің атым – Нысанбай,  
Ат жібердім тұсамай.  
Өзім жырау болыпшын,  
Ата-анама ұқсамай...  
Бісімілла, әулие себепкер,  
Ауыздағы отыз тіс,  
Қызыл тілге көмек бер.  
Ал қолымды сермедім,  
Керейіттен шыққан жеті ер,  
Жас балаңа медет бер! –

деген мәлімет береді.

Кенесары – Наурызбай бастаған көтеріліс тәуелсіздік алған жылдарға дейін бұрмаланып көрсетілгені, батырлардың есімдерін атауға тыйым салынғаны белгілі. Соған байланысты, Нысанбай есімі де халық аузына көп алына бермейтін. Егемендікке қол жеткізгеннен кейін ғана «Кенесары – Наурызбай» жыры жарыққа шығып, Нысанбай жырау есімі, ақындығы қайта жаңғыра бастады.

Нысанбай Жаманқұлұлының бізге қалдырған асыл мұрасы – «*Кенесары – Наурызбай*» жыры. Бұл жырда Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихы суреттеледі. Жырау Кенесары Қасымов бастаған көтеріліске өзі қатысып, көзі көрген оқиғаларды жырға арқау етеді.

Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай» жырында Кенесары мен Наурызбай батырлардың бейнелерін батырлық эпос

үлгісінде жырлап, көтерілістің соңғы кезеңін жан-жақты суреттеген. Батырлардың психологиялық бейнелері де айшықталып жасалған. Бұл жырда батырлар, тарихи кезең, көтеріліс туралы мәліметтер жан-жақты беріліп, Кенесары батыр мен Наурызбай батырлардың тарихтағы рөлі көрсетілген.

### Зергер сөз

Нысанбай жырында оқушының көз алдында ағып отырған қандай қызулы, жанды шындық бар. Барлық сөзінде сол жорықтың қуанышы мен қайғысы кеше ғана көз алдынан өткізген, көзі көргеннің жаңалығы бар. Көп қолмен бірге кешегі тарыққан қайғы, мұң, арманы бар. Өзі – сол оқиганың адамы.

Кенесарының қайғы-өкінішімен біткен жорығы қазақ баласының барлығына да қадірлі, қасиетті әңгімедей болып көп жайылған. Бұл жырдың көп жайылуына екінші бір себеп болған нәрсе – Кенесары ісінің өзге батырлардың ісінен әлдеқайда ірі, әлдеқайда көлемді оқиға болғандықтан туады.

М. Әуезов

Поэманың басында Кенесары мен Наурызбай бейнелері:

Кенесары, Наурызбай  
Атағы шықты аңқылдап.  
Жауды үркітіп, қашырды,  
Ақ алмастай жарқылдап,  
Зәресін алды дұшпанның,  
Найзағайдай шартылдап.  
Қасына ерген төлеңгіт  
Олжаға батты қарқылдап, –

деп суреттеледі.

Жалғыз атты ұрлап, кінәлі болған қырғыздардан өшін алмақ болған Кене Дулатқа барады, бірақ:

Асаулар үзді шідерді,  
Сыйламай Дулат жіберді.  
Сыйынып барған елінен,  
Кене хан үзді күдерді.

Қабағы түнерген хан күзді күні қырғыздарға аттанады.

Бұл сапарда Наурызбай,  
Таудан үлкен талапты.  
Үш қамалды бір бұзып,  
Қырғызды жаман талатты.

Қырғыз да қарап жатпады, қазақтарға соққы беріп, оңайлықпен беріспейді. Бұл туралы жырда:

Оңайлықпен қазаққа  
Асуды қырғыз бермеді.  
Әр жерлерден құралып,  
Қырғыздың қолы кернеді.  
Бесінге дейін атысып,  
Қазақтың әлі келмеді.  
Қарабалта, Соқылық  
Аңғарынан шаң асты.  
Қырғыз-қазақ екі жар,  
Ескі жолға таласты.  
Сол уақытта хан Кене  
Амалынан адасты.  
Қырғызды айдап шыға алмай,  
Батырлар сонда бір састы, –

деп айтылады. Қазақтар бес күн атысып, асуды ала алмайды. Сонда Наурызбай Бұғыбай батырға:

Осы бүгін күн батпай,  
Көрсетші қанат жайғанды.  
Тау басында қырғызға  
Бір тигізші найзамды.  
Айналайын Бұғыбай,  
Аралатшы майданды! – дейді.

Сонда Бұғыбай өздерінің әлдерінің келмейтінін, ханнан барып көмек сұрауды өтінеді. Кенеге келген Наурызбайға хан:

Дұшпаннан бітсін ар, – дейді.  
Қолдағы өңшең батырдан  
Іріктеп бәрін ал, – дейді.  
Көңілің шапса, Науанжан,  
Ертерек сонда бар, – дейді.  
Екі-үш жүздей кісімен  
Ойынды барып сал, – дейді.

Наурызбай әскерден отыз сарбазды таңдап алып, соғысқа кіреді. Сондағы Наурызбай бейнесін жырау:

Ор қояндай бұлтиған,  
Көк дөнен ат астында.

Қамзол ішік құнтиған,  
 Ақ орамал басында.  
 Көрұғлыға бергісіз,  
 Отыз көкжал қасында.  
 Сол уақытта Наурызбай,  
 Жиырма бес жасында, –

деп сипаттайды. Найзасы қанға боялған Наурызбайды көрген Кеңе таудың басына шығып:

Қабат-қабат оратып,  
 Қырық арқанды жалғады.  
 Тартып алды ойдағы  
 Зеңбірек пен арбаны.  
 Бір-екі рет атқанда  
 Күңіреніп кетті жан-жағы.  
 Есік-ежесін қиратып,  
 Қырғыздың шықты дал-далы.

Хан келгенін көріп, есірген Наурызбай қырғыздарды қырып салып, мал мен дүние-мүлкін талайды. Батырларды ар-намыстың құрбаны болуға шақырып:

Тайынбай жауға кіріндер,  
 Айбынды туған ерлерім! –  
 деп үндейді. Қырғыздың қолын бастаған Көрібоз деген кісі:

Ей, Наурызбай, ер төрем,  
 Қарайып жүрмін қаныма!

#### Даналық ойдан дән ізде

Нысанбайдың бұл поэмасының бір зор қасиеті – эпикалық оқиғаға ақын лирика дәнін тамаша еге білген. Поэмада оқушының жан жүйесін босататын, ойын тербететін лирикалық мотивтер көп. Бұл поэмасымен Нысанбай XIX ғасырдағы қазақ ақындарының арасында төрден орын алады.

*С. Мұқанов*

Мұхтар Әуезов өте ірі тұлға және көреген ақын деп санаған Нысанбай – XIX ғасырда өмір сүрген Кеңесары ханның ең жақын достарының бірі, оның сүйікті жырауы. Нысанбай жырлаған Кеңе хан біздің дәуіріміздегі ең ірі тарихи дастандардың бірі және соңы деуге болады. Кеңе мен Наурызбайдың набыт болған күндеріне дейін барлық трагедиялық қайшылықтарын түгел жеткізе суреттеген қазақ елінің сүйікті дастаны. Бұл дастан кейін Кеңе ханмен бірге жабылды, оны ауызға алу қылмыс саналды. Сол ғажайып дастанның босанар күні бүгін туды. Жаңа ұрпаққа, талантты оқырман қауымға ұсыну керек.

*Ә. Тәжібаев*

Аза қорлық көрсетіп,  
Қатты баттың жаныма.  
Не жазығым бар еді  
Кенесары ханыңа? –

деп, қазақтан көрген қорлығын тізбелейді. Тірі тұрмақ, өлгендерін қорлағанды, елшіні өлтіріп:

Мейірімсіз мұнша іс қылдың,  
Көп мұсылман зарлайды.  
Төрелер, қайда барсаң да,  
Рақымсыз атың қалмайды.  
Не қалмақ пен шүршіттің  
Қырынан шықсаң болмай ма?! –

дейді. Сонда Наурызбай бұрын тату болғандарын, бірақ:

Қонысты көпір алған соң,  
Кенекем көшкен жерінен.  
Бауыры суып ол жақта,  
Қарашы болған елінен, –

деп, қырғызды паналаған Кенені бағаламағандарын, елшіні өздерінің жолымен өлтіргенін:

Білмеймісің, Кәрібоз,  
Мойныңдағы жазанды? –

деп сауал тастайды. Сонда қырғыз батыры:

Сенің атаң – Ер Қасым  
Туғаныңда анадан,  
Қан шеңгелдеп туыпты,  
Шараналы баладан.  
Көп қорқытпа, Наурызбай!  
Қаза жетсе, өлермін.  
Арманда болып кетпеспін,  
Бір соғысқа келермін.  
Жаппар ием жар болса,  
Сазанды әлі-ақ берермін, –

деп қатуланады.

Барлауға кеткен Кененің інісі Ержан қырғыздарға тұтқынға түседі. Наурызбай хан інісін құтқармаққа аттанады. Жекпе-жекке шақырған қырғыздарға қазақтардан ешкім жауап қатпайды. Сонда Байұзақ датқа:

Сөздің көркі – мақал

Болат қайнауда шыны-  
ғады,  
Батыр майданда шыны-  
ғады.

Батырлық айқаста  
танылар.

Ерлік білекте емес,  
жүректе.

Ел үмітін ер ақтар,  
Ер атағын ел сақтар.

Қарағаштай көп қазақ,  
Ханға болдың қарашы.  
Бидері кірді майданға,  
Қырғыздың бір баласы.  
Оның бізден артық па  
Атасы мен анасы?!  
Таусылдың ба, Мәмбеттің  
Найза ұстаған баласы? –  
деп ашуланады. Қазақтар басын көтер-  
мейді, қырғыздар қолы көбейе бастайды.  
Сонда Наурызбай

Киіміне қыналып,  
Түрегелді орнынан,  
Шыбықтай белі бұралып.  
Қамзол ішік үстінде,  
Бауын үзіп белсеніп,  
Ақауыз атқа мінді де,  
Түсті таудан теңселіп,  
Қатуланып жөнелді,  
Алғалы жауды еңсеріп.  
Наурызбай сөйлеп жөнелді:  
Батырлар, құлақ салыңыз.  
Қарағаштай көп қазақ,  
Іс көрсетер күн бүгін.  
Арманда болған ер үшін  
Кегін алар күн бүгін.  
Қылыштасып майданда,  
Қол сілтесер күн бүгін.

Сонда Наурызбай сөзіне шыдай алмаған

Меңдібай, Дулат, Ағыбай,  
Арғыннан шыққан үш жігіт –  
Шәкір, Жәуке, Толыбай.  
Табыннан қабан Бұқарбай!  
Сегіз кісі жөнелді,  
Наурызбайдың соңынан.

Батырларын көрген Наурызбай қайтуға жарлық береді. Қырғыз батырларын жеңген Наурызбайдың жауына жалғыз шапқан ерлігі:

Үшеуін шаншып өлтірді,  
 Бесеуі тірі, өлмеді.  
 Бес мергенді тірі айдап,  
 Ханға алып келгені.  
 Сегіз мылтық өңгеріп,  
 Тарту қылып бергені.  
 Сол уақытта Ақауыз  
 Жер тарпиды оянып.  
 Наурызбай жүр үстінде,  
 Қылышы қанға боялып, –

деп суреттеледі.

Қанына қарайған қырғыз аянып тұрмай, Наурызбай батырдың атын атып құлатып, батырға ұмтылады. Қырғыз, қазақ болып, Наурызбайға таласады.

Кертайлақ атты жеткізіп, Наурызбай қайта атқа қонады. Бірақ астына мінген атына көңілі толмаған Наурызбай қасында Ержанның болмағанына өкінеді:

Ержан болса қасымда  
 Бөлекше туған тұлғасы,  
 Болар ма едім қазаққа  
 Өзіл сөздің олжасы?!

Дулат пен қырғыздардың бірігіп, алауыздық танытып, қазақтардың барған сапарларынан оралмағанын Нысанбай жырау:

Жамандық қылған мұндардың  
 Мойнына болсын жазасы.  
 Қазақтың көбі қырылды,  
 Қанды ма екен табасы?!  
 Сол барғаннан төрелер,  
 Елге қайтып келмеген.  
 Үй, жамағат, малымен,  
 Халқын, жұртын көрмеген.  
 Құтылуға қырғыздан  
 Тілегін Құдай бермеген.  
 Қырғызда қалды тұтылып,  
 Не еткенін ешкім білмеген, –

деп жырлайды.



Нысанбай жыраудың Кенесары, Наурызбай батыр бейнелерімен қатар, елім деп еңіреп туған ерлер: Шұбыртпалы Ағыбай, Табын Жоламан, Қабан Бұқарбай, Қыпшақ Иман (А.Имановтың әкесі), Басығара, Дулат Байсейіт, Шапырашты Бұғыбай, Сұраншы, Саурық, Сүйіндік, Жанайдар, Арғын Жеке батыр, Талмас, Жәуке, Қанжығалы Тастан, Қаржас Сармантай, Тама Құрман, Керейт Меңлі батырларды жырға арқау етуі жырдың тарихи құндылығын арттыра түседі.

Нысанбайдың «Кенесары – Наурызбай» жыры:

Бұл қиссаны шығарған  
Нысанбай деген жыршы еді,  
Хан Кененің тұсында  
Жұрттан озған сыншы еді,  
Айтқан сөзі үлгілі  
Құлақтың бір құрышы еді,  
Өлең-жырға Нысанбай  
Мәшһүр шешен нар еді,  
Бір естіген адамдар  
Сөзіне тағы зар еді,  
Көзімен көріп сөз қылған  
Соғыста өзі бар еді, –

деп аяқталады. Бұл өлең жолдарынан Нысанбайдың абырой-беделі асқан сыншы, ақын, жыршы болғанын байқаймыз. Ал оның батырлығын:

Кене Ханның тұсында  
Қарт бурадай жарадың.  
Жауды жасқап, жапырып,  
Жауған қардай борадың.  
«Абылайлап» ат қойып,  
Дұшпанның алдын орадың, –

деген өлең жолдары айғақтайды.



#### Сөзмаржан

**Әулие** – 1) құдай жолын қуып, дін уағыздаушы адам; 2) айтқаны келетін сәуегей адам; 3) *ауысп.* қадірлі, қасиетті; 4) *ауысп.* бір нәрсенің ең жақсысы, тәуірі, қымбаты.

**Мәшһүр** – аты әйгілі, даңқты.

**Қисса** – ауыз әдебиетіне тән сюжетті жыр, дастан.

Қазақ тарихында отаршылдыққа қарсы Кенесары мен оның інісі Наурызбай бастаған көтерілістің тарихи маңызы ерекше. Көтерілістің үш жүздің аумағын қамтуы және ол көтеріліске үш жүздің әскері қатысуы оның маңызын арттыра түседі. Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілісті ең алғаш ғылыми негізде зерттеп жазған тарихшы-ғалым Ермұхан Бекмаханов еді. Ол: «Кенесары мен Наурызбайға арналған тарихи жырлар мен поэмалардың ішінде ерекше орын алатыны – Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай» жыры» десе, ұлы жазушы Мұхтар Әуезов: «Кенесары – Наурызбай жорығы туралы кейінгі талай ақын талай түрлі өлең шығарса да, дәл Нысанбай жеткен өріске жеткен емес», – деп жоғары баға берген.

«Кенесары – Наурызбай» жыры – әлі күнге дейін құндылығын жоймаған көркем шығарма.

#### Бағалы дерек

Кенесары өзінің басты мақсаты – азаттыққа қол жеткізу үшін ортақ жауға қарсы үш жүздің күш біріктіре күрес жүргізуі керек екенін түсінді. Алайда ұлт-азаттық күрестің 1844–1845 жылдары қарқыны үдей түскен кезеңде де қазақтардың басы толық бірікпеді. Көтерілістің бас кезінде-ақ қазақтар қарама-қарсы екі топқа бөлінді: бірі Кенесары жағында болса, екіншісі патшаның жүргізген саясатын қолдады.

Кенесары Қасымұлы хан, саясаткер, дипломат ретінде қазақтың үш жүзі руларының едәуір бөлігін өз туы астына біріктіре алды. Оның әскерінің жалпы саны кейде 20 000 адамға дейін жетті. Халықтың бас көтеруіне Орта жүздің көптеген сұлтандары мен билері қосылды.

Кенесары мемлекет құрылымына көп көңіл бөлді, елді басқаруда жаңа құрылымдар мен ережелер енгізді, сонымен бірге істен шығарылған құрылымдарды қайта қалпына келтірді. Әскер қатарында қатаң тәртіп орнатты. Әскерді ұзақ дала соғыстарына бейімдеу үшін мыңдықтар мен жүздіктерге бөліп басқару құрылымын құрды. Ол қажет ақпараттарды жеткізіп тұратын тыңшыларына да сүйенді, саяси күрес пен дипломатияның тиімді әдістерін қолданды. Мемлекеттің ішкі саясатын хан өзі қатаң бақылауға алды, руаралық қақтығыстардың жолын кесті. Үш жүздің қазақтарының біріккен ұлт-азаттық қозғалысы Ресейді қатты алаңдатты. Патша әскерлерімен және ымыраға келмес сұлтандармен күрес жүргізген Кенесары 1843–1844 жылдары біраз жеңістерге қол жеткізсе де, шегінуге мәжбүр болып, қырғыз жеріне шекаралас Ұлы жүздің аумағына орналасты. Ханның келесі бағыты қырғыз халқын орыс отаршылдығына қарсы ортақ күреске көтеру болды, алайда ол манаптар тарапынан күшті тойтарысқа тап болды.

Кенесары Тоқмақ маңындағы шайқаста қаза болды. Кенесары қазақ халқының салт-дәстүрін сақтай отырып, оны бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күреске жұмылдырды.

*«Қазақстан тарихы» оқулығы*

1

Білу

1. Нысанбай жырау туралы не білдіңдер?
2. Жырдағы Кенесары кім?
3. Наурызбай туралы не білдіңдер?
4. Кенесары қырғыздардан кегін алу үшін кімге келеді?
5. Кенесарыны Дулаттар қалай қарсы алады?
6. Кенесары Дулаттарды соғысқа қалай көндіреді?
7. Жырдағы Бұғыбай кім? Ол Наурызбайға қандай кеңес береді?
8. Наурызбай қырғыз қамалын қалай бұзады?
9. Жырдағы Кәрібоз кім? Наурызбайға қандай айып тағады?
10. Наурызбайдың жауабы қандай болды?
11. Жырда қандай қазақ батырларының есімдері аталады? Олардың ерліктері туралы не білдіңдер?

2

Түсіну

1. «Кенесары – Наурызбай» жыры неліктен тарихи жырға жатады? Дастанның тарихи негізі туралы қандай дәлелді пікірлер айтар едіңдер?
2. Шығарма неге «Кенесары – Наурызбай» деп аталған? Сендер қандай атау ұсынар едіңдер?
3. Осы дастанды жырлаудағы ақынның басты мақсаты не деп ойлайсыңдар?
4. Қазақтардың қырғыздарға соғыс ашу себебі қандай?
5. Наурызбайдың ұсынысын қабыл алған хан Кене шешімінің сыры неде?
6. Қазақтардың қырғыздардан жеңілу себебі қандай?
7. Жырдан психологизм тәсілдеріне мысалдар келтіріңдер.

3

Қолдану

1. Нысанбай жыраудың қазақ әдебиетіндегі орны туралы айтып беріңдер.
2. «Кенесары – Наурызбай» жырындағы батырлар бейнесі туралы жыр мәтініне сүйеніп, мазмұндаңдар.
3. Наурызбайдың, Кенесарының соғыс кезіндегі бейнелерін сипаттаңдар. Жыршы қандай көркемдегіш құралдарды қолданған?
4. Жырдағы кейіпкерлер бейнесіне салыстырмалы мінездеме беріңдер.

Кенесары	Наурызбай	Бұғыбай	Қырғыз батыры – Кәрібоз	Жыршы (Нысанбай)
<b>Қандай?</b>				

- «Кенесары – Наурызбай» жырының тарихи жыр екенін «Төрт сөйлем» тәсілімен дәлелдендер:  
*Пікір.* Жыр мазмұны бойынша өзіндік пікірлеріңді бір сөйлеммен жазыңдар.  
*Дәлел.* Өз пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдендер.  
*Мысал.* Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.  
*Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды шығарыңдар.
- Жыр жолдарын пайдалана отырып, шығармада орын алған оқиғалар тізбегін жасаңдар.
- Жыр мәтініне сүйеніп, қазақтар мен қырғыздардың соғысын сипаттаңдар.
- Кенесары бейнесінің әдебиет пен өнер туындыларында бейнеленуі туралы мәліметтер дайындаңдар.
- Кенесары – Наурызбай көтерілісі туралы тарихи мәліметтер дайындаңдар, кластер құрыңдар. Қашан? Қайда? Қандай оқиға орын алғанын көрсетіңдер.



- «РАФТ» стратегиясын қолданып, ой толғанys жазыңдар.

Рөл	Аудитория	Факт (дәлел)	Тақырып
Кенесары хан	Оқушылар	Жолдау	Кенесары ханның болашаққа үндеуі

Рөл	Аудитория	Факт (дәлел)	Тақырып
Газет тілшісі	Газет оқырмандары	Мақала	«Кенесары – Наурызбай» жыры – тарихи маңызы зор жыр
Оқушы	Мұғалім	Эссе	«Кенесары – Наурызбай» жырын оқығаннан кейін туған ойлар...»

11. Жыр мазмұнын ашатын мақал-мәтелдерді айтыңдар. Шығармадан дәлелді мысалдар келтіріңдер.

4

Талдау

1. Жырдағы Кенесары образын І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы Кенесары бейнесімен салыстырыңдар.
2. Шағын зерттеу жұмысын жүргізіп, «Кенесары – Наурызбай» жырындағы оқиғалар мен тарихи оқиғаларды салыстырыңдар.

Тарихи оқиға	Жырдағы оқиға

3. Тақырып бойынша берілген кестені толтырыңдар.

Болжам	Жаңа ақпарат
Тақырып бойынша бұрыннан не білемін? Бұл туралы не білуім керек?	Бұл туралы енді не білдім? Қандай маңызды сәттерді мен енді анықтадым?

4. «Кенесары – Наурызбай» жырына сюжеттік-композициялық талдау жасаңдар.

5

Жинақтау

1. «Кенесары – Наурызбай» жырының тақырыбы мен идеясын анықтап, көркемдік ерекшелігіне тоқталыңдар, әдеби талдау жасаңдар.
2. Кенесарыға тән қасиеттерді топтастыру сызбасы арқылы көрсетіңдер.

1. Кенесарының қырғыздарға қарсы соғысына жыршының көзқарасы қандай? Пікір таластырыңдар.
2. Шығарманың құндылығы, маңызы мен қазақ тарихындағы орны туралы пікірлеріңмен бөлісіңдер.
3. Мұхтар Әуезов Нысанбай жырауды «Бұқардан кейінгі аса ірі жорық жыршысы» деп атады. Жыр туралы ғалымның: «Қайғылы оқиғаның қызығы мен қайғысының ортасында болған ақын дастанды шындыққа ғана құрып, кестелі тілмен суреттей жазған. Кенесары – Наурызбай жорығы туралы кейінгі талай ақын түрлі өлең шығарса да, дәл Нысанбай жеткен өріске жеткен емес», – деген пікірі сендерді қандай ойларға жетелейді? Жауаптарыңды дәлелдеңдер.

### Артық болмас білгенің

«Кенесары – Наурызбай» жыры алғаш рет 1875 жылы С.Жантөрин мен Т.Сейдалининің аудармасымен «Записки Оренбургского русского географического общества» журналында жарық көрді. 1912 жылы Қазан қаласында Жүсіпбек Шайхисламұлы жинаған жыр нұсқасы «Қисса-и Наурызбай төре Қасым уғлы Қасым Абылайханов» деген атпен жарияланды. Жырдың бірнеше нұсқасы бар. Кейбір нұсқаларында хатқа түсірушілер көтеріліске тіл тигізіп, мағынасын өзгертіп жіберген. Жырдың түпнұсқаға жақын толық нұсқасы – 1938 жылы ҚР ҰҒА фольклор экспедициясы кезінде торғайлық Қашқынбай Қараевтан жазып алынған нұсқа. Е.Ысмайылов пен Қ.Бекхожин Кенесарыға тіл тигізетін жерлерін алып тастап, Нысанбайға тән үлгімен жырланған нұсқасын 1940 жылы өздері құрастырған «Батырлар жыры» деген көлемді жинаққа енгізген. Соңғы рет 1996 жылы «Қазақ халық әдебиеті» атты көптомдық жинақтың 17-кітабында жарық көрді. Нысанбай жыраудың шығармашылық жолын Х.Досмұхамедұлы, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, Т.Тебегенов т.б. зерттеді.

*«Қазақ әдебиеті». Энциклопедиялық анықтамалық*

**Кенесары – Наурызбай бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты туған поэзиялық шығармалар:**

1. *Тарихи поэмалар:* Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай», Көкбай ақын «Абылай – Кенесары», С.Керімбеков «Кенесары батыр», О.Шипин «Кенесары мен Наурызбайдың Адырлы мен Байтақ қалаларын алуы», Н.Ахметбеков «Кенесары – Саржан», «Сары Кене» («Жасауыл қырғыны»).


2. *Лирикалық поэмалар:* «Наурызбай – Қаншайым», «Наурызбай – Фатима» (авторы белгісіз).
3. *Туған жермен қоштасу өлеңдері:* «Кенесарының Көкшетауға қоныс аударуы, бұған Досқожаның айтқан өлеңі».
4. *Жоқтау өлеңі:* «Нысанбайдың Кенесары мен Наурызбайға арнаған жоқтауы», «Наурызбайдың Саржанды жоқтауы».
5. *Ауызша поэтикалық арнау:* «Кенесарының Балғожа биге хаты», «Балғожа бидің Кенесарыға жауабы».
6. *Толғау:* Д.Әлімбаев «Кенесары», М.Ж.Көпеев «Сарыарқа кімдікі?».

### Бағалы дерек

**Кенесары Қасымұлы** (1802–1847) – мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837–1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, Қазақ хандығының соңғы ханы (1841–1847). Кенесары – Шыңғыс ханның 27-ұрпағы, Абылай ханның немересі. 1841 жылы Кенесары хан сайланды, оның саясатының басты мақсаты қазақ хандығын қайта қалпына келтіру болды. Кенесары мемлекетті басқаруда шарифаттың негізгі ережелерін енгізді, сонымен бірге билер сотын қалпына келтірді. Мемлекет пен оның әскерін нығайту жолдарын жетік білетін хан мұсылмандық құқық ережелерін бекітті. Салық саясаты да оны тиімді жолмен жинауға бағытталды.



*Кенесары Қасымұлына арналған ескерткіш*



*Наурызбай батырға арналған ескерткіш*

1841 жылы Кенесары хан тағына отырғаннан кейін, көтеріліске қатысушылар әскери қимылын үдете түсті, олар қоқандықтардың елеулі күштері бекінген Жүлек, Ақмешіт, Жаңақорған, Созақ қамалдарын қоршауға алды.

1841 жылы Кенесары хан тағына отырғаннан кейін, көтеріліске қатысушылар әскери қимылын үдете түсті, олар қоқандықтардың елеулі күштері бекінген Жүлек, Ақмешіт, Жаңақорған, Созақ қамалдарын қоршауға алды.

**Наурызбай Қасымұлы** (1822–1847 – сұлтан, батыр, Абылай ханның немересі, Кенесарының туған інісі. 1837–1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысында ерекше ерлігімен көзге түскен. Наурызбай Кенесарының тапсырмасымен көтеріліске қарсы жергілікті басшыларды бағындыру, салық жинау, барлау, әскерді қару-жарақ және азық-түлікпен қамтамасыз ету, дипломаттық т.б. қызметтер атқарған. Ресей отаршылары мен Қоқан ханының озбырлықтарына қарсы соғыстардың барлығына қатысқан. 1841 жылы Кенесары хан болып сайланғанда хан кеңесінің мүшесі болған. Соғыста тапқыр, ұрыста батыл Наурызбай сөзге шешен, әнші-күйшілігімен, жауырыны жерге тимеген

палуандығымен аты шыққан, бұркіт, қаршыға, лашын ұстап, құсбегілікпен де айналысқан. Наурызбай 1847 жылы тұтқынға түскен ағасы Кенесарының қасына өз еркімен барып, қырғыз манаптарының қолынан қаза тапты. Оның көркем бейнесі Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай» дастанында, М.Әуезовтің «Хан Кене» пьесасында сомдалған.

*Қазақ энциклопедиясы, 7-том*



## XXI ғасыр оқырманына

Көкбайдың «Абылай – Кенесары», Нұрханның «Жасауыл қыргыны», Саяділдің «Кенесары» жырларын, М.Әуезовтің «Хан Кене» трагедиясын, І.Есенберлиннің «Қаһар» романын оқыңдар.



## Әдебиет теориясы

## Тарихи жырлар

**Тарихи жырлар** – белгілі тарихи оқиғаға байланысты туған эпикалық шығармалар. Мұнда оқиғаның дәлдігі сақтала бермейді, әр кезеңнің тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси бет-бедері көркемдік тұрғыдан қорытылып бейнеленеді. Бұл жанрда ру-тайпалық мақсаттар тасада қалып, жалпыхалықтық мемлекеттік мүдделер басты сипат алады. Батырлар жырында кездесетін ғайыптан туу, жар іздеу, құда түсу, батырдан туған ізбасар сияқты оқиғалар тарихи жырда кездеспейді. Қазақ ауыз әдебиетінде тарихи жыр төрт кезеңге бөлінеді:

*I кезең* – XIV–XVII ғасырларда Алтын Орда, Ноғайлы, Астрахань, Қырым хандықтарына қарсы феодалдық соғыстар суреттелген тарихи жырлар. Оларға «Едіге», «Нұраддин», «Орақ – Мамай», «Қарасай – Қазі», «Мұсахан», «Телағыс» т.б. жатады.

*II кезең* – XVIII ғасырдағы жоңғар-қалмақ шапқыншылығына қарсы жорықтарды қамтитын Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай, Өтеген, Жәнібек батырлар туралы жырлар.

*III кезең* – XIX ғасырда ұлт-азаттық, бостандық жолындағы күресті сипаттайтын жырлар: «Исатай – Махамбет», «Бекет батыр», «Досай батыр», «Жанғожа батыр» т.б.

*IV кезең* – XX ғасырдың басындағы төңкеріс жылдарындағы елеулі оқиғалар және 1916 жылғы патша өкіметіне қарсы халық көтерілісі жайындағы жырлар: «Туар ма екен бізге күн», «Еріксіз келдім елімнен», «Зарлы заман кезінде», «Құлақасқа», «Бекболат», «Ұзақ батыр», «Амангелді» т.б.

Қазақ әдебиетінде тарихи жырларды Үмбетей, Мұрат, Тілеміс, Нысанбай, Жанкісі, Шернияз, Жамбыл, Нұрпейіс, Мұрын сияқты ақын-жыраулар шығарған, толықтырып, өңдеп қайта жырлаған. Тарихи жырларға алғаш көңіл бөлген – Шоқан Уәлиханов.

*«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы*



## Тапсырма

«Кенесары – Наурызбай» жырының тарихи жыр екендігін дәлелдендер.



Махамбеттің тұлғасы көзі тірісінде-ақ қалың қазақ үшін ерліктің, өрліктің, батырлықтың белгісіне, ал жалынды жырлары азаттық дабылына айналып үлгерген болатын...

*С.Мақырұлы*

## МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ



МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ  
(1804–1846)

Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданында Бекетай құмында дүниеге келген. Махамбеттің ақындық, шешендік дарыны елге ерте танылып, жас кезінен батыр, палуан, мерген, домбырашы, ақын атанады.

Жәңгір хан өз беделін көтеру үшін жанына дарынды адамдарды жинайды. Орыс тілін жетік білген Махамбетті баласы Зұлқарнайынның ақылшысы етпек мақсатпен Жәңгір хан баласын Орынборға оқуға жібергенде, қасына Махамбетті серік етеді. Ханның баласын сеніп тапсыруының бір себебі Махамбеттің өрлігі, қайсарлығы болса, екіншісі – оның орыс тілін өте жақсы білгендігі. 1834 жылы Махамбет елге оралады. Бірақ халыққа істеп отырған хан қатыгездігін көрген ақын ханды мақтаушы емес, даттаушы болғандықтан, Ордадан қуылады. Ақын Жәңгір ханға:

### Зергер сөз

Менің атым – Махамбет,  
Жасқұстағы Жәңгір хан  
Ісінен болдым құса-дерт.  
Атасы өткен Айшуақ  
Соны көзі көрді ғой.  
Менің атам – Өтеміс  
Елдің қамын жеді ғой!

*Махамбет*

Хан емессің, қасқырсың,  
Қас албасты басқырсың.  
Достарың келіп табалап,  
Дұшпаның сені басқа ұрсын.  
Хан емессің, ылаңсың,  
Қара шұбар жылансың.  
Хан емессің аярсың,  
Айыр құйрық шаянсың, –  
деп бетіне айтады.

Хан сарайында он жылын, орыс жерінде бес жылын өткізген Махамбет сауатты, өз заманының алдыңғы қатарлы, көзі ашық, білімді адамы болды. Тарихи деректер Махамбеттің арабша, орысша білетіндігімен қоса, орыс зиялыларымен де таныс болғандығын көрсетеді. Сол жылдары орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкинмен кездесті деген де ғалымдардың болжамы бар.

### Зергер сөз

Азамат сыны – ерлік,  
Ерлік сыны – елдік.  
*М.Әуезов*

Батыр болмақ – ойдан-ды.

Туған ұлдан не пайда –  
Қолына найза алмаса,  
Атаның жолын қумаса.

Жауда қалса жолдасы –  
Мақтанады несіне ер?!

Толарсақтан саз кешіп,  
Тоқтамай тартып шығарға.  
Хас үлектен туған кәтепті,  
Қара нар керек біздің бұл іске.

Ханнан қырық туғанша,  
Қарадан біреу тусайшы,  
Атаның кегін қусайшы!

Ақсүйектің баласын  
Қара ұлына теңгеріп,  
Қоңыраулы найза өңгеріп,  
Жесірлерге жер бердім,  
Жетімдерге жем бердім –  
Сол ерліктен не көрдім?!

Ермін деген жігітті кеңші-  
лікте сынама.

Халық үшін қан төгем деп,  
Қараны ханға теңеп берем  
деп.

Ол мақсатқа жете алмай,  
Дегенімді ете алмай,  
Қор болдық-ау, шырақ-ай!  
*М.Өтемісұлы*

Инабат – ер азығы,  
Инабатты ер – ел қазығы.  
*С.Датұлы*

Махамбетпен таныс болған кісілердің ішінде орыс тілінің төрт томдық түсіндірме сөздігінің авторы, ғалым В.И.Даль, шығыс зерттеушісі Я.В.Ханыков, генерал В.А.Перовский, шекара комиссиясының председателі Г.Ф.Генс, геолог Гернгрес сияқты басқа да белгілі тұлғалар болған. Жазушы, саяхатшы Е.П.Ковалевский 1839 жылы Хиуа шекарасында Махамбетпен кездескені туралы: «Бір ауылға келіп тоқтағанымызда, біз бір киргизді (қазақты) кезіктірдік. Ол өз халқының арасында ерекше беделге ие болған адам... аз ғана уақыт ішінде бізге өзінің зор талантын, ақылдылығын да, шешендігін де танытып-ақ тастады. Мұндай қабілет Азия халқының және оның тілінің аса бір ерекшелік қасиеті ғой: ол өзінің айтпақ болған пікірлерін дәлелдеу үшін «Құраннан» да үзінділер келтірді, бірақ ол оны Бұхара мен Самарқанд медреселеріндегідей әбден мезіге айналған софистік жалпылауыштар емес, өзінің ұғынуына сәйкестеп талдады, сөйтіп ол бұл жағынан да терең білетінін аңғартты. Мен оны аса білімдар, орыс тіліне де жетік, сүйкімді жүзді, ер кейіпті, жайсаң жанды ізденімпаз адам, еліне шексіз берілген нағыз патриот, өз халқының ортасынан шыққан ардагер азамат ретінде таныдым», – деп, оның орыс тілінде тамаша сөйлей алатындығына таңданады.

### Даналық ойдан дән ізде

Махамбет бұрынғы-соңғы қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі саналуға тиіс... Махамбет жырлары – өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөз, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман-талабы... Бүкіл XIX ғасыр әдебиетінде қимыл мен күрес жырын Махамбеттей қып жырлаған ақын болған емес. Алды да, арты да бір өзі.

М.Әуезов

Махамбет – Абайға дейінгі ақындардың ақыны, Абылайдан кейінгі батырлардың батыры, Махамбет есімі – өмірдегі қасіреттің синонимі, өмірдегі қасиеттің символы. Махамбет өлеңі – «қазақ» сөзінің қайталанбас құдіреті, шығармалары тап-таза қорғасыннан құйылған ап-ауыр асыл сөз, басқа жер бетіндегі елдің өлең-жырында жоқ.

З.Қабдолов

Махамбет хан, сұлтандардан қысым көріп, Жайықтың бергі бетіне қаша көшкен халық толқуларына қатысады, оны ұйымдастырушылардың бірі болады. 1829–1831 жылдары Орал шекарасынан жасырын өткендігі үшін Қалмыков түрмесіне отырып, оба ауруы кезінде қашып шығады, көтеріліс басшысы Исатайдың тобына қосылады.

Көтеріліс кезінде туған алғашқы Махамбет өлеңдері – шаруалар толқуы туралы жырлар. Патша үкіметінің отаршылдық езгісі мен феодалдық қатыгез заманда халық қамын жеп, әділетсіздікке қарсы жалынды жырларымен көтерілістің рухани көсемі болуы ерлік еді. Махамбет – Шалғез, Доспамбет, Қазтуған сияқты батыр жыраулар мұрасын, олар негізін салған ерлік жырларды жалғастырушы ғана емес, сонымен қатар Қорқыт, Асанқайғыдан келе жатқан далалық сарынды да жақсы білген ақын.

Махамбет жырларынан батыр ақынның арманы мен мақсатын «Еділдің ен тоғайына елді қондыру», кедейленген халықты байытып, «Еділ бойына мал толтыру» екенін көреміз:

Еділдің бойы ен тоғай,  
Ел қондырсам деп едім.  
Жағалай жатқан сол елге  
Мал толтырсам деп едім...  
Ханнан қырық туғанша,  
Қарадан бір-ақ тусайшы,  
Халықтың кегін қусайшы! –

деп жырлайды.

Махамбет жырларындағы Исатай бейнесі – батырлық пен ерліктің символы. «*Исатай деген ағам бар*», «*Тарланым*», «*Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай*», «*Тайманның ұлы Исатай*», «*Мұнар күн*» атты өлеңдерінде елін ерлікке бастаған ердің бейнесі сомдалған.

Махамбет өзінің серігі, көтеріліс басшысы Исатайға арналған өлең-жырларында өз өмірінің мән-мағынасын халық мүддесі мен әділдік, теңдік үшін күресте деп танып, сол ізгі жолда жанын да, жарын да, аяулы ұлын да құрбан етуге барған күрескер бейнесін сомдады. «*Тайманның ұлы Исатай*» атты өлеңінде:

Тайманның ұлы Исатай,  
Ағайынның басы еді,  
Алтын ердің қасы еді.  
Исатайды өлтіртіп,  
Қырсық та шалған біздің ел, –

деп аяулы батырынан айырылған елге өкінішін білдірсе, «*Тарланым*» атты өлеңінде:

Арыстан еді-ау Исатай!  
Бұл фәнидің жүзінде,  
Арыстан одан кім өткен?! –

деп толғанады.

Ақын өлеңдерінен көтеріліс күндерінің әрбір оқиғасы айқын аңғарылады. Махамбет «*Соғыс*» деген өлеңінде көтерілістің ең шырқау шегіне жеткен күнін – 1837 жылғы 15 қарашадағы Исатай қолының Тастөбеде патша әскерімен соғысын суреттеген:

Исатай – басшы, мен – қосшы,  
Исатайдың сол күнде  
Ақтабан аты астында,  
Дулығасы басында,  
Зығырданы қайнайды...  
Қарап тұрсақ әр жерден  
Жау бір өрттей қайнайды.  
Қайнағанмен қоймайды,  
Мылтығын қардай боратып,  
Жетіп келді қамалға,  
Қамалды бұзып аларға...  
Жетім-жесір көп қалды,  
Хан әскері кенелді...

«Қазақ поэзиясындағы ғасырлар бойы дамуына шешуші себеп болған қозғаушы күш – ешқашан үзілмеген, толастамаған,

барған сайын үдей түскен азаттық идеясы. Бұл – Махамбет талантының қайнар көзі, асау ағысы», – деп академик З.Қабдолов атап көрсеткендей, ақын азаттық үшін, қазақ жері үшін:

Еділ үшін егестік,  
Жайық үшін жандастық,  
Қиғаш үшін қырылдық,  
Тептер үшін тебістік.  
Теңдікті, малды бермедік, –

деп жырлайды.

#### Даналық ойдан дән ізде

Махамбет өлеңдерінде халқымыздың өзіндік болмысы, қайсарлығы, бодандыққа бас имес еркіншіл ер рухы атойлап, «мен мұңдалап» тұрады. Өйткені оның өлеңдері – ту ұстап, қол бастаған, халқына «қатарымызға қосыл, бостандық үшін алыс» деп ұран тастаған қас батырдың, осы мақсатын тыңдаған жұрттың жүрегін жандыра, намысын қоздыра айтқан ақынның жан сыры, осы мұратқа бар ғұмырын арнаған азаматтың өмірінің ұлы мақсаты, тәуелсіздік ұраны.

*Ж.Шайкенов*

Махамбет поэзиясындағы ақын образы туралы З.Қабдолов: «Махамбет екі образ жасады, – дейді академик Қ.Жұмалиев. – Бірі – Исатай образы, екіншісі – Махамбеттің өз образы». Дәл айтқан: Махамбет бірнеше толғауында «алтын сөздермен» майдандас ағасы «ақ кіреуке жағасы» Исатай Тайманұлының ол басшы, бұл қосшы боп қасында бірге жүрсе де, ұсынса қолы жетпес алыс «арманының, таудан мұнартып ұшқан тарланының, кермиығы – кербезінің, керіскедей шандозының, құландай ащы дауыстының, құлжадай айбар мүйіздінің, қырмызыдай ажарлының, Хиуадай базарлының, теңіздей терең ақылдының, тебіренбес ауыр мінездінің» тастан қашалғандай сом тұлғасын өуелі осылай мүсіндеп, мінездеп алады да, одан әрі бұл суретті қимылсыз статика қалпында қалдырмай, алай-дүлей асау динамикаға көшіріп, асқақтата, аспандата шырқап өкетеді:

Садағына сары жебені салдырған,  
Садағының кірісін  
Сары алтынға малдырған.  
Тереңнен көзін ойдырған,  
Сұр жебелі оғына

Тауықтың жүнін қойдырған.  
 Маңдайын сары сусар бөрік басқан,  
 Жауырынына күшіген жүнді оқ шанышқан.  
 Айқайласа белдігі байланған.  
 Астана жұртын айналған;  
 Атына тұрман болсам деп,  
 Жұртына құрбан болсам деп,  
 Адырнасын ала өгіздей мәңіреткен.  
 Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен,  
 Атқанын қардай боратқан,  
 Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан –  
 Арыстан еді-ау Исатай!  
 Бұл фәнидің жүзінде  
 Арыстан одан кім өткен?!

Осыдан артық батырдың бейнесін жасау мүмкін бе? Текті заты тұрмақ, астына мінген атына дейін аңызға айналған қарақыпшақ Қобыландының өзі тағы да Махамбетше айтқанда, «толғай-толғай оқ атқан, он екі тұтам жай тартқан, қабырғасын қақыратқан, тебінгісін тесе атқан, тізгінінен кесе атқан» теңдессіз ер, көзсіз батыр болса, осындай-ақ болған шығар...

Батыр, ақын, қолбасының сөз өнеріндегі мәңгілік бейнесін осылай сомдады да, бұрқанған күшке, бұла қайратқа, шиыршық атқан жігерге, ызалы ашуға, ақылды нақылға толы өлең-жырын тұтастай алғанда өзінің автопортретіне айналдырды. «Махамбеттің өз образы» деген – сол! Өйткені оның «қорғасыннан құйылған» ап-ауыр әр сөзінен Өзін танимыз», – дейді.

Махамбет *«Еңселігім екі елі»* деген өлеңінде өзінің портретін жасап, өз тұлғасын:

Еңселігім екі елі,  
 Егіз қоян шекелі,  
 Жараған теке мүшелі,  
 Жауырыны жазық, мойны ұзын,  
 Оқ тартарға қолы ұзын,  
 Дұшпанына келгенде  
 Тартынбай сөйлер асылмын,  
 Дулығалы бас кескен,  
 Ту түбінен ту алған,  
 Жауды көріп қуанған,

**Сөзмаржан**

**Сарын** – 1) ән жанрының бір қалыпты дауыспен, ырғақты айталатын түрі; 2) әуен, саз, ырғақ.

**Қиянат** – зорлық-зомбылық, озбырлық, қорлық.

**Бұқара** – еңбекші қауым, жұртшылық.

**Дауылпаз ақын** – азаттық, бостандықтың жаршысы.

**Хорунжий** – казак әскеріндегі офицерлік шен.

**Тархан** – ертеде тоғыз рет ерлік жасаған адамға берілетін жоғары атақ, лауазым.

**CD 06**

Дискіден «Мен – мен едім, мен едім» өлеңін тыңдап, Махамбет өлеңдеріндегі ақынның өз бейнесі туралы ой бөлісіңдер.

Мен – Өтемістің баласы  
Махамбет атты батырмын, –  
деп ерекше көркем бейнелейді.

Махамбет өмір сүрген заман – көтеріліс, күрес, жорық, қуғын-сүргін жылдары. Ақын азаттық үшін күрестің алдыңғы шебінде Исатай Таймановпен бірге жүрді, қол бастады, жырларымен көтеріліске дем беріп, дауылды жылдардың жалынды жыршысы болды. Махамбет өмірін оның өлеңдерінен анық көруге болады. Жыраулар поэзиясының «мендік» дәстүрін жалғастырған ақын: **«Менің атым – Махамбет!»**, **«Мен – Өтемістің баласы Махамбет атты батырмын»**, **«Мен – мен едім, мен едім»**, **«Мен – құстан туған құмаймын»**, **«Боз ағаштан биік мен едім»**, – дейді. Бұл туралы академик С.Қасқабасов: «...алда арманы көп, албырт шағында адам өзін барынша артық бағалап, асып туған батыр сезінген, сондай болуды көздеген. Ойын ашық айтып, өзінің образын сомдаған. Ол өзінің бет әлпетін, дене құрылысын суреттеумен қатар, өзін жұртқа таныстырды. Сөйтіп, өзінің кім екенін, нені көксейтінін хабарлап, тіпті өзінің мінезін бірге көшіріп отырған», – деп пайымдайды.

Махамбеттің өзге жайын, ел қамын ойлап, «Ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып» жүргендегі мақсат-мүддесі – елінің ертеңі, азаттығы. Халқы үшін семсерімен де, сөзімен де қайрат көрсеткен, сол жолда құрбан болған Махамбет батыр **«Мен – мен едім, мен едім»** өлеңінде өз бейнесін ашады:

Боз ағаштан биік мен едім,  
Бұлтқа жетпей шарт сынбан.  
Ел құтқарар ер едім,  
Жандаспай-ақ бір тынбан.  
Томағалы сұңқар мен едім,  
Толғамалы найзамен,

Толықсып жауға шапқанда,  
Бір озғанмын жұртымнан.

Мұндағы «Мен» – Махамбеттің бүкіл болмысы, Махамбеттің күрескерлік әлемі, Махамбеттің батыр жүрегі. Осы «Мен» арқылы оның ісі, батырлығы, ерлігі, елге деген махаббаты, елдің тәуелсіздігіне деген жауапкершілігі, дұшпанына деген ыза-кегі көрінеді.

Көтеріліс кезінде туған өлеңдерінде дауылпаз ақын ата жауымен айқастың қанды қырғын, қаталдығын толғап:

Толарсақтан саз кешіп,  
Тоқтамай тартып шығарға.  
Қас үлектен туған қайтіп  
Қара нар керек біздің бұл іске.  
Қабырғасын қаусатып,  
Бір-біріндеп сөксе де,  
Қабағын шытпас ер керек, –

деген түйін айтады.

Көтеріліс жеңіліп, Ақбұлақтағы айқаста Исатай қаза тапты. Исатайды жоқтаған «*Мұнар күн*» өлеңі осы тұста туды:

Мұнар да мұнар, мұнар күн,  
Бұлттан шыққан шұбар күн...  
Біздей тақ мейманасы тасқанға,  
Біздің ер Исатай өлген күн...  
Желпілдеген ала ту  
Жиырылып ойға түскен күн...  
Хас бәйтерек жығылып,  
Жығылғаны естіліп,  
Алыстағы дұшпаннан  
Жақындағы «достының»  
Қуанып көңілі тынған күн.

Ақын Исатай қазасын елге келген қайғы ретінде көрсете білген. Күреске шақыру, «ата жаумен айқасу» идеясы – ақын өлеңдерінің негізгі өзегі. Исатай өлімінен кейін де Махамбет болашаққа сенеді, Исатайдың тірі кезіндегідей «жалаулы найза қолға алып, жау тоқтатар» күндерін іздейді. Бұл туралы «*Ұлы арман*» атты өлеңінде:



Орама мылтық тарс ұрып,  
 Жауға аттанар күн қайда?  
 Елбең-елбең жүгірген,  
 Ебелек отқа семірген,  
 Арғымақтан туған асылды,  
 Баптап мінер күн қайда?  
 Түлкідейін түн қатып,  
 Бөрідейін жол тартып,  
 Жауырынына мұз қатып,  
 Жалаулы найза қолға алып,  
 Жау тоқтатар күн қайда? –

деп толғанады.

Махамбет өзінің «*Ереуіл атқа ер салмай*» өлеңінде:

Ереуіл атқа ер салмай,  
 Егеулі найза қолға алмай  
 Еңку-еңку жер шалмай,  
 Қоңыр салқын төске алмай,  
 Тебінгі терге шірімей,  
 Терлігі майдай ерімей,  
 Алты малта ас болмай,  
 Өзіңнен туған жас бала,  
 Сақалы шығып жат болмай,  
 Ат үстінде күн көрмей,  
 Арып-ашып шөл көрмей,  
 Өзегі талып ет жемей,  
 Ер төсектен безінбей,  
 Ұлы түске ұрынбай,  
 Түн қатып жүріп түс қашпай,  
 Тебінгі теріс тағынбай,  
 Темір қазық жастанбай,  
 Қу толағай бастанбай,  
 Ерлердің ісі бітер ме?! –

деп, қойған мақсатты орындап шығу үшін қандай қиыншылық болса да шыдап, күресте табанды болуға шақырады.

Ақын «*Мұңайма*» атты өлеңінде хан әскерлерінің көтерілісшілерге, қара халыққа жасаған қысымы мен қиянатын айта келіп, жолдастарын мұңаймауға шақырады:

Ханның ісі қатайды,  
Азамат ерден бақ тайды.  
Қанды көбе киініп,  
Ұрандап жауға тигенде,  
Кім жеңері талайды,  
Жолдастарым, мұңайма!

Махамбеттің болашаққа деген сенімі:

Асылдан болат ұл туса,  
Екі жақ болып келгенде,  
Егескен жерде шарт кетер,  
Жауырыннан өтін алса да,  
Жамандарға жалынбас... –

деген өлең жолдарымен өріле келіп, ақынның келешек ұрпақтан күтер үміті көрінеді.

Ақын өмірінің соңғы кезіндегі көңіл күйінің көрінісін *«Бағаналы терек жарылса»* атты өлеңінен байқауға болады:

Бағаналы терек жарылса,  
Бақыраш жамап болар ма?  
Қарағайға қарсы бұтақ біткенше,  
Еменге иір бұтақ бітсейші,  
Қыранға тұғыр қыларға.  
Ханнан қырық туғанша,  
Қарадан бір-ақ тусайшы,  
Халықтың кегін құсайшы,  
Артымыздан біздердің,  
Ақырып теңдік сұрарға.

Исатай бастаған көтеріліс жеңіліс тапқан соң, ақын елден жырақ, қуғында жүреді. Көп жыл қуғын-сүргіннен шаршаған Махамбетті Жайық бойында, Қараой мекенінде жалғыз үй отырғанда Баймағамбет сұлтанның жіберген адамдары қайғылы қазаға ұшыратты.

Махамбет өлеңдері – батылдыққа, қайсарлыққа тәрбиелейтін, өз заманындағы халық бұқарасының мүддесін қорғаған, елдің жоғын жоқтаған шығармалар.

## Даналық ойдан дән ізде

Махамбет... Махамбет...  
 Білмеймін жел ме, сел ме,  
 Жырда онымен бір тұлға теңесер ме?  
 Әділетсіз дүниенің қабырғасын,  
 Махамбетше сәгер жан кездесер ме?

Ф.Оңғарсынова

Махамбет – табиғаттан қалаған уақытында табыла бермейтін асылдай аса сирек кездесетін құбылыс. Ондай құбылыс тек қазақ түгіл, барша адамзаттың ғұмырында да көп кездесе бермеген. Махамбет – кәдімгі он екі жілік, бір мығым жұмырбасты пенденің ертегідегідей аңызға айналуының, тек ертегіде ғана кездесетін ғажайып ерлердің қайтадан шындыққа айналуының таптырмас бір мысалы.

Ә.Кекілбаев

## Артық болмас білгенің

Махамбет ақындығымен қатар шебер күйші де болды. Оның 11 күйі 1982 жылы «Шашақты найза, шалқар күй» деген атпен жарық көрді. Ақын өлеңдерінің халық арасына тарауына Ш.Жарылғапұлы, Қуан ақын, кішкене Қобыланды, Қубала, Лұқпан, Мұрат, Ығылмандар көп еңбек сіңірді. Алғаш 1908 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Мұрат ақынның Ғұмар қазы оғылына айтқаны» атты жинақта Махамбеттің 100 жолдан астам 2 толғауы басылды. Ғ.Мұштақ құрастырған «Шайыр яки қазақ ақындарының басты шығармалары» жинағында Махамбет толғауынан үзінділер берілді. 1939 жылы Қ.Жұмалиев ақын өлеңдерінің жинағын шығарды. 2003 жылы Махамбет Өтемісұлының 200 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО шеңберінде кең түрде аталып өтіліп, 4 томдық жинағы жарыққа шықты. Интернетте Махамбет сайты ашылды. Нұр-Сұлтан қаласындағы Оқушылар сарайына ақын есімі берілді. Ресейдің «Выборг кеме жасау зауыты» ААҚ Қазақстанның тапсырысы бойынша «Махамбет» атты мұнай құю танкерін жасап шығарып, суға түсірді. Атырау облысында Махамбет атында аудан, ауыл, көше бар. Ақын қайтыс болған Атырау облысының Индер ауылынан 40 шақырым жерде кесенесі тұрғызылды. Белгілі антрополог Ноэль Шаяхметов Махамбеттің бет-бейнесін жасап шығарды. Махамбет туралы тебірене жыр жазбаған қазақ ақыны кемде-кем. Олардың қатарында М.Шахановтың «Нарынкұм зауалы», Ф.Оңғарсынованың «Алмас қылыш» және М.Сатыбалдиевтің «Махамбеттің монологі» атты өлеңдері мен поэмалары бар.

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы

## Бағалы дерек



Исатай Тайманұлы



Жеңгір хан

**Исатай Тайманұлы** (1791–1838) – Бөкей ордасы мен Кіші жүздің батыс бөлігінде болған азаттық көтерілісінің басшысы, халық батыры. Жоңғар шапқыншылығы кезінде атағы шыққан Ағытай батырдың ұрпағы. Жасынан өзінің тапқырлығымен, қабілетімен көзге түсті. 1814 жылы Орынбор Шекара комиссиясына Бөкей ханның ұсынысымен старшиналыққа бекітіледі.

**Жеңгір хан** (1801–1845) – Бөкей Ордасының соңғы ханы, Әбілхайыр ханның шөбересі, Нұралы ханның немересі, Бөкей ханның ұлы, генерал-майор, шын аты – Жиһангер.

1823 жылға дейін Жеңгір еуропаша білім алады. Сол жерде хандықты әкімшілік тұрғыдан басқару әдіс-тәсілдерін үйренеді. 1823 жылдан бастап, билік хан тағының заңды мұрагері Жеңгірдің қолына көшеді.

Бөкейұлы Жеңгір хан билік құрған кезеңде саяси жағдай шиеленісіп тұр еді. Жеңгір ханның жүргізген саясатының ақыры И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы (1836–1837) бастаған шаруалар көтерілісіне әкеліп соқтырды. Жеңгір хан көтерілісті Ресей әскерінің көмегімен басып тастайды.

Жеңгір хан сауатты адам болған. Ол араб, парсы, орыс, татар, неміс тілдерін жақсы білген. 1841 жылы Ордада Жеңгір хан өз қаражатына жоғары мектеп ашқан. Сол жылы Жеңгір Бөкейұлы Қазан университеті жанындағы ғылыми кеңеске құрметті мүше болып сайланып, 1843 жылы генерал-майор атағын алады. Ол қазақ шежіресін жинаумен, халықтың әдеби шығармаларымен шұғылданып, өзі де көптеген эпикалық туындылар жазған. 1844 жылы қазанда Жеңгірдің «Мұхтасар әл-Фикғайат» атты еңбегі жарық көрген.

Жеңгір хан тұсында Бөкей ордасында басқарудың жаңа жүйесі енгізіліп, хандық билер басқарған 12 әкімшілік орталыққа бөлінеді. Билер мен хандар кеңесі, тархандар институты қайта құрылған. Ол отырықшы өмірді жақтады, сондықтан да бұл үрдістің өріс алуы үшін жерге жекеменшікті енгізген. Ол салық жинауды күшейту бағытында да бірқатар істер атқарды. 1845 жылы Жеңгір хан кенеттен белгісіз жағдайда қайтыс болған. Ол Бөкей ордасының үшінші және ең соңғы ханы болды.

*«Белгілі адамдар өмірінен»  
энциклопедиясы*

## Махамбет жырларындағы қанатты сөздер

Жақсыменен дос болсаң,  
 Айырылмас күні қос болсаң,  
 Басыңа қиын іс түссе,  
 Алдыңнан шығар өбектеп,  
 Жаныңа не керек деп.  
 Жаманменен дос болсаң,  
 Айырылмас күні қос болсаң,  
 Басыңа қиын іс түссе,  
 Басқа кетер бөлектеп,  
 Қолдан берер есеп дер.  
 Сыртыңнан жүрер өсектеп.

\* \* \*

Қыран құстың баласы  
 Ұшса, келмес ұяға.  
 Асыл ердің баласы  
 Жауды көрсе шыдамай,  
 Көзін салар қияға.

\* \* \*

Бұл дүниенің жүзінде  
 Айдан ару нәрсе жоқ –  
 Түнде бар да, күндіз жоқ.  
 Күннен ару нәрсе жоқ –  
 Күндіз бар да, түнде жоқ.  
 Көшпелі дәулет кімде жоқ –  
 Бірде бар да, бірде жоқ.

\* \* \*

Шын ажалың жетпесе,  
 Ажалдан бұрын өлмессің.  
 Жалаңаш бар да, жауға ти.

\* \* \*

Айырдан туған жампоз бар,  
 Нарға жүгін салғысыз.  
 Жаманнан туған жақсы бар,  
 Адам айтса нанғысыз.

Жақсыдан туған жаман бар,  
Күндердің күні болғанда,  
Жарамды бір теріге алғысыз.

\* \* \*

Ат – жігіттің майданы,  
Қылыш – жанның дәрмені,  
Өлім – хақтың пәрмені.  
Атақты ермен бірге өлсе,  
Жігіттің болмас арманы.  
Өте шыққан қызыл гүл –  
Бұл дүниенің жалғаны.



### Тапсырма

Өздеріңе ұнаған нақыл сөзді жаттап алыңдар.

1

Білу

1. Махамбет Өтемісұлы туралы не білдіңдер?
2. Махамбеттің қандай шығармаларын білесіңдер?
3. Исатай-Махамбет көтерілісі қай кезде, қай жерде болды? Маңызы қандай?
4. Ақынның күйлерін атаңдар.

2

Түсіну

1. Махамбеттің Орынборға бару себебін түсіндіріңдер.
2. Махамбеттің қандай қасиетін ерекше атап айтар едіңдер? Неліктен?
3. Махамбеттің хан-сұлтандарға жау болу себебі неде?
4. Исатай мен Махамбет бастаған көтерілістің туу және жеңілу себептерін түсіндіріңдер. Жауаптарыңда тарихтан алған білімдеріңді пайдаланыңдар.

3

Қолдану

1. Махамбет поэзиясы туралы баяндап беріңдер. Өз таңдауларың бойынша өлеңін жаттап алыңдар.
2. Хрестоматияда берілген Махамбет өлеңдерінен сөзбен өрілген Исатай бейнесін сомдаңдар.
3. Тақырып бойынша түйген ойларыңды «Ақылдың алты қалпағы» тәсілі арқылы түсіндіріңдер.

«Ақ қалпақ» – ақын өлеңдерінде көтерілген мәселеге қатысты талассыз деректерді келтіреді;

«Сары қалпақ» – кейіпкерлер өмірінің сәтті кезеңдерін баяндайды;

«Қара қалпақ» – кейіпкерлер өмірінің сәтсіз тұстарына тоқталады;

«Көк қалпақ» – талдау жасайды, топтар «Не үшін? Неге? Неге байланысты?» деген сұрақтарға жауап іздейді;

«Жасыл қалпақ» – кейіпкерлер өміріне қатысты тың идеялар мен болжамдар ұсынады;

«Қызыл қалпақ» – ақын өлеңдерін оқу барысында бастан кешірген сезімдерін тұжырымдайды.

4. Ақын өлеңдерінің идеясы негізінде әдеби эссе жазыңдар.

4

Талдау

1. «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» өлеңіндегі ақынның өзін Баймағамбет сұлтанмен салыстырған теңеу сөздерін табыңдар, салыстырыңдар.
2. Хрестоматияда берілген Махамбет өлеңдерін салыстырыңдар, ортақ тақырыбын анықтаңдар, ой үндестігін табыңдар.
3. Венн диаграммасы арқылы Махамбетті Наурызбай батырмен салыстырыңдар.



5

Жинақтау

1. Махамбет өлеңдеріндегі батыр қандай? Ол кім? Идеяларыңды топтастырыңдар.
2. «Мен – мен, мен едім» өлеңіндегі ақын образы туралы ойларыңды жинақтап, топтастыру арқылы көрсетіңдер.
3. «Бағаналы терек» өлеңінің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

6

Бағалау

1. Пікірлеріңді білдіріңдер: егер көтеріліс жеңілмесе, оқиғалар қалай өрбір еді? Исатай қаза таппаса, Махамбет тағдыры қалай болар еді?

2. Өзге елде зерделі ақын бар ма осындай, Салмағы әр сөзінің қорғасындай. Көңілде өзгермейтін табы қалған, Тарихтың тасқа соққан таңбасындай, – деген өлең жолдарының Махамбетке қандай қатысы бар деп ойлайсыңдар?
3. Махамбет өлеңдерін оқығанда көз алдарыңа елестеген тұлға туралы 5–7 сөйлемнен тұратын мәтін құрастырыңдар.
4. Ақын О.Сүлейменовтің «Махамбетке» өлеңін мәнерлеп оқыңдар, өлеңнің идеясы туралы ойларыңмен бөлісіңдер.

### Махамбетке

Қас жауыңды  
 Ел алдында жазықты  
 Жерге қағып жіберіпсің қазық қып.  
 Қайсар бопсың, бірақ сенің жырыңның  
 Ар жағында жатады бір нәзіктік.  
 О, даланың жолбарысы,  
 Көкжалы:  
 Өзіңнен бе?  
 Сөзіңнен бе?  
 Әйтеуір,  
 Сенен кепті дейді ханның ажалы.  
 Дұшпаныңнан қайтты кегің,  
 Қайтты есең.  
 Айтып сапсың ақиқатты,  
 Айт десе.  
 Қандай бақыт ақын болып туғаным,  
 Сені ақын деп білер ме едім, әйтпесе!

*(Қазақ тіліне аударған Қадыр Мырза Әлі)*

#### Артық болмас білгенің

Махамбет сөзінің ел ішінде көп жайылғаны – Баймағамбет сұлтанға айтқаны. Ісін аяқтаймын деп, Исатайдан кейін Махамбет біраз уақыт әуре болып жүреді. Бірақ елді біріктіре алмайды. «Исатайдың жолдастарын, оның ішіндегі Махамбет секілді батырларын ұста» деген өкіметтің қатал бұйрығы шыққан. Махамбет ел ішінде жүре алмайтын болған. Махамбеттің ақыры ұсталатынына көзі жеткен соң, басы Үбі, Байнақ дегендер болып, Махамбетті Баймағамбет сұлтанға алып барады. Баймағамбеттен өкіметке ұстап бермейтін қылып, ел ішінде жүре



беруге рұқсат алып береді. Билердің сөзін қабылдаған соң, Баймағамбет батырды үйіне шақырып танысады. Батыр үйге қару-жарағын тастамай кіреді. Баймағамбет батырдан: «Бір-екі ауыз өлең айтыңыз», – деп өтініш қылады. «Менің сөзім сізге жақпас», – деп батыр айта қоймайды. Баймағамбет қайта-қайта өтініш қылады. Сонда Махамбет Исатайды жоқтап отырып, Байекені сыбап, белгілі өлеңін айтады. Байекенің қасындағы жас төрелер батырдың сөзіне ашуланып қызған екен: «Бұлай айтпаса, Махамбет батыр бола ма, батырдың сөзін көтермесем, мен хан болам ба?» – деп, Байеке оларды тоқтатыпты-мыс. «Ұялғаннан кірерге жер таба алмадық. Ханның бетіне қарай алмадық, кеткенше асық болдық», – деп ертіп барушылар айтқан екен-мыс. «Сөзімді жаратпай бірдеңе десе, со жерде Байекені қасындағы жолдастарымен жарып тастайын деп отыр едім», – деп Махамбет соңынан айтыпты-мыс.

*Х.Досмұхамедұлы*



### XXI ғасыр оқырманына

Махамбет Өтемісұлы туралы Н.Шөрековтің «Исатай – Махамбет» поэмасын, Ж.Молдағалиевтің «Кен» өлеңін, М.Шахановтың «Қарақұм» трагедиясын, М.Неталиевтің «Арыстан еді-ау Исатай» шығармасын, Ф.Оңғарсынованың «Алмас қылыш» өлеңін, Т.Әлімқұловтың «Қараой» әңгімесін, Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романын оқып алыңдар.



### Әдебиет теориясы

#### Деректі әдебиет

**Деректі әдебиет** – нақты жайттар мен белгілі адамдар, болған оқиғалар мен өмірде шындығы басым дүниелер төңірегінде жазылатын шығармалар. Яғни деректі шығармада өмір шындығы анық көрінеді. Себебі онда нақтылық басым. Тарихи тұлғалардың өмірі туралы жазылған шығармалар оқырманды қызықтырады. Жазушылар мен қоғам қайраткерлерінің, танымал адамдардың күнделіктері де жеке адамның ішкі жан дүниесін, адам ретіндегі болмысын нақты ашып көрсететін деректі дүние болып табылады.

*Ө.Әбдіманұлы*



#### Тапсырма

Деректі әдебиетке мысалдар келтіріңдер.

Шоқанның ұлылығы соншама, біз оны енді ғана толық түсіне бастағандаймыз. Шоқаны бар ел – шоқтығы биік ел.

*Ф.Мүсірепов*

## ШОҚАН УӘЛИХАНОВ



ШОҚАН УӘЛИХАНОВ  
(1835–1865)

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде 1835 жылы дүниеге келген. Оның шын аты – Мұхамедханафия. Анасы Зейнеп Шорманқызы мен әжесі Айғаным «Шоқан» деп еркелетіп атап кеткен екен. Шоқанның балалық шағы сұлулығымен тамсандырған Көкшетауда, Сырымбет тауының баурайында өтеді.

Шоқанның ата-бабалары атақты сұлтандар әулетіне жатады. Оның арғы атасы Абылай хан XVII ғасырдағы айбынды қазақ билеушілерінің бірі болса, атасы Уәли патша өкіметі ресми түрде бекіткен қазақтың соңғы ханы еді. Әкесі

Шыңғыс Омбы әскери училищесін бітірген, Көкшетау округінің аға сұлтаны қызметін атқарған. Ал Шоқанның нағашылары Баянауыл өлкесіндегі атақты Шормановтар әулеті болатын.

Шоқан бала кезінен білімге аса құштар болып, тарихи аңыз-өңгімелерді, дана билердің аузындағы сөздерді, ақындардың өлең-жырларын үлкен ықыласпен тыңдап өсті. Сұлтандар әулетінен шыққан әжесі Айғанымның Шоқанның ақылды, зерек болып өсіп-жетілуіне қосқан үлесі зор болды. Ықпалды да беделді

### Зергер сөз

Егер қырғыз халқының арасында Шоқанды оқи алатын орта болса, ол өз халқының кемеңгері, өз елі әдебиетінің қайта өркендеуінің басы болар еді.

*Г.Н.Потанин*

Шоқан ақынжанды адам еді. Оған араб өлеңдері қатты ұнайтын және ол өзінің ұстазы Костылецкиймен бірге сол өлеңдерге рақаттанып, мәз болып отыратын.

*Н.М.Ядринцев*

әжесі ертегілер мен ежелгі қазақ аңыз-әңгімелерін, мақал-мәтелдері мен даналық сөздерін бала Шоқанның құлағына құйып отырды. 12 жасына дейін Құсмұрындағы мектепте оқып, араб, парсы, шағатай тілдерін ерте танып өскен Шоқанға кейін Орта Азияны зерттеу қиынға түспейді.

Сонымен қатар ол үйлерінде жиі болатын орыс суретшілерінен сурет салуды да ерте үйренеді. Шоқан өскен қадірлі ортада академик А.И.Шренк, декабристер С.М.Семенов, В.И.Штейнгель, Н.В.Басаргин, Қазан университеті түлектері С.Сотников, Н.Ф.Костылецкий жиі болған. Өз заманының алдыңғы қатарлы зиялы адамдарымен таныс болған Шоқан терең білімге бет қояды. Бұған қоса Шоқан бала кезінен саяткерлікті сүйеді, аңшылықты ұнатады. Кейін бұл туралы досы Г.Н.Потанин: «Шоқан қазақтардың қызық көретін бұл салтымен бала кезінен-ақ шұғылданған болуы керек, өйткені ол сұңқарды қалай баптап-күтудің әдісін және де қазақтардың жалпы аңшылық кәсібін өте жақсы білетін», – деп таңдана жазды.

Шоқан жас кезінен халық ауыз әдебиетінің үлгілеріне ерекше ден қойды. Ол бала кезінің өзінде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Көкше» сияқты дастандардың бірнеше нұсқасын жазып алды.

Патша өкіметінің қазақ даласын меңгеру саясаты хандардың, төре-сұлтандардың баласын орыс мектептерінде оқытып, өздеріне қазақ халқын солар арқылы билейтін көмекшілер дайындау болды.

Шоқанның әкесі Шыңғыс жасында Омбы қаласындағы офицерлер мектебінде оқып, білім алған кісі еді. Әкесі Шоқанды патша үкіметіне қызмет қылып, шен алсын, өзімдей сұлтан болсын деген оймен 1847 жылы Сібірдегі ең таңдаулы оқу орны деп есептелінетін Омбы кадет корпусына түсіреді. Өзінің зеректігімен көзге түскен Шоқан қатарының алды болады.

#### Бағалы дерек

Шоқанның туған жері неліктен Құсмұрын деп аталатындығын жазушы Сәбит Мұқанов «Аққан жұлдыз» романының бірінші кітабында: «Бекіністің сырт желкесіндегі қырқаның тұмсығы сағымды күндері алыстан қараған адамға... қонғалы келе жатқан алып құстың тұмсығына ұқсауына қарай...», – деп түсіндіреді.

Шоқан алғашқы жылдары-ақ өзінің оқуға қабілеті мен бейімділігін танытты. Ол әскери пәндерді, сондай-ақ географияны, орыс және Батыс Еуропа халықтары әдебиетін, тарихты, философия негіздерін, өсімдіктануды, жануартануды, физиканы, математиканы, геодезияны, құрылыс салу өнерін, сызуды, сурет салуды, шет тілдерін және басқа да пәндерді зор ынта қойып оқыды. Осында шығыс

тілдері саласындағы білімін тереңдетіп, орыс тілін де жақсы меңгеріп алады. Бұл туралы Шоқанмен бірге оқыған Г.Н.Потанин: «Өзінің орыс жолдастарын басып озып, Шоқан тез жетілді. Оған талайлар-ақ назар аударды. Ол сондай қабілетті еді және оқу орнына түспей тұрып-ақ, сурет сала білетін», – дейді.

Өз бетімен міндетті пәндерден басқа қосымша әдебиеттерді көп оқып, кадет корпусы оқытушыларының көзіне түскен бала Шоқанға олар болашақтағы зерттеуші-шығыстанушы ретінде қарай бастады. Омбыда Шоқан география, шығыстану, философия, тарих жайындағы басылымдармен кеңінен танысады. Омбыда болған кезінде орыс зиялыларымен байланыста болуы Шоқанға қатты әсер етті, орыс және еуропа мәдениетіне деген қызығушылығының тууына ықпал етіп, Шоқан аса көрнекті орыс және шетел ақындары мен жазушылары А.Пушкиннің, М.Лермонтовтың, Н.Гогольдің, Ч.Диккенстің және басқалардың шығармаларын зор сүйіспеншілікпен қызыға оқиды.

Кадет корпусында Шоқанмен бірге оқыған С.Я.Капустин ол туралы: «Шоқан көрікті, аса сымбатты болды. Бет әлпеті оның қайырымдылығы мен бекзаттығын айқын танытып тұратын. Шоқан өз кезеңінің жан-жақты, аса терең білімді адамы болды. Әсіресе, ол тарихты жақсы білетін және ғылым мен әдебиет саласында да зор білімділігімен көзге түсті. Шоқан өз ойын бейнелеп, тартымды жеткізе білетін асқан шешен болатын», – деген пікір айтты. Болашақ ғалымның зерттеушілік қабілеті де осы кезде оянса

керек. Шоқан белгілі шығыстанушы ғалым И.Н.Березиннің тапсырмасы бойынша Тоқтамыс ханның «Жарлығына» талдау жасайды. Бұл оның тұңғыш ғылыми еңбегі еді.

Тамаша білім алып шыққан Шоқан түрлі ғылыми экспедицияларға белсене қатысты. Бұл туралы ол Омбыда оқып жүрген жылдарында армандайтын. Қазақ даласын және онымен шекаралас жатқан елдердің



Шоқан Уәлиханов

аумағын, ондағы халықтардың тарихы мен жағдайын жақсы білетін Шоқанға орыс зерттеушілері де қатты қызығатын.

Шоқан Уәлиханов – Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуге орасан зор үлес қосқан дарынды

ғалым. Ол қысқа ғұмырында өте ауқымды ғылыми-шығармашылық мұра қалдырды. Оның «Абылай», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Үлкен орда қырғызқайсақтары туралы» т.б. еңбектері құндылығымен, өзектілігімен ғылыми ортада жоғары бағаланды. Шоқанның қазақтардың, сондай-ақ Орта Азия халықтарының өмірінен салған 150-ден астам суреті сақталған. Ол – қазақтан шыққан алғашқы кәсіби суретшілердің бірі.

Ұлы қазақ ғалымы, ағартушысы Ш.Уәлиханов туған халқының білімді, мәдениетті болып, бақытты да азат өмір сүруін армандады.

Кішкентай күнінен қазақтың бай ауыз әдебиетінен сусындап өскен Шоқан осы бай қазынаны орыс халқына, әрі қарай әлемге танытушы да болды. Ол «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын хатқа түсіріп, Н.Ф.Костылецкийге ұсынады, ал ол оны Санкт-Петербург университетінің профессоры И.Н.Березинге табыс етеді.

Кадет корпусын 18 жасында 1853 жылы бітірген Шоқан Омбы қаласында әскери қызметін бастайды. Бір жылдан соң Батыс Сібір мен Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарында генерал-губернатор болып жіберілген Гасфортқа адъютант болып сайланады. Бұл Шоқанның Орта Азия халықтарының тарихын, этнографиясын, географиясын терең зерттеуіне мүмкіндік береді. 1855 жылы Шоқан Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х.Гасфорттың Орталық Қазақстан, Тарбағатай мен Жетісу жеріне жасаған саяхатына қатысады. Бұл сапарында қарапайым халықтың өмірімен танысып, қырғыздардың тарихи аңыз-өңгімелері мен жырларын жазып алады.

1855 жылы Шоқан Уәлиханов Омбыдан Семей, Аягөз, Қапал арқылы Іле Алатауынан өтіп, Жоңғар қақпасына дейін келеді, қайтарда Алакөл, Тарбағатай жерлерін аралайды. Орталық Қазақстан, Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау арқылы Омбыға оралады. Бұл

#### Даналық ойдан дән ізде

Нағыз, шын әділдігін айтқанда, Уәлихановты үздік адам деп айтуға болады. Уәлиханов өз еліне шын берілгендігін, оны терең сүйетіндігін, қазақтың тұрмысын жақсы көрушілігін сақтай алумен қатар, Батыстың мәдениетін де жоғары бағалады...

*«Орыс географиялық қоғамы»*

Бізден жасы кіші болса да, өзімізбен салыстырғанда, ол үлкен сықылды еді де, біздер оған қарағанда бала тәрізді едік, өзінің бізден артық білетіндігін не біздерден білімі жағынан жоғарылығын білдіруге тырыспаса да, жай әңгіменің өзінде-ақ оның білімінің бізден артықтығы танылып қалатын. Жалпы жолдастарына, соның ішінде маған, ол еріксіз «Еуропаға ашқан терезе» сықылды болды.

*Г.И.Потанин*

сапарында ол қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпы, діни ұғымдары жайында көптеген материалдар жинайды. Сонымен бірге өзі болған аймақтардың тарихы, ескі қалалардың орны, тастардағы жазу, белгілерін, көне ескерткіштер, аңыз-әңгімелер, ертегілер мен өлеңдерді жазып алады. Осы материалдар негізінде *«Тәңірі»*, *«Қазақтардағы шамандықтың қалдығы»* атты еңбектер жазды. 1856 жылы Шоқан полковник М.М.Хоментовский басқарған әскери-ғылыми экспедицияға қатысады. Экспедицияның мақсаты қырғыз елін жете зерттеу, Ыстықкөл аймағының картасын түсіру болған. Бұл экспедициялар Шоқанға зор мүмкіндіктер туғызды. Ыстықкөлге, Қытай империясының Құлжа қаласына саяхаты және 1856–1857 жылдары Жетісу, Тянь-Шань сапарларында П.П.Семенов-Тянь-Шанскиймен бірге болуы, Қырғыз Алатауына екінші сапары оның *«Жоңғария очерктері»*, *«Қырғыздар туралы жазбалар»*, *«Ыстықкөл сапарының күнделігі»*, *«Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы»* атты еңбектерін жазуға әсер етеді. Атақты орыс ғалымы П.П.Семенов-Тянь-Шанский: *«Шоқан Уәлиханов Ыстықкөлдің Шығыс жағалауына саяхат жасап, қырғыз даласы жөнінде аса бай географиялық, этнографиялық және тарихи материалдар жинады»*, – деп ризашылығын білдірген.

Шоқан Уәлихановтың тарих, география, әдебиет саласындағы зерттеу еңбектері Петербург ғалымдарының назарына ілігіп, жоғары бағаға ие болады. 1857 жылы 27 ақпанда Семенов-Тянь-Шанскийдің ұсынуымен Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов Орыс география қоғамының толық мүшелігіне сайланады. Бұл орыс қоғамы ғалымдары мен зиялыларының жас ғалым еңбектерін зор бағалағандығын, ғылым мен мәдениетке қосқан үлесін мойындағандығын білдіреді.

Ш.Уәлиханов *«Қазақтың халық поэзиясының түрлері туралы»* атты еңбегінде қазақ поэзиясы туралы ойларын, тұжырымдарын әдебиеттің халықтық сипатымен байланыстыра отырып, табиғат пен өнерді, таным мен өнерді, тұрмыс пен өнерді сабақтастыра талдай білген. Ғалымның әдебиет теориясына қатысты ойлары, қазақ поэзиясының жанрлық, түр, өлең құрылысы ерекшеліктерін жіктеп жазуы қазіргі әдебиет теориясы үшін құнды дүниелер болып саналады.

Қазақ өлеңдерін ғалым беске бөліп: жыр, жоқтау, қара өлең, қайым өлең, өлең деп жіктейді. Осы әр түрінің тарихи сипатына баға беріп, оларды айтушылар, жеткізушілер туралы да мәлімет береді. Ш.Уәлиханов еңбектері мен пікірлері орыс ғалымдарына

қазақ, түркі халықтары тарихын, әдебиетін, дүниетанымын зерттеуге жол салды.

Ш.Уәлиханов алғаш рет поэзия жанрына, өлең түріне сипаттама беріп, тұңғыш рет жеке бөліп қарайды. Бұлай бөлу қазақ әдебиетінің, тіпті түркі әдебиетінің ірі жаңалығы болып саналады.

Қазақ әдебиетіндегі «жыр» атты терминді алғаш енгізуші – Ш.Уәлиханов. Аса ірі дастандарды ғалым «жыр» деп атайды. Бұған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Орақ батыр», «Ер Көкше» сынды дастандарды жатқызады. Жас ғалым қазақтың жоқтауын «жылау» деп атайды. Жиын-тойда, қазақтардың мейрамында айтылатын қысқа да тапқыр сөзбен қағысар айтыс түрін «айтыс» дейді. Жалғыз шумақтан тұрып, әнге қосылып айтылатын өлең түріне ғалым «қара өлең» деген атау береді. Ал қалған лирика жанрларының бәрін «өлең» деп атайды. Кең көлемді, мол қазыналы эпостарды айтатындарды «ақын» деп, ал қарапайым проза түріндегі әсерлі хикаяны айтушыларды «ертекші» деп бөледі.

Шоқан Уәлиханов – тек қазақ қана емес, қырғыз халқы үшін де баға жетпес үлкен еңбек сіңірген тұлға. *«Қырғыздар туралы жазбалар»* атты еңбегінде қырғыз ауыз әдебиетін төмендегідей үш салаға бөліп қарастырады:

- 1) ертектер мен тарихи, қияли аңыз-әңгімелер;
- 2) аса ірі эпикалық аңыздар;
- 3) тұрмыс-салт жырлары.

Ш.Уәлихановтың ғалым ретінде зерттеген ең бір іргелі еңбектерінің бірі – қырғыздың «Манас», «Семетей» жырларын жазып алып, дала «Илиадасы» мен «Одиссеясы» деп бағалауы: «Манас» – бұл энциклопедия, халықтың бір белгілі батыры айналғанына, Манас төңірегіне, бір уақытқа жинақталған барлық ертегілерінің, хикаяларының, аңыз әңгімелерінің, географиялық, діни, ақыл, адамгершілік түсінігінің қосындысы сахараның «Илиадасы» секілді».

Шоқан – қазақ халқының ауыз әдебиетіне алғаш рет талдау жасап, халықтық мұраны әлемге таныта білген ұлы ғалым. Шоқанның қазақ әдебиетіне әкелген мол мұрасы – Орынбай, Шөже, Жанақ, Арыстанбай, Нұрымбай сияқты ақындардан жазып алған ауыз әдебиеті үлгілері. Ш.Уәлиханов орыс, шығыс ғалымдары ерте назар аударған «Едіге» жырының толық әрі көркем нұсқасын ұсынады, «Ер Көкше» жырын да жазып алып, кейінгі ұрпаққа жеткізеді. Шоқан өзінің арғы атасы, қазақтың ұлы ханы Абылай хан туралы жырларды да жеткізушілердің бірі болды.

## Бағалы дерек

Шоқан Уәлиханов бұкіп Алтыншаһардың жағдайы туралы құнды материалдар жинап үлгерді және сонымен қатар А.Шлагинтвейттің қаза болуының себептері мен жағдайларын да тұңғыш анықтай білді.

П.П.Семенов-Тянь-Шанский

1858–1859 жылдары Шоқан атақты Қашқария сапарына барып қайтты. Шоқанға дейін ол өлкеде бірде-бір зерттеуші болмаған. Неміс ғалымы А.Шлагинтвейттің еуропалықтар үшін мүлде жабық өлкеге барып қайтпақ болған сапары қайғылы аяқталып, ол қатыгездікпен өлім жазасына душар болған-ды. Адольфтің бұл қайғылы тағдыры жөнінде алғаш мәліметті жеткізген де Шоқан болды. Шоқан аса қиын құпия жағдайда өз өміріне қатер төндіре жүріп, Қашқария өлкесінің тари-

хы, этнографиясы, мәдениеті мен геологиясы, географиялық жағдайы туралы бұған дейін мүлде белгісіз аса құнды деректер жинап қайтты. Соның негізінде *«Алты шаһардың немесе Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) шығыстағы алты қаласының жағдайы туралы»* зерттеу еңбегін жазды. Ғалымның бұл еңбегін Ресейде де, одан тыс жерлерде де Шығысты зерттеуші ғалымдар жоғары бағалады.

1859–1861 жылдары Петербургте болған кезінде Шоқан Уәлиханов әртүрлі әскери және ғылыми мекемелерде қызмет істеді. Шоқан Қазақстан мен Орта Азияның және Шығыс Түркістанның карталарын жасаумен айналысып, қажырлы еңбек етті. Сонымен қатар Шоқан Шығыс елдерінің қолжазбаларын мұқият зерттеуді де жалғастырды. Ғалымды Орыс географиялық қоғамы Шығыс тарихы туралы дәрістер оқуға шақырып тұрды.

Ш.Уәлихановтың Петербургте болған жылдары оның ғылыми-шығармашылық қызметінің аса елеулі де жемісті кезеңі болды. Ол Ресей Бас Штабының әскери-ғылыми комитетінің тапсыруы бойынша «Балқаш көлі мен Алатау жотасы аралығының картасы», «Құлжа қаласының жобасы», «Ыстықкөл экспедициясының қорытындысына қосымша карта», «Қытай империясы батыс өлкесінің картасы» сынды Орта Азия мен Қазақстанның карталарын жасайды. 1864 жылы Шоқан генерал Черняевтің Оңтүстік Қазақстанға жасаған әскери экспедициясына қатысады. Бірақ әскери қызметі ұзаққа созылмады, генералдың жергілікті халыққа шектен тыс қатыгездік жасауымен келіспеген Шоқан әскер қатарынан өз еркімен кетеді.

Шоқан Уәлиханов денсаулығының нашарлауына байланысты еліне оралуға мәжбүр болады. Ол Омбыға барып, даладағы жергілікті басқару ісін қайта ұйымдастыру жөніндегі шараларға қатысты. Оның негізгі ойы *«Қырдағы мұсылманшылық*



туралы», «Қырғыздардың көші-қоны туралы», «Сот реформасы туралы жазбаларда» баяндалады.

Аса көрнекті қазақ ғалымы әрі ағартушысы Шоқан Уәлиханов 1865 жылы 10 сәуірде ұзаққа созылған аурудан қайтыс болды.

Шоқанның ғылымға қосқан зор үлесін шетел және орыс ғалымдары жоғары бағалаған. «Мен Гасфортқа Уәлихановтың қазақ даласы жөнінде жинаған тамаша этнографиялық және тарихи материалдарын қорытып, өңдеу үшін ұзақ уақытқа Петербургке келуіне мүмкіндік беруін және оның генерал-губернатор жанындағы қызмет орнының сақталуын сұрап өтініш еттім. Сонымен қатар географиялық қоғам Уәлихановқа үлкен қамқорлық жасап, жәрдем көрсетеді деп уәде еттім», – деп жазады П.П.Семенов-Тянь-Шанский. Академик И.И.Веселовский: «Ш. Уәлиханов шығыстану әлеміне құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде, орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдары оны ерекше құбылыс деп түгел мойындап, түркі халықтарының тағдыры туралы одан маңызы зор, ұлы жаңалықтар ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті», – деп өкініш білдірді.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов – қазақ халқының тұңғыш ғалымы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы, демократ.

### Артық болмас білгенің

Ыстықкөл – Солтүстік Тянь-Шаньдағы Күнгей Алатау мен Теріскей Алатау тау жоталарының аралығында, 1608 м биіктікте (Ыстықкөл қазаншұңқырында) орналасқан тұйық көл. Дүниежүзіндегі ірі тау көлдерінің бірі. Аумағы – 6236 км<sup>2</sup>, ұзындығы – 178 км, ендірек бөлігі – 60 км, ең терең жері – 668 м, орташа тереңдігі – 278 м, көлемі – 1738 км<sup>3</sup>. Жағалық сызығының ұзындығы – 597 км. Көлге 50-ден астам шағын өзен құяды. Қыста суы қатпайды, аязды жылдары шығанақтары ғана қатады. Мөлдірлігі – 12 м, тұздылығы – 5,8 ‰. Балықтың 20-дан астам түрі (шабақ, сазан, көкбас т.б.) бар. Кеме жүзеді. Көл өңірінде 1958 жылы Ыстықкөл қорығы ұйымдастырылды. Басты порты – Балықшы.



Ыстықкөл

«Географиялық атаулар сыры» кітабы

1

Білу

1. Ш.Уәлихановтың туып-өскен ортасы туралы не білесіңдер?
2. Шоқанның қандай ғылыми еңбектерін атай аласыңдар?
3. Ыстықкөлге саяхатының нәтижесі қандай болды?
4. 1857 жылы Шоқан өмірінде қандай елеулі оқиға орын алды?
5. Қашқарияға сапарының маңызы туралы айтып беріңдер.
6. Қазақ әдебиетін зерттеу ісіне қандай үлес қосты?
7. «Ыстықкөл сапарының күнделігінде» Шоқан Аягөз жерінің табиғатын қалай суреттеген?
8. Хрестоматия материалдарын пайдаланып, саяхаттың қауіптілігін, қиындығын суреттеген жерлерді тауып оқыңдар. Шоқанды қай қырынан таныдыңдар?

2

Түсіну

1. Шыңғыстың Шоқанды орысша оқыту мақсатын түсіндіріңдер.
2. Патша өкіметі неліктен қазақ ақсүйектерінің балаларын оқытуға ықыласты болды?
3. Шоқанның саяхатқа шығудағы мақсаты қандай болды?

3

Қолдану

1. Қазақтың тұңғыш ғалымы туралы әңгімелеудің жоспарын құрыңдар. Мәтіннің тірек сызбасын жасаңдар.
2. Шоқанның ғалым болып қалыптасуына ықпал еткен адамдар туралы қосымша мәліметтер дайындаңдар. Мәліметтеріңнің қызықты, тартымды болуына назар аударыңдар.
3. Шоқанның ғылымға қосқан үлесі, зерттеу еңбектері туралы айтып беріңдер.
4. «Ыстықкөл сапарының күнделігі» негізінде Шоқан саяхатының картасын жасаңдар.
5. «Ыстықкөл сапарының күнделігінде» қандай географиялық атаулар кездеседі? Олар туралы не білесіңдер? Ұсынылған кестені толтырыңдар:

Географиялық атаулар	Сипаттамасы	Пайдаланылған ақпарат көзі

6. Ыстықкөл сапарындағы Шоқанға мінездеме беріңдер, мәтін сөздерімен дәлелдендер.
7. Шығармада келтірілген аңыздар мазмұнын суреттер арқылы беріңдер.
8. «Ғалым» және «тілші» рөлдерінде сұхбат құрыңдар.

4

Талдау


1. «Ыстықкөл сапарының күнделігінде» суреттелген қырғыздар өмірін қазақ өмірімен салыстырыңдар.
2. «Ыстықкөл сапарының күнделігі» мазмұнына талдау жасаңдар:

Халық тұрмысының көрінісі	
Наным-сенімі	
Салт-дәстүрі	
Авторлық көзқарас	

5

Жинақтау

Шоқанға тән қасиеттерді топтау сызбасы арқылы көрсетіңдер.



6

Бағалау

1. Шоқан Уәлиханов туралы пікірлеріңді «ПОПС формуласы» арқылы білдіріңдер:
  - «Менің ойымша, ...»
  - «Себебі, мен оны былайша түсіндіремін...»
  - «Оны мен мына дәлелдермен, фактілермен дәлелдей аламын...»
  - «Осыған байланысты мынадай шешімге келдім...».

2. «Петербургте қырғыздар сирек кездеседі, бес-алты адам жинала қояр ма екен? Сол барлардың өзі жалпы еуропалық әскери киім киіп жүреді. Ал солардың ішінде өмірде мен бармын деп ерекшеленбейтін бір ғана адам бар. Ол – өте жас, кавалерия офицері, сұлтан Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов», – деген П.И.Небельсон пікірі Шоқанды қандай адам ретінде танытады?
3. Егер Шоқан қазіргі заманда өмір сүрсе, қандай игі істер атқарар еді деп ойлайсындар? Ойларыңмен бөлісіңдер.
4. С.Бегалиннің «Шоқан асулары» повесі мазмұнымен танысыңдар (хрестоматияда үзінді берілген). «Шоқан – қазақтың тұңғыш ғалымы» тақырыбында аргументативті эссе жазыңдар.

#### Бағалы дерек

Шоқаннан қалған асыл мұралардың бірі – бейнелеу өнері саласындағы еңбектері оның қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі екенін танытады. Ол портрет, табиғат көрінісі, пейзаж, халықтың тұрмыс-салтын бейнелеу жанрымен айналысқан.

1847–1852 жылдарда салған суреттерін Шоқан «Корпустан елге демалысқа барған кезде салған суреттер» деп атайды. Г.Н.Потанин: «Кадет корпусының соңғы



*Шығыс Түркістан  
ұйғырларының кескін-келбеті.  
Қарындаш. 1859*

курстарында оқып жүрген кезімізде Шоқан өзінің әңгімелерімен менің дәптерімді толтырды. Біз қазақтардың сұңқар салып, саят құру салтын толық жазып алдық. Шоқан сұңқарды қалай баптап күтудің әдісін өте жақсы білетін. Дауылпаз бен сұңқардың т.б. суреттерін салып, ол менің жазбамды толықтыра түсетін», – деп жазды.

Шоқанның суреттері 1860 жылдардың басында «Всемирная иллюстрация», «Сакра», «Русский художественный лист» журналдарында, «Орыс География қоғамының хабаршысында» жарияланған.

*«Танымал адамдар» энциклопедиясы*


#### Зергер сөз

Корпустың оқытушылары Шоқанды болашақ зерттеуші, тіпті ғалым болуы ықтимал деп жүрген кезде, Шоқан небәрі он төрт–он бес-ақ жаста болатын.

*Г.Н.Потанин*

### Артық болмас білгенің

Шоқан Омбы бекінісінде каторга мерзімін өтеп жүрген орыс жазушысы Ф.М.Достоевскиймен жақын таныс болды. Шоқан Ф.М.Достоевскиймен алғаш 1854 жылы Омбыда, Достоевский жиі барып тұратын Ивановтар үйінде танысады. Бұл кездесу екеуінің көзқарастарының жақындығын, мүдделерінің бір екендігін танытты, сөйтіп олар жақын дос болып кетті. Шоқан жазушының жақын достарының бірі болған кезде 19 жаста еді. Шоқанның Ивановтар үйіндегі таныстықтан басталған Ф.М.Достоевскиймен достық қатынасы Семей мен Петербордағы кездесулермен жалғасып, алты жыл (1856–1862) хат жазысуға созылды.



*Шоқан мен Ф.Достоевский.  
Семей. 1854*

Ф.М.Достоевский қазақ досын өмір бойы еске алып жүрді. Шоқан Уәлихановтан алған заттарының бәрі кейіннен ол үшін ең қымбат естелік болып қалды. 1866 жылы Шоқан қайтыс болғаннан кейін Ф.М.Достоевский бірде әйеліне: «Мына үлкен палисандр жәшікті көрдіңіз бе? Бұл – менің сібірлік досым Шоқан Уәлихановтың сыйлығы, сондықтан ол маған өте қымбат. Мен қолжазбаларымды, хаттарым мен қымбат естеліктерімді осында сақтаймын», – деген.

Шоқан кадет корпусында белгілі ғалым, географ және Азияны зерттеуші Г.Н.Потанинмен бірге оқып, достасып кетті. Арада 30 жыл өткенде Г.Н.Потанин Шоқанның әкесі Шыңғыс сұлтанның ауылында болып, осы сапарының нәтижесінде «Қырғыздың ең соңғы ханзадасының отауында» атты еңбек жазып қалдырды. Бұл оның өмірден ерте кеткен досы Шоқанды зор құрметпен еске алудың белгісі еді.

*«Тарихи тұлғалар» кітабы*

## Жиынтық бағалау тапсырмалары

1. Махамбет өлеңдері мен Шоқан Уәлихановтың «Ыстықкөл сапарының күнделігінің» мазмұны бойынша жазбаша сұрақтар дайындаңдар. Сұрақтар мазмұны шығарма кейіпкерлерімен, орын алған оқиғалармен байланысты болуы керек. Ұтымды сұрақ пен мәнді жауап бағаланады.
2. Шоқан арманын дамыта отырып, замандастарыңа арнап хат жазыңдар, шынайы өмірмен байланыстырыңдар.
3. Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай» жырындағы кейіпкерлерге жазбаша мінездеме беріңдер.

Шығарма кейіпкерлері	Ақын кейіпкерлерді кім деп таныстырады?	Қандай адам ретінде суреттеледі?	Авторлық көзқарас қандай?	Менің көзқарасым, ой-пікірім

4. «Кенесары – Наурызбай» дастаны – көркемдік деңгейі өте жоғары, әлі күнге дейін құндылығын жоймаған шығарма» екендігіне жазбаша бірнеше дәлел келтіріңдер.
5. **Оқу сауаттылығы.** Ш.Уәлихановтың «Ыстықкөл сапарының күнделігінен» үзінді.

...31 мамырда мен Қазыбекпен бірге Боранбай ауылына аттандым... Тал түсте алдымыздан өзен ағысы мен ағараңдап ауыл көрінді. Ауыл үлкен екен. Жол бойында кездескен қазақтардан Боранбайдың одан ары көшіп кеткенін білдік. Күн экватордағыдай ыстық болды, бізге дем алып, қазақтар айтпақшы, кешкі салқынмен ары қарай жүру керек болды. Осы мақсатпен біз жақын ауылға бұрылды. Ауылдың қожайыны жас жігіт алдымыздан шығып, өзін Боранбайдың баласы, аты Қылыш екенін айтты. Қылыштың шатыры бар екен, біз сонда орналастық. Құрметті қонақ ретінде бізге құманға тұз салып қайнатылған шай әкелді, шай қалмақтардың затуранына ұқсайды. Артынан қымыз берді. Бүкіл ауылдың қазақтары мен кішкентай балалары біздің асымыздан кейін қалатын қойдың сүйегін мүжу үшін жиналды.

Ары қарай жүрдік: жолда ауылдар жиі кездесті, бірақ қыбырлаған тірі жан болмады, барлығы: «Орыс, орыс!» – деп шошына айғайлап, киіз үйлеріне тығылды. Күдікті сейілту үшін мен қасымдағы қазақтарға қазақша ән салуды тапсырып, өзім салша киініп алдым. Бұл әрекет толық нәтиже берді, әйелдердің барлығы киіз

үйден шықты, тіпті бір әйел мұсылмандар ретінде бізге арнап, жоқтау жырын айтты.

Қырғыздар да біздегі сияқты әйел күйеуінің қазасын бір жыл бойы дауыстап жоқтауы керек. Мұсылмандар, яғни өз адамдары өткен кезде, жоқтау айтуы қажет. Сұрастыра келіп, біздің білгеніміз, әйел Сарыбағаш оқиғасында күйеуінен айырылып, киіз үйге ілінген қара ту соны білдіріп, марқұмның жасын да көрсетеді екен. Егер киіз үйге қандай да бір ту ілінсе, сол үй бір мүшесінен айырылды деген сөз. Егер ту қызыл болса, жас адам дүние салған, қара болса, орта жастағы, ақ болса, кәрі кісі деген сөз. Біздің аяшымыздың (қырғыз әйелі) отағасы орта жастағы болып шықты. Біз тоқтап тұрып, қырғыз әйелдің элегиясын (жоқтау) тыңдадық. Сөздерін анық ажырата алмадық, тек «ох!», «қоқи!» деген дауысы айқын естіліп тұрды. Бұрын бұл ордада болған бір қазақ сол кезде естіген өлең жолдарын келтірді, соған қарап, біз мәтінін шамаладық...

Бізді қоршаған қазақтармен әңгімелесе бастадық. Менің қазақ сұлтаны және хан тұқымы екенімді білген соң, олар сеніммен қарай бастады, ал егде әйелдер менің жүдеу денеме, қан-сөлсіз бетіме аянышпен қарады, іштерінен шамасы, байғұс, анасын сағынған болар деп ойласа керек. Олардың соңғы аңғырт сөздері мені күлкімді келтірді. «Не деген мейірімді, қарапайым адамдар!» – деп ойладым мен. Бір кемпір маған тостаған толы қымыз әкеп берді. Оның көзқарасы мен сөздерінде шынайы жанашырлық пен аяушылық тұнып тұрғандықтан, оны разы ету үшін, тостағанды бір-ақ сімірдім.

Келесі ауылда да бізді күтіп отырды. Бірнеше ер адам мені «алдияр» деп сұлтанша қарсы алып, мені алғашқыда өте таңғалдырған өтініш білдірді.

– Бізде бір бейшара аяш бар, – деді олар, – оны жындар буған, біз ақсүйек адам оның жынын қуып жібере алады деп естіген едік.

– Оларды мен қалай қуамын? – деп сұрадым мен.

– Өте оңай, – деді қырғыздар, – қамшымен аямай ұру керек, сонда бүкіл жындар кетеді. Мұның бәрі – сандырақ, ешқандай жындар жоқ, ол – науқас, оны ұрып емдеу қажет емес, оған тыныштық керек екенін қанша айтқаныммен, оның бәрі бекер болды. Қырғыздар риза болмай, бір соққымен жындарды қууға шамасы келеді, бірақ оны істегісі келмейтін қатыгез адамдай қарап кетті. Амал жоқ. Мен оларға өзімнің бауырым сұлтан деп таныстырып, бір қазақты ұсындым. Ол батыр өңін өзгертіп, қамшысын төбеге көтеріп, ауылға қарай тартып кетті. Бірнеше әйел

бейшараны ұстап тұрды. Қазақ оған айғайлай тап беріп, өзінің ісіне кірісіп кетті. Байғұс шырылдап, зорға құтылып, үйге қарай жүгіре жөнелді. Оны қайтадан ұстап алды. «Ұр, ұр!» деп шешесі айғайлады, «Ұр», – деп қалың топ артынан қайталады. Мен шыдай алмай, байғұс аяшқа жақындап келіп, қазаққа «емдеуді» тоқтатуды бұйрық еттім. Науқастың туыстары менің араласуыма риза болмады. Барлығы маған ызалы көз тастады. Тек ақылынан адасқан ғана мені құтқарушысы деп, әртүрлі жылы сөздер айтып, мойныма асыла кетті...

Жас ару мен оның туған-туыстарын оның сауыққанына сендіріп, егер әйелі ауырмасын десе, көйлегін жыртып, айнасын сындырмауды күйеуіне тапсырып, ары қарай жүріп кеттік.

### Тапсырмалар

1. Ш.Уәлихановтың «Ыстықкөл сапарының күнделігі» үзіндісінде не туралы айтылған?
  - А. Қырғыздардың өмірі, салт-дәстүрі туралы
  - Ә. Саяхаттың қиыншылықтары туралы
  - Б. Шоқан мақсатының орындалуы туралы
  - В. Қырғыз әйелдерінің өмірі туралы
2. Қырғыздар Шоқанға неліктен сеніммен қарай бастады? «Қысқа сөйлемдер» стратегиясын қолданып, жауаптарыңды дәлелдеп жазыңдар.
3. Мәтінді оқып, қажетті белгілерді қойыңдар. Маңызды ақпараттың астын сызыңдар «\_\_\_». Келіскен пікірдің жанына немесе үстіне «+» белгісін қойыңдар. Келіспеген пікірдің жанына немесе үстіне «Х» белгісін қойыңдар. Түсінбеген мәліметтің қасына? белгісін қойыңдар.
4. «Шоқан – қарапайым қазақ сұлтаны, мейірімді жан». Осы пікірмен келісесіңдер ме? Жауаптарыңды нақты деректерге сүйене отырып жазыңдар.
 

Келісемін, өйткені ...

Келіспеймін, себебі ...



## III ТАРАУ

# АДАМ ЖАНЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Өзін-өзі тану – даналықтың белгісі, жеке тұлғаның рухын тану – адамгершіліктің белгісі.

Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді және адамның басына қонған бақтың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты.

*Әл-Фараби*

### **Бұл бөлімнен сендер:**

- І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасының мазмұнымен, кейіпкерлер әлемімен танысасыңдар;
- Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасауды жалғастырасыңдар;
- Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаятының тақырыбы мен идеясын анықтайсыңдар, шығарманың композициялық амалдарын талдайсыңдар;
- Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романы қазақ прозасындағы ана бейнесін жасаудағы шоқтығы биік өнер туындысы екенін білесіңдер;
- Ақын Т.Айбергеновтің сағыныш тұнған жыр жолдарын оқу арқылы өмірді сүйеге, тылсым дүниемен сырласуға үйренесіңдер, құпияға толы ақын әлеміне үңілесіңдер;
- Сиқыры мен сыры мол Ф.Оңғарсынованың «Өлең, мен сені аялап өтем» өлеңіндегі автор бейнесінің идеялық рөлін танысыңдар.

Илияс Жансүгіров – қазақ әдебиетінің көгіндегі аз ғана жарық жұлдыздардың бірі.

Ә.Тәжібаев

## ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ



ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ  
(1894–1938)

### Даналық ойдан дән ізде

Мен Илиясты бұрын да білуші едім, өлеңдерін де оқып жүретінмін. Бірақ оның шын мағынасындағы дарынды ақын екенін мойындағаным – «Жетісу суреттері» өлеңін оқығаннан кейін.

*М. Әуезов*

Қазақтың «жыр Құлагері» атанған ақыны, қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі – Илияс Жансүгіров 1894 жылы Алматы облысының Ақсу ауданында туған. Анасынан ерте қалған Илиясқа ескіше хат танытын, көзі ашық әкесі Жансүгір ел аузында сақталған аңыз-әңгімелерді, ертегі-жырларды жасынан құлағына құйып өсірді.

Кішкентай Илияс сауатын Қарағаш ауылындағы мектепте оқып ашады, кейін Қарағандыдағы жеті жылдық мектепті бітіреді. Осы жылдары әдебиетке деген құштарлығы оянып, алғашқы лирикалық өлеңдерін жаза бастайды. Болашақ ақынға Жетісу өңірі ақындарының шығармалары әсер етіп, ақындық дарынының жетілуіне ықпал етеді.

1920 жылы Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсты бітіріп, өз ауылында мұғалім болады. Орыс, шетел классиктерінің шығармаларымен танысуы осы кезеңге сәйкес келеді. Курс бітірген соң, І.Жансүгіров «Тілші» газетінде жұмыс істейді. Ақынның қоғамдық және шығармашылық қызметі осы уақыттан

басталады. 1922 жылы Верныйдағы Қазақ ағарту институтының меңгерушісі болады. 1925 жылы Мәскеудегі Коммунистік журналистика институтына түсіп, 1928 жылы бітіріп шығады да «Еңбекші қазақ» газетіне орналасады. 1932–1934 жылдар аралығында Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыру комиссиясының төрағасы, 1933–1936 жылдары Қазақстан Республикасы

Орталық Атқару Комитетінің мүшесі қызметтерін атқарады. І.Жансүгіров 1938 жылы саяси репрессия құрбаны болды.

Ақынның алғашқы өлеңдері «Тілші», «Кедейеркі», «Лениншіл жас» газеттерінде, «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі» журналдарында жарияланады. 1928 жылы «Сағанақ» деген атпен тұңғыш кітабы шығады.

Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығы қазақ әдебиетінің бай мұрасының таусылмас бір қабаты болып табылады. Ол – поэзияда да, проза да, драма саласында да өз қолтаңбасын қалдырған тарландарымыздың бірі. Шығармаларының негізгі тақырыптары – өмір шындығы, тарихи оқиғалар, ұлт тағдыры, өнердің қуатты күші. Алғашқы өлеңдер жинағы «Танысу» деп аталады. Ақын өзінің «Арман», «Көңілдің жүгірісі», «Өзіме», «Сәлемдеме», «Замандасқа», «Талғамалар», «Жаңылғаным» т.б. алғашқы өлеңдерінде қоғамдық, саяси теңсіздікті көрсетіп, оқу-ағарту, білімге шақыру, өнерге, еңбекке үндеу мәселелерін көтерген.

Ақын «*Оқимын*» деген өлеңінде «оқығанда кім болам?» деген өзінің сұрағына «жанарыңа нұр болам, заманыма ұл болам, мен сендерге тіл болам, күркіреп жауар күн болам, ауылыма ай, күн болам», – деп жауап беру арқылы асқақ арманын, асыл үмітін көрсетеді.

Ақынның көзі тірісінде жиырмаға жуық жыр жинақтары жарық көрді. 30-жылдар ақын шығармашылығының шарықтау шағы болды. Осы кезеңде «*Күйші*», «*Дала*», «*Құлагер*» поэмалары, «*Жолдастар*» романы, көптеген фелъетондары мен очерктері, әңгімелері мен өлеңдері, пьесалары дүниеге келді.

Ақынның прозалық шығармаларының ішіндегі ең көлемдісі – «*Жолдастар*» романы. Мұнда қазақ даласындағы еңбек адамдарының тұрмыс-тіршілігін, азаттықты аңсаған арман-тілектерін, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің дүмпуін шеберлікпен ашып көрсетеді.

І.Жансүгіров шығармаларының ерекшелігі – өмір суреттерінің тарихи жағдайымен үндесіп, үйлесіп жатуында. Оның кейіпкерлері адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстаған нағыз дарын иелері: «*Дала*» поэмасындағы тарих үнін жеткізуші – дана, «*Күйшідегі*» – сазгер, «*Құлагердегі*» – атақты Ақан сері.

«*Дала*» поэмасы – халық өмірінің шежіресі. Ақын даланы халық тағдырының символдық бейнесі ретінде суреттеу арқылы Ұлы Даланың үш жүз жылдық тарихын көрсетеді. Жиырма бес тараудан тұратын поэманың әр тарауы халық өмірінің маңызды оқиғаларын суреттейді. Жоңғар шапқыншылығынан бастап,

Қазан төңкерісінен кейінгі бейбіт еңбек пен тұрмысты қамтыған оқиғалар желісі ақынның болашаққа деген сенімін көрсетеді. Поэмада кең-байтақ атырапты мекен еткен халық тарихы оның жерімен, туған даланың тағдырымен сабақтастырыла берілген. Бүкіл қазақ даласын ғасырлар бойы мекен еткен қазақ халқының негізгі қонысы, сүйген топырағы Ұлы дала болды. Сондықтан да ақын:

Жүрегім, жырым, сенікі,  
Кеңесті далам, кең далам.  
Тудым, өстім, есейдім,  
Ен далам – анам, мен – балаң, –

деп тебірене жырлайды.

I. Жансүгіровтің ерекше жырлаған тақырыптарының бірі – өнер тақырыбы. Ақын өнер тақырыбын көркемдіктің шыңына жеткізе білгендігін оның туындыларынан көреміз. Ілиястың бұл тақырыпқа арнап жазған тұңғыш өлеңі «*Әнші*» деп аталады. Өнердің өлмес қасиеті мен күшін «*Құлагер*», «*Күй*», «*Күйші*» поэмалары мен «*Домбыра*» сынды өлеңдерінің арқауы еткен. Ілияс Жансүгіров «*Күй*», «*Күйші*», «*Құлагер*» сияқты классикалық поэмалар жазып, ақындық шыңына көтерілді. «Осы үш поэма тұсында қазақтың Абайдан кейінгі поэзиясы аса биік сапа табады. Бұлардағы дүниені көрер көз, сезіну сыры, жалпы дүниетану қалпы, ақындық сыр, өмірге қараған көзқарас – барлығы да бұрынғы қазақ поэзиясы тудырмаған тың жаңалықты аңғартады. Осы поэмаларда бейнелегіштік кенеулі тапқыр оймен ұдайы жақсы үйлесіп отырады. Жансүгіров поэмалары сезім сырына да толы. Ал өлең үлгісіндегі мәдениет те басқа. «*Күйші*» мен «*Құлагер*» поэмалары – әрі поэма, әрі өлеңмен жазылған роман», – деп Мұхтар Әуезов ақын поэзиясының жаңашылдығын атап көрсетеді.



CD 07

«Құлагер» поэмасынан үзінді тыңдап, Ақан бейнесімен танысыңдар.

Ақын Ілияс Жансүгіровтің өнер тақырыбына жазған көрнекті поэмасының бірі – «*Құлагер*» қазақ халқының әйгілі өнерпазы, ардагер ұлы Ақан сері өмірінің трагедиялық кезеңін суреттеуге арналған. Ақан сері – XIX ғасырдағы қазақ елінің рухани мәдениетінің тарихынан елеулі орын алатын белгілі өнер қайраткері, композитор, ақын, әнші.

Ақан – тарихи бейне. «Туғаны Арқадағы Арғын елі, Өскені Көкшетаудың шалғын жері» деп ақын жырлағандай, аты аңызға

айналған Көкшетау өңірінің Қоскөл деген жерінде 1843–1913 жылдар арасында өмір сүрген тарихи тұлға. Зілқараның баласы Әлібек батырдан бір жылда алпыс түлкі алған Қараторғай деген бүркітті, Сайрат төреден бір жылда тоғыз қасқыр алған Базарала деген тазыны алады. Осы кезде Ақанның қолына Көбей – Қарауыл Шөкетай жылқысынан шыққан, алты алашқа аты шыққан Құлагер түседі. Құлагер арқаның талай астарында аузымен құс тістеген талай жүйріктерден озып жүреді. Ақан мен Құлагер аты елге жайылады. 1876 жылы Керей руының паң Нұрмағанбет атанған үлкен байы Ереймен деген жерде әкесі Сағынайға ас беретін болып, сол асқа Ақан Құлагерді бөйгеге қоспақ боп алып барады. Бөйгеге қосылған жүйріктерден дара шығып, жұлдыздай ағып келе жатқан Құлагерді бұрыннан Ақанмен өштесіп жүрген Батыраш деген бай соққыға жығып өлтіреді. Сағынайдың асында атынан қапыда айырылып, жүрегі қан жылаған ақын естен танады. Құлагер – ер қанаты ғана емес, Ақанның рухани медеу тұтқан серігі еді. Құлагердің мерт болуы Ақанның өзін де рухани қазаға ұшыратады. Елінен, жерінен безді. Жалғыз өзі елден жырақ күй кешті. Құлагер өлімі жаралы жанын күйреткен, аяусыз соққы болды. Қиянат пен әділетсіздіктен жапа шеккен Ақанның халін Ілияс «Құлазып күздігүні Көкшетаудай,

#### Даналық ойдан дән ізде

Ілияс Жансүгіров – қазақ әдебиетінің тұяғына шаң жұқпас жүйрігі, жыр Құлагерінің поэзиямыздың бар саласына үлес қосып, поэма жанрын қол жетпес биікке көтеріп, күні бүгінге дейін үлгі шашып, дәстүр жасаған қайраткер. Ұлылардың бар жазғаны емес, кезеңдік туындысы ғана тарих бетінен жарқырап көрінеді де, өз авторын Алатаудың асқар шыңдарының біріне айналдырады. Ілияс – сондай өнерпаз. Қазақ халқы бар заманда Ілиястың орны әрқашан биіктен көрінері хақ.

*Т.Кәкішев*

Қызықтың көшіп кеткен саржайлауы» деп бейнелейді. Ақан жан жолдасын қолымен өлтіргендей күйінеді. «Мал да болса адамнан есті жануар-ай, шабуға жіберерде салбырап, басын төмен салып, кәдімгідей көзінен жас бұршақтап тұрды-ау! Осы сұмдықтың болатынын білген екен ғой», – деп өкініп, қайғыдан өзегі өртенеді. Қанатынан айырылған Ақан зары, Ақан қайғысы «Құлагер» өнін туғызды. Өркөкірек, пасық байларға қарсы қарапайым халықтың қайраты жетпейтін заман шындығын, күштілер өктемдік жүргізген заманның мұңды сазын шерткен тарихи жыр дүниеге келеді. «Құлагер» поэмасы 1936 жылдың қараша айында «Социалистік Қазақстан» газетінің бірнеше санында жарияланды. Бұл – ақынның эпикалық жырларының ең соңғысы және поэзиясының ең

биік шыңы. Сол газет нұсқасы бойынша пікір айтқан әдебиетші, сыншылардың сын-ескертпелерін ескере отырып, автордың поэманың соңғы нұсқасын кітап етіп шығаруға әзірлегені туралы М.Қаратаев былай дейді: «Ілияс Жансүгіровтің жазушылық қызметі 1937 жылы үзіліс тапты. Үзіліс алдында оның жазып үлгіргені – «Құлагер» поэмасын кітап етіп шығаруға әзірлеген толық, кемелді нұсқасы еді. Газет нұсқасы бойынша әдебиет ортасы поэмаға дән ризалығын білдірумен бірге, жақсара түсу үшін, бірқатар ақыл-кеңес айтқан болатын. Ілияс соның бәрін ескеріп, бірнеше ай бойы өңдеп, жөндеп, толыққан нұсқасын баспаға ұсынған кезде бұл нұсқа жарық көрмей қалды да, қолдан шығып кетті. Қазір жарияланып жүргені – газет нұсқасы».

Поэма «Толғану» деп аталатын бөлімнен басталады. Ақын:

Сапырған сырлы сөзді сар қымыздай,  
Заманның отырғам жоқ салтын бұзбай,  
Асылын арамынан аршып алдым,  
Қашаннан қазынаға халқымыз бай, –

деп оқырманға сөз арнайды. «Туған жер» бөлімінде жер жаннаты Көкшетауды:



Оқжетпес

Көкшетау – көп жердің бір көркем жері,  
 Қыз орман, Бурабайдың мөлдірлері.  
 Жамылып жасыл барқыт, асыл құндыз,  
 Түрленген тотықұстай тау көркемі, –  
 деп жырлай келе, осы тауда дүниеден аулақтанған бір жанның жүргенін:

Не еткен жан, әлде даңғыл, әлде мұңғыл?  
 Бұл өзі ән күңіретіп айтады жыр.  
 Осылай ертегі қып кетуінде,  
 Елдің де ескі аузында жоқ па екен сыр? –  
 деп білдіреді. Иен далада байбайлап «Құлагер» әнін салып, жалғыздықпен дос болған Арқаның еркесі Ақан сері екенін айта келе, ақын жайына ауысады. Кезінде төренің қасына еріп, ел құрметіне бөленген, жүйрік ат мініп, сұлу сүйген Ақан өзін қоршаған жамандық әлемінен жырақта, өзі аңсаған тыныштықты сұлу Көкшенің даласынан табады. Осылайша Ақан сері жайымен таныстыра келе, сері трагедиясының мәніне үңіледі.

Поэманың «Толғану» атты кіріспесінде-ақ Илияс Жансүгіров Ақан сері өмір сүрген заман туралы ой толғайды:

Бақ туын тұрғанда ұстап бүгін қазақ,  
 Көңілі судай тасып, оттай маздап.  
 Ескі күні елім көрген енді ойласам,  
 Көрінер кейде қорлық, кейде мазақ.

Ақын мақсаты – ескі өмір салтымен бүгінгі ұрпақты таныстыра отырып, сол заманға деген өз көзқарасын білдіру.

Поэманың бас қаһарманы – Ақан сері Қорамсаұлы. Ақын, ең алдымен, Ақан серімен таныстырып өтеді: Ақан «билік айтқан ел жуаны би» емес, «ауыл торып, ел шулатқан ұры» емес, «мешіт салып, зекет алып, дүниенің нәжісін бойға жаққан молда» емес, тіпті, байдың жалшысы да емес, өз малын баққан қарапайым шаруа да емес. Ақан кім?

Жүйрік ат, сонар саят, қыз-қырқынмен,  
 Өмірді өткізген жан өз қарқынмен.  
 Өмірдің ащы емес, тұщысын да  
 Қызықтап жігіт ойын, қыз күлкіңмен.  
 Саңлақ ед шыққан мыңнан, озған жүзден,  
 Көп сұлу көзін сүзген күнді өткізген.

Қызықтың айдынына құлаш ұрып,  
 Армансыз қаздай қалқып, құдай жүзген...  
 Текті құс тазалықты қолына ұстап,  
 Арманы-ақ сұлулықты сүю деген.

Поэmanın «Ас» атты тарауында Ақан серінің трагедиясына себеп болған аты шулы Құлагер оқиғасы осы Сағынайдың асы үстінде өтетіндігі туралы айтылады. Асты суреттей отырып, ақын әрі сол тұстағы әртүрлі әлеуметтік топтардың өмірін көзге елестетеді, әрі сол заманның әлеуметтік сыр-сипаты туралы пікір түйеді. Осы асқа тұлпарын мініп, Ақан да келеді. Мақсаты – Құлагерді бәйгеге қосу. Құлагерді алғаш рет көрген жұрт:

Салпы ерін, сала сүйек, салбыр тірсек,  
 Қатыбас, қаншыр мойын, ит өндіршек.  
 Бітімі ойқы-шойқы, орда-шорқы,  
 Пішкендей жануарды олақ өлшеп.  
 Алмайды мынау бәйге, жылқы көрсек,  
 Көк еті кедір-бұдыр, бөлшек-бөлшек.  
 Көкшетау шолағын да мақтайтын ел,  
 Осыған ит болайық, бәйге берсек.  
 Құлаға мініп қоян атар едім,  
 Мен мұны жүргіншіге сатар едім.  
 Болғанша асқа күлкі «ат қостым» деп,  
 Үйімде тыныш қана жатар едім.  
 Қойшыға мен мінгізіп қояр едім,  
 Семіртіп мен соғымды сояр едім.  
 Кемпірдің азасына әкеп салып,  
 Бата оқып, ет, қымызға тояр едім.  
 Сүйегі – сиыр сүйек, қиқы-жиқы,  
 Сал бөксе, жазық бауыр, ұзын тұрқы...  
 Осы ма даңқы шыққан Құлагер? – деп,  
 Ас тегіс Ақан атын қылды күлкі.

Тұлпардың мықты тегін тек Күреңбай сыншы ғана танып:

Жаман сұрқы,  
 Алдынан ұмтылғанда аң құтылмас,  
 Артынан жөнелгенде жетпес жылқы! –  
 деп жұрт таңғаларлық баға береді.



Бөйгеге 1300 жүйрік қосылмақ. Олар Сырдың Қызқарасы, Жарылғаптың жирені, Семейдің Сүрсеркесі, Алатаудың Аққанат Кері, Балқаштың бейпіл Бөртесі, Алтайдың серпінді Көктұйғыны, меруерт жалдас Шудың Ақсұры, Ұлытаудың Ұбайы, Қаратаудың Құмайы, Қыпшақтың Ақбақайы, Қырғыздың Көктопайы, Ақдиатаудың Аласы, Көкшетаудың Құласы, Ертістен Елік-құбақан, Есілдің Қасқабұласы – осының бәрін ақын әр жүйріктің нақты қасиетін сипаттау арқылы береді. Осы суреттеулер мен бейнелерді белгілі ат сыншысы Күреңбайдың көзімен көрсетеді.

Ақын асқа келген түрлі әлеуметтік топты да көркем тілмен бейнелеп өтеді: былш-былш қақырынған шалдар, сорпа терін жеңіменен сүртінген, аузы еттен, майдан дамыл таппаған бәйбішелер, шымыраған қобыз даусы мен ыңыранған домбыра үні, құран оқып ысқырынған молда, мата сатқан саудагер, сөз сатып, тиын тілеген өлеңші, сүйек-саяқты дорбасына толтырған қайыршылар, кіжінген көрі ақын мен сары масадай бала ақын, ақ тамақ, алма бетті арулар, жас жауқазын, сарымсақтай келіншектер, табақ тасып тыным көрмеген жігіттер, жағы сембей зар қаққан жаршылар. Сондай-ақ:

Мал айдап жан-жақтан жұрт оннан, бестен,  
Көп саба келіп жатыр елдей көшкен.  
«Жоғалған тоқтым бар» деп бай жүгінсе,  
Қойшыға билер отыр кесік кескен.

Шығының, шаңырақ ақың мұнша дескен,  
Бір үйде старшиндер құлақ кескен.  
Жасауыл анау жерде ат аударып,  
Мынау жер жесір дауы дүрілдескен.

Жиылған көп күшіген әрбір тұстан,  
Қалмастан қарға, құзғын түгел ұшқан.  
Тояттап қазы, қарта, түйе кекірік,  
Қып-қызыл билер жатыр қымыз құсқан.

Сопылар тәсібі тартып, құман ап жүр,  
Әр үйге «Аллай хақ» деп дуана жүр.  
Кемпірі Сағынайдың опырандап,  
«Кет-кет!» деп дуананы қуалап жүр.

Қарғалар қызыл көрген анталап жүр,  
 Май шайнап жамбастарды жаңқалап жүр.  
 Итінеп ет үйлерге ит пен жетім,  
 «Қай жерден қағамыз?» деп байқап-ақ жүр.

Мырзалар күміс тұрман шалқалап жүр,  
 Кедейлер отын шауып арқалап жүр.  
 Күңіреніп Сағынайдың кір моласын,  
 Осындай ас боп жатты Арқада бір.

Осындай кейіпкерлер қатарында әнімен жұртты таңғалдырып ақын Ақан сері сұлу сазды әндерін салып, ел қошеметіне бөленді. Ақан бәйгеге қосылған Құлагердің тізгініндегі жетім балаға:

Алдыңа бір-екі-ақ ат салып отыр,  
 Келгенше сонау жердің шамасына.  
 Бұл айдау – қырғын жорық, байқап отыр,  
 Барғанша бұлаң құйрық, шайқап отыр.  
 Жел жақта шаң қаптырма, ұрма, қалқам!  
 Тек қана тізгін қағып жайқа да отыр...  
 Ал, күнім, сен де жөнел, аттар кетті,  
 Шаң басты, жел жаққа тарт, жер мен көкті.  
 Ажырап мен сендерден қалдым жалғыз,  
 Алла, өзің аман келтір екі ермекті!» –

деп батасын беріп, шығарып салады.

Жыланды өзегінен өткен соң атты өз еркіне жібергенде, Қусақ көлін айнала келе Құлагер Көктүйғынмен қатарласа шабады. Мәреге бірінші болып, Көктүйғын – Батыраштың сәй-гүлігі, екінші – Айтпақтың күреңі, одан кейін – Шорманның Бурылы келеді. Ал Құлагер көрінбейді. Батыраштың суық қол, ақбоз атты, қара киімді жендеті қыспақ жол, Жыландының жырасында айбалтамен Құлагерді ұрады. Сылқ етіп құлаған Құлагер, жерге доптай домалаған бала, көкке қаны шапшыған Құлагер, шыр-шыр етіп, аттандаған бала даусы... бір сұмдықтың болғанын іші сезген Ақан, қылаң ат қылт еткенде-ақ солай қарай ұшады...

Көргенде ол манадай сұмдық істі,  
 Үстіне Құлагердің құлап түсті.  
 Білмеді не болғанын, айырылды естен,  
 Аймалап Құлагердің басын құшты...



*Құлагердің мертігуі*

Ақан трагедиясына табиғат та үн қосқандай:

Аспанда күн күйігіп, күйді қатты,  
Өкіріп жел мен жер де жылап жатты.  
Ереймен бұлақтары көлге жылап,  
Серіге көл күрсініп көңіл айтты.

Құлагер өлімі Батыраштан келгенін сезген халық:

«Кесілсін ердің құны Құлагерге!..»  
«Тартатын тоғыз айып сазаң бар-ды!»  
Осындай сөздермен ел киіп кетті,  
Қалың жұрт қадала айтып кәрін төкті.  
Қазақтың елі-жұрты күңіреніп,  
Үстіне қанды қолдың бұлттай шөкті.  
Жұрт мұнда тыңдаған жоқ биді, бекті.  
Теңіз көп тасығандай толқып кетті.

Кіжініп, ашу қысқан қарапайым халық Батыраш қылмысын дәлелдей алмайды. Жұрт көпке тепсінген Батыраш шалдың: «Есемді ел шапсам да алмай қойман!» – деген сөзіне төтеп бере алмай, көңілдері ырың-жырың болып, тарқасады. Атының басын құшақтап, зар жылаған Ақан сері:

Қош, енді қалдың кейін, Құлагерім!  
 Тұрмадың жығылғаннан, жылап едім.  
 Жалғанда саяқ жүріп таяқ жедім,  
 Көретін күнім шығар бұл да менің... –

деп, атының қу басын өле-өлгенше сақтауға ант етіп, Құлагерінің басын кесіп, жетім баласын мінгестіріп, қоңыр кешті жамылып, жол жүріп кетті:

Ұзын жол, жұлдыз жарық, жазғы түнді  
 «Құлагер» деген әнмен күңіrentті.

Ақан серінің бебеу қаққан зарлы «Құлагер» әні тау мен тасты, қыр мен сайды аралап, ен далада шарқ ұрды:

Шер даусы ен далада шықты қатты,  
 Түн, дала, ел төсекте тыңдап жатты.  
 Құлақ сап қырда қоян, қорада қой,  
 Жылқылар жайылыста ішін тартты.  
 Бесікте бала оянып, ұйып қапты,  
 Кемпір, шал жамбасына зарлы үн батты.  
 Қыз, келін қой күзеткен айтақтамай,  
 Түнгі ауыл зарлы әнді тыңдап жатты...  
 Талда құс, белдеулерде бедеу қатты.  
 Зарлы әнін «Құлагердің» жылқышылар,  
 Сүйеніп құрығына тыңдап қапты.

Ағыл-тегіл аңырап, жұбанбастан Құлагерін жоқтаған Ақан:

Ардақтап ат байлаған бір ағашын,  
 Қастерлеп Құлагердің ілді басын.

Ақан серінің «Құлагер» әні қазақтың кең даласына тарқап, жұрт: «Сол сұмдық қайтып қырда болмасын!» – деп, өткен күнге лағынет айтты.

Сол заманның зұлымдығы мен жауыздығының өкілі ретінде поэмада көрініс тапқан кейіпкер – Батыраш. Ол Ақан серімен майданға ашық шықпай, жар астынан жасырынып келіп, өзінің қара ниетін іске асырады. Батыраш туралы поэмада:

Батыраш бала жастан атқа құмар,  
 Айқайшыл ат әперген баққа құмар.

Арам ой, ата намыс ұр-шоқпары,  
Кір көңіл, сарайының батпағы бар, –

деп айтылады.

Құлагер қазақ даласындағы еркіндік пен бостандықтың, жүйріктік пен сұлулықтың символына айналып, сөзбен сомдалған ескерткіш болды.

«Құлагер» поэмасы арқылы Ілияс Жансүгіров Құлагер өлгенімен, Ақанның жаны жараланғанымен, өні мәңгі жасайды, өнер өлмейді, өнер мәңгілік деген түйін жасайды.

Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы – сюжетті поэма. Поэма сюжетін құрайтын оқиғалар асты бейнелеген тарауларда, ат жарысын, Құлагердің мерт болуын, сонымен байланысты Ақанның қайғы-шерге көмілуін суреттеген тарауларда баяндалған. Өзге поэмаларға қарағанда, бұл поэманың сюжеттік-композициялық құрылысында ерекшеліктер бар. Ақын «Туған жер» атты тарауда Көкшетауда жападан-жалғыз қайыңды көлеңкелеп отырған қара шалды, оның үстінде ілулі тұрған аттың қу басын өңгімелейді. Осы өңгіме-жұмбақтың сырын айтпақ болып, шегініс жасайды. Бүкіл оқиғаны сол шегініс арқылы береді де, «Аттың азалы өні» деген соңғы тарауда баяғы алдыңғы тараудағы қара шал мен аттың қу басына қайта оралады. Бұл – поэма сюжетін құрудағы қаусырмалы композиция.

#### Даналық ойдан дән ізде

Өзі өлгенімен, сөзі өлмейтін ерлер болатыны ежелден белгілі. Ілияс – сол ерлердің бірі. Ол, алдымен, ақын еді. Ақындардың бәрі бірдей есте қала бермейді. Ақын, жазушы деген құрметті атаққа қол созушы көп, жететіндер аз. Ілияс – сол аздың, бірегейдің бірі. Ол арамыздан ерте кетті, аларын түгел ала алмай, берерін түгел бере алмай кетті. ...Әдебиет халқымыздың ең құнарлы рухани азығына, адам жанының тәрбиешісіне айналды. Бұл майданда да шырқап алға кеттік. Алайда Ілиястарға алақтап қарай береміз.

*Ф.Мұстафин*

Ақан трагедиясын Ілияс Жансүгіров құнарлы тілмен, ерекше леппен жеткізе білген. «Құлагер» поэмасындағы ақынның көркемдік шеберлігі, тілінің аса шұрайлылығы жайлы М.Қаратаев «Қазақ поэзиясының Құлагері» деген ғылыми зерттеуінде: «Мұндағы ұмытылмас сұлу картиналар, айқын, әдемі образдар, шындықтан туған романтикалық леп, бұлақша сылдыраған нәзік лирикалық сезім, серпінде, кең эпикалық құлаш, балы сорғалаған құнарлы бай тіл, ұйқасы сыңғыраған кәдімгі он бір буынды қара өлеңнің мінсіз-мүлтіксіз үлгілері «Құлагер» поэмасын шын мәнінде поэзияның «сұлу сарайы», Жансүгіров творчествосының биік шыңы деуге толық дәлел болады», – деп түйген болатын.

**Бағалы дерек**

Атақты «Құлагер» поэма-сы неміс тіліне қазақша түпнұсқасынан тікелей аударылып, Қазақстан – Гете институтының қолдауымен «Büchergilde» (Германия) баспасында басылып шықты.

*Д.Нұржігіт*

Тілінің байлығы, тазалығы, мөлдірлігі мен бейнелілігі жағынан «Құлагер» – қазақ поэзиясындағы ең үздік поэмалардың бірі. «Құлагер» дастаны – ақын туралы, оның тағдыры десек те, оның негізгі өзегі – Ақан трагедиясы арқылы әлеуметтік орта және замана лебі, қуанышы мен қайғысы кең көлемде жырланған ірі лиро-эпикалық поэма.

«Ілияс поэзиясы – терең ойдың, үлкен сезімнің поэзиясы. Ол – өрен жүйрік, асқақ ақынның тегеурінді талантынан туған жоғары идеялы, шыншыл, ұшқыр қиялды, қуатты поэзия. Ыстық жүректен қорғасындай балқып, төгіліп, алуан сырлы бейнені қорытқан салмақты, салиқалы поэзия», – деп М.Қаратаев айтқандай, ақын шығармалары халықтың қажымас қайраты мен рухын көрсетеді. Ілияс «*Күй*» атты поэмасында «Ақкөбікті» аңыратқан, боздатып «Бозіңгенді» күңіrentкен, жарқабақ, сида, арсақай, саршұбар, жарықшақ, үні тозған, қаңсыған» Молықбай күйшінің өнері туралы жырлаған. Поэманың басты кейіпкерін ақын:

Қобызшы Молықбай шал Матайдағы,  
Матайда Кенже, Тұңғат, Сақайдағы,  
Қазақта қобызшының қалғаны сол,  
Жорға еді маймаңдаған бақайшағы, –

деп таныстырады.

«Бозіңген» күйінің шығу тарихы туралы шал ертегісін поэма арқауы еткен ақын ботасынан айырылған бозіңгеннің зарын:

Артына қарай-қарай, боздай-боздай,  
Құба құм, қоңыр түнді күңіrentкен.  
Боздаған ботасына зар илеген,  
Қозғалған қоңыр іңірді әлдилеген.  
Екі көз жасты өзендей сорғалатып,  
Төрт табан құмды қосып нан илеген.  
Сыр суы көңілі босап сыңқылдаған,  
Аспанда қаз бенен қу қыңқылдаған.  
Тұнжырап жиде, жыңғыл дым үндемей,  
Күйініп көкте жұлдыз, жел жылаған, –

деп сөз маржанынан күй толғайды. Күй құдіретін:

Күй күшті, тауды-тасты бұзатұғын,  
Талқандап тас керенді үн оятып,  
Күй күшті, істі, еңбекті сүйдіретін,  
Тамырын тас емшектің идіретін.  
Жарлының тілек күйі, жүрек күйі,  
Өмірді бүлдіретін, күлдіретін.  
Жарлы жұрт жаны сүйіп тыңдаған күй,  
Мұратқа енді осылай жетем деген, – деп білдіреді.

### Сөздің көркі – мақал

Өнерлі ерге жүзер.

Өнер – таусылмас азық,  
Жұтамас байлық.

Өнерліге өлім жоқ.

Ақыл көпке жеткізер,  
Өнер көкке жеткізер.

І.Жансүгіровтің «*Күйші*» поэма-сы – өнердің мәні мен мақсатын толғайтын әлеуметтік-психологиялық поэма. Поэма оқиғасы Арқадан Алатауға ауып келген хан Кененің ордасындағы тойда Сарыүйсін руынан шыққан домбырашы жігіттің күй тартып, елді елтуін суреттеуден басталады:

Толқынтып тоқсан күйді дүрілдетті,  
Көңілді бірде шымшып, бірде қасып.  
Екі ішек жүрек жарып, көңіл ашып,  
Бірде ойнақ, бірде баяу сыбырласып,  
Зарлы күй, ащы күйдің, тәтті күйдің –  
Бәрін де лақылдатып төгіп-шашып.

Күй құдіретінің күшін адам жаны ғана емес, бүкіл табиғат та сезінгендей болады:

Табиғат тып-тыныш бола қалды.  
Қырдағы қоян, құлан құлақ тігіп,  
Қамыстан жолбарыс та ыңыранды.  
Күн тыңдап кірмей тұрды ұясына,  
Бұлт тыңдап, мінбей тұрды тау басына.  
Мақұлық жерде, көкте маужырады.  
Қараған бір жан болмай шаруасына.  
Су ақпай, жатты толқып арнасында,  
Қарғалар қалқып қалды жар басында.  
Сүйсініп домбыраны тыңдады жұрт,  
Тырп етпей тілеулес боп зарласынға.

Күйшінің өнеріне тәнті болғандардың бірі:

Қарашаш – ақылы дария, алтын басы,  
 Әйелдің ақсұңқары, ханзадасы.  
 Өз басын мың қараға теңгермейтін,  
 Кененің кеңесінде ақылдасы,  
 күйшіні басы бүтін ағасынан сұрап алады. Сорлы күйшінің азат  
 басы құлға айналып кете барады.

Біртіндеп айналасымен танысқан күйшіге алғашында айдаһар  
 болып көрінген ханшаның сұлулығы оны есінен тандырады:

Қара қас, қылаң қабақ, керқұба қыз,  
 Қара шаш, алма сағақ, құралай көз.  
 Сырықтай ордадағы сымдай бойы,  
 Тал шыбық, қыпша белдің өзі нағыз.  
 Түлкі қыз қызыл алтай, кер марал қыз,  
 Ақ қоян, бозша байтал, ақша нар қыз.  
 Күлкісі тау бұлағы төгілгендей,  
 Сөйлесе меруерт, маржан себілгендей.  
 «Алғандай жерден пішіп» деген сұлу,  
 Көркіне көз тойынып семіргендей.  
 Айырылды күйші есінен қызды көріп,  
 Кірпігін қақпай қалды көзі төніп.

«Тарт, күйшім!» – деген ханша жарлығын естіген күйшінің  
 ойындағы тоқсан күйдің барлығы да жоқ болып кетеді. Ақын күйшінің  
 толғанысын:

Бақсыдай жыны бұған буынды күй,  
 Жынданды... Қыздан өзге күй келмейді.  
 Жүйрікке тышқан тиді, жүгірмейді,  
 Домбыра таңқ-тұңқ етіп, күй білмейді.  
 Есалаң... Ескі күйдің бірі түспей,  
 Не тартып, не қойғанын білген де жоқ.  
 Саусақтар шаппақ түгіл желген де жоқ,  
 Пернеге әлі бір күй келген де жоқ, –  
 деп суреттейді.

Бір мезетте күйші тыңнан бір тосын күйді ағытады. Оның  
 қызға деген ғашықтық сезімі күй болып төгіледі, күйші сұлуды  
 сую үшін құс та, қыран да, пері де, жел де, су да, түлкі де, аспан-  
 дағы күн де, білегіне салатұғын күміс пен алтын да, көктегі





Күйші

жұлдыз да болғысы келеді. Күйшінің өкініші мен күйінішін: «Тумаған төре заттан – сорым-дағы, Туғаным, әттеген-ай, Сарыүйсін боп!» дегізіп, ақын әлеуметтік теңсіздікті көрсетеді. «Тоқсан күйдің торабынан айырылған» күйші талай күндерді сарайда өткізіп, талай күйлерді шертеді, бірақ оның тартатыны – «бір-ақ күй – қыз күйігі Қарашаштың». Ханша да «домбырадан сыр тартып», «ала өкпе болды». Күй құдіреті Қарашашты да махаббат жалынына шарпытады.

І.Жансүгіров поэмада күйшінің трагедиясын суреттеумен қатар, ел басқарған хан мен бектерге деген өзінің көзқарасын да білдіреді:

Баласы Абылайдың Кене ме екен?  
Сорыма Құдай айдап келген екен.  
Нашардың қанын сорып, жанын жеген,  
Хан емес, қара қабан деген екен!  
Апырмау, елге осылар төре ме екен?  
Төрелік елге дұрыс бере ме екен?  
Қой болдым қорасына келіп сіңген,  
Құл болып осыларға өлем бе екен?  
Бұлардың жүрген жері бүлік екен,  
Қан сорғыш, қаралардың сүлігі екен.

Ақын «Күйші» поэмасында әділетсіздік пен зорлық-зомбылықты жеңген ұлы күш – өнер деген идеяны «тамаша суреттер, поэтикалық көркем образдар арқылы терең толғап жеткізген, сонымен қатар онда ондаған күйлердің әлеуметтік мәні, тарихи негіздері, эстетикалық нысанасы ашылып, олардағы образдар, суреттер айқындалған. Бұл теңдесі жоқ ғажайып поэмада: күй – өлеңге, өлең – күйге айналады. «Күйші» поэмасы – романтикалық

сарында шалқыған шабытпен, поэзиялық құдіретті қуатпен жазылған, қазақ әдебиетінде теңдесі жоқ үздік туынды».

Домбыра үні – қапастағы жүрек пен алып ұшқан көңіл үні. Өнер тақырыбын «Домбыра» деген өлеңінде жалғастырады. Домбыраның тілі мен құдіретін:

Домбыра, сенде мін бар ма?  
Мінсіз болсаң – тіл бар ма?  
Тіл жоқ деуге бола ма,  
Тілден анық үн барда?  
Домбыраның күші мол  
Көмейінде күй барда, –

деп суреттейді.

Ақынның драма саласындағы еңбектеріне «*Кек*», «*Исатай-Махамбет*», «*Түркісіб*» пьесалары жатады. І.Жансүгіров шығармашылығында халықтар бірлігі, ынтымағы ерекше орын алады. «*Москва-Қазақстан*», «*Гималай*» өлеңдері – соның куәсі.

Ақынның көптеген өлеңдері жастарға арналған. «*Жас бұлбұлдарға*», «*Жастар*», «*Жалпы жасқа*», «*Жастар ұраны*» сияқты өлеңдерінде жастарды білім алуға, өнер үйренуге, оқуға шақырады. Ақын өз ана тілін:

Қадірлі, бағасы алтын анам тілі,  
Сенімен бағаланған балаң түрі.  
Төрт бөліп түн ұйқысын жұбатам деп,  
Сенімен әлдилеген анам мені, –

деп жоғары бағалаған.

Қасиетті Отан тақырыбы «*Жетісу суреттері*» деген өлеңдер топтамасында берілген:

Жер таппан жерге жетер, Жетісуым,  
Күркілдек, Көксу, Лепсі, Іле, Шуым...  
Жетісу, кеудең – асқар, аяғың – көл,  
Қоңың құм, мықынында бар сексеуіл, –

деп мақтанышын білдіреді.

І.Жансүгіров – қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан дарын иесі. Оның шығармалары, поэзиясы ауыз әдебиетінен нәр алған, халықтың қажымас қайраты мен рухын көрсетеді.

«Жасынан ән-күйді терең сезініп, жанымен түсінетін Ілияс әдебиетке ән-күйдің құдіретті күшінің туын көтере шықты. Ілиястың екінші бір ерекшелігі – поэтикалық тілінде. Тілінің көркемдігі, сөз образдарының байлығы жағынан Ілияс қазақ

әдебиетінде айрықша орын алады», – деп Қажым Жұмалиев атап көрсеткендей, Ілияс Жансүгіровтің төл әдебиетіміздегі орны мен әдеби мұраларының маңызы зор.

Ілияс Жансүгіров – қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, қоғам қайраткері.

#### Бағалы дерек

Ілияс Жансүгіров аударма саласында да жемісті еңбек етті. А.С.Пушкиннің өлеңдерімен қоса «Евгений Онегин» романын тұңғыш рет қазақ тіліне толық аударды. М.Ю.Лермонтовтың, А.М.Горькийдің, Н.А.Некрасовтың, В.В.Маяковскийдің туындыларын қазақ жұртшылығы ана тілінде оқуға мүмкіндік алды. Әлем әдебиетінің ұлы тұлғалары Гейне, Гюго, Петефи шығармаларын, Эжен Потьенің «Интернационалын» қазақ тіліне аударды.

*Қ.Аллаберген*

#### Даналық ойдан дән ізде

Осынша толағай тереңдікті, қазақ халқының алғыр бітім-болмысын, бояуы сорғалаған тіл байлығын, алуан түрлі теңеулер мен қилы құбылыстарын, орасан күш-қуатын, тегеурінін, қазақы тілдің көркемдігін басқа авторлардан іздеп табу қиын.

*Г.Бельгер*

Ілияс Жансүгіров – халық аңыз-әпсаналарының буырқанған қайнар көзінен қуат алған ақын. Қаламгердің терең тынысты, танымдық шығармалары туған өлкесінің ғажайып сұлулығын танытады. Жетісу өлкесін жырлағанда тау өзендерінің лебін, қарлы мұзарттардың ұлылығын, тұнып тұрған табиғаттың шетсіз-шексіз жаратылысын паш етеді.

*В.Рождественский*

Ілияс поэзиясындағы мөлдір арнаның бірі – табиғат лирикасы. Туған жерін, елінің тау-тасын, өзен-көлін беріле сүйген патриот ақын қоршаған ортаның ғажап сұлулығынан өз шабытына нұр алып, сан алуан бояулары буырқанған ғажап суреттер салды. Бұлардың ішінде нақты географиялық адресі танылған («Ағынды менің Ақсуым»), табиғаттың бір суреттегі көрінісін бейнелейтін («Ақшам», «Бұлт», «Желді күн», «Жазғы таң»), құбылысты көз алдыға әкелетін («Жауында», «Жел», «Тас») сан алуан үлгілері бар. Натюрморт, этюд, эскиз сипатындағы туындылардағы ойлар, символдық бейнелер, ишарат образдар философиялық идеяларға жетелейді, көп мағыналы сарын-әуездерді тудырады.

*Р.Нұрғалиев*

#### Артық болмас білгенің

Қазақтың бұрынғы әдебиетімен қоса, қисса, аңыз түрінде қазақшаланып жеткен Шығыс әдебиетімен ғана таныс Ілияс 22 жасында Абай өлеңдерін оқып, қайран қалады. «Оған дейінгі көрген, оқыған

әдебиетімнің бәрін Абай кітабы жоққа шығарғандай болды. Ойым ояна бастады. Қанбай, қайта-қайта оқи беретін болдым. Өзімде бір түрлі сергектік, сілкініс болды, жүрегім де жаңалық сезгендей», – деп жазады Ілияс Жансүгіров «Қысқаша өмірбаянында». Ол енді данышпан ақын жинағын қолынан тастамай оқиды, жаттап та алады.

«Қазақ күнпарағы»

1

Білу

1. Ілияс Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығы туралы не білдіңдер?
2. Әдебиетке деген қызығушылығының ояну себептері қандай?
3. Ақын қандай қызметтер атқарады?
4. Тұңғыш кітабы қандай атаумен жарық көреді?
5. Алғашқы өлеңдер жинағы қалай аталады?
6. І.Жансүгіров қандай поэмалардың авторы?
7. Ақынның өнер тақырыбына арналған қандай шығармаларын білесіңдер?
8. «Құлагер» поэмасындағы Ақан қандай кейіпкер? Дәлелді жауап беріңдер.
9. Батыраш қандай кейіпкер? Поэмадан мысалдар келтіріңдер.
10. Асқа келген қонақтарды ақын қалай бейнелейді? Аста қазақтың қандай салт-дәстүрлері көрініс береді?
11. Құлагерді Күреңбай сыншы қалай сипаттайды? Оқып беріңдер.

2

Түсіну

1. І.Жансүгіров неліктен «жыр Құлагері» атанған?
2. «Құлагер» поэмасында ақын өз заманының қандай өзекті мәселесін көтерген? Неліктен?
3. «Құлагер» поэмасы сюжетінің композициялық ерекшелігі неде?
4. Ақанның асқа Көкшетаудан жалғыз келу себебі қандай?
5. Батыраштың Құлагерді өлтірту себебі неде?
6. Құлагерді алғаш көрген жұрт оның бөйгеден озып келуіне сенімсіздік білдіреді. Неліктен?
7. «Құлагер» неліктен сюжетті поэмаға жатады? Дәлелді жауап беріңдер.

3

Қолдану

1. Ілияс Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығы туралы ұсынылған кестені толтырыңдар:

«V» – білемін, маған таныс ақпарат	«+ –» – мен үшін жаңа ақпарат	«- –» – мен үшін түсініксіз ақпарат	«? –» – мені таңғалдырды

2. Парталастарыңмен ақын, оның шығармашылық жолы туралы диалог құрыңдар.
3. «Құлагер» поэмасын мәнерлеп, түсініп оқыңдар. Өлең мәтінін қара сөзбен жазып шығыңдар.
4. Поэма кейіпкерлері туралы кесте толтырыңдар:

Ақан сері	Құлагер	Батыраш	Сыншы	Халық
Қандай?				


5. Ақан серінің тарихи бейне екеніне дәлелдер келтіріңдер.
6. Ақан серінің трагедиялық кейіпкер екенін поэма мазмұнына сүйене отырып дәлелдендер.
7. Хрестоматиядан бәйгені, Құлагерге жасалған қастандықты суреттеген эпизодтарды тауып оқыңдар, мазмұнын ашатын тірек сөздерді теріп жазыңдар.
8. Хрестоматиядан Ақан серінің азалы «Құлагер» өнінің дүниеге келуі суреттелген жерді оқыңдар. Ақан трагедиясын қандай сөздер арқылы сипаттар едіңдер?
9. «Құлагер» поэмасын сюжеттік-композициялық құрылысына талдаңдар, әр бөлікке атау беріңдер, әр тараудың түйінді ойын анықтаңдар.
10. Поэмадан құбылту мен айшықтау түрлеріне мысалдар келтіріңдер.
11. Қазақ жылқысының тарихы туралы не білесіңдер? Қосымша мәліметтерді ғалым А.Тоқтабайдың «Қазақ жылқысының тарихы» атты еңбегінен алуларыңа болады.

4

Талдау

1. «Құлагер» поэмасындағы Құлагер мен Абайдың «Атты сыны» өлеңіндегі аттардың сипатын салыстырыңдар. Атты

суреттеудегі Абай мен Ілияс үндестігін анықтаңдар. Екі жүйріктің ұқсастықтары бар ма? Венн диаграммасы арқылы көрсетіңдер.



2. Ақан сері мен Батыраш образдарын салыстырыңдар.

5

Жинақтау

1. І.Жансүгіров шығармаларын тақырыптарына қарай топтастырыңдар.
2. «Құлагер» поэмасының тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.

6

Бағалау

1. Поэмада суреттелген Ақан тағдыры сендерге қандай ой тастады?
2. Адамдар арасындағы бақталастық, қызғаныш туралы не білесіңдер? Ойларыңмен бөлісіңдер.
3. Ақан трагедиясының сыры неде? Пікірлесіңдер.
4. Егер Ақан Сағынайдың асына бармаса, Құлагер мен Ақан тағдыры қалай болушы еді? Ақынның жан серігі – Құлагерден айырылу себебі неде деп ойлайсыңдар? Ойларыңды білдіріңдер.
5. Ақан сері мен Батыраштың алғашқы кездесуін поэмадан тауып оқыңдар. Бұл кездесуден қандай ой түюге болады?
6. Батырашқа мінездеме беріңдер. Ол Ақанға неге ызалы? Батыраш Құлагерді алғаш көргенде өзін қалай ұстайды? Неліктен? Батырашқа бүгінгі күн тұрғысынан қандай баға берер едіңдер? Поэмада Батыраштарға ауыл адамдары өз үкімдерін айтады. Ал сендер қандай үкім шығарар едіңдер?
7. Ақанды халық қалай бағалайды? Оны қай өлең жолдарынан көруге болады?
8. Қалай ойлайсыңдар, қазіргі заманда Құлагердей жүйрік аттар бар ма? Ат баптау, бәйге өнерінің бүгінгі күні даму жағдайы қандай?

### Артық болмас білгенің

Қазақ ақыны Ілияс Жансүгіровтің баласы Саят Жансүгіровтің «Азаттық» радиосына берген сұхбатында ол әкесінің және отбасының қилы тағдыры жайлы әңгімелейді:

«Әкем ол уақытта Жазушылар одағын басқарған. Қазақтың салтымен жаз шыға таудың бөктерінде киіз үй тігіп, сонда демалады екен. Сол жақтан ұстап әкеткен. Қаладағы үйін тінтіп, құжаттарын, шығармаларын алып кеткен. Кейбір шығармаларының қайда екені әлі күнге белгісіз. Әкемнің шығармаларын, басқа да заттарын арбаға тиеп әкетіп бара жатқанда Сапарғали Бегалин көріп қалып, жүгіріп барып, әйтеуір әкемнің бір кітабын алып кетеді. Ол әкемнің «Құлагер» поэмасы екен. Сөйтіп, «Құлагерді» сақтап, әкем ақталған кезде Фатима Ғабитоваға әкеліп табыстайды.

1938 жылы 26 ақпанда әкемді, Бейімбет Майлинді және тағы басқа көптеген азаматтарды түнде атқан да, Алматының түбіндегі Жаңалыққа апарып, құлағалы тұрған үйлердің іргесіне тастап, үйдің қабырғаларын үстеріне құлатып кете берген.

Бірақ туыстарына «олардың бәрі айдалып кетті, олармен қатынасуға болмайды» деп айтып, бәрімізді алдап келді. Қай жаққа айдалғанын тағы айтпайды.

– Әкеңіздің сақталмаған қанша шығармасы бар деп ойлайсыз?

– Он шақты болады. Соның бірі – «Мұзқала» деген шығармасы.

Бұл – Голощекиннің қазақ жерінде «Кіші қазан төңкерісін» жасаймын деп, халықты аштыққа ұшыратқан саясатын әшкерелейтін шығарма. Бір жазушы, атын ұмытып отырмын, сол кісі «Мұзқаланы» тауып, бастырып, ол туралы мақала жазған. Алайда осы күнге дейін мен мұрағаттан іздеп таба алмай келемін».



### XXI ғасыр оқырманына

I.Жансүгіровтің «Күй», «Күйші», «Құлагер» поэмаларын, «Исатай-Махамбет» пьесасын, Ш.Қыяхметованың ақын туралы «Аңызға бергісіз ғұмыр» атты естеліктер жинағын оқыңдар.

Бейімбет Майлин әңгімелерінде терең шыншылдық бар, адам бейнесі, қарым-қатынастары әрдайым нанымды болып шығады және бұл шығармалардың түр үлгісінде дөңгелек келген тұтастық айқын аңғарылады.

М.Әуезов

## БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН



БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН  
(1894–1938)

### Даналық ойдан дән ізде

«Шұғамыз» – театрдың үлкен бір ойыны. Бұл – драма күйінде үлкен шығарманың бірі. Бұл бір дәуірдегі бай мен бұқараның тұлғасын көрсетеді.

*І.Жансүгіров*

Ұлттық әдебиетіміздің классигі Б.Майлин әдебиет жанрларының қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосты. Оның қаламынан екі жүз елуге жуық өлең, жүзден артық прозалық және драмалық шығармалар, опералық либреттолар туды. Б.Майлин – әңгіме жанрының, фельетон өлеңдердің шебері.

Бейімбет Жармағамбетұлы Майлин 1894 жылы Қостанай облысының Таран ауданында кедей малшының отбасында дүниеге келген. Әкесінен екі жасында жетім қалған Бейімбет жеті жасынан бастап байдың малын бақты. Қаршадайынан жоқшылық пен кедейшіліктің ауыр зардаптарын көріп өскен болашақ жазушыны мейірімді адамдар қоршады. Әжесі Бойдас өлең шығаратын, сөзге ділмар жан болған. Бұл үйде ақындар, жыршылар жиі қонақ болып тұрған. Осының барлығы жас Бейімбеттің сөз өнерін сүйіп, әдебиет жолына түсуіне ықпал жасады. Кейіннен өзінің балалық шағы туралы естеліктерінде әжесі Бойдас жайында былай дейді: «Әжем поэзияны жақсы көрді. Өзі де өлең шығаратын. Жалықпай, шаршамай көне жырларды тыңдайтын...». Бейімбет зерек бала болып өсті. Әжесі жоқшылыққа қарамай, немересін екі жыл ауыл молдасынан оқытып, сауатын ашты. 1911–1915 жылдар аралығында Троицк қаласындағы «Уәзифа»



медресесінде, Қостанайдағы орысша-қазақша мектепте, Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып білім алған. Алғашқы өлеңдері мен әңгімелер жинағы «Садақ» журналында осы жылдары басылды. Сонымен қатар «Айқап» журналы мен Қазан, Ташкент, Орынбор қалаларында шығатын газеттерге өз шығармаларын жіберіп отырады. Денсаулығына байланысты медресені аяқтамай, ауылына қайта оралып, мұғалімдік қызмет атқарады.

1919–1921 жылдары төтенше комиссар Әліби Жангелдиннің тобында әуесқойлық үйірмеге жетекшілік етіп, қызыл әскерлер үшін бір актілі пьесалар жазады. Ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. «Еңбекші қазақ», «Ауыл», «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде жауапты қызметтер атқарды.

Б.Майлин – әдеби жанрлардың барлық саласында өнімді еңбек еткен дарынды тұлға.

XX ғасырдың 20–30-жылдарының өзекті мәселелері Майлин шығармаларының арқауы болды. Алғашқы тракторлардың, мәшине, пойыздардың пайда болуы, колхоз, совхоздардың құрылуы, зауыт, фабрикалардың салынуы жазушы назарынан тыс қалған жоқ.

Б.Майлин поэма жанрының дамуы мен өрістеуіне үлкен үлес қосты. *«Байдың қызы»*, *«Қашқын келіншек»*, *«Бөліс»*, *«Маржан»*, *«Рәзия қыз»*, *«Кемпірдің ертегісі»*, *«Сағындық»*, *«Досалыдан бір дастан»* атты поэмалары – қазақ поэзиясының шоқтығы биік шығармалары. Проза саласында автордың аса жемісті еңбек етуі 1930 жылдан басталады. Бұл туралы Бейімбеттің өзі: «Жаман болсын, жақсы болсын, сол 30-жылдан бері қара сөзбен едәуір нәрсе жазып тастаған сияқтымын. Бұдан былай да қолымнан келгенше күшті осы қара сөзге салсам ба деймін. Өлеңнен гөрі істелуі ауыр болғанмен, икемім осыған ауды», – дейді. Бұл туралы замандастары: «Маңдайына түскен шашын сұқ саусағына орай ширата отырып, жазудан бас алмайтын еді», – деседі.

Қазақ проза жанрын қалыптастыруда жазушы шығармашылығының орны ерекше. *«Кедей теңдігі»*, *«Айранбай»*, *«Ақталған еңбек»*, *«Сары ала тон»* және тағы басқа әңгімелерінде Кеңес өкіметінің арқасында теңдікке қолдары жеткен кешегі малшы мен жалшы, малай мен жарлының өмірі суреттеледі.

Бейімбет Майлин – әңгіме жанрының ғана шебері емес, сонымен қатар көлемді повестерімен де оқырмандарға танымал автор. *«Азамат Азаматыч»*, *«Раушан – коммунист»*, *«Берен»* повестері кедей мен бай арасындағы тап тартысының жеңісін, жаңа өмір құрған еңбек адамдарының игі істерін баяндайды.

Колхоздастыру кезеңінің оқиғалары «*Келін мен шешей*», «*Жасырын жиналыс*», «*Майдан*», «*Талтаңбайдың тәртібі*» сияқты пьесаларының желісін құраса, жазушының «*Біздің жігіттер*», «*Жалбыр*», «*Аманкелді*» атты драмалық шығармалары тарихи тақырыпты қозғайды. Б.Майлин драматургиясы қазақ театр өнерінің дамуына үлкен үлес қосты.

«Шұғаның белгісі» шығармасының жазылуы жайлы мәлімет беруші Бейімбеттің бірге оқыған досы, башқұрт халқының көрнекті ақыны Сәйфи Құдаш 1916 жылдың ақпан айының аяқ кезінде Уфадағы «Ғалия» медресесіндегі тіл мен әдебиет мұғалімі Ғалымжан Ибрагимов шәкірттеріне қалаған тақырыптарына шығарма жазып келуді тапсырғанын, сонда Бейімбет «Шұғаның белгісін» ұсынғанын айтады. «Бимағамбет Майлиннің хикаясы, менің пікірімше, дейді ол, – сол уақытта жазылған шығармалар арасындағы ең көлемдісі және жақсысы еді. Ол қазақ тілінде Бимағамбеттің өз редакторлығымен шығып тұрған қолжазба «Садақ» журналында жарияланды».

«Шұғаның белгісі» жол қысқарту үшін әңгімелесіп келе жатқан

екі жолаушының әңгімесінен басталады. Бірі – Қасым, екіншісі – автор. Бұл хикаят суреткерлік шеберлік жағынан қазақ прозасы жанрының биік сатысынан орын алады. Сюжет бірінен соң бірі кезең-кезеңдерімен өрбиді. Қысқа-қысқа он үш тараудан тұрады. Бірінші тарау прологке құрылған, ал сюжет екінші тараудан басталады.

«Біз елден шыққанда күн де сәскелікке жақындап еді. Ұшпалы сұр бұлттар көшкен керуен сықылды тіркесіп, оңтүстікке қарай жылжып ұшып, күннің көзі біртіндеп ашыққа шығып, жылы шырайлы нұрын паша бастады... Біз екеу едік...». Бұлар кімдер? Бірі – автор, екіншісі қасына ерген жолдасы – Қасым – «сиректеу сақал-мұрты бар, қара бұжыр. Күлімсіреп дөңгеленіп тұрған қара көзді... Пішініне қарағанда, бір түрлі сөйлемпаз адам». Қасым жол бойындағы «Шұғаның белгісі»

### Зергер сөз

Бейімбет еңбектері жаңа өміріміздің шежіресі еді, биік белесіне енді шыға бергенде үзіліп кетті.

*Ғ.Мүсірепов*

Бейімбеттің есімі аса талантты, мол дарын дарыған адамның шоқ жұлдыздай жарқыраған тобында тұр. Ол – қазақ жазушысы, алғашқы журналист, әдебиеттің осы бір айрықша, жауапты және қызулы жанрына өзі бірінші болып жол салған кісі.

Бейімбет, біріншіден, аса қамқор еді. Мен не оқыған оқуы жоқ, не көрген зиялы мәдениеті жоқ қараңғы әйел едім. Мені баладай тәрбиелеп, мәртебемді бәрінен жоғары қойды. Ол есте өз басын ойлап көрген емес, жаны жібек еді.

*Жары Күлжамал Майлина*



Әбдірахман мен Шұға

атанған обашықтың тарихын айтып береді: «Бұл – қызық әңгіме, тыңдаңыз, – деді. Сөзді бастап та жіберді... – Бала күнімізде анау көрінген төбенің басында талай асық ойнап едік... Ол да бір дәурен. Иә. Бұл – елдің күзге қарай қонатын жері, жазғытұры барып тамызға шейін отыратын жайлауымыз, бұл көл де «Шұғаның белгісі» атанды, бұрын «Тарғыл өгіз сойған» деуші едік. Есімбек сол «Өгіз сойғанның» ең шұрайлы жеріне қонушы еді... Ортан қолдай төрт ұлы болды – шетінен қасқыр. Сол төрт ұлдың ортасында бұлаңдап өскен Шұға дейтін қызы болды, Шұға десе – Шұға, өй, шіркіннің өзі де келбетті еді-ау...». Бұл – сюжеттің басталуы (экспозиция). Әбдірахманның Есімбек аулына алғаш келіп, оны Шұғаның тұңғыш көруі повестің байланысын құрайды.

«– Мынау аттан түсіп жатқан кім? – деді Шұға.

Артыма жалт қарасам, екі жігіт түсіп, аттарын байлап жатыр екен. Біреуі орысшалау киінген. Тани кеттім.

– Әбдірахман ғой, – дедім.

– Әбдірахманың кім?

– Қазақбайдың баласы.

– Иә, әлгі учитель баласы ма?

– Иә.

– Жап-жас жігіт екен ғой, – деп бірер қарады да, Шұға отауға кіріп кетті.

Мен Әбдірахманға амандасып, үйге ертіп жүрдім. Отаудың сықырлауынан Шұғаның сығалап, бізге қарап тұрғаны білінді...»

Әбдірахман мен Шұға бір-біріне ғашық болып, бірінсіз бірі тұра алмайды. Бұл Шұғаның әкесіне ұнамайды. Әбдірахманға жала жабылып, ол айдалып кетеді. Айдалып бара жатқан

Әбдірахман мен Шұға күтпеген жерден кездесіп қалады. Сонда Шұға: «Қош, қалқам, қалқам!» – деп кемсеңдеп отыра кетеді. Бұл – сюжеттік шиеленіс. Қатты күйзелген Шұға айықпас дертке ұшырайды. Қызының қиналғанын көрген әкесі Есімбек болысқа айтып, Әбдірахманды амалсыз босаттырады. Бұл – сюжеттің шарықтау шегі. Әке шешімін естіген Шұға ауруынан айыға қоймайды. Шұға:

«Жазылып керегі не? Бәрібір мен бақытты бола алмаймын. Әкем аяса, менің дертім жаныма батқан соң аяп отыр... Өлем деп те арман қылмаймын. Жалғыз-ақ арманым бар – түнеугі көргенде, Әбдірахман бір ауыз сөз айта білмеді. Бір көріп сөйлесіп, жаным шығарда «Шұғам!» деп бетіме бетін тигізсе, бар арманым бітіп, дүниеден армансыз өтер едім... Әй, ол жоқ қой!..» – дейді.

Әбдірахман сүйікті Шұғасын көре алмайды, Шұға өзінің соңғы хатын қалдырып, бұл дүниемен қош айтысады. Сюжеттік шешімді мына үзіндіден аңғарамыз: «Біз ауылға жеткенде Беркімбайдың үйінің қасы лық толған адам екен. Атты байлап, Әбдірахманды үйге кіргіздім де, неге жиналып тұрғандарын білейін деп, аяңдап кісілерге қарай жүрдім. Жақындай бергенімде бір салт атты шоқытып келді де, айқайлап бірдеме айтып, кейін жүріп кетті.



*Қасірет шеккен Шұға*

Не айтқанын ести алмадым. Бірақ әлденеге жүрегім тітіркенді. Бойым мұздады... Жүгіре басып жандарына келгенімде:

«Құдай рақым етсін!..» – деп беттерін сипап, бата қылысты. Мен аң-таң болдым. Айтбай маған қарап:

– Естідің бе, Шұға қайтыпты-ау, – деді. Суық суды төбемнен құйып жібергендей болды. Тұрған орнымда қаттым да қалдым. Жиылған жұрттың бәрі де бастарын шайқасты:

– Әй, Шұға десе – Шұға еді-ау! – десті».

Жазушы «Шұғаның белгісінде» қазақ әйелінің тағдырын жан-жақты бейнелейді. Шұғаның өлімі арқылы феодалдық құрылысқа қарғыс айтады. Шығармада феодалдық қоғамда әйелдің бас бостандығы мен махаббат қалауы аяққа басылғаны, бірін-бірі сүйген Әбдірахман мен Шұғаның қосылуына ескі салт-сана, дәстүр қарсы шығып, ақыры ару Шұғаның ғашықтық қасіретінен мерт болғаны осылай баяндалады.

«Шұғаның белгісі» повесі – қазақ прозасы жанрының биік сатысынан орын алған туынды. Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтсақ: «Б.Майлин әңгімелерінде терең шыншылдық бар. Адам бейнесі, қарым-қатынастары әрдайым нанымды болып шығады және бұл шығармалардың түр, үлгісінде дөңгелек келген тұтастық айқын аңғарылады. Бейімбет әңгімелерінің көп топтары революцияның ең алғашқы жылдарынан бастап, отызыншы жылдардың ортасына дейін совет дәуіріндегі қазақ ауылында болған өмірдің ұзақ көркем шежіресі деуге болады».

Бейімбет шығармаларының өміршендігі – қазақ даласы табиғатының көркін, халықтың әдет-ғұрпын, ойлау, сөйлеу ерекшеліктерін, халық мінезін ұлттық сипатта шебер кестелеуінде, ұлттық рухпен суарылуында, халық өміріне сіңісіп кетуінде екендігін уақыт дәлелдеді.

### Даналық ойдан дән ізде

Дүниеде жақсы жазушылар көп. Бірақ әрбір әдебиет, ұлт үшін қымбат жазушылар бар. Біздің ұлтымыз бен әдебиетіміз үшін бір қымбат қаламгер – Б.Майлин десек, асыра айтқандық болмас. Қайта жеткізе алмай отыр демесе. Бұл – Бейімбет шығармаларының ұлт қанына әбден суарылғанынан. Бейімбет шығармаларындағы кейіпкерлерге қарап отырып, олардың тек қазақ екенін жазбай тануымыздан. Тіпті жер бетінен қазақ деген халық жойылып кеткен күнде Бейімбеттің шығармаларын оқып отырып, қазақ деген халықтың ақ қағазға бейнесін салып қана қоймай, мінезін елестетуге, пиғыл-ниетін тануға болар еді. Бейімбет шығармаларының кейіпкерлерін дүниедегі бар әдебиет атаулының сан миллиондаған кейіпкерлеріне қосып жібергенде де, олар белін таянып, «біз – қазақ едік» деп бөлектеніп тұратын секілді.

*Т.Нұрмағамбетов*

«Қазақ әңгімесі» дегенде, алдымен, Б.Майлиннің есімі тілге оралады. Бұл қаламгер әңгімені сан жағынан да, сапа жағынан да жазушыларымыздың бәрінен көп жазды, келістіріп жазды.

*Т.Нұртазин*

**Зергер сөз**

Бейімбеттен архив қалған жоқ. Барлығы мерзімді баспасөз құшағында жатыр.

*Ф.Мүсірепов*

Бейімбет Майлин – әдебиетіміздің барлық саласында әртүрлі жанларында бірдей қызмет еткен жазушы. Оның творчествосына тән халықтық, қарапайымдылық қасиет тек поэзиясында ғана емес, прозалық, драмалық шығармасында да ерекше байқалады.

*С.Ордалиев*

Бейімбет Майлин – өз шығармаларында әдеби тілдің әсем үлгісін берген, көркем сөзді төгілте қолданған нұсқалы жазушы. Эстетикалық туынды ретінде көркем сөз қорын байытты. Оның лабораториясы – бүкіл халық, зерттегені – ел өмірі, адамдардың ой-санасы мен мінез-құлқы, психологиясы.

*Ә.Нысанбаев*

**1**

**Білу**

1. Бейімбет Майлиннің туған жері, өскен ортасы туралы баяндаңдар.
2. Б.Майлин қандай қызметтер атқарған?
3. Б.Майлин шығармаларының тақырыбы қандай?
4. «Шұғаның белгісі» қандай шығарма?

**2**

**Түсіну**

1. Б.Майлин шығармаларының өміршеңдігінің себебі неде?
2. Шығарма неліктен «Шұғаның белгісі» деп аталған?
3. Шұға мен Әбдірахманның арманына жете алмау себебі не?

**3**

**Қолдану**

1. Жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған тірек сызба құрастырыңдар.
2. Шығарманы зейін қойып, мұқият оқып шығыңдар. Хикаяттың әр бөліміне ат қойып, шығарма сюжеті негізінде қысқаша мазмұндап беріңдер.
3. Шұға бейнесін қалай елестетесіңдер? Сипаттап беріңдер.
4. Концептуалдық кесте толтырыңдар:

Шығарма аты	Кейікерлер	Қасиеті	Кейіпкерге берілетін баға	Ой-тұжырым, мақал-мәтел

6. Мәтін бойынша «Мәтін бөліктері» оқыта үйрету ойынын өткіземіз. Ойынның шарты: мәтінді оқып болған соң төрт


топқа бөлініңдер. Әр топтан бір-бір оқушыдан шығып, үстел үстіндегі парақты алады. «Кіріспе» деген жазуы бар парақты алған топ мәтіннің кіріспесін, «Негізгі ой» деген жазуы бар парақты алған топ мәтіннің негізгі бөлімін, ал «Қорытынды» деген жазуы бар парақты алған топ қорытынды бөлімінде не туралы айтылғанын баяндайды. «Толықтыру» деген жазуы бар парақты еншілегендер әр топтан соң сөз алып, айтылған ойларды толықтырып отырады. Мәтінді тағы бір рет қарап шығып, мазмұндауды түпнұсқамен салыстырыңдар. Іске сәт!

7. Тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдерді жатқа айтыңдар.
8. Шығарма мәтінінен троптың түрлерін, тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді, көнерген сөздерді, одағайларды тауып жазыңдар.

4

Талдау

1. «Балық қаңқасы» тәсілін қолданып, шығарма мазмұнына талдау жасаңдар.



2. Шұға образын М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романындағы Жамал образымен салыстырыңдар.

5

Жинақтау

1. «Шұғаның белгісі» хикаятының тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Хикаят мазмұны бойынша сюжеттік жоспар құрыңдар.

6

Бағалау

1. Әбдірахманның махаббат үшін күресі туралы пікірлесіңдер.
2. Шұғаның өліміне кім кінәлі деп ойлайсыңдар?

3. Өз бойларыңа Шұға мен Әбдірахманның қандай қасиеттерін алар едіңдер? Неліктен? Жауаптарыңды мысал арқылы дәлелдендер.
4. Шұғаның ауруынан жазылғысы келмеуінің себебі не?
5. Жазушы өз шығармасында қандай әлеуметтік мәселені көтерген? Туынды неге қайғылы оқиғамен аяқталды деп ойлайсыңдар? Автордың орнында болсаңдар, қандай шешім ұсынар едіңдер?
6. Жазушы шешімімен келісесіңдер ме? Жазушы шығармасын «Шұға десе – Шұға еді-ау» деген сөзбен аяқтайды. Автор болсаңдар, хикаятты қалай аяқтар едіңдер? Өз нұсқаларыңды ұсыныңдар.
7. «... Бұл күнде ондай қыз қайда? Ажары тәуірлеу біреу болса, соны көтере алмай ма, білмейсің, ешкіге ұқсап шошаңдап жүргені. Заман бұзылған ғой... Иә...». Жазушы ойымен келісесіңдер ме?
8. Қыз бен жігіт арасындағы шынайы махаббаттың өміршеңдігіне қандай мысалдар келтіре аласыңдар?
9. Қазіргі қоғамда әлеуметтік әділетсіздік, теңсіздік бар ма? Пікір алмасыңдар.
10. «Шұғаға хат» тақырыбында эпистолярлық эссе жазыңдар.



### XXI ғасыр оқырманына

Б.Майлин. Көптомдық шығармалар жинағынан «Байдың қызы», «Рәзия қызы», «Қашқын келіншек», «Зәйкүл», «Маржан», «Өтірікке бәйге», «Хан күйеуі», «Кемпірдің ертегісі», «Бәліс», «Мырқымбай» поэмаларын, «Күлпаш», «Айт күндері», «Кедей теңдігі», «Айранбай», «Күлтай болыс», «Шапайдың хаты», «Өміржанның әңгімесі», «Ақталған еңбек» әңгімелерінің мазмұнымен танысуларыңа болады.



### Әдебиет теориясы

#### Повесть

**Повесть** – орта көлемді эпикалық түрдің үлгісі. Повесте бірнеше оқиға, адам өмірінің бір не бірер эпизоды ғана емес, біралуан кезеңді құбылыстары кеңірек, дамытыла суреттеледі. Сондықтан әңгімеге қарағанда, повестің көлемі де үлкен, сюжеті де күрделі, ондағы өмірлік тартыстардың оқиғаларға тұтаса басталуы мен байланысы, шиеленісі мен шешімі де әлдеқайда табиғи, заңды, оқиғаларға қатынасатын



қаһармандар да біреу емес, бірнешеу. Кейіпкерлердің ішкі-сыртқы бітім-бейнелері бедерлі, арақатынастары арналы, өріле, өрістетіле, қалыптасу, даму үстінде көрсетіледі. Повесть мазмұнындағы ең өзекті шындық, әрине, бас қаһарманның өмірі болмақ.

*З.Қабдолов. «Сөз өнері»*



**Тапсырма**

Повесті әңгіме жанрымен салыстырыңдар:

Ұқсастығы	Айырмашылығы

Ғабит Мүсірепов – қазақ әдебиетінің барлық жанрын дамытуда аянбай еңбек еткен қаламгер.

...Қағаз бетіне түскен қолының дір еткен тұсы болмаған, әрқашан еркін, батыл, байсалды қозғалған, әр сөз орнында, шебер құрылысшының кірпішіндей берік қаланған да отырған. Бұл зергердің қолынан шыққан бұйымдарының жұрт таныған асыл қасиеті осында жатыр.

З.Қабдолов

## ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ



ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ  
(1902–1985)

### Даналық ойдан дән ізде

Халқымыздың өткен ғасырда бастан кешкен сан қилы күрделі тағдыры Мүсіреповтің құдіретті қаламы арқылы көркемдік бейнесін тапты. Оның әдебиеттегі зор еңбегі көзі тірісінде-ақ өзінің жоғары бағасын алды.

*Н.Назарбаев*

Қазақ әдебиетінің кеңестік дәуірдегі көрнекті қайраткерлерінің бірі, көркемсөз зергері – Ғабит Мүсірепов 1902 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында кедей шаруаның отбасында дүниеге келген.

Өзауылында ескіше оқып, хат таныған ол 14 жасында Обаған деген жердегі орыс мектебіне оқуға түседі, бұл мектепті бітіріп, Преснегорьковтағы екі кластық орыс мектебінде жеті жылдық білім алады. 1923–1926 жылдары Орынбор қаласындағы жұмысшы факультетіне оқуға түсіп, оны бітірісімен Омбыдағы ауылшаруашылық институтында бір жыл оқиды. Орынбордағы оқуы туралы жазушы өзінің «Автобиографиялық әңгімесінде»: «Мен сол кездегі Орынбор рабфагін кейбір жоғары дәрежелі мектептермен теңесе алады-ау деп ойлаймын!... Орыс әдебиетін оқығанда Гоголь, Чехов, Горький шығармалары ойыма қона қалушы еді. Қабырға газетіне бірінші рет ұзақ әңгіме жаздым, кейін ол «Тулаған толқында» деген повеске айналып, менің бірінші басылып шыққан әдеби еңбегім болды», – деп жазады. Содан кейін

кеңестік дәуірдегі баспасөз, халық ағарту, көркемөнер мекемелерінде әртүрлі жауапты қызметтер атқарады.

Жазушының әдеби-шығармашылық еңбегі 20-жылдардың аяқ шенінен басталады. Оның жазушы болып қалыптасуына Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Крылов, Чехов, Толстой, Салтыков-Щедрин сияқты орыс классиктерінің шығармалары ықпал етті. Жазушы жиырмадан астам әңгіме, хикаяттар: *«Қос Шалқар»*, *«Талпақ танау»*, *«Ана туралы новеллалар»*, *«Автобиографиялық әңгіме»* т.б. ондаған пьесалар: *«Қыз Жібек»*, *«Қозы Көрпеш – Баян сұлу»*, *«Ақан сері – Ақтоқты»*, *«Аманкелді»*, *«Қынаптан қылыш»* т.б., *«Қазақ солдатты»*, *«Ұлпан»*, *«Оянған өлке»* атты романдарын, *«Кездеспей кеткен бір бейне»* поэмасын жазды. Сонымен қатар орыс, батыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аудару ісімен де шұғылданды. Оның жүзге тарта публицистикалық мақалалары жарық көрді.

Ғабит Мүсірепов – қазақ әдебиетінің барлық жанрын дамытуда аянбай еңбек еткен жазушы. Оның еңбектері жоғары бағаланып, бірнеше орден, медальдармен марапатталды, алты мәрте Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне, 1958 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. 1974 жылы Ғ.Мүсіреповке кеңес әдебиетін өркендетуде сіңірген еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері құрметті атағы берілді.

Жазушының 1930 жылдардың бас кезіндегі көбірек көңіл бөлген тақырыбы ауылшаруашылығын ұжымдастыру мәселесі болды. Оның осы тақырыпқа арнап жазған тұңғыш шығармасы – *«Қос Шалқар»* әңгімесі. Қаламгер *«Қос Шалқар»* атанған әсем көлдің атырабына үш рет жолы түсіп барғанын, осы өңірдегі болған өзгерісті сөз етеді. Әңгіме оқиғасы егіндік, шабындық жерлерді бөліске салу, ауылшаруашылығын ұжымдастыру мәселесіне арналған. Қасым сияқты байлардың шөбін шауып, малын баққан Күсен сияқты кедейлердің артель болып ұйымдасуы, байлар мен кедейлердің таптық күресі шеңберіндегі қазақ ауылының шындық өмірі суреттеледі. *«Көк үйдегі көршілер»*, *«Күсен»* атты әңгімелері де осы тақырыптың жалғасы сияқты болып келіп, қазақ ауылындағы колхоздастыру кезіндегі қиыншылық, таптық талас-тартыс әңгіме болады. Ғ.Мүсірепов 1932 жылы *«Бір адым кейін, екі адым ілгері»* атты әңгімесін жазды. Онда таптық күрес, астыртын әрекеттер, ауылдың бай-кедей болып бөлінуі, жаңа заманға өткен қоғам өкілдерінің риза болмай, қарсы тұруы суреттеледі. Жазушының шығармаларына негіз болған оқиғалардың барлығы да өмір шындығынан алынған, бұл 1930 жылдары қазақ даласындағы ескі мен жаңаның күресі еді.

Жазушы «Талпақ танау» әңгімесінде де қазақ ауылындағы колхоздастыру кезеңінің шындығын баяндайды. Онда еңбекшілерді ұжымдастыру мәселесіне байланысты колхоз төрағасы Сәденнің көрші совхоздан шошқа сатып әкеліп өсіруі суреттеледі. Қазақ ауылына әкелінген бесінші түлікті Есен шалдың бағуын, ауыл адамдарының оған үрке, жиіркене қарауын бейнелеу арқылы адамдар психологиясында орын алған ескі түсінік пен жаңа көзқарастың қақтығысын шебер көрсетеді.

30-жылдардың ортасында жазушыны М.Горькийдің ана тақырыбына жазған романтикалық әңгімелері қызықтырады. Ол М.Горькийдің «Адамның анасы» және «Өлімді жеңген ана» атты екі новелласын аударып, өзі де «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы», «Ер ана», «Ақлима» атты әңгімелерін жазды.

Жазушының «Ана» тақырыбындағы шығармаларының жиынтығы ретінде 1974 жылы «Ұлпан» романы дүниеге келді. Жеті мың бетке жуық қолжазба, жазу кітапшаларын қалдырған Леонардо да Винчиге еліктеген қазақтың сөз зергері Ғабит Мүсірепов қойын дәптеріне «Менің Джокондам – Ұлпан» деп жазған екен. Сондай-ақ қаламгер «Тұтқын қыз» атты кітабында: «Ұлы суретшімен жарысқа түстім десем, оным барып тұрған астамшылық болар еді. Мен онша ақымақ болмасам керек. Әрбір жазушының ойында әр кезде өзімен бірге жасасып, толығырақ түскен бейнелері болу керек. Менің ойымда Ұлпан 40 жыл бірге жасасып жүрді. Мен ол бейнені әр қырынан көрсетуге тырыстым – ойы, сезімі, сырт суреті, жас кезі, есейген кезі, мінезі, мейірімі т.б. Джоконда да маған мұңайыс пен жымыю сиқыры сияқты елестейді. Мен сиқырға бара алмадым, кәдуілгі тірі әйел бейнесін жасамақ болдым. Горькийдің бағытын ұстадым. Ұлпанда романтизм бар деп те ойлаймын. Орыс сыншылары Ұлпан бейнесінде аңыз бар десті. Мен жоқ деймін. Ұлпаннан бірнеше ғасыр бұрын өткен Қарқабат, Ақкелін, Домалақ ана, тағы басқа да рулы елге ұран болған әйелдеріміз болған ғой!».

#### Даналық ойдан дән ізде

Ғабит Мүсірепов – ардақты ат! Мүсірепов туралы мың сөзден «Мүсірепов» деген бір сөздің мағынасы әлдеқайда терең, мазмұны әлдеқайда бай. Ғабит Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ. Онымен мақтануымыз керек.

З.Қабдолов

Ғабит Мүсірепов әрқашанда өз халқымен бірге қуанып, бірге толғанды. Әр оқиғаның мән-мазмұнын шеберлік құдіретімен оқушының көкейіне ұялатуға тырысты.

І.Омаров

Романда қазақ ауылының жүз жылдық тұрмысы, әдет-ғұрпы, барымта, қалыңмал беріп, қыз айттыру, бай мен кедей арасындағы, ел ішіндегі жер дауы, жесір дауы кең көлемде сөз болады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының өміріне терең бойлап, тарихи деректерді, өмірде болған оқиғаларды, адамдарды шығармасының арқауы етіп алады. Романның басты кейіпкері Ұлпан өмірін суреттеу арқылы сол замандағы қазақ қоғамының тыныс-тіршілігін көрсетеді. Жазушы Ұлпан бейнесіне қазақ әйелдеріне тән асыл да құнды қасиеттерді жинақтайды.

Романдағы бас кейіпкер Есенай – Керей-Уақ руының билігін уысында мықтап ұстаған беделді биі, атақты байы. Жас кезінде жауынгер, найзагер батыр болып, Кенесары қолымен кескілескен ұрыста ерлік көрсеткен, екі жүз сарбазын тұтқындап стапқа өткізген, кейін жараланып, орыс-казактары дәрігерлерінің көмегімен ажалдан аман қалған. Ол қалың жылқысын өзінің жауынгер досы, бірақ аяқ-қолы сал болып қалған Артықбай батырдың жайылымына байқамай қаптата жайып келе жатқанда, оның алдынан батырдың қызы Ұлпан қарсы шығып, Есенайді сөзбен жеңіп, айып төлетеді. Мүсірептің Ұлпанды танып, Артықбай батырдың қызы екенін естігенде, Есенайдің Ұлпанды алғаш рет көруі есіне түседі: «Есенай сәлем беріп, үйге кіріп келгенде, төрт-бес жасар қыз бала зәресі ұшып, үйден шыға қашқан болатын. Сол бала үш күн бойы өз үйіне кірмей қойған. Босағадан сығалайтын да, қаша жөнелетін...». Есенай ойынан Ұлпан шықпайды:

«Есенайдің бүгінгі көрген бойжеткен қызы сол – Ұлпан. Бұдан он үш жыл бұрын көрген бала қыз әлдеқашан есінен шығып кеткен еді. Енді, міне, бүгінгі батылдығымен, бала кезіндегі еркелігімен, мақпал қара меңімен көз алдында тұрды да қалды. Ерке болушы еді, ығыспай сөйлейтін қыз болыпты-ау. Зерделі, зейінді боларсың деп ойлап кетіп еді, ойлағаны келген де қойған. Ұтқызбай кетті ғой!.. Әлдекім әлдеқашан айттырып, құда түсіп қойған болар-ау! Оған сөз жоқ қой. Ит-ай, не деген маңдайы жарылып туған ит еді. Қазақ бесігінде жатқан баланы да айттыра береді. Кедейленіп қалған батыр әлдеқашан қалың малын алып, жеп те қойған болар. Шешесі Несібелі сұлу да сүйкімді кісі еді, соған тартқан ғой. Мінезі де шешесіне тартса, ақжарқын, ашық, ақкөңіл болар. Ол бір таптырмайтын мінез ғой. Өзіне сәукеле қалай жарасар еді!».

Екі баласы бір күнде шешектен өлген, бүгінде елуден асып, ел ағасы болған еңсегей бойлы Есенай бір балаға зар болып жүріп, өзінен қырық жас кіші Ұлпанға ғашық болады. Есенай Ұлпанды айттырған күйеуі Түлен саудагердің таз баласы Мырзаштан құтқарады. Елін



#### Сөзмаржан

**Зерделі** – ақылды, саналы, зейінді.

**Қолқа** – 1) жақын адамның бір нәрсені қалауы, сұрауы; 2) ірі артерия қантамыры.

ашса – алақанында, жұмса – жұдырығында ұстап отырған Есенеі Ұлпанды айттырып қойған жерінен арашалап алып, өзі құда түседі: «Есенеі үйіне қайтқалы жатқан Мүсірепті шақырып алды:

– Бір қыс бірге болайық деп едім, көнбедің. Тек менің соңғы бір қолқамды орындап бер. Бір күн аялда. Артықбайға құда түсіп қайт. Ұлпанға Есенеідің көңілі ауып жүр де. Мендей шалдардың талайы-ақ тоқал алады. Мен де өзіндей сүр бойдақ. Алпысқа келгенім жоқ. «Соңғы» дейтін күйім осы қыз – Ұлпан...». Есенеі сөзін жерге тастай алмайтын Мүсірепке Ұлпанмен сөйлесу де оңайға түспейді:

– Ұлпан! – деді Мүсіреп, Ұлпанның көзіне тура қарап, – Ұлпан, сен мен қазір не айтсам да түгел тыңда, ойлана тыңда. Жақсын, жақпасын, түгел тыңдап ал. Бір ауыз сөз қоспай тыңда!

Содан кейін өзінің Есенеі жіберген елшілігін айтты... Ұлпан бір түсініксіз күлкімен күле бастады.

– Мүсіреп аға, күлгеніме өкпелей көрмеңіз, күлкім келіп күлгенім жоқ. Енді Есенеі ағаңа қайтаратын жауабымды айтайын: Есенеідің құрығы мойныма түсе қалса, оны алып кететін күш біздің аз ғана ауыл кірме Күрлеуітте жоқ. Құдай салды – біз көндік. Бірақ ағаңның есінде болсын – Ұлпан арзанға түспейтін қыз».

Ұлпан сұлулығымен қатар өзінің ақылдылығымен, зеректігімен Есенеіді баурап алады. Ұлпанның келісімін алған Есенеі оның «арзанға түспейтін қыз» екенінде қандай мән жатқанын білуге асығады. Оны Ұлпанның өзінен сұрайды:

«– Ұлпан, мен арзанға түспейтін қызбын дегенде не айтқың келді? Сол қымбатқа түсерің дүние малы болса да атын аташы!

– Мені ешкім сатпайды да, мал да алмайды. Әке-шешемнің өз малын бағып алуға да шамасы жоғын білесіз емес пе? Сіз мені қай үйіңізге кіргізбексіз? – деді.

– Отау үйге кірем десең, отау үй бар. Үлкен үйге кірем десең, үлкен үй бар. Қалағаның болсын.

– Жоқ, маған оңаша отау – ойнақ үй керек емес. Мен үлкен үйге кіремін де, төріңізде отырамын. Соған туысқандарыңыздың көзі үйренер ме екен?

– Бір-ақ күнде үйренеді. Есенеі ордасының бөйбішесі сен боласың...

– Есенеі, – деді Ұлпан. Бұрын сіз деп сөйлеуші еді, мұнысы бір табан жақын дағанын аңғартқандай шықты. – Есенеі, екеуміздің арамызда ең кемі қырық жылдық айырма бар. Осыны ойладың ба?



#### Сөзмаржан

**Құрық** – 1) жылқы ұстау үшін ұшына ілмек жіп бекітілген ұзын сырық; 2) айла-шарғы, қулық-сұмдық.

**Кірме** – басқа елден, сырт жақтан ауып келіп сіңген адам, келімсек.

– Ойладым, жаным. Қырық жыл болса қайтейін? Қырыққа келгенде біздің елдің Есенейі сен болып қаларсың. Оған дейін сен менің Есенейім бола тұр... Мен саған сұлу деп, жас деп қызықтым ба, болмаса Есенейдің орнына Есеней болатын адам деп қызықтым ба, оны өзім де біле бермеймін... Мен баласы жоқ, ұрпақсыз қалған адаммын. Ұлым да, қызым да, жарым да жалғыз сенсің, күнім. Күнімдей жарқырап, ел-жұртыма кейде айбынды, кейде мейірімді қарап, ордамызды жалғыз толтырып отырсаң, Құдайдан сұрар басқа бір тілегім жоқ...».

Көркіне ақылы сай Ұлпан – Есенейдің ерекше адам екенін тани білген сұңғыла қыз. «Есеней қатал еді, озбыр еді. Енді оның жан жүрегін жібіткен Ұлпан болды», – деп суреттейді жазушы.

Қазақ елінің тіршілігін, қазақ әйелінің өмірін жазушы: «Дала қызы – табиғаттың ең жас перзенті. Көзіне көрінгеннің бәрін көңіліне тоқып келеді. Ол не көріп, не біліп өсті? Кең дала... көк дала... сары дала... сағым... Төрт түлік мал... соғым. Қысы-жазы киіз үй. Ұзақ түндей өзгерісі жоқ өмір. Сары ала етек сарпылтаңға көндігіп кеткен қазақ әйелі. Ұлпан да осыны көріп өсті», – деп суреттей отырып, «Қазір оның көңілінде әлденелер оянып келе жатқандай еді...», – деп, Ұлпанның бейғам ел тіршілігіне әкелген жаңалықтары мен өзгерістерін бейнелеу арқылы қарапайым қазақ қызының даналығын, ел анасына айналған тұлға дәрежесіне дейінгі өсу жолын көрсетеді. Жазушы халық қамын ойлап, ел мүддесін қорғаған Ұлпанның істерін айта келе: «Он ауыл Сибанды Есенейдің қазаны мен қолына қарап телміріп отырудан біржола құтқарды. Қашаннан бері Есенейдікі болып келген кең жерді әр ауылға бөліп берді. Мұнысы жалғыз бұл ел емес, жалпы Сібір қазақтары үшін жаңа бір үлгі еді. Оның аты не екенін Ұлпан өзі білген емес. Кедейлік жаншып, ділгірлік сорына белден батып отырған жоқ-жітікке жаны ашыды да, қолдан келерін істеді де берді. Қазір Есенейдің малы екі есе азайды, оның есесіне ел Сибанның малы он есе көбейді. Ел аздап егін салады, шөп шабады. Бала-шаға дірдектеп қыс бойы киіз үйде отырмайды, жылы қысқы

үйде отырады. Әсіресе, осы қысқы үй үшін ел-жұрты Ұлпанға қатты риза. Есенейді жұрт құрметтейтін де еді, қорқатын да еді. Ұлпанды жұрт әрі құрметтейді, әрі жақсы көреді. Бұдан он жыл бұрын Ұлпанға сұрана келуші еді, осы күні ақылдаса келеді. Есенейге кімнің батылы барып ақылдасам деп ойлаған! Бұрын



#### Сезмаржан

**Телміру** – 1) көз алмай, тесіле қадалып қарау  
2) көзін сатып дәмелену, күні түсу.

**Ділгірлік** – зәрулік, мұқтаждық.

Есенеиден ығысып-ықтап қалған бес болыс Керей елі де үлкен дау-жанжал болса, Сибан елінің ыңғайын байқау үшін Ұлпанға бір соқпай қоя алмайды», – дейді.

Ұлпанның қиын да шырғалаңы көп өмір жолын суреттеу арқылы жазушы қазақ әйелдерінің тағдырын көрсетеді. Тоғыз жыл төсек тартып жатқан Есенеидің даңқын көтеріп, атақ-абыройын асырған Ұлпанның қадірін жазушы Мүсірептің әмеңгерлік пен Есенеиден қалған байлықтың тағдырын шешуге келген би мен болыстарға айтқан сөзі арқылы білдіреді: «Бұл елде екі адам Сибан болса, Ұлпан – сол екеуінің бірі, біреу болса, сол біреудің өзі – Ұлпан! Ұлпан – тек Сибан ғана емес, он бес жылдан бері осы елдің Есенеі! Есенеидің өзі атап кеткен – Есенеі! Сіздер Ұлпанды жесір қалған қатын деп отырсыздар, Сибан оны «әулие Ұлпан» дейді. Сибан қандай талқыға түссе де, осы ойынан айнымайды». Ақнар атанған абзал ана, жұрт қамын жеген қамқор Ұлпан басына түскен қандай қиындықты қайсарлықпен жеңе білсе де, өзін қорлау мен аяушылық білдіруге төзбес қайсар жан екенін: «Жоқ, жоқ! Мен Ұлпанмын! Айқай салсам, барлық Сибан атқа мінер еді. Өттең, зират басына барғанда өзім салдырған үйлердің қасынан көзімді жұмып өтемін бе? Ол да емес... Әркімнің мені аяй қараған көзіне қалай шыдармын?» – деп, өз байламын жасайды.

Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романы – ел шежіресін, қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігін кең ауқымда бейнелеген туынды.

#### Зергер сөз

...Әлі де талай-талай замандар өтеді. Талай-талай толқындар кезекпен ауысып, талай-талай ұрпақтар келеді. Сол кезде халқымыздың осы бір тұстағы бел-белесіне үңілер адам болса, Мүсірепов шығармаларына соқпай кете алмайтыны айдан анық.

*С.Шаймерденов*

Ғ.Мүсірепов – көркем әдебиетте де, театрда да, кинода да – өнердің тағы қандай түрі бар – бәрі-бәрінде де сұлулықтың гимн дәрежесіне көтеріліп келе жатқан классик.

*Ш.Мұртаза*

Ғ.Мүсірепов – қазақ драматургиясының қалыптасуы мен дамуына айрықша үлес қосқан қаламгер. Оның қаламынан туған «*Қыз Жібек*» музыкалық драмасы (кейін осы аттас операның либреттосын жазды), «*Қозы Көрпеш – Баян сұлу*», «*Ақан сері – Ақтоқты*» пьесалары театр сахналарында қойылып, өз көрермендерін тапты. Жазушы ауыз әдебиеті жырларында суреттелетін Қозы, Баян, Қодар, Қарабай, Жібек, Төлеген, Бекежан, Сансызбай, Базарбай образдарын театр өнеріне лайықтап шығарды. 1954 жылы Ғ.Мүсірепов «*Махаббат туралы дастан*» атты көркем суретті фильмнің сценарийін жазды. Пьеса орыс тіліне аударылып, Мәскеу театрларында



қойылып, жоғары баға алды. Ғ.Мүсіреповтің тарихи тақырыпқа жазған шығармасының бірі – «*Амангелді*» пьесасы. Пьеса негізінде «*Амангелді*» кинофильмі түсірілді. Пьесада 1916 жылғы Торғай облысында Амангелді бастаған ұлт-азаттық қозғалысы, қазақ еңбекшілерінің жергілікті байлар, болыстармен ақ патшаға қарсы күресі суреттеледі. Амангелді бастаған азамат соғысы Қазан төңкерісімен ұштасып, қазақ даласында Кеңес өкіметінің орнауымен аяқталады.

Ғ.Мүсіреповтің Екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбына арналған туындысы – «*Қазақ солдаты*» романы. Жазушының бұл туындысы Қайырғали Сарталиевтің өмір жолын суреттеуге арналған. Романда бас кейіпкер Қайроштың балалық шағы, балалар үйінде тәрбиеленуі, ержетіп өсуі, азамат болуы, ерлігі баяндалған. Ғ.Мүсіреповтің Қайрошы – адал достықтың, бауырмалдық пен табандылықтың, батырлық пен батылдықтың иесі. Романның идеясы Қайроштың: «Дүниеде туған еліңнен артық ел жоқ, жер де жоқ... Сол еліміздің құлпыра түсер шағына келе жатырмыз. Адамның ойы да көркем, бойы да көркем болады ол елде!» – деген сөздерінде жинақталғандай.

Жазушының 1953 жылы жазылған «*Оянған өлке*» романының тақырыбы – Қазан төңкерісінен бұрын Қарағанды көмір өндірісі ашылып, онда қазақ жұмысшы табының құрыла бастауы, өндіріске жаңа тартылған қазақ кедейлерінің ащы өмірдің азабын бірге тартып, біте қайнасуы, олардың таптық мақсатты терең түсінуі, орыс капиталистері мен қазақ байларына қарсы тізе қоса бастауы, таптық сана-сезімінің оянуы суреттеледі. Романның екінші кітабы «*Жат қолында*» атауымен 1984 жылы дүниеге келді. Онда Қарағанды көмір кенін ағылшын алпауыттарының тонауы сипатталған.

Ғ.Мүсіреповтің «*Жапон балладасы*» – қара сөзбен жазылған баллада-жыр. Адамзат тарихында тұңғыш қолданылған атом бомбасының ауыр зардабын шеккен жапон халқының жантүршігерлік трагедиясын жазушы поэзиялық леппен, терең сыршыл сезімталдықпен жеткізе білген. Автор «*Арқаның әңгімесі*», «*Көздің әңгімесі*», «*Тастың әңгімесі*» арқылы ХХ ғасырдың ең сұмдық, зұлмат қасіреті – атом апатын әшкерелейді.

Жазушы шығармаларының тілдік ерекшелігі – аз сөзге көп мағына сыйғыза білуінде, ащы сарказм мен юморды жиі қолдануында. Халқымыздың ардақты қаламгері ана тіліміздің тазалығына ерекше мән берген. Бұл туралы С.Мәуленов: «Ол ана

тілінің таза болуына, сөздердің өз орнына қаланып, дұрыс қолданылуына, қорының молая беруіне баса назар аударатын. Ол тіл болмаса, халық болмайтынын жас ұрпақтың жадына мықтап құйған еді. Оның маржандай тізілген жазуынан сөз меруерттері шашылып жатқандай болатын. Ол әр сөздің нұрын, дәмін, әнін тамыршыдай тамаша білетін. Ол керемет стилист еді. Стиль адам дейтін болсақ, оның стилінен өзінің сұлу жаны жарқырап нұрын шашып тұрғандай», – десе, «Аспан толы жұлдызды шашылған сөз маржан десек, шеберлік пен көркемдік жағынан Ғабит Мүсірепов тілі жосылған Құсжолы болып қалды», – дейді профессор М.Базарбаев.

### Артық болмас білгенің

Отызыншы жылдарда-ақ үлкен драматург екенін танытып, «Қыз Жібек» операсының либреттосын, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасын, Ғ.Мүсірепов кейінгі жылдарда да бүкіл қазақ драматургиясының тамаша туындысы болып табылған «Амангелді», «Ақан сері – Ақтоқты», «Болашаққа аманат», «Қыпшақ қыз – Аппақ», «Қайран Майра» атты драмалық шығармаларын жазған.

Сценарийін Б.Майлин, В.Ивановпен бірігіп жазған «Амангелді» фильмі қазақ кино өнерінің алғашқы баспалдағы саналса, «Махаббат туралы дастан», «Қыз Жібек» фильмдері – қазақ кино өнерінің алтын қорынан орын алған туындылар.

Көркем аудармада О.Генри, С.Тагарао, М.Горький, М.Шолохов, У.Шекспир, К.Симонов, А.Штейн, Ж.Мольер, тағы басқа қаламгерлер пьесаларын қазақ тіліне аударған.

*«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы*

1

Білу

1. Ғабит Мүсірепов туралы не білдіңдер? Қандай отбасында дүниеге келген? Қандай білім алған?
2. Жазушы шығармашылығы туралы не айта аласыңдар? Қандай шығармаларымен танысыңдар?
3. 1930 жылдары жазған туындылары қай саланы қамтиды?
4. Тұңғыш шығармасы қалай аталады?
5. Жазушының қазақ драматургиясына қосқан үлесі туралы не білдіңдер?
6. Екінші дүниежүзілік соғыс туралы қандай шығарма жазған?

2

Түсіну

1. Роман не себепті «Ұлпан» деп аталған? Ойларыңды мысалмен түсіндіріңдер.
2. «Менің Джокондам – Ұлпан». Жазушының қойын дәптеріндегі осы бір сөйлемнен нені ұғамыз? Джоконда кім? Ол туралы не білеміз? Ұлпанды жазушы неге осы бейнеге теңестірді? Сендер кімге ұқсатар едіңдер?
3. Есеней Ұлпанды не себепті «Ақнарым» деп атаған? Романның үзінді келтіре отырып түсіндіріңдер.
4. Ұлпанның «арзанға түспейтін қыз» екенінде қандай мән жатыр?

3

Қолдану

1. Жазушы туралы берілген мәтінді мұқият оқып шығыңдар, мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңдар. Кім көп сұрақ құрастырса, сол жеңіске жетеді. Келесі кезекте құрастырған сұрақтарыңды бір-біріңе қоясыңдар. Ойын соңында «Қазымыр оқушы» анықталады.
2. «Ұлпан» романындағы портреттік суреттеудің рөлі туралы айтып беріңдер.
3. Романдағы, ирония, сарказмға құрылған сөз тіркестерін теріп жазыңдар, қызметі туралы айтып беріңдер.
4. Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романының негізі оқиғаларына сюжеттік-композициялық жоспар құрыңдар.
5. «Ұлпан» романында қазақ өмірінің қандай оқиғалары қамтылған? Нақты мысалдар келтіре отырып, баяндаңдар.
6. Ұлпан бойында қандай қасиеттерді дарытқан? Ұлпан қазақ даласына қандай өзгерістер мен жаңалықтар әкелген адам?
7. Ұлпанның өсу жолын роман мазмұнымен байланыстыра түсіндіріңдер.
8. Романның берілген үзінділерді түсініп оқып шығып, тапсырмаларды орындаңдар:
  - үзіндіні бірнеше бөлікке бөліңдер;
  - әр бөлікке атау беріңдер;
  - әр бөліктің негізгі ойын білдіретін сөйлемдерді табыңдар;
  - кейіпкерлерді сипаттайтын сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді табыңдар;
  - мәтіндегі барлық кейіпкерлерді кезегімен атап шығыңдар;
  - мәтіндегі оқиға орын алған жерлерді атаңдар;

- үзіндіні аяқтаудың нұсқасын ұсыныңдар.
- 9. Романда кездесетін жер-су атауларын теріп жазып, географиялық тұрғыдан сипаттаңдар.
- 10. Шығармада кездескен ұлттық салт-дәстүрлердің көрініс беруін түсіндіріңдер және бүгінгі күндегі өзектілігі туралы ойларыңмен бөлісіңдер. Этнографиялық деректер қорын жасаңдар.

4

Талдау

1. Романдағы Ұлпан бейнесін қазіргі кездегі басшылық қызметтегі әйелдер бейнесімен салыстырыңдар.
2. Роман кейіпкерлері – Есеней, Ұлпан, Торсанға салыстырмалы мінездеме беріңдер.

Есеней	Ұлпан	Торсан

3. Ұлпанның бойындағы адамгершілік ұлы қасиеттерін мысал келтіре отырып, талдаңдар.
4. Романдағы Есеней бейнесіне, өзіндік ерекшеліктеріне талдау жасаңдар.
5. Әңгімеге сатылай кешенді талдау жасаңдар:
  - Авторы:
  - Тақырыбы:
  - Идеясы:
  - Тәрбиелік мәні:
  - Кейіпкерлері:
  - Портреттік мінездеме:
  - Көркемсөз айшықтары:
    - теңеу –
    - эпитет –
    - метафора –
  - Тұрақты тіркестер:
  - Мақал-мәтелдер:

5

Жинақтау

1. Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романының тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. «Ұлпан» романы туралы мазмұндаудың тірек сызбасын құрыңдар.

1. Ұлпан Есенейге жар болуға не себепті келісім берді? Бұл келісімге сендердің көзқарастарың қандай?
2. Ұлпанның өмірден ерте кетуіне қандай себеп болды? Ұлпан тағдыры туралы пікірлеріңмен бөлісіңдер.
3. Ұлпан бейнесі туралы ойларыңды «ПОПС формуласы» арқылы білдіріңдер.  
«Менің ойымша, ...»  
«Себебі, мен оны былайша түсіндіремін ...»  
«Оны мен мына дәлелдермен, фактілермен дәлелдей аламын ...»  
«Осыған байланысты мынадай шешімге келдім ...».
4. «Ұлпан» романындағы Есеней образы туралы ойларыңды білдіріңдер. Есенейдің таңдауы неліктен Ұлпанға түсті?
5. Өздеріңе ұнаған шығарма кейіпкері туралы ой бөлісіңдер. Ойларыңды жүйелі, дұрыс құруға үйреніңдер.



### XXI ғасыр оқырманына

Ғ.Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығы туралы Мүсірепов Ғ. Көптомдық шығармалар жинағынан /Құрастырған Ә.Нарымбетов/, Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. Үш томдық, Мүсірепов Ғ. Бес томдық шығармалар жинағынан, Мүсірепов Ғ. «Жаңа достар: Кітаптан соң кітап» кітабынан, Мүсірепов Ғ. «Ұлпан» романынан, М.Әлімбайдың «Ағаның көңілі – ақжайлау», «Көзін көрдік жақсы менен жайсаңның», «Ғажайып Ғабең», Ә.Қайырбековтің «Ел анасы – Ұлпан», М.Қаратаевтың «Көргенім мен көңілдегім: (Естеліктер, портреттер, эсселер)», М.Сәрсенкінің «Мен білетін ер Ғабең» туындыларынан оқып алыңдар.



### Әдебиет теориясы

#### Роман

**Роман** – көлемі үлкен, мазмұны қат-қабат, сюжеті мен композициясы күрделі эпикалық жанр түрі. Романның түрлері: *тарихи роман, авантюралық роман, ғажайып оқиғалы роман, детективті роман, психологиялық роман, тұрмыстық роман, педагогикалық роман, сатиралық роман, т.б.*

*Тарихи роман* – белгілі бір тарихи оқиғаға байланысты туған шығарма. Бұл жанрда жалпыхалықтық мемлекеттік мүдделер басты сипат алады. Тарихи роман негізін тарихта болған оқиға желісі құрайды. Кейіпкерлері де өмірде болған адамдар.

*Авантюралық роман.* Бұл роман кейіпкерлері қауіп-қатерлі аса қорқынышты халдерді басынан өткізеді және ол қиыншылықты жеңіп шығады.

*Ғажайып оқиғалы роман.* Бұл романдардың оқиғасы тез дамып, қиыннан шарықтап кетіп, барған сайын оқиға шиеленісе береді. Бұл роман жұртты тез қызықтыру үшін, көңілін аулау үшін жазылғандықтан, ондағы оқиғалар көпшілігінде тек қызықты ету мақсатымен құрылады.

*Детективті роман* – тыңшылық істер жөніндегі роман.

*Тұрмыстық роман.* Мұндай романдарда негізінен үй тұрмысы, заманның салты, әдеті көрсетіледі.

*Педагогикалық роман.* Бұл романда негізгі оқиға желісі педагогикалық тәрбие беру мақсатында құрылады.

*«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы*



#### Тапсырма

Әр роман түріне мысалдар тауып көріңдер.

Оның қай жырын оқысаңыз да, осындай сағыныш сазы еседі. Туған жерге деген сағыныш, достарға деген сағыныш, өлеңге деген сағыныш...

Ә.Кекілбаев

## ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ



ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ  
(1937–1967)

### Зергер сөз

Өлең жазсам, тал бойым,  
Қорғасын боп балқиды.  
Шертіп бір сырлы сан  
күйді,

Домбыра көңілім  
шалқиды.  
Т.Айбергенов

Ақын Төлеген Айбергенов Қарақалпақстанның Қоңырат ауданында туған. Ташкент педагогикалық институтын бітірген соң, Қоңырат ауданындағы орта мектепте мұғалім, Шымкент облысының Сарыағаш ауданындағы кешкі жастар мектебінде директор, 1965 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы әдебиетті насихаттау бюросында қызмет істеді. Өлеңдері республикалық баспасөзде 1957 жылдан жарияланды. Туған жерге деген албырт сағыныш пен мөлдір махаббатқа толы бір топ өлеңдері 1961 жылы шыққан «Жас дәурен» атты ұжымдық жинақта басылды. Қазақ поэзиясына өзіндік жаңа ырғақ, тегеурінді екпін әкелген поэтикалық жыр кітаптары: «Арман сапары», «Өмірге саяхат», «Құмдағы мұнаралар», «Мен саған ғашық едім», «Аманат», «Бір тойым бар», балаларға арналған «Бақшаға саяхат» сурет-кітапшасы жарық көрді. Сондай-ақ, орыс тілінде «Мир созвездия» деген атпен таңдамалы өлеңдері аударылып басылды. «Ақерке Жайық», «Жаңғырған Маңғыстау», «Қазақстан», «Сені ойладым», «Мені ойла», «Ақ қайыңдар», «Бір тойым бар» т.б. өлеңдеріне жазылған әндер ел арасына кеңінен танымал. 1997 жылы ақынның «Таңдамалы өлеңдер» жинағы мен ол туралы жазылған «Бірге мін мен сендермен» атты естелік кітап, 2001 жылы «Бір тойым бар» атты жыр кітабы жарық көрді.

Ақын Т.Рахым Т.Айбергенов шығармашылығы туралы: «Төлеген Айбергенов шығармашылығындағы ең арналы тақырып – кең



CD 08

Дискіден «Сағыныш» өлеңін тыңдап, ақынның көңіл күйін таныңдар.

мағынадағы туған жер, атамекен, соған деген перзенттік ұлы сағыныш сезімі!.. Ақын жырына байтақ қазақ жері тұтас болмысымен түгел сыйып кеткен еді. Қасиетті атамекеннің бар түкпірлеріне аяғы жетпей кетсе де, ол шексіз Қазақстанды бірегей қалпында

бар даусымен, асқақ рухты шабытпен жырлай бастағанды...

Дәм-тұзының тым ерте таусылғанына қарамастан, оның поэзиясында өзге ақындардың ешқайсысында да кездеспейтін дүниеге деген ерекше бір махаббат бар. Әсіресе, ақынның адамның заңғар ұлылығын ақыл таразысына салып, сағынышымен өлшеген ыстық сезімі «Құмдағы мұнаралар» жинағында анық көрініп, айрықша аңғарылады.

«*Сағыныш*» атты өлеңдер топтамасында бұл алапат күш буырқанып, теңіздей тебіреніп, таулардай асқақтап, шарықтау шегіне жетеді. Дүниеге ынтызарлығыңды, өмірге құштарлығыңды оятатын ақын жырларының әр жолынан Табиғат-Ананың аялы алақанындай мейірімділікті сезініп, сағыныш оты жүрегіңді шарпиды. «Сағындым, жаным, мен сені!» деп басталатын өлеңнің алғашқы жолдары шынайылығымен, кір шалмаған сәбидің жүрегіңдей пәктігімен сезімді баурайды.

Үмітке толы, арманға толы әр жерде бір түп қарағай,  
Сағынбай жүрсе, қалуы мүмкін жамырасуға да жарамай.  
Биікте тұрған таулар да мынау нұрына таңның боялған.  
Сені мен менің ғасырлап күткен сағынышымнан оянған.  
Бабалар бізді сағынған, жаным, арманның аңсап биігін,  
Әжелер бізді сағынған, жаным, талдырып асқар иығын.  
Көкірегінде сағыныш барда мұрат та сенде бар, жаным,  
Алдыңда тұрған қыраттың саған көрінбей жатқан ар жағын.  
Жазира белдер қуанышыңды болмасын мәңгі шектемек,  
Алдыңнан орман кес-кестеп шықса, сағынышыңмен көктеп өт.  
Мен бұны саған жазып отырмын, арманымды орап сезімге,  
Жан-жақтан түскен шұғыланың бәрін сағынып жүрген кезімде.

Оқушымен сырласқан сайын сөзін сағыныштан бастайтын ақын өлеңдерінен Төлегеннің жүрегің өртеген Отанға, анаға, жарына, апасына, балаларына, бір сөзбен айтқанда, мына жарық әлемге деген шексіз сағынышын көресің.

Ей, адамдар, айналайын туғандар,  
Жалғыз минут тыңдаңдар!



Мен сендерге көп болды сыр шертпедім,  
Қазір түгел көкірегім өрт менің!

Шартарапқа жүргеніммен жүз аттап,  
Бұрын мұндай көрмеп едім ұзақтап.  
Бір сағыныш мәңгі-бақи дос еткен  
Қазір мені жұлып алды төсектен.

Өлеңінің әр шумағынан сағыныштың сазы есетін Төлеген Айбергеновтің поэзиясында ерекше бір қуат бар. Ол – күрескерлік қуат. Ол – батырлық қуат. Адамдардың бәрін сағынышымен аялағысы келіп тұратын және соған қалтқысыз сендіре алатын қасиет қазақ поэзиясында тек Төлегенде ғана бар.

О, адамдар, біргемін мен сендермен,  
Ықыласыңа ешнәрсені теңгермен.  
Сендер – менің бақытымның бұлағы,  
Сендер – менің дарыныма жел берген.

Ақын поэзиясы – жасампаздықтың жыры. Сондықтан да Төлегеннің жырларынан жауды жеңіп келген батырдың көңіл күйіндей шаттық пен қуаныштың самалы еседі.

Жазушы Әбіш Кекілбаев байқағанындай: «Бірақ бұл – гүлге елтіген, көбелек қуған серуеншінің қуанышы емес, қиынды көрген, қайғы мен қасіреттің де ащы дәмін татып байқаған азамат адамның жүзеге асқан мақсаты мен орындалған арманының қуанышы. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр сүргеніне қарамастан, оның артында мәңгі өлмейтін жырлары қалды», – дейді.

Жастарға арналған Т.Айбергенов атындағы әдеби сыйлық бар. Поэзияда оны Мұхтар Шаханов, Фариза Оңғарсынова, Жарасқан Әбдірашев, Есенғали Раушанов, Тынышбай Рахым т.б. ақындар үлгі тұтты.

#### Даналық ойдан дән ізде

Оның тіл сындырып, әліп таныған мектебі домбыраның бауырынан ербіген өлең-жырлар әлемі еді... «Пайғамбар сынды қарттардан» тәлім-тәрбие алып өскен ол өнерге үлкен құрметпен қарайтын. Сыпыра жыраудан бастап, бергі Қашағанға дейінгі халық ақын-жырауларын түгел жатқа білетін. Соңғы жазған «Космонавт монологі» оның творчествосындағы жаңа бетбұрыстың басы еді. Жақсы ақындар өмір бойы ізденіп өтеді.

Қ.Мырза Әлі

**Даналық ойдан дән ізде**

Төлеген Айбергеновтің жалын жырлары оны тоқталмас өмір сапарындағы әр жолаушыға серік етеді, жанам деген жүрекке от берер асау арман лықсыған Төлеген поэзиясы, біздің дәуіріміздің шындығындай, арыны асау армандарға бастап, болашақпен жалғаса береді. Оған ақынның жырлары куә. Жыр бағасын жүрегімен салмақтар талғамды оқырман куә.

*Ф.Оңғарсынова*

Адамзат баласы бойындағы асыл қасиеттің бірі сағыныш екені рас. Соның барша қадірін жеріне жеткізе жырлаған – Төлеген Айбергенов. Сарыағаштан Алматыға сол өзінен өзге ешкім көтере алмайтын ұлы жүк – сағынышын арқалап жеткен болатын. Алда асқақ армандар шыңы тұрды. Ішкі ақындық сенім мен жігер соған ұмтылдырады.

*Т.Рахым*

**Зергер сөз****Ақын рухына**

Дейтіндер бар өз биігімде құласам,  
Соның бірі ақын болар сұрасаң.  
Өлең жазып, ой маржанын тізгілеп,  
Мәңгілікке үлгі болар жыр содан.  
Жыр арқауы бостан-босқа өше ме?  
Ақын жаны тас мүсін боп кете ме?  
Шабытпенен сілкінгенде өлеңге  
Білесің бе, ақын жасы нешеде?  
Есте қалды кездескен күн өзіңмен,  
Нұр бейненді елестетем сөзіңнен.  
Бір тойынды қазағыңа жасадың,  
Жыр туындап оттай ыстық сезімнен.  
Өлең-жырлар өз тұлғаңнан өрілген,  
Дүниеге бір құдірет келтірген.  
Құлағерін ерттеп мінген Ақандай,  
Аққан жұлдыз – Ілияс болдың, Төлеген.  
Айтқан сөзің жыр шумаққа айналған,  
Өткен өмір келсе, шіркін, қайтадан.  
Ұрпағыңа бәйтерексің бұл күнде  
Көрінесің ашық көңіл айнадан.  
Махаббаттың жырларына сөз берген,  
Есіміңе көше бердік көз көрген.  
Естелікпен жазып шыққан жырларым,  
Ақын рухын бар әлемге тербеген.

*Ақын-сазгер С.Маханұлы*

**Артық болмас білгенің**

1965 жылы Мұқағали қасында бұйра бас, сіріңке қара, арықша бір жігіт бар, редакцияға келді. Өлгі жігітті: «Сарыағаштық Төлеген Айбергенов», – деп таныстырды да, Төлегенге:

– Бір өлең оқып жіберші, – деп өтініш білдірді. Төлеген орнынан тұрып, «Әнші Ғарекеңе» деген ұзақ өлеңін жатқа оқыды. Менің таңғалғаным: өз өлеңін жатқа оқыған ақынды алғаш рет көруім. Мұқағали тұрып: «Бұл – бір болайын деп тұрған ақын. Төкеңнің бір ғажабы өз өлеңін басынан аяғына, аяғынан басына қарай жатқа оқи береді. Мұның анау бұйра шашының астында Сократтың басы жатыр», – деді.

Р.Қунақова «Мұқағали. Естеліктер»

1

Білу

1. Төлеген Айбергенов туралы не білдіңдер?
2. Қандай өлеңдерін оқыдыңдар?
3. Өлеңдерінің тақырыптары қандай?

2

Түсіну

Неліктен Т.Айбергеновті сағыныштан жаратылған ақын дейді?

3

Қолдану

1. Ақын шығармашылығы туралы сұхбат құрыңдар.
2. Өлең мәтінін қара сөзбен жазыңдар.

4

Талдау

«Сағыныш» өлеңіне сатылай кешенді талдау жүргізіндер:

Шығарма авторы	Шығарма атауы	Жанр түрі	Шумақ саны	Тармақ саны	Әр шумақтың мәнін ашатын көркем сөздер	Өлең түйіні

5

Жинақтау

1. Ақын туралы мазмұндаудың тірек сызбасын құрыңдар.
2. Ақынның «Сағыныш» өлеңінің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
3. «Зергер сөз» айдарында берілген «Ақын рухына» өлеңіндегі ақын бейнесі қандай?

1. М.Шахановтың «Айбергенов шыңы» атты өлеңін мәнерлеп оқындар, өлең туралы ойларыңмен бөлісіңдер. М.Шаханов ақын шығармашылығына қандай баға берген?

### Айбергенов шыңы

Бәйшешектің ғұмырындай тағдыр кешкен мәрт батыр,  
 Өлеңінде ешбір ғасыр өшіре алмас өрт жатыр.  
 Намысыңды дәуіріңе еткізбедің қақпақыл,  
 Міне, содан ұлтымызды рухсыздан күзетіп,  
 Сенің жырың шекарада әлі күнге сапта тұр.  
 Пайымдаймын, мойындаймын, сен – данасың, мен – бала,  
 Ұлтыңа кім жақын, алыс – айқындайтын ел ғана.  
 Он том өлең жазғандарды кетті ұмытып кең дала,  
 Бірақ шағын он өлеңмен он миллион қазақты  
 Толғандырған, таңқалдырған Махамбет пен Сен ғана.  
 Адамдықсыз ақындық жоқ, тырмыссаң да жан сала,  
 Жомарттықсыз тағы алысқа шабамын деп шаршама.  
 Батырлығың қанша болса, ақындығың соншама,  
 Тіпті өзіңді сыйдырмаған даңқтың тар төріне.  
 Мені бірге алып шыққың келіп арпалыстың қаншама.  
 Заманының ыңғайына жүрмей кеткен, іңкәрім,  
 Саһ өнерде қызғанышты білмей еткен, іңкәрім,  
 Иығына бүтін бешпет ілмей кеткен, іңкәрім!  
 Жер астынан сәлем жолдап жатырсың сен күн сайын,  
 Қазағымның маңдайына сыймай кеткен, сұңқарым.  
 Не жақсылық болса алдымен елге болсын дегенсің,  
 Сондықтан да сенің даңқың, сенің салтың көгерсін.  
 Сайын далаң жырыңды еске ап күлкісін сәл шегерсін.  
 Әр жүректе бұлтқа оранған қасиетті бір шың бар,  
 Ол – ақындық мәрттік шыңы, Айбергенов деген шың...  
 Ұлт рухы қай кезде де қанаттыға астана,  
 Айбергенов шыңын көрсең, атыңнан түс, жас бала!

2. «Егер мен ақын болсам...» атты тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.



### XXI ғасыр оқырманына

Т.Айбергеновтің «Құмдағы мұнаралар», «Аманат», «Бір тойым бар» атты жыр жинақтарынан ақын өлеңдерін оқындар.



## Әдебиет теориясы

### Лирикалық кейіпкер

**Лирикалық кейіпкер** – поэзиялық шығармалардағы адам бейнесі. Лирикалық туындылардың бас қаһарманы – ақынның өзі. Сондықтан ақынның өзі лирикалық кейіпкер болады. Лирикалық кейіпкердің ой-сезімі, тағдыры өз заманында суреттелсе, соғұрлым ол типтік қасиеттері мол, сомдап жасалған ірі тұлғаға айналып, дәуірдің көрнекті өкілі болып шығады. Ақын өлеңді өз атынан айтқанда лирикалық кейіпкердің бейнесі жасалады. Себебі ол ақынның өз бейнесі – жинақталған лирикалық кейіпкердің бейнесі болып шығады. Ақын қоғам өмірі, заман, адам туралы толғанғанда, өзін «мен» деп, «біз» дей отырып, сол ортаның адамы, белгілі бір ұрпақ буынының өкілі ретінде сезінеді. Төлеген Айбергеновтің «Сағыныш» өлеңінің басты кейіпкері – Төлегеннің өзі. Өлеңдегі лирикалық кейіпкер екеуі бір тұлға, яғни ақындық «мені».

*«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы*



### Тапсырма

Лирикалық кейіпкер туралы ойларыңмен бөлісіңдер.

Фариза апамыз поэзияға қанат қағып алғаш қосылған кезден бастап, бүгінгі қазақ поэзиясының падишасына айналып, бүкіл өмірін шығармашылыққа арнады.

Н.Назарбаев

## ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА



ФАРИЗА  
ОҢҒАРСЫНОВА  
(1939–2014)

Фариза Оңғарсынова 1939 жылдың 25 желтоқсанында Гурьев (қазіргі Атырау) облысы, Нарын құмында Манаш ауылында туған. Болашақ ақынның үйінде араб, латын тілдерінде жазылған кітаптар көп болған, сондықтан да кішкентай Фариза қисса-дастандарды, ертегі-жырларды оқып өседі. Өзінің туып-өскен жері туралы «*Үш қара*» өлеңінде:

Мен туған үш ауыл бар бұл далада,  
Тұрады бір-біреуі мың қалаға:  
Қарауыл, Қарауылкелді, Қарасазым –  
Мен үшін үшеуі де құндақ – ана.  
Мен туған ауыл бар-ды Жер бетінде,  
Жүз тосқам алғаш сонда желге, күнге.  
Жұлдызды заңғарларын межеге алып,  
Ұмтылғам адам болып ержетуге, –

деп жырлайды.

Ауыл мектебінен орта білім алып, 1961 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетін бітіреді. Еңбек жолын Балықшы ауданының Еркінқала мектебінде мұғалім болудан бастады. Кейіннен қазақ баспасөзінде «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері» газеттерінде, «Пионер» (қазіргі «Ақжелкен») журналында жауапты қызметтер атқарды.

Фариза Оңғарсынова – шығармашылығы сан қырлы ақын. Сыршыл да сезімтал ақын қаламынан «*Маңғыстау маржандары*», «*Шілде*», «*Жүрек күнделігі*», «*Сұхбат*» атты жыр жинақтары туды. Аударма саласында да елеулі еңбек етті. Ақын қыз Чили ақыны Пабло Неруданың «*Жүректің төрт мезгілі*» атты поэтикалық кітабын, сонымен қатар А.Блоктың, Р.Қазақованың, Е.Евтушенконың өлеңдерін қазақ тіліне аударды.

Ақын туған жердің қадірін *«О, туған жер»* атты өлеңінде:

О, туған жер, кеңпейіл, құшағың кең,  
Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен.  
Сағынышымды қанат қып саған қарай  
Балапандай талпынып ұшамын мен, –

десе, *«Дала – менің қазынам, жыр сандығым»* деген өлеңінде:

Дала – менің қазынам, жыр сандығым,  
Жыр нәрімен жер балқып, бусанды құм... –

деп, туған жердің топырағынан нәр алған ақын екендігін көрсетеді. *«Туған жер, туған ауыл қымбат маған»* деген өлеңінде:

Туған жер, туған ауыл қымбат маған,  
Ешкімге бұл сезімді былғатпағам.  
Мен оның өзім ғана сезінетін,  
Қастерлі қасиетін жырлап бағам, –

деп туған елі мен жеріне деген сезімін мақтанышпен паш етеді. Ақын өлеңдері – туған жер, Отан-ананы нақты сурет, бейнелі тіл, көркем тәсілмен өрнектегенімен ерекшеленеді. Балықшылар туралы *«Сандуғаш»*, мұнайшылардың ерлік еңбегіне арналған *«Маңғыстау маржандары»*, М.Өтемісұлына арналған *«Алмас қылыш»* шығармаларын жазған. Шығармалары бүгінгі замандастар өміріне, достық пен адамгершілік, мейірімділік пен ізгілікке арналған.

Қүдіреті күшті поэзияны *«Поэзия»* деген туындысында:

Поэзия дегенің – халық қаны,  
Қасіреті, мұрасы, жарық таңы.  
Ол – сезімнің оралмас мөлдірлігі,  
Уақыт шаңын бойына дарытпады, – десе,

*«Жыр – менің планетам»* атты өлеңінде:

Жыр – менің планетам:  
Бәрі осында жиғаным, тергенім де,  
Сезінгенім, сүйгенім, сенгенім бе,  
Мінезім бе, болмыс па, көрмек үн бе –  
Бәрі осында, басқасы қалды құмда, –

деп, бүкіл өмірінің мәні жырында екенін айтады. Бұл тақырыпты *«Абайды іздеу»* өлеңінде жалғастырып:

Қалқиды әнің рухыңның кептері ме,  
 Ұстаймын деп әуремін текке, міне.  
 Дарыныңнан, ойыңнан бермей маған,  
 Тек дертіңді жұқтырып кеткенің не? –

деп толғанады.

Фариза Оңғарсынованың «Өлең, мен сені аялап өтем» атты өлеңі туралы Ғ.Мүсірепов: «Бұдан недәуір ертерек жылдарда, жас та болса, қалам ұстасының беріктігіне өзі әбден сенген кезінде Фариза атақты «Өлеңін» жариялаған еді. Ақынымыздың бұл шығармасын мен өмірлік программасы екен деп түсініп едім. Ол өлеңінде тайсалмай берілген батыл сенім оқушылардың ойында қалған болу керек. Әлденеден мұңайған кезінде, біреудің пасықтығынан жүрегі мұздаған кезде, кешегі досының бүгін жерінгенін көргенде, шын ақынның жарылып кетердей болған кезінде Фаризаның досы, сенері, мұңдасы, сырласы, атар оғы, берер дәрі-дауасы – поэзиясы болмақ-ты», – деген. Бұл мына өлең-жолдарында көрініс тапқан:

Дара күндерімнің,  
 нала түндерімнің,  
 серігі болғаның үшін,  
 сенімі болғаның үшін,  
 Мен сені аялаймын.

Күлкімді, жайлы күнімді,  
 азапты, қайғы-мұңымды,  
 өзіммен бөліскенің үшін,  
 қатем мен жеңістерім үшін,  
 Менің мынау қиындау тағдырым болып  
 О баста көріскенің үшін,  
 Өлең, мен сені аялап өтем!



CD 09

Дискіден «Өлең, мен сені аялап өтем» өлеңін тыңдаңдар. Өлең құдіреті туралы ақын сөзі қандай?

Ақын жырынан оның өлең сөзді құрметтеуі, оған табынуы, өлең сөзді сүюі көрінеді. Лирикалық кейіпкердің ішкі жан-дүниесін суреттеу арқылы ақын өлеңнен жұбаныш табады.

«Асау толқын» атты өлеңінде:

Тағдырыңды сенің тапсырдым сенімді ұрпаққа,  
 Көз нұрың, болашағың да – сол түбінде, елім  
 Келеді әйтеуір бір ұрпақ менің соңымнан – бар үміт сенде.  
 О, асау толқыным менің! –

деген жолдардан ақынның жастарға үлкен сеніммен, зор үмітпен қарайтыны анық байқалады.



## Зергер сөз

Фариза шын мәнінде бүкіл халықтық махаббатқа ие болып, оны өз көзімен көріп кетті. Бұл, шын мәнінде, өте сирек кездесетін құбылыс еді. Және Фаризаның ең басты бақыты да осында деп есептейміз. Фариза кете-кеткенше ерлікпен арпалысты, өмір үшін арпалысты.

Ә.Кекілбаев

Фариза Оңғарсынова – поэзияда да, прозада да тұяғы мұқалмаған хас дүлдүл... Поэзиясы – шың. Прозасы – сол шыңды тіреп тұрған шоқылар...

Ш.Мұртаза

Ақын қаламынан махаббат тақырыбы да тыс қалған жоқ. «Құштарлық», «Отырдың алдыңа алып – қымсынбадым», «Махаббатсыз, сезімсіз көңіл жетім», «Бәрі менің есімде», «Мен сенсіз өмірімді елестете алмаймын мүлде», «Дүниеден махаббаттың көшкені ме?» және т.б. өлеңдері ерекше бір толғаныспен, тебіреніспен жазылып, адамның сезім пернелерін дөп басады.

Ф.Оңғарсынова – аты әлемге танымал қазақ ақыны, көсемсөзші, аудармашы, қоғам қайраткері, ХХ ғасырдағы әйел ақындардың көшбасшысы. Ақын:

Адам болса, сезім мен сенім іздер,  
Келіңіздер, бері қарай еніңіздер.  
Менің байтақ әлемім – планетамды  
Көріңіздер аралап, келіңіздер!  
Халқым менің – қанатты Құлагерім,  
Жанашырым, жақыным, мұрагерім.  
Терең бойлап, түйсініп, сезінбесең  
Ішін бермес жұмбақтай жыр-әлемім! –

деп оқырмандарын өз планетасына – жыр әлеміне шақырады.

Ол – әйел-ана тақырыбын шығармаларына негіз еткен ақындардың бірі. Бұл туралы ақын: «Адам деген күрделі жаратылыс қой. Соның ішінде әйел халқының жан-дүниесі – өз алдына бір әлем. Менің өз жырларымды сол әйел жанының сан күйін мүмкіндігім жеткенше жеткізгім келеді. Менің бұл тақырыптағы лирикалық кейіпкерім – әйелдер. Олардың тағдыры, жан дүниесі, күлкісі мен көз жасы – өлеңдерімнің арқауы», – дейді. Оның «*Дыбыстар әлемі*» дастаны қазақтың композитор қызы Ғазиза Жұбановаға, күйші Дина Нұрпейісоваға, «*Бибігүл – ән*» жыры Бибігүл Төлегеноваға, «*Назқоңыр*» Роза Бағлановаға, «*Жыр анасы*» Мариям Хакімжановаға, «*Тыңдаңдар, тірі*

*адамдар!*» топтама өлеңдері қазақтың батыр қыздары – Әлия мен Мәншүкке арналған. Атақты механизатор К.Дөнентаева жөніндегі *«Біздің Кәмшат»* атты деректі повесі мен *«Шашы ағарған қыз»* секілді прозалық туындысының сөз өнеріндегі орны ерекше. Ақын мұрасы сонау алпысыншы жылдардың нақ ортасында «Сандуғаштан» бастау алып, сексенінші жылдардың аяғындағы «Таңдамалыны» және «Қыз-ғұмырға» дейінгі аралықты қамтиды. Ақын лирикасы *«Маңғыстау маржандары»*, *«Мазасыз жүрегіңдемін»*, *«Шілде»*, *«Сенің махаббатың»*, *«Сұхбат»*, *«Жүрек күнделігі»*, *«Дауа»*, *«Маңғыстау монологтары»*, *«Екі томдық: Таңдамалы шығармалары»*, *«Өсиет»*, *«Қыз-ғұмыр»* және *«Мен саған ғашық емес ем»* сынды дүниелермен толықты. Осылардың ішінде *«Маңғыстау монологтары»* – Мемлекеттік сыйлыққа ие болған шығармасы.

Фариза ақын өлеңдерінде адамдардың қоғамдағы орны, қарыз бен парыз, жақсылық пен жамандықтың күресі сияқты келелі мәселелерге өз көзқарасын білдіреді. Оның:

Адам деген – уақыттың сыңары,  
Заманының ұланы,  
Шырқап салар жыр-әні.  
Көкке өрлетсе – қыраны,  
Аяласа – ну бағы,  
Жерге салса – тулағы.  
Заманың да ұлы емес,  
Уақытың да түк емес!  
Адамдарды өмір сыны жеңбесе,  
Тіршіліктің екпініне ермесе, –

деген жолдарында келелі ой жатыр. Фариза Оңғарсынова – ақын, Қазақстанның Халық жазушысы, журналист, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің I және II шақырылымдарының депутаты (1996–2004), ҚР мәдени-ағарту ісінің озық қызметкері, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері.

#### Даналық ойдан дән ізде

Мен Фаризаның махаббат жырларынан бәрімізге ұқсамайтын өзгешелік көремін. Бұл – қайсымызды болса да ойландыратын өзгешелік. Адамның шартты түрдегі ережелерге, канондарға, ескірген әдет, дәстүрлерге тұтқын болып қалмай босануын, өз сезімін ұрламай, жасырмай, бүкпей сөйлеуін қазақ поэзиясында батыл жырлаған – осы Фариза.

Ә.Тәжібаев

Даналық ойдан дән ізде

Көркемсөз майданында ақынға, жазушыға, еркекке, әйелге, кәріге, жасқа деп шектеліп қойылған саржайлау да жоқ, құлазыған қу дала да жоқ. Ащы көл де ортақ, тұщы көл де ортақ. Ғарышқа дейінгі биіктік те ортақ. Жер-ананың отты жүрегіне дейінгі тереңдік те ортақ. Ерлік, батылдық, адалдық, ұяттылық, арлылық, намысқойлық сияқты адамгершілік-азаматтық қасиеттердің бәрі де ортақ. Мен қазақтың ақын қызы Фаризаны осындай асқарлардың биігінде көремін... Мен ақын Фаризаны бүгінгі поэзиямыздың ең жоғары сатысында тұрған замандастарымен қарайлас биікте көремін.

*Ф.Мүсірепов*

Фариза Оңғарсынова – 60-жылдары әдебиет әлемінің айшықты жанры – поэзияда адуынды жырларымен көпшілікті елең еткізген ақынның бірі.

*А.Айтбаева*

1

Білу

1. Фариза Оңғарсынова туралы не білдіңдер?
2. Ақынның қандай жыр жинақтарын білесіңдер?

2

Түсіну

1. Фариза ақынның поэзия падишасы аталуын түсіндіріңдер.
2. «Өлең, мен сені аялап өтем» туындысында ақын неліктен өлеңді аялайды?

3

Қолдану

1. Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңдар.
2. Өлеңнің көркемдік ерекшеліктеріне назар аударыңдар. Ақын қандай тәсілдерді қолданған?
3. Ақын М.Айтқожинаның Ф.Оңғарсыноваға арналған жыр жолдарын оқығандағы ассоциацияларыңды суреттеңдер:

Жаралмаған қайғы мен мұң ішуге,

Қызғалдақсың,

Ашылған құм ішінде.

Тербетіліп қысы-жазы тұрасың сен,

Тағдырдан қалап алған жыр үшін де!

Қызғалдақсың, сен де бір құмда көшкен,

Сусып жатқан құм сырын тыңдап өскен.

Құм-толқында тербелген, қызғалдағын

Шығармайды ешқашан жылдар естен.

4

Талдау

«Фариза Оңғарсынованың өлеңдерінде Махамбет өлеңдерінің екпіні, Махамбет өлеңдерінде ғана кездесетін, лирикамен

қатар жүретін ашу-ыза екпіні бар. Фаризаны мақтау қажет емес, мақтану керек», – деген Әкім Тарази сөзіне сүйене отырып, Фариза Оңғарсынованың өлеңдерін Махамбет өлеңдерімен салыстырыңдар.

5

Жинақтау

1. Ф.Оңғарсынованың «Өлең, мен сені аялап өтем» өлеңінің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. «Өлең, мен сені аялап өтем» өлеңіндегі лирикалық кейіпкерге қандай қасиеттер тән? Топтастыру сызбасы арқылы көрсетіңдер.

6

Бағалау

Ә.Тәжібаевтың: «Абай бастаған ұлы ақындары бар елде қыздан шыққан Фаризасы болу да қазақ елі үшін керемет жарасым. Мен осы жарасымды көргеніме бақыттымын», – деген пікірі сендерді қандай ойларға жетелейді?



XXI ғасыр оқырманына

Ф.Оңғарсынова, оның поэзиясы туралы жыр жинақтарынан оқып алыңдар, қалауларың бойынша өлеңдерін жаттап алыңдар.



Әдебиет теориясы

### Лирика

**Лирика** – ақынның сезімін, көңіл күйін, қуанышы мен сүйінішін, арманын, өмірге деген көзқарасын, ішкі толғанысын, дүниетанымын сыр ғып шертетін өлең, әдебиет тегінің бір түрі. Лирикалық шығарма өлеңмен жазылады, онда автордың немесе кейіпкердің дүниеге көзқарасы оның сезімін, нақты ойын, көңіл күйін суреттеу, әсерлеп бейнелеу арқылы көрсетіледі.

Лирикалық шығармалар тақырыбы, мазмұнына қарай: *саяси-азаматтық лирика; махаббат лирикасы; философиялық лирика; табиғат лирикасы* болып бөлінеді. Лирикалық өлеңдердің мазмұны да, түрі де, оларда байқалатын көңіл күй де ақынның өмірге көзқарасымен байланысты.

Қ.Жұмалиев



Тапсырма

Лирикалық кейіпкер туралы ойларыңмен бөлісіңдер.

## Жиынтық бағалау тапсырмалары

1. «Неліктен?» техникасын пайдаланып, «Құлагер» поэмасы бойынша жазбаша алты сұрақ дайындаңдар. Әрбір сұрақ «Неліктен» сөзінен басталып, алдыңғы жауаптан туындап отыруы керек.
2. Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романы бойынша «Екі түрлі түсіндірме күнделігін» толтырыңдар:

Шығарманың маған ерекше әсер еткен тұстары	Менің ойым

3. «Ұлпан» романының өздерің қалаған кейіпкеріне хат жазыңдар.
4. «Шұғаның белгісі» хикаятының кейіпкерлері туралы кесте толтырыңдар:

Шығарма кейіпкері	Портреті	Мінезі	Іс-әрекеті

5. Т.Айбергеновтің «Сағыныш» өлеңінің мазмұнын ашатын мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді жазыңдар.
6. Фариза Оңғарсынова поэзиясының тақырыптары туралы ой-пікірлеріңді 8–10 сөйлем көлемінде тұжырымдаңдар.
7. **Оқу сауаттылығы.** Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романынан үзінді.

Үш салт атты қатты жүріп келеді. Біреуі – алдырақ, екеуі – кейінірек. Алдыңғының аты не жорға, не қу тірсек желісті болу керек. Кейінгі екеуі ара-тұра шауып алып, ілесіп келеді. Алдыңғы жігіт ағызған бойы жотаның қырқасында тұрған топтың алдына жақындап келіп, сөйлеп кетті:

– Армысыздар, ағалар!.. «Қаршығалы» шұбарын паналап қонып қалған үш ауыл кірме Күрлеуіттің арызын айта келдік... Биыл қыс осында жан сақтаймыз ба деп, жаз бойы қорып келген жеріміз еді. Жетісіп отырған ел емеспіз... Сорлының зары арлыға кездескей деп жіберіп еді... айтар арызымызға құлақ ассаңыздар екен...

Аңшы Мүсіреп Есенейге жарамсақтанып, жігіттің арызын аяқтатпай киіп кетті:

– Тоқта деген соң, сүйреңдемей тоқта, бала! Ауылыңа сәлем айт: Есеней аға сұлтанның ат тұмсығын тіреген жеріне таласып әуре болмасын! – деді.

Жігіт те іркілген жоқ:

– Есенейі жоқ елді де ел екен, жұрт екен десеңіздер, қара өрттей қаптап келе жатқан жылқысының бетін кейін бұрсаңыздар екен. Осы арызымыз...

– Мына көргенсіз кімнің атын атап тұр өзі! Құйрығыңды түріп тастап, дүрелеп алсын деп тұрмысың? – деп анайы аңшы атын тебініп-тебініп қалды. Есеней қолын сермеп тоқтатпағанда, әлденеге ұрынып қалатын жайы бар. Жас жігіт бұл жолы сөз қайтарған жоқ. Басын төмен иіп, арызына жауап күтіп қалды. Осындай өжет жастарды Есеней қатты ұнататын еді. Жиырмаға келмеген бала жігіттің сөзінде нәр де, зәр де бар екен. Осылай өсіремін деп, үміт еткен екі ұлы қара шешектен бір күнде қайтыс болғалы осындай уытты жасқа қызыға қарап қалушы еді. Өзімен рулас он ауыл Сибанның ішінде үміт етер өреннің бәрін де сыртынан бақылай жүретін. Бала жігітке қызыға тұрып, «түрікпен» Мүсірепке қарады, жылы жауап бер дегендей еді. «Түрікпен» Мүсіреп жас жігіттің сөз саптауынан ашынғандық лебін өзі де танып тұрған. «Кірме Күрлеуіт» дегеніне қарағанда, арыз айта жіберіп отырған қайбір бай ауыл дейсің. Сөз білер ақсақалы да болмаған-ау!

– Шырағым, арызың аяқсыз қалмас, – деді ол, – аяқсыз қалдыратын арыз сияқты емес. Ауылдарыңа осыны айта барарсың. «Түсі игіден түңілме» дегендей, көргенсіз деуге ішім қимай тұр. Өттең, ашынғандықтан болса да, азды-көпті асқақтай сөйлегенің де болды. Ауылыңа мұны да айта барарсың.

Бала жігіт бұл жолы да тез жауап қайырды:

– Арызымызды айтып кел деген жұрт асқақтай сөйле деп тапсырған жоқ еді, ағалар. Солай болып шықса, айып өзімде. Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар деген бар ғой. Міне, айыбым! – деп атынан түсе қалып, ұзын шылбырын Кенжетайға қарай серпіп жіберді. – Әйтеуір, ат жетелеп жүр екенсің, мынаны да жетелеп жүр.

Содан соң екі жолдасының бірін түсіріп, соның атына мініп алды да, жөнеле берді.

– Кешіре көріңіздер, ағалар...

Жолдастары бір атқа мінгесіп кетті. Есеней ұзай берген бала жігітке ұзақ қарап қалды. Бір сәтке баласыздығы бойын билеп, бар ойы сол бала жігіттің соңынан кетіп бара жатқандай еді.

– Апыр-ау, бұл кімнің қызы болды екен! – деп «түрікпен» Мүсіреп Есенеіге қарап:

– Қыз? – күні бойы Есенеідің аузынан шыққан екінші сөзі осы еді.

– Иә, қыз!.. «Міне, айыбым!» дегенде, көз құйрығымен өзіңді бір шарпып өткенде неғып байқамадың? Шарпып емес-ау, көз қиығын серпе тастап қарайтыны бар екен де!..

– Ай, түрікпен-ай, жер ортаға жақындап қалсаң да, қыз-келіншек дегенде қырағысың-ау! – деді Есенеі. Неге екені белгісіз, мақтағандай еді. Аңшы Мүсіреп шошып кетті.

– Қыз болса мені Құдай ұрды төбемнен! – деді. – Мен масқара болдым. Бұл – Артықбай батырдың қызы Ұлпан. Үйіне қонып кеткеніме ай толған жоқ. Ең болмаса, қара жорғасын танымай қалғанымды қарашы! Бір күн қасыма еріп жүріп, екі қаз байланып еді! Қарағым-ай, енді сенің бетіңе қалай қараймын! Аңғал аңшы күйіп-пісіп, шошалақтады да қалды.

– Артықбай батырдың қызы деймісің? – деді Есенеі.

– Ойбай, аға сұлтан пірім-ау! Соның қызы – Ұлпан. Мінер жақ артқы аяғы ақ бақай, маңдайында төбелі бар, су төгілмейтін қара жорға түр ғой, міне!

Қыздың бір-ақ рет көз қиығын Есенеіге серпе тастап қарағанын «түрікпен» Мүсірептен басқа ешкім аңдамай қалған екен. Кешкірген бұлыңғыр күн, қапалақтаған қар... арыз айтуға қыз келер деп кім ойлаған! Келген бетінде кие сөйлеп, бөрінің көңілін сөзіне аударып әкеткен Ұлпан қыз екендігін аңдатпауға тырысып еді. Солай бола тұрса да, қыздың аты қыз ғой, атақты батыр, атышулы әділ би атанған Есенеіге қыз көзімен бір қарап қалғанын өзі де сезбеген.

### Тапсырмалар

1. Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романынан үзіндісінде не туралы айтылған?
  - А. Қазақ ауылының тұрмысы туралы
  - Ә. Аңшылық туралы
  - Б. Есенеі туралы
  - В. Есенеі мен Ұлпанның алғашқы кездесуі туралы

2. Неліктен Есеней ұзай берген «бала жігітке» ұзақ қарап қалды? «Қысқа сөйлемдер» стратегиясын қолданып, жауаптарыңды дәлелдеп жазыңдар.
3. Мәтінді оқып, қажетті белгілерді қойыңдар. Маңызды ақпараттың астын сызыңдар «\_\_\_». Келіскен пікірдің жанына немесе үстіне «+» белгісін қойыңдар. Келіспеген пікірдің жанына немесе үстіне «Х» белгісін қойыңдар. Түсінбеген мәліметтің қасына «?» белгісін қойыңдар.
4. «Есеней – әділ би, атақты батыр». Осы пікірмен келісесіңдер ме? Өз пікірлеріңді нақты деректерге сүйене отырып жазыңдар. Келісемін, өйткені...  
Келіспеймін, себебі. ..



## IV ТАРАУ

# МӘҢГІЛІК ЕЛ – МӘҢГІЛІК МҰРАТ

«Мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басып жатқан жаңа дәуірдің кемел келбеті. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр».

Н.Назарбаев

### **Бұл бөлімнен сендер:**

- Н.Айтұлының «Бәйтерек» поэмасының мазмұнымен танысасыңдар;
- Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайсыңдар;
- Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» тарихи романының мазмұнымен, кейіпкерлерімен танысасыңдар;
- Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтап, сюжеттік-композициялық талдау жасайсыңдар.

Тәуелсіздік алғаннан бергі ерекше оқиғалар мен елеулі сәттерді шығармаларының өзекті ойына айналдырған, оқырмандарын елдігіміздің қадірін білуге, болашақты берекелі қарсы алуға шақыруды мақсат тұтқан ақын әлемі қандай?

## НЕСІПБЕК АЙТҰЛЫ



НЕСІПБЕК АЙТҰЛЫ  
(1950 ЖЫЛЫ ТУҒАН)

### Даналық ойдан дән ізде

Н.Айтұлының «Бәйтерек» поэмасы – Тұңғыш Президенттің елге еткен еңбектері хақында сөз қозғаған, келешек астананың маңызы туралы ой айтқан шығарма болды.

Ж.Абдуалиева

### CD 10

Дискіден «Бәйтерек» поэмасын тыңдап, көркемдік ерекшелігіне баға беріңдер.

Несіпбек Айтұлы 1950 жылы ҚХР, Шығыс Түркістанның Тарбағатай аймағы, Шәуешек ауданына қарасты Теректі ауылының Апиындыбұлақ деген жерінде дүниеге келген. 1962 жылы ата-анасымен атамекенге оралып, орта мектепті бұрынғы Семей облысы, Шұбартау ауданы Баршатас ауылында бітірген. Еңбек жолын Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде бастап, кейін «Жалын», «Балдырған», «Жұлдыз», «Алтын тамыр» журналдарында қызмет істейді.

Болашақ ақынның «Балалық» атты алғашқы өлеңі 1965 жылы Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде, алғашқы топтамасы 1972 жылы Мұқағали Мақатаевтың сәт сапар тілеуімен «Лениншіл жас» газетінде, алғашқы кітабы 1974 жылы «Қозыкөш» деген атпен жарық көрді. «Жүректегі жаңғырықтар», «Әке туралы сыр», «Жаңбыр әні», «Түнделеп ұшқан тырналар», «Рухымның падишасы», «Мұқағали – Желтоқсан», «Бәйтерек», балаларға арналған «Балабақшаға барар жолда», «Желкілдеп өскен құрақтай», «Күміс күйме», «Қартаймайды күн неге?» атты кітаптары, «Ескендір қорғаны», «Игорь жорығы туралы жыр» т.б. аударма кітаптары шыққан. Түріктің VII ғасырда өмір сүрген ұлы ақыны Жүніс Еміре, қытайдың көне дәуір ақыны

Бо Цызюдың, италиялық ақын Дж.Родаридың, сондай-ақ М.Исаковский, А.Барто, С.Михалков, С.Баруздин, В.Берестов, С.Жузеув өлеңдерін туған тілімізде сөйлеткен.

«Бәйтерек» поэмасы туралы ақын: «Бәйтерек» поэмасының сұлбасы санамда екі жылдай жүрді. Шығарманың басында «Түсімде тәуелсіздік падишасы, қолыма берді қағаз, алтын адам» деген жолдар бар. Ол жалған жазыла салған сөз емес. Бір күні түсімде Елбасы қолыма аспақ қағаз беріп жатыр. Осы түсім тура бір жылдан соң қайталаһып, Нүрекең бұл жолы қолыма алтын қалам ұстатып кетті. Осындай әсерлермен өзімнің о бастағы елдікке, дербестікке деген ұстанымдағы

### Зергер сөз

Бүгінгі қазақ поэзиясының жампозы Несіпбек – Тәуелсіздік пен елдіктің, еркін ойдың, кемел келешектің жаршысы. Ол нағыз ақынға тән болмысымен, азаматтық ой-пікірімен азаттықтың асқақ жыршысына айналды. Сондықтан ол өз замандастарынан оқ бойы алда келеді. Маған ол кейде эпикалық жанрдың шашасына шаң жұқпас жүйріктері кешегі Ілияс, Мағжан, Иса, Нұрқандардың бүгінгі тірі жүрген көзіндей көрінеді...

*С.Ақсұңқарұлы*

ой үстінде жүргенде «Бәйтерек» поэмасы туды. Сонау ата-бабаларымыздан бері аңсап келген тәуелсіздігіміз қолға тигенде, ұланбайтақ жерімізге өзіміз иелік жасай бастаған уақытта бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға әрбір қазақ мүдделі. Бұрынғы бір тұтас одақ ыдырағанда әркімнің ізіне бір ілеспей, өз сара жолымызды таңдап, сол қадамды бүгінде басқа елдер мойындап жатса, одан артық мақтаныш бола ма? Ел жетістігі қай қаламгерді болсын толғандырары хақ. Десек те, кез келген пікір қайшылықтың, сыни көзқарастың түпкі нысанасында алмағайып заманда елді адастырмайтын, болашағына оң бағыт беретін берекелі мақсат тұрса екен деймін. «Бәйтерек» поэмасында осындай ұстаныммен қатар Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерен еңбегімен қатар тәуелсіздік тақырыбы тереңдей ай-

тылған. Тәуелсіздік алғаннан бергі ерекше оқиғалар мен елеулі сәттерді жырлай отырып, поэмадағы негізгі ой – оқырмандарды елдігіміздің қадірін білуге, болашақты берекелі қарсы алуға шақыру», – дейді.

Өзінің ақын болып қалыптасуы туралы: «Қандай ақын боп қалыптасуың, тіл байлығың, сөз қоры деген нәрселер ол өскен ортаға байланысты. Адамды қалыптастыратын орта десек, бұл түсінік ақындыққа да қатысты. Бала күнімде тіл мәйегі тұнық Тарбағатай төскейінде өскен менің жас дәурен шағым Шұбартау мен Шыңғыстау арасы болды. Бақытыма орай, қазақ тілінің қаймағын қалқып ішкен ауылдарды мекендедік. Онан кейін біз замана зобалаңы ығыстырып, әрі-бері көшумен өткен қазақтың ұрпағы болғандықтан, біз – тәуелсіздікке нағыз шөлдеп өскен жұрттың өкіліміз.

Туған жерге тұрақты мекендей алмай, тағдырдың теперішін көрген үлкендердің атақоныс, азаттықты аңсауға толы әңгімелері кішкене күнімізден құлағымызға сіңді. Сонымен бірге Ақтамберді, Дулат, Абай сөздерінің өзегі сақталған өлкеде өсуімнің өзі менің бойымдағы ақындықтың ұлт тағдырына ойысуына тікелей себеп болса керек. Кейін қанша оқыдық, іздендік, кеңестік шығармалармен де сусындадық. Ел қатарлы үй-күйіміз болды, қызмет те істедік. Бәрібір бойдағы сол бір әлденеге деген сағыныш қылаң беріп, қалғып бара жатсаң оятып, тоқмейілсіп бара жатсаң тұртпектеп, тым жайбарақаттыққа салғызбайтын көкірек түбінде бір шоқ сөнбеген күйінде сақталды. Сол шоқты сөндірмеудің амалын шығармашылық арқылы жасадық. Ұлтжандылық үнімізді қысқа өлеңдермен де, әнге жазылған өлеңдер арқылы да, балалар жырын жаза отырып, оған қазақы мінез, болмыс қосу жолымен де жеткізе білдік деп ойлаймын», – дейді қаламгер.

Несіпбек Айтұлы – өлеңдері өзбек, қырғыз, орыс, ұйғыр, кәріс, поляк, түрік тілдеріне аударылған қазақтың көрнекті ақыны. Н.Айтұлының есімі өлеңіне өн жазылған ақын ретінде де белгілі. «Жалпы әнге өлең жазу немесе сенің өлеңіңнің әнге айналып кетуі оңай дүние емес. «Бұған мазмұны бөлек сөз керек» деп Шәкәрім айтқандай, әр өннің салмағына қарай ауыр мен жеңілдің, беріктік пен нәзіктіктің ортасындағы нүктесіне тиетіндей немесе көлге тамған аққудың көз жасындай сөз қажет деп есептеймін», – дейді Н.Айтұлы. Ақын 1970 жылдардың ортасынан бері оқырманына 200-дей әнге сөз жазып, жиыны 15-тей кітап сыйлап, өнер өлкесінде өзіндік өрнегін қалыптастырды. Бұл туралы ақын: «Тәуелсіздік тұсында 20-ға тарта поэма жазыппын. Кешегі Абылай заманынан бастап, бүгінгі Елбасы басқарып отырған, жаңа заманға дейінгі уақытты түгелдей жырладым», – дейді.

Н.Айтұлының *«Бас сүйектері»*, *«Жасынның сынығы»*, *«Найзағай»*, *«Жүректегі жаңғырықтар»* поэмалары кезінде *«Жалын»* альманахы жариялаған республикалық конкурстардың жүлделерін, *«Мұхтар мен Абыз»* толғауы М.Әуезовтің 100 жылдығына арналған мүшәйраның бас жүлдесін алған. *«Мұқағали-Желтоқсан»* поэмасы 2001 жылы республикалық әдеби конкурстың жүлдесіне ие болса, *«Бәйтерек»* поэмасы әдеби қауым тарапынан жоғары бағаланды. Н.Айтұлының *«Көз жасым»* таңдамалы, *«Бөрітостаған»*, *«Құланойнақ»* және *«Бөгенбай»*, *«Бердіқожа»*, *«Шақантай»*, *«Ақмола шайқасы»* т.б. поэмалары жарық көрді.

Несіпбек Айтұлы – Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер, «Парасат» орденінің иегері.

### Артық болмас білгенің

Елбасымыз өзінің алып ағаш Бәйтерек туралы қиялының жүзеге асуы үшін белгілі ағылшын архитекторы Норман Фостерді шақырды. «Астана-Бәйтерек» – сәулеттік мағынасы, жасалуы жағынан бірегей ғимарат, елорданың ең көрікті орындарының бірі. Ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүріміз бен өркендеп келе жатқан бүгінгі күннің және жарқын келешектің символы. Оның темірден жасалған жалпы діңінің биіктігі 105 метр, салмағы 1000 тоннадан астам. Ұшар басындағы шар тәрізді үлгі (ұя) 500 қада діңгекке байланған. Алып шардың түсі хамелеон шынылармен көмкерілген. Күннің шапағына шағылысып, әртүрлі түске құбылып тұрады. Осы құбылмалы шар жер тағаннан 97 метр биікте орналасқан. Төменгі қабат немесе өмір ағашының нәр алатын жер асты бөлігі 4,5 метр тереңдікте орналасқан. Салмағы 70 тонна. Бәйтеректің орналасқан жері – Нұр-Сұлтан қаласы. Нысан идеясының авторы – Елбасы Н.Назарбаев.



*Бәйтерек*

### Даналық ойдан дән ізде

Өлең өнерімен әуестенуші жастарымыз баршылық. Алайда шынайы, шын поэзияны жай ғана еліктеушіліктен айыра білу қажет-ақ. Әртүрлі әр үндес ақындардың дүниеге келуі қуанышты. Мен Несіпбек өлеңдеріне осы тұрғыдан қараймын. Өз жастығы мен жас творчествосына лайық үн аңғардым. Тілі жақсы, ойы анық. Өлеңдерінен жасандылық байқалмайды, жастыққа тән от бар. Ағынан жарылып, таусыла талаптану, ізденіс бар. Қайсыбір жастарда ұшыраса бермейтін мүлде бір бөлек сарын еседі. Жасқанбай, жас адам, жақсы-жақсы жырлар жаз!

*М.Мақатаев*

1

Білу

1. Несіпбек Айтұлының өмірі мен шығармашылығы туралы не білдіңдер?
2. Ақын «Бәйтерек» поэмасында қандай мәселелерді көтереді?
3. «Бәйтерек» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?
4. Жазушы қандай көркемдік суреттеу құралдарын пайдаланған?

2

Түсіну

1. Поэма неліктен «Бәйтерек» деп аталған?
2. Ақынның:
 

*Томирис, Еділ патша, Елтеріс хан,  
Аңсаумен еркін өмір арпалысқан.  
Жете алмай жерұйыққа Асанқайғы,  
Желдіртіп желмаясын жер тауысқан, –*

 деуінде не сыр бар?

3

Қолдану

1. «Бәйтерек» поэмасының әр бөліміне атау беріңдер. Себебін түсіндіріңдер.
2. «Кубизм» тәсілін қолданып:
  - «Суреттендер». Поэмада Елбасы бейнесі қалай суреттелген?
  - «Зерттендер». Бәйтеректі тақырып етіп алудағы ақынның мақсаты қандай? Қазақ халқының өткен өмірі поэмада қалай көрініс тапқан?
  - «Байланыстырыңдар». Поэмадағы қазақ халқының өткен тарихы мен бүгінгі келбеті қалай үйлесім тапқан?
  - «Қолданыңдар»:
    - а) Кейіпкер іс-әрекетіне байланысты қандай нақыл сөз, мақал-мәтел айтар едіңдер?
    - ә) Шығармадағы сөз кестелерін, ой айшықтарын (теңеу, метафора, эпитет) табыңдар.
  - «Талқылаңдар». Азаттық, тәуелсіздік туралы ой бөлісіңдер.
  - «Салыстырыңдар». Н.Айтұлының «Бәйтерек» поэмасы мен Е.Жүністің «Тәуелсіздік» өлеңіндегі ортақ идеяны салыстырыңдар.

3. Ақын шығармасынан өз ұлтына, еліне, жеріне деген мақтананышын білдіретін жолдарын табыңдар, түсінік беріңдер.

4

Талдау

1. «Бәйтерек» поэмасындағы қазақ халқының өткен тарихы мен бүгінгі заманын салыстырыңдар.
2. Поэмадағы автор бейнесінің (лирикалық кейіпкер) идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасаңдар.

5

Жинақтау

1. «Бәйтерек» поэмасының тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. «Бәйтерек» поэмасының мазмұны бойынша тірек сызба құрастырыңдар.

6

Бағалау

1. «Мәңгілік Ел» идеясын қалай түсінесіңдер? Ой-пікірлеріңмен бөлісіңдер.
2. Поэмадағы ақын ойы қандай?  
Бәйтерек – Астананың төріндегі,  
Өресі биіктіктің өмірдегі.  
Аялы алақаны Елбасының,  
Секілді өшпейтұғын сенім мөрі.  
Өлең жолдары қандай ойларға жетелейді?
3. «Еркін жазу» стратегиясын қолданып, «Менің елім – Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбына эссе жазыңдар.



## XXI ғасыр оқырманына

Н.Айтұлының Жеті томдық шығармаларын, «Бәрітостаған», «Көз жасым», «Құланойнақ» атты өлеңдер, толғаулар, поэмалар жинағын, «Көктем тынысы», «Алғашқы жол», «Әке туралы сыр» кітаптарын оқыңдар.



## Әдебиет теориясы

### Өмір және көркем шындық

Әдебиет «өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы» болғандықтан, шығарма арқауы шындық болып табылады. Өмірдегі барлық нәрсе көркем шығармаға өзек, оқиға бола бермейді. Жазушы өмір шындығынан өзінің суреткерлік мақсатына қажетін ғана таңдап алып, шығармасына арқау етеді. Ол өмір құбылыстарын өзінің дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасы, азаматтық ұстанымы тұрғысынан саралайды. Ал суреткердің дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасын ол өмір сүріп отырған қоғамдық орта белгілейді. Көркем шығармада суреттелген шындық, алға тартқан келелі мәселе халық мақсаты мен мүддесіне сай шешілуі керек.

*«Қазақ әдебиеті» анықтамалығы*



### Тапсырма

Әдебиеттің «өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы» екенін нақты мысалдар арқылы дәлелдеп көріңдер.



Еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күрес тақырыбы енді қазіргі тарихи романның жаңа беттерінің сүбелі бөлігін құрап отыр. Қазіргі тарихи романның өткенге сұрау салуы бұрынғыдан батылырақ, ауқымдырақ. Бұлжымас принципі – шындық. Әр дәуірдің күнгейі мен теріскейін қаз қалпында көрсете білу.

Ш.Елеуқенов

## ҚАЖЫҒАЛИ МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ



ҚАЖЫҒАЛИ  
МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ  
(1942 ЖЫЛЫ ТУҒАН)

Қажығали Мұханбетқалиұлы 1942 жылы Ақтөбе облысы, Байғанин ауданында дүниеге келген.

1965 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітіріп, Ақтөбе облыстық радио және телевидение комитетінде, облыстық «Коммунизм жолы» газетінде, «Қазақстан» баспасында, «Жұлдыз» журналында, «Қазақ әдебиеті» газетінде редактор, аға редактор, аға әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, «Жаңа фильм» журналының бас редакторы болған. Кейінгі жылдары Қазақстан Республикасы Президенті аппаратында, Парламентінде, «Таң Шолпан» журналында қызмет істеген.

Қажығали Мұханбетқалиұлы түрікмен жазушысы Т.Жұмагелдиевтің «Егес» атты кітабын, орыс жазушысы А.Скалонның «Бақыттың алтайы түлкісі» атты әңгімелер мен повестер жинағын, Р.Акутагава, С.Моэм, П.Мериме, Ги де Мопассан, Д.Фонвизин, С.Чубек, Л.Хонвано, Дж.Одинаев, Х.Абдуллин сынды жазушылардың әңгімелерін қазақ тіліне аударған. Өзінің де бірнеше әңгімесі шетелдерде жарияланған ұжымдық жинақтарға енген. **«Сырым батыр»** атты романының алғашқы тарауларын әдеби журналдарда жариялады, әрі би, әрі батыр Сырым Датұлы туралы ұзақ жылдар бойы

### Зергер сөз

Батыс Қазақстан облысы – әуелден дарынды перзенттерге бай облыс. Мен осы өңірдің төл перзенті, даңқты Сырым батыр туралы көп жазған адаммын. Сырым осы өңірдің туына айналған тұлға деп ойлаймын.

Қ.Мұханбетқалиұлы

зерттеу жүргізіп, ұлы тұлға туралы «Сырым Датұлы» жинағын құрастырып, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазды.

Жазушы қаламынан *«Жұлдызды түндер»* атты әңгімелері, *«Тоғай сыбдыры»*, *«Қайдасың, сен, махаббат?»*, *«Сынық терезе»*, *«Жалғыз жиен»*, *«Бауыр»* атты повестер мен әңгімелер жинағы жарық көрді.

#### Бағалы дерек

Қажығали Мұханбетқалиұлы бұл тақырыпты зерттеп жазуға арналған жиырма жылдан астам уақытында талай мұрағаттарда болып, құнды деректер жинағаны бірден сезіледі.

Романның өзгешелігі – қазақ тарихының қилы дәуірін жан-жақты суреттеуінде. Сырым батыр басты кейіпкер болғанымен, ол – бостандық шайқасындағы арпалыста халықтың рөлін көрсетудегі дәнекер ғана.

А.Өмірзақов

Қажығали Мұханбетқалиұлы – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар танымал жазушы. Оның *«Мінез»*, *«Ескі достар»*, *«Дала әуендері»*, *«Қарымта»*, *«Қаңтардың қара суық түні»*, *«Бір машина шөп»* атты прозалық шығармаларында ел тіршілігі кеңінен суреттеліп, қоғамда орын алған әлеуметтік мәселелер ұтымды көрсетілген.

2010 жылы әдебиет пен өнер, қоғам туралы сан түрлі пікірлер мен мақалалардан тұратын *«Тоғысар арнамыз бір толғанғанда...»* атты кітабын жарыққа шығарды.

Тәуелсіздік жылдарында жазылған атақты батыр, әділ би, қажымас қайраткер Сырым Датұлы туралы баяндалған елеулі еңбегі – *«Тар кезең»* тарихи

романы 2012 жылы оқырмандарына жол тартты. Романның жарыққа шығуы туралы жазушы: «Бұл романның алғашқы тарауы 1992 жылы *«Жалын»* журналында жарық көрді. Ал кітап арада 20 жыл өткенде басылып шықты. Иә, көп іздендік. Көп уақытымыз мұрағаттарда өтті. Сол 1992 жылы жарық көрген алғашқы тарауға дейін де 4–5 жылды осы шығарма үшін дайындыққа жұмсадым. «Сабақты ине сәтімен» дегендей, кітап болып қалың жұрттың қолына тиді», – дейді.

*«Тар кезең»* романында жазушы Сырымның өмірін түгел қамтуды мақсат етпеген. Шығармаға ел басына күн туған шақтағы белгілі бір кезеңді ғана арқау еткен. Қазақ даласының Батыс пен Орталық бөлігі Ресейге қарағанына жарты ғасырдай уақыт өткенде, империя енді өзінің отаршылдық бет-бейнесін ашықтан-ашық көрсете бастаған болатын. Қазақтар Елек пен Жайық бойындағы өріс-қоныстарынан ысырылып, біресе Жайық

#### CD 11

Тар кезеңге тап келген елдің жайы туралы не айтылған?

казак-орыстарының, енді бірде башқұрттар мен Еділ қалмақтарының талауына ұшырап, жан-жақты қысым көре бастады. Ел басындағы хан Нұралы бұл істердің бірде-бірін шеше алмай, халық қиналыс пен дағдарысқа түсті. Міне, осындай қилы кезеңде ел тағдырына деген жауапкершілікті өз мойындарына алған Байбақты Сырым бастаған қазақтың білікті билері мен батырлары, ақсақалды ағалары еді. Романның басты идеясы туралы филология ғылымдарының докторы Т.Тебегенов: «Тар кезең» романының идеясы – Ресейдің отарлау саясатындағы озбырлықтардың (атақоныстардан, жайылымдардан еріксіз айыру, жазықсыз ауылдарды шауып, адамдарды өлтіру, тонау, барымталау, өзішілік басқару жүйесіне тыйым салу т.б.) етек алуына халықтық қарсыласу қуатын таныту. Жазушының «Тар кезең» тарихи романына арқау болған сюжеттік-композициялық желілердегі қақтығыстар, қазіргі «Қазақстан тарихының» жаңаша жазылған тарихнамалық-дерекнамалық деректі тұжырымдары негізінде жазылғандығымен ерекшеленеді», – деген пікір білдірген.

Жазушы Қ.Мұханбетқалиұлы Тәуелсіздігіміздің 10 жылдығына арналған медальмен марапатталып, 2002 жылы Ақтөбе облысы Байғанин ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді. 2003 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болды. Тәуелсіздік жолындағы ұлттық қозғалысқа арналған «Тар кезең» тарихи романы үшін Қажығали Мұханбетқалиұлы 2014 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

#### Даналық ойдан дән ізде

Қажығали Сырым туралы он мыңдаған қалың құжаттармен көп алысқан... Қажығали Сырым тарихын бейнелеуде өз жолын тапқан. Романның жаңалығы да осында. Сырым бейнесінің сонылығы да осында. Біз құжаттағы Сырымды да, ел аузындағы Сырымды да емес, басқа Сырымды, орыс отаршылығымен алысқан саяси күрескер, сұңғыла дипломат Сырымды көріп, шөліккен сусынымызды қандырғандаймыз. Және «Тар кезеңнің» проза жанры тоқырап, жақсы шығармалардан үміт үзілген кезде шаң бергенін ояңсыған қабырғаны жауып, жоғымызды толтырғандай болды емес пе? «Тар кезең» әдебиетіміздің шаң-тозаңнан сілкініп, қайта өрлеуінің басы болғай еді деп тілеймін.

Ә.Сарай

Сырбаз суреткер тырнақалды туындыларымен аузы дуалы ағаларын елең еткізіп, әдебиет есігін еркін аттады. Прозашының қарымды қаламынан туған әңгіме-хикаяттары – ешқандай шашауы жоқ, бас-аяғы жинақы, жарау аттай жұтынып тұрған көркем дүниелер. Ұзақ жыл иін қандырып жазған «Тар кезең» романы да қазақ әдебиетінің қазынасына қосылған сүбелі еңбек.

А.Есенжол

**Артық болмас білгенің**

Сырым батыр бастаған ұлт-азаттық көтеріліс Аралдан Сырдария, Ор бойына дейін, Тобыл және Хиуа – Қарақалпақ жерлерін қамтыды. Сырым Датұлы көтерілісінің нәтижесінде өлке басшылығына қайта тағайындалған Осип Игельстром қол астындағы әскеріне қазақ ауылдарын бұрынғыдай шауып, барымталауға тыйым салды. Көшпенді ел ежелгі атақоныстары Еділ мен Жайық арасындағы жайылымдарды пайдалануға мүмкіндік алды. Осының нәтижесінде 1801 жылы І Павел патшаның Бөкей сұлтан бастаған қазақтарға Жайықтан өтіп, құм Нарынға қоныс тебуіне де осы көтерілістің әсері тигені – тарихи шындық. Игельстром айлакерлігінің арқасында Сырым жағымен келісімге келіп, Хан кеңесін құрады. Хан кеңесі бірінші жиылысын 1797 жылдың тамызында өткізеді. Оған 1000 адамы бар жасағымен Сырым батыр да келіп, халықтың барымта мен жұт апатына және «Хан кеңесінің» құрылуына байланысты күресті тоқтататынын мәлімдеді.

Ә.Мамбетьярова



Орал қаласындағы Сырым батыр ескерткіші

1

Білу

1. Жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлы туралы не білдіңдер?
2. «Тар кезең» романында Сырым бидің үйіне жиналған ел ағалары қандай бөтуға келді?
3. Сырым би бас қосуға келмеген ағайынға қандай сәлем айтты? Оның мәнісі неде? Түсіндіріңдер.
4. Романда Сырым батырдың бейнесі қалай суреттелген? Қандай көркемдегіш құралдар пайдаланылған?
5. Шүкірәлі бай туралы не білдіңдер? Ол қандай маңызды жаңалық естиді?
6. Пугаш батыр кім? Ол туралы тарихтан не білесіңдер?

7. Романда сөз болған Дәуқара батыр мен Бармақ батырдың өлімі туралы Сырым монологі нені білдіреді? Сырым батыр өзі үшін қандай құпияны ашады?
8. Я.М.Зенбулатов деген кім?
9. Романда мешіт туралы не айтылған?
10. Шәки мен башқұрт жігіті Батырша мешітте не туралы сөйлесті?
11. Қазақ батырларының соғысқа дайындығы, соғыстағы қимыл-әркеттері қалай суреттелген? Сырым батырдың соғыс ісін үйретуі туралы не білдіңдер?
12. Шүкірәлі, Шәки, Нұрмұханбет қазақтарға Игельстромның қандай сәлемін жеткізді? Қырдағы елден қандай хабар алды?
13. Сырым бидің хандық билік туралы ойлары қандай болды? Хандық билікті жоюдағы мақсаты не?
14. Сырым бидің шешендігі, қара қылды қақ жарған әділдігі туралы ел аузында қандай әңгімелер сақталған?

2

Түсіну

1. Роман эпиграфына ақын Қадыр Мырза Әлінің:  
Бұл жерде ел ұрандасқан, айқайласқан...  
Бұл жерге жау аяғын байқай басқан!  
Ерліктің етегінен ұстап тұрып,  
Еркіндік сонда алғаш тәй-тәй басқан, – деген жыр жолдары алынған. Неліктен деп ойлайсындар?
2. «Тар кезең» романында Сырым би елін неліктен түгелдей көшіру туралы шешім қабылдайды?
3. Генерал Игельстромның қазақ даласына келу себебі қандай? Бұл туралы «Қазақстан тарихы» оқулығында қандай мәліметтер беріледі?
4. Сырым батырдың «көк ала шекпен, жез түйме, аузы түкті орыспен» соғысудағы мақсаты қандай? Романның үзінді оқындар.
5. Молда Қаражігіттің Сырым бидің жиынына келу себебі неде?
6. Игельстромның Уфаның правителін түн ішінде шақыртуына не себеп болды?
7. Хрестоматия, CD материалдарын пайдаланып, Сырым бидің елін Иректіге әкелгендегі мақсатын түсіндіріңдер.
8. «...Бұл – орысқа арқа сүйеп алып, өз елімен есептесуді әлдеқашан қойған (ақыры, міне, қарамағындағы халыққа

опасыздық жасағаны бүкіл жұртқа білініп қалып, күллі ел лағынет айтып отырған) хан Нұралыны тақтан тайдырып, ендігі жерде елдің тыныс-тіршілігін де, ел басқару ісінің өзін де мүлде басқа арнаға салу керек деген қатерлі ой еді!» – бұл кімнің ойы еді? Неліктен қатерлі ой?

9. «Ұлы жиын» өткізуге қай жер таңдалды? Неліктен? Жауабын романнан тауып оқыңдар.

3

Қолдану

1. <https://adebiportal.kz/> сайтынан роман мазмұнымен толық танысыңдар.
2. «Сырым Датұлы – тәуелсіздік жолындағы күрестің бастауында тұрған тұлғалардың бірі» тақырыбына аргументативті эссе жазыңдар.
3. Роман кейіпкерлері туралы кесте толтырып, ой-пікірлеріңмен бөлісіңдер.

Роман кейіпкері	Портреті	Адами қасиеттері	Қандай ісімен тарихта қалды?	Ой-пікірім
Сырым				
Игельстром				
Нұралы хан				

4. Романнан берілген үзінділерді оқи отырып, әрқайсысын жеке күнделік толтырыңдар, оны жұпта, топта талдап, ой қорытынды жасаңдар.


Мәтіннен ерекше әсер еткен немесе ой салған дәйексөз келтіру	Жеке түсінік беру: осы дәйексөзді жазуға не мәжбүр етті? Қандай ой тудырды? Осыған байланысты қандай сұрақ туды?	«Мұғалімге хат» – сұрақтар

4

Талдау

1. Тарихта болған Сырым Датұлы мен романдағы көркем образ – Сырым биді, батырды, ел ағасын салыстырыңдар.
2. Игельстром мен романда суреттелген басқа орыс билеушілерін салыстырыңдар.
3. «Хан кеңесі» мен «Халық кеңесін» салыстырыңдар.


4. «Балық қаңқасы» тәсілімен роман мазмұнына талдау жасаңдар.



5

Жинақтау

1. «Тар кезең» романының тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. «Ұлы жиынның» мақсаты қандай? Тірек сызба арқылы көрсетіңдер.
3. Сырым батырға тән қасиеттерді жинақтаңдар:



6

Бағалау

1. «Өмірден не түйдіңіз, не білдіңіз?» – деген сауалға жаушы: «Өмірден түйгенім: қолыңнан келгенінше еңбек ет; қолыңнан келгенінше төңірегіндегілерге жақсылық жаса; ал жақсылық жасау қолыңнан келмесе, ең болмағанда, жамандық жасама. Білгенім: бұл дүниеде тазалыққа ештеңе

де жетпейді. Бір үзім наныңды адалынан же! Шырылда-саң, шындық үшін ғана шырылда!», – деп жауап беріпті. Жазушы туралы ойларыңды білдіріңдер.

2. «... Әйтсе де, Тұрманбет би бірден қайтып кете қоймай, қонақтарын көзбен ұзатып салып, тағы едәуір кідіріп қалды. – Апырай! – деп, ол енді міне Сырымның сыртынан әрі сүйсіне, әрі қимастықпен әлі қарап тұр. – Адам түгілі, астындағы атының, жағы түкті жылқы айуанның, жақсылығын ештеңеге айырбастамайтын, дәті берік мұндай жігіт соңына ерген кісіге сенімді серік, айнымас жолдас болмағанда, кім болады! Асылы, ел де осындай ердің соңынан ереді ғой! Тіпті, түптің түбінде бәріміз де, бәлкім, осының қасынан табылармыз, сірә!» – деп, іштей тілеулестік етіп тұрғанын өзі де аңдаған жоқ». Сырым батыр туралы қандай ой түюге болады?
3. Топтарға бөлініп, «Ақылдың алты қалпағы» тәсілімен роман кейіпкерлеріне, орын алған оқиғаларға баға беріңдер. «Ақ қалпақ» – шығармада көтерілген мәселеге қатысты талассыз деректерді келтіреді. «Сары қалпақ» – кейіпкерлер өмірінің сәтті кезеңдерін айтады. «Қара қалпақ» – кейіпкерлер өмірінің сәтсіз тұстарына тоқталады. «Көк қалпақ» – талдау жасайды, топтар «Не үшін? Неге? Неге байланысты?» деген сұрақтарға жауап іздейді. «Жасыл қалпақ» – кейіпкерлер өміріне қатысты тың идеялар мен болжамдар ұсынады. «Қызыл қалпақ» – оқиғаны оқу барысында бастан кешірген сезімдерін тұжырымдайды.



#### XXI ғасыр оқырманьына

Жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлының «Жұлдызды түндер», «Тоғай сыбдыры», «Қайдасың сен, махаббат?», «Жалғыз жиен» атты жинағын «Алабұға, аққайран...» танымдық еңбегін, «Тар кезең» тарихи романын оқыңдар, «Сырым Датұлы» атты жинағының мазмұнымен танысыңдар.



#### Әдебиет теориясы

##### Көркем образ түрлері

«Образ – эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы әрі нақты, әрі жинақы жасалған адам өмірінің әсем суреті» (Л.И. Тимофеев).



Образдың түрлерін белгілеудің бірнеше (әдістік, тектік, тәсілдік) факторы бар. Көркемдік әдіс тұрғысынан келгенде образ екі түрлі – романтикалық образ және реалистік образ. Әдеби тек тарапынан келгенде образ үш түрлі: эпикалық образ, лирикалық образ, драмалық образ. Жасалу тәсілдеріне қарай: юморлық образ, сатиралық образ, фантастикалық образ, трагедиялық образ, геройлық образ т.б.

*Романтикалық образ* – әдебиеттегі адам бейнесінің байырғы түрлерінің бірі. Романтикалық образдың негізінде қиял жатады. Романтикалық образ өмірдегі болған немесе бар деректен гөрі өмірде әзірше жоқ, бірақ болатын дерекке негізделеді.

*Реалистік образ* – әдебиеттегі адам бейнесінің ең сымбатты, ең шынайы түрі. Бұл – кәдімгі өмірде болған, бар және бола беретін, бірақ қайталанбайтын, әрқашан бұрын-соңды белгісіз тың қырынан көрініп, ылғи жаңарып отыратын тип. Бұл образдың эстетикалық идеалы – романтикалық образдағыдай бұлыңғыр емес, анық, адам қолы жетпейтін тым асқақ, алыс емес, қолмен ұстап, көзбен көргендей затты әрі жақын нәрсе.

*Эпикалық образ* – кескін-кейпі, мінез-құлқы, іс-әрекетімен тұтас көрінген әрі толық жинақталған, әрі әбден дараланған тип. Эпикалық образ – бедерлі бейне, әрі нақты, әрі затты тұлға; кәдімгі тірі кісідей өзін көзбен көруге, сөзін құлақпен естуге, мінезін ұғуға, қимылын бақылауға болатын, бүкіл өмір жолын бар бұралаңымен байқауға, өскен ортасын бар ой-қырымен байыптауға болатын күрделі, кесек қаһарман.

*Лирикалық образ* – сыршыл, өлең-жырлардағы ақынның өз бейнесі, оның ішкі бітімі, ақынның нәзік сыры мен сылқым сезімінен өріліп жасалған өзгеше кейіпкер.

*Драмалық образ* – сахнада көзбе-көз, қолма-қол жасалатын көркем бейне. Драмалық образ шиеленіскен тартыстар мен қым-қиғаш қимыл-әрекеттер арқылы жасалады.

З.Қабдолов. «Сөз өнері»



#### Тапсырма

Көркем образ түрлеріне мысалдар келтіріңдер.

## Жиынтық бағалау тапсырмалары

1. Н.Айтұлының «Бәйтерек» поэмасында суреттелген тарихи тұлғалар, олардың тарихтағы орны туралы кестені толтырыңдар.

Тарихи тұлғалар	Ол туралы не білемін? Тарихта қандай істерімен қалды?

2. Н.Айтұлының «Бәйтерек» поэмасының мазмұны бойынша «Ашық, жабық» сұрақтар кестесін толтырып, жұпта жұмыс жасаңдар.

Ашық сұрақтар – (түсіндіруді, өз көзқарасын білдіруді талап етеді)	Жабық сұрақтар – нақты, қысқа жауап қайтырылады

3. Қажығали Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романының мазмұны бойынша киносценарий жасап көріңдер. Әр кадрға атау беріңдер.

4. «Тар кезең» романында жазушы қандай көркемдік әдістерді пайдаланған? Оның мәнісі неде деп ойлайсыңдар? Жазбаша жауап беріңдер.

5. **Оқу сауаттылығы.** «Тар кезең» романынан үзінді.

... Тығырыққа тірелгендей болып отырған жұрттың күткені де осындай бір сөз еді. Бәрі дүр-р етіп:

– Иә, өз ойларың нешік?! Шынында, әуелі соны айтыңыздаршы... Тыңдап көрелік! – деп, көпшілік те қоштай кетті.

– Ағайын! Сөз түйінінің ақырғы тірелген жері осы болса, жарайды, онда біз өз пікірімізді айтуға көшелік... – деп, екі қасының арасындағы терең қос сызық қайтадан қазыла түсіп, қабағы түйіліп кеткен Сырым би сәл кідіріп, ойын да, бойын да дереу жиып алды.

– Иә, игі-жақсылар! – деді сонсоң даусын қатайта түсіп. – «Қасқа жолды» салған Қасым өлгенде де, «Ескі жолды» салған Есім өлгенде де, қылшығы қисая қоймаған дүние, хан Нұралы мен оның әулеті билік басынан қуылады екен деп, сыны бұзылып, сиқы кете қоймас! Ақиқатын айтар болсақ, тіпті осы «хан»,

«хандық» дегендеріңіз де – ежелдің ең күнінен келе жатқан елдігіміздің бір белгісі болған соң ғана бауыр басып, етіміз әбден үйреніп кеткені болмаса, бұл күнде мәні де кеткен, мағынасы да жоғалған нәрселер! Біз болсақ, емшектегі баладай, әлі күнге соған емексүмен келеміз. Ал шындығында ше?

Шындығында, хандарымыздың қолынан билік кетіп, хандығымыз сонау Петербордан мына Орынборға шейінгі орыс ұлықтарының иек қағуына қарай қимыл жасайтын болғанына не заман!? Тап соны өз көздеріңізбен күнде көріп отырсаңыздар да, көпшілігіңіздің әліге дейін өз көздеріңе өздерің сенгілерің келмей, қиял жетегінде жүргендеріңізге мен қайран қалам. Бірақ сіздер өз көздеріңе сенсеңіздер де, сенбесеңіздер де, ақиқат деген – ай мен күндей, өз орнында өзгермей тұра беретін нәрсе, жарандар! Ол сіздердің есек дәме көңіл ауандарыңызға қарамайды. Сондықтан біз тек қана шындықтың бетіне тура қарауға үйренуіміз керек. Ал сөйтер болсақ, өзімізді өзіміз өтірік алдарқатпай, адалын айтайық: осы біздің Алашта баяғы Өз Тәукеден кейін бірегей ұлы хан да, біртұтас ұлы хандық та болды ма?! Кейінгілер «бөлінгенді бөрі жер; жарылғанды жау алар» деместен, «ортақ өгізден – оңаша бұзауың артық» көріп, үш Жүздің әрқайсысының басына жеке-жеке хан болғанына мәз болған жоқ па?! Кейде тіпті бір Жүздің басына екі ханнан отырған кез де болды ғой! Әріге бармай-ақ, қазіргі халімізді тілге тиек етсем, осы біздің көк найзалы Кіші Жүздің бір өзінде, – батыс бетте Нұралы; түстікте Қайып, – екі хан отырған жоқ па?! Мұның ең жаман жері – сиырдың бүйрегіндей бөлшектенген хандықтарымыздың арасында кейінгі жылдары аралас-құраластық тіпті азайып, қарым-қатынас та мүлде сиреп бара жатқаны болып отыр. Біз бірденеден қауіп етер болсақ, алдымен осыдан қорқуымыз керек-ақ еді. Қорықпадық! Ойласуымыз керек-ақ еді. Ойланбадық! Өз басым: ойым онға, санам санға бөлініп, талай түнді ұйқысыз өткізгенде, екі-ақ түрлі тоқтамға тірелдім, ағайын! «Сонау бір кезде, ел ағаларымен кеңесе отырып, он сегіз жыл ел басқарған Әбілқайыр хан марқұмның мына әке жолынан айныған ұрпақтарын билік басынан түгел кетірсек, күллі Кіші Жүзге бас ие боларлық кім бар?» – дегенде, ең бірінші ойыма келген – Қайып болды! Өздеріңіз білесіздер, ол – осы күнге дейін бір шығыршығы үзілместен ел ұстап келе жатқан, кіл шынжыр балақ, шұбар төстің тұқымы; қазақтың ежелден бергі төл хандарының тікелей ұрпағы! Міне, ойым: «Сол Қайыпты хандыққа шақырсақ» деген еді. Қайып – хан болса, бұл – қазір екіге жарылып отырған көк найзалы Кіші Жүздің басы қайтадан бірігіп, ұлан-байтақ жерді

алып жатқан халқымыздың іргесі беки, қабырғасы тұтаса түскені де болар еді; әрі Орта Жүздегі Жәдік әулетінен шыққан хандармен түпкі туыстығын пайдаланып, Қайып екі елдің арасын бұрынғыдан да гөрі шегендеп, бекіте түсер ме еді! дегенім еді. Бұған қоса, ертеден бері араларында алауыздық бар Нұралы әулетінің наразылығы біліне қалса, оны да басып тастай алатын – тек сол, Қайып болар деген үмітім еді. Бірақ... «хан», «хандық» дегендеріңіздің бұрынғы мағынасы жоғалғанын өз көзіммен көріп отырған мен, анау отырықшы сарттың қасында... «Таш хаулі» секілді салқын сабат Сарайда жан бағып жаман үйреніп кеткен Қайыптың сайын сақарадағы біздің ортамызға келіп, алтын діңгегіміздей, яки қаққан қазығымыздай хан боларына үлкен күдігім бар! Дегенмен менің көңіліме қарамай-ақ қойыңыздар! Егер осы отырған бәрің бұл ұсынысты түгел қолдап, «Хан сайлайтын жорамыздан айырылмайық; шақырайық Қайыпты!» – дер болсаңыздар, ойлаңыздар! Менің де оған қарсылығым жоқ! Бұл – бір! Алайда, екінші ойым айтады:

–...Осы қазақ – тұмсығын тесіп тығырық кигізе болды, жетекке еріп жүре беретін төрелердің түйесі ме?! Әлде ат төбеліндей аз ғана төрелерден басқа, ел басқаратын ешкімі жоқ па осылардың?! Ендеше, неге: «Текпен озған төреден, мимен озған қара артық! Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық!» – дейді. Бұрын тіпті: «Құл жиылып, бас болмас; құм жиылып тас болмас!» деп кекетіп жатса да, үндемей жүре беруші еді жұрт. Қазір: «Құл да жиылып бас болады, құраушысы – Құдай болса; құм да жиылып тас болады, басын қосар ылай болса!» дегенді шығарыпты. Неге? Неге айтылып жүр осы әңгімелер?! Әрине, тегіннен-тегін емес! Бұл – қазақтың қалың қара жұртының өз тізгінін өз қолына алуға ұмтылысы; соған әбден пісіп-жетілгенінің белгісі! Көздеріңді ашыңқырап қарасаңыздар, жеке адам – хан билеген заманның өткені де; хандық дәуреннің осымен біткені де ап-айқын көрініп тұр, жарандар! Біздің қазақ хандарының ішінде, Жәнібектен кейін, «Әз» деген атаққа ие болған – тек қана Тәуке хан екен. Неге олай болды?! Өйткені Әз Тәуке, шынында да, данышпан хан еді. Данышпандығы сол – заман өзгерісін тап басып, тани білді ол! Төңірегін қазіргіден де көбірек төрелер бола тұра, ол ел тізгінін туыстарына берген жоқ; билікті әр Жүздің аса ірі де ықпалды билерінің қолына берді. Ұлы Жүздің тізгінін Үйсін Төлеге, Орта Жүзді Қаракесек Қаздауысты Қазыбекке, Кіші Жүзді Алшын Әйтекеге ұстатты. Қара бұлт үйірілген қазақтың басын қиын кезде солар аршыды тұманнан! Сол секілді, тар кезеңге тап келген

мына біздің тұсымызда да, мен ел тізгінін қара ормандай қалың қазақтың өз ішінен шыққан билерге берсек деп ем. Алты ата Әлім, он екі ата Байұлы, ноқта ағамыз – жеті аталы Жетіру! Әрқайсысыңыз жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан бір-бір кісілеріңізді ертең Ұлы жиында ел иесілігіне өздеріңіз ұсынсаңыздар! Елді солар басқарса! – деп ем. Біз мойындасақ та, мойындамасақ та, бүгінде көшпендінің ат басы тас қамалға тірелді, ағайын! Өзірге, сол қамалдың үстінен баршамызды қас қақпай бағып тұрған көз бар. Қатал да, қатыгез көз! «Сол көздің сұғына қараған ызғарына жалғыз өзі төтеп бере алмай, бүкіл елді бір өзім билеймін деп әспенсіп жүріп, байғұс Нұралы хан байқамай бейшара күйге ұшырап қалған жоқ па екен?!» – деп те ойлаймын мен кейде. Ал енді бүгін... үлкен-үлкен үш ата баласының басында қарағайдай-қарағайдай қадірлі үш кісіміз отырса, олар қандай қатал да, қатыгез көздің ызғарынан қаймықпай, тиісті сөздерін айта алатынына мен имандай сенем! Міне, ағайын, ел тізгінін енді кімге сеніп тапсырмақпыз дегендеріңе айтпағым – осы еді... Атамыз қазақ: «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды!» – дейді. Ендеше, ертеңге дейін кеңесіңіздер! Келісіңіздер!.. Қайып хан болуға көнген күннің өзінде, үш атадан сайланған үш би бәрібір санатқа кіреді. Хан болуға Қайып көнбесе де, ендігі жерде «Халық кеңесінің» шешімдері сол үш бидің тікелей қатысуымен, ауызбіршілігімен мақұлданады. Сондықтан бұл іске тек аса үлкен жауапкершілікпен қарауларыңызды ғана өтінем, ағайын! Іске сәт! Бүгінше әңгімемізді осымен доғара тұралық, – деп, екі беті алаулай қызарып кеткен Сырым би көпшілікке тоқтау айтқандай болып еді.

### Тапсырмалар

1. Қажығали Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романынан үзіндісінде не туралы айтылған?
  - А. Орыс патшасының билігі туралы
  - Ә. Қарапайым халықтың арманы мен мақсаты туралы
  - Б. Сырым батырдың өмірлік мақсаты туралы
  - В. Хандық биліктен құтылудың жолдары туралы
2. Неліктен Сырым батыр хандық биліктен бас тартуды ұсынды? «Қысқа сөйлемдер» стратегиясын қолданып, жауаптарыңды дәлелдеп жазыңдар.
3. Мәтінді оқып, қажетті белгілерді қойыңдар. Маңызды ақпараттың астын сызыңдар «\_\_\_». Келіскен пікірдің жанына немесе үстіне «+» белгісін қойыңдар. Келіспеген пікірдің

жанына немесе үстіне «Х» белгісін қойыңдар. Түсінбеген мәліметтің қасына «?» белгісін қойыңдар.

4. Сырымның: «Ел екенімізді білдіріп, ертеңгі күні өзіміз өткізгелі отырған ұлы жиынымызды өзіміз «Халық кеңесі» деп атайықшы осы! Атасына нәлет, «бетеге кеткенімен, бел қалады; бектер кеткенімен, ел қалады»; хан қашқанымен, халық орнында ғой, әйтеуір! Сол халықтың бас қосқан ұлы жиынын неге «Халық кеңесі» атамасқа?! Халықтан ұлы не бар? Керек десеніз, «Халық – Құдайдың өзінен бір-ақ жас кіші!» демей ме, біздің қазақ!», – деген пікірімен келісесіңдер ме? Ой-пікірлеріңді нақты деректерге сүйене отырып жазыңдар.

Келісемін, өйткені ...

Келіспеймін, себебі ...

## ӘДЕБИЕТТАНУ ТЕРМИНДЕРІНІҢ СӨЗДІГІ

**Автор** – әдеби шығармаларды тудырушы нақты тұлға.

**Азаматтық лирика** – лириканың заман жайын, әлеуметтік мәселелерді қозғайтын үлкен бір саласы. Өмір жөнінде, халықтың тағдыры туралы ой-толғамдар ақынның өз көңіл күйімен терең ұштасып, өзінің өмірге қатынасын суреттеу арқылы көрінеді.

**Айтыс** – халық ауыз әдебиетінің ерекше бір түрі. Айтыс – сөз сайысының, өнер жарысының жоғары түрі. Айтыс түрлері: бөдік айтыс, жануарлар мен адам айтысы, жұмбақ айтыс, салт айтыс. Салт айтыстың екі түрі бар: қыз бен жігіт айтысы және ақындар айтысы.

**Ақ өлең** – өлең тармақтары соңындағы сөздердің дыбыстары үйлеспей, қабыспай, ұйқасы белгісіз қалыпта, «ақ» күйінде қалған ұйқассыз өлең үлгісі.

**Ақын** – поэзиялық туындыларды ауызша суырыпсалма түрінде немесе жазып шығаратын сөз өнерінің иесі.

**Алғы сөз** – белгілі бір шығармаға арналып жазылған түсініктеме.

**Аллегория** – (пернелеу) – жан-жануарларға адамның мінез-құлық сипатын беру. Мысалы: қоян – қорқақ, түлкі – қу, арыстан – озбыр.

**Аллитерация** – шығармадағы дауыссыз дыбыстардың қайталануы.

**Анафора** – өлең жолының немесе тармақтарының үнемі бір сөзбен басталып, қайталануы.

**Анекдот** – қысқа күлдіргі әңгіме.

**Аннотация** – аңдатпа – кітаптың, топтаманың, жинақтың, қолжазбаның мазмұнын оқырманға қысқаша баяндау.

**Антитеза (шендестіру)** – қарама-қарсылық, салыстыра суреттеу.

**Антология** – ақындардың таңдамалы өлеңдер жинағы.

**Антоним** – бір-біріне қарама-қарсы мәнді сөздер.

**Аңдату** – әдеби шығарманың беташары, негізгі оқиғаға қатысы жоқ кіріспе бөлігі.

**Аңыз** – тарихи шындыққа негізделген, бірақ уақыт өте келе көркем шығармаға айналып кеткен әңгіме.

**Арбау өлең** – ауыз әдебиетіндегі тұрмыс-салт жырларының бір түрі.  
**Арнау** – белгілі бір адамның бейнесін, мінез-сипатын суреттеу мақсатымен жазылған дербес поэзиялық туынды.

**Ассонанс** – өлең құрылысында дауысты дыбыстардың қайталануы.

**Ауыз әдебиеті** – ауызша таралған халықтық көркем-әдеби туындылардың жиынтығы.

**Айшықтау** – сөз тіркестерін дағдылы синтаксистік қалыптан гөрі өзгешелеу ораммен, айрықша айшықпен құру. Мұндағы мақсат біреу – сөздерге ерекшелеп, екпін, тыныс беру, сөйтіп, олардың оқырманға әсерін күшейту. Сөз айшықтары – сөйлеудің әсемдігін, мәнерлілігін, экспрессивтік мәнін күшейтетін синтаксистік құрылымдардың формалары, ұзақ уақыт бойы қалыптасқан, жиі қолданылатын амал-тәсілдер. Оларға: шендестіру, қайталау, параллелизм, риторикалық сұрақ-жауап, дауыс ырғағы т.б. жатады. Айшықтаудың бір түрі – риторикалық айшықтар. Мұнда қойылған сұрақтарға автор жауап күтпейді, өйткені олар ешқандай жауапсыз-ақ түсінікті, өзінен-өзі анықталады.

**Әдебиет** – «үлгілі сөз», оқиганы көркем сөзбен суреттеп жеткізетін өмір айнасы, өнердің негізгі бір түрі, сөз өнерінің ғылыми атауы, оқиганы сөзбен суреттеп жеткізетін туынды, адамның рухани байлық жасау құралы.

**Әдебиет теориясы** – әдебиетті, әдеби шығарманы зерттейтін ілім.

**Әдеби қаһарман** – көркем шығармада мінезімен, іс-әрекетімен, ой-толғамымен мейлінше нақтылы дараланып, бейнеленген тұлға. Ақын, жазушының, туындыгердің идеясын, ұстанымын жүзеге асырушы.

**Әңгіме** – оқиганы баяндап айтуға негізделген, қара сөзбен жазылған шағын көркем шығарма. Әңгімеде, әдетте, бас-аяғы жинақы, тиянақты бір оқиға айтылады. Онда аса маңызды деген қысқа оқиға суреттеледі. Әңгіме кейіпкерлері көп болмайды. Сюжет желісі бір арналы ширақ келіп, тақырыбы мен идеясы айқын болады. Ол аз сурет арқылы көп жайды аңғартады, жазушыдан көркемдік шеберлікті талап етеді. Мұнда бір айтылған жайларға қайта оралуға, баяндауға, ұзақ суреттеуге орын жоқ. Онда адам, оның өмірі мен тағдыры, аса маңызды деген оқиға жинақы беріледі.

**Әсірелеу** – (гротеск) – әдеби шығарма оқиғасын шамадан тыс асыра суреттеу.

**Баллада** – лиро-эпостық сипаттағы шағын өлшемді сюжетті өлең.

**Баяндау** – көркем шығарма оқиғасын желілі түрде әдеби тілмен көркемдегіш құралдар арқылы әңгімелеп жеткізу.



**Буын** – өлең жолындағы дауысты дыбыстар саны.

**Бунақ** – өлеңдегі дауыс толқындарының арасы, өлеңнің ырғағы.

**Гипербола** – кез келген нәрсені, оқиғаны шамадан тыс асыра, ұлғайтып көрсету.

**Градация** – (дамыту) – алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғыны асыра айту.

**Фақлия** – дүние сыры терең таразыланған ой-пікірлер. Прозаның алғашқы нұсқа үлгілерінің бірі.

**Ғұмырнама** – жеке тұлғаның өмірі мен атқарған жұмыстар жылнамасы.

**Дастан** – өлеңмен де, қара сөзбен де айтылатын, белгілі бір сюжетке құрылған эпикалық жанр түрі.

**Диалог** – шығарма кейіпкерлерінің өзара кезектесе сөйлесуі.

**Драма** – оқиға тартыс не тартыстар желісіне жинақталып, кейіпкерлер әрекеті арқылы дамиды, театрға арналып жазылатын әдебиет тегінің бірі.

**Ертегі** – авторы белгісіз, халықтың дүниетанымын, тұрмысы мен салтын, әдет-ғұрпын, наным мен сенімін қиял тұрғысынан бейнелейтін ауыз әдебиетінің түрі.

**Жазушы** – кітап басып шығару ісі жүзеге асқаннан кейін пайда болған көркем әдебиетті жасаушы адам.

**Жанр** – өнердің барлық түрлерінде тарихи қалыптасқан іштей жіктелім жүйесі.

**Жарапазан** – ел арасында ораза ұсталатын рамазан айында айтылатын тұрмыс-салт жырларының бірі.

**Жарғы** – дәстүрлі қазақ қоғамындағы заңдар жинағының атауы.

**Жар-жар** – қыз ұзату тойы аяқталып, аттанар алдында айтылатын тұрмыс-салт жырларының түрі.

**Жылнама** – оқиғалардың болған жылы, күні бойынша баяндайтын маңызды жазба деректер.

**Жыр** – көне түркі тілінде «иыр»:

- 1) поэзиялық шығармалардың жалпы атауы. Көне түркі тіліндегі «иыр» сөзі қазіргі «поэзия» терминінің мағынасында қолданылған. Бұл атау дәл осы мағынада қазіргі қарақалпақ, қырғыз, ноғай, балқар, татар тілдерінде әлі күнге дейін қолданылады.
- 2) қазақ халық поэзиясындағы 7–8 буынды өлең өлшемі, поэзиялық шығарма жанры. Қазақ ауыз әдебиетіндегі батырлар жыры, тарихи жырлар, лиро-эпостық жырлар, жоқтаулар, жыраулар поэзиясы, толғаулар, термелер т.б. түгел дерлік поэзияның осы өлшемдегі үлгісіне құрылған.

**Жырау** – өз жанынан шығарып жыр айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі. Жырау атауы «жыр» сөзінен туындайды. Дәстүрлі қазақ қоғамында жыраулар халықтың рухани көсемі, қоғамдық қайраткері рөлін атқарды. Жырау жаугершілік заманда жорықтарға қатысып, батыр, қолбасы бола жүріп, ел қорғау, азаматтық тақырыптарға арналған өлең-жырлар туғызған.

**Жыршы** – жыр айтушы, таратушы. Жыршы жырды домбыраның не қобыздың сүйемелдеуімен, мақаммен, әнмен айтады, сондай-ақ эпикалық шығармаларды да орындайды. Олар бұрыннан белгілі халық дастандарын, поэмаларды айтып таратады. Кейбір жыршы өз жанынан да өлең-жыр шығарады. Жыршыны халық ақынмен, әншімен, шешенмен қатар қойып қадірлеген.

**Идея** – жазушының өзі көтерген әлеуметтік мәселелер, адамдар тағдыры арқылы айтпақ ойы, танытпақ шындығы.

**Идиллия** – қарекетсіз, қамсыз, қызық өмірді жырлайтын өлең.

**Импровизация** – латын тілінен аударғанда «кенеттен», «тұтқиылдан» деген мағынаны береді. Суырыпсалмалық – көркем туындыны орындау кезінде өнерпаздың аяқ астынан туындыға өз жанынан жаңалық қосып, оны орындауды жалғастырып өкетуі.

Поэтикалық импровизация – ақын немесе жыршының алдын ала дайындықсыз берілген тақырыпқа кенеттен жыр шығаруы. Қазақ ауыз әдебиетінің өкілдері, негізінен, суырыпсалмалық өнерге шебер болған. Ежелгі дәстүр бойынша жылдам әрі бөгетсіз өлең шығарып айта білмегенді халық ақын деп танымаған. Импровизацияның үздік үлгісі – ақындар айтысы.

Импровизацияға қатысты тағы бір ұғым бар. Ол – экспромт. Латын тілінде «дайын, әзір» деген мағына береді. Ақынның ешқандай дайындықсыз, ұшқыр ойынан туған немесе жазбаша аз көлемдегі өлең. Бұл өлеңдер өзіл-қалжың мағынасында кездеседі. Экспромт деген ұғым – жарқ еткен бір ойды ықшам түрде өлеңмен айту болса, суырыпсалып айту (импровизация) – көлемді өлең жырларды түгелдей табан астында бірден жанынан шығарып айту шеберлігі.

**Ирония** – көркем шығармадағы сырты сыпайы, іші толған ащы күлкі, мысқыл болып келетін өрнектеу тәсілі.

**Кейіпкер** – персонаж – көркем шығармада суреттелетін адам, әдеби образ. Әдебиетте адамның көркем образын жасағанда жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатын сипаттарымен қатар, өзіне ғана тән ерекшеліктерді де анық байқалатындай етіп суреттейді.

Кейіпкер бейнесін суреттеу үшін қоғамдық өмірді жан-жақты, терең зерттеп білу шарт. Әр кейіпкердің көркем бейнесі оның өз сөзі арқылы ашылады. Көркем шығармада жан-жақты толық суреттелетін негізгі тұлға – басты кейіпкер.

**Кейіптеу** – жансызға жандының қасиеттерін беріп суреттеу.

**Композиция** – шығармадағы оқиғалардың белгілі бір заңдылықпен орналасып, тақырып пен идеяның үндесуін қамтамасыз ететін көркем шығарма құрылысы.

**Көркем әдебиет** – қоғамдық өмір шындығын образды тіл өнері арқылы суреттеп бейнелейтін поэзиялық, прозалық, драмалық шығарма түрі.

**Көркем бейне** – шығармадағы кез келген кейіпкерді бейнелеп айту, әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелетін өмір құбылысының нақтылы көрініс-қалпы, кейіпкердің қорытындылап жасалған тұлға-бейнесі.

**Көркемдік әдіс** – өмір құбылыстарының көркем шығармада бейнелеу ерекшеліктері.

**Көркем сөз** – эстетикалық мәні күшейтілген, әсерлі, бейнелі сөз.

**Көңіл күй лирикасы** – лирикалық өлеңнің жан толғатып, көңіл тербететін, сезім оятқыш түрі. Ақындардың көңіл күй лирикасы автордың өз тағдырын, қуаныш қайғысын қоғамдық өмір, заман, дәуір туралы ой толғаныстарымен терең қабыстырып, ұштастыра білуімен құнды.

**Қазақ әдебиеті** – қазақ халқының ғасырлар қойнауынан ұрпақтан ұрпаққа жеткен рухани, мәдени мұрасы, сөз өнерінің асыл қазынасы.

**Қайталау** – сөз әсерін, айтар ойды күшейте түсу үшін бір сөзді немесе сөз тіркесін сан рет қайталап қолдану тәсілі.

**Қара өлең** – қазақтың ежелгі өлең түрі.

«**Қара сөз**» деген атау өлең сөзден бөлек шығарма мағынасын білдіреді. Өлең өнерін қазақ қара сөз демейді. Қара сөз «проза» деген мағынада айтылған. Қара сөз – еркін ой білдіру формасы.

Қара сөздердің кейбірінде очерктік, шежірелік, зерттеушілік сипат болса, енді бірінде өсиет-өнеге, философиялық немесе көсемсөздік ойтолғау сарыны бар, тағы бірі көпшілікпен, оқырманмен кеңесу, сұрақ-жауап түрінде әңгімелесу үлгісінде жазылған.

Абай қарасөздерінде өз тұсындағы қазақ қоғамындағы түрлі өзекті әлеуметтік, моральдық т.б. мәселелерді: халықты өнер-білімге, ынтымақ-бірлікке үндеу, еңбек пен кәсіп, ұрпақ тәрбиесі,

адамгершілік жайы, ұлт бойындағы ұнамсыз, кеселді қылық, мінез, дағдыларды сынау мәселелері көтеріледі.

**Қарғыс** – адамның жәбірлеушісіне айтқан кейіс сөзі, лағынеті.

**Қолжазба** – автордың біреуге өз қолымен жазып берген ескерткіш жазуы немесе өз қолымен жазған қолжазба мәтіні.

**Лирика** – адамның әртүрлі көңіл күйін білдіретін сыршыл өлең түрі. Лирика саяси лирика, азаматтық лирика, философиялық лирика, табиғат лирикасы, махаббат лирикасы деп бөлінеді.

**Лирикалық кейіпкер** – поэзиялық шығармалардағы адам бейнесі. Лирикалық туындылардың бас қаһарманы – ақынның өзі. Сондықтан ақынның өзі лирикалық кейіпкер болады. Лирикалық кейіпкердің ой-сезімі, тағдыры өз заманында суреттелсе, соғұрлым ол типтік қасиеттері мол, сомдап жасалған ірі тұлғаға айналып, дәуірдің көрнекті өкілі болып шығады. Ақын өлеңді өз атынан айтқанда лирикалық кейіпкердің бейнесі жасалады. Себебі ол ақынның өз бейнесі жинақталған лирикалық кейіпкердің бейнесі болып шығады. Ақын қоғам өмірі, заман, адам туралы толғанғанда, өзін «мен» деп, «біз» дей отырып, сол ортаның адамы, белгілі бір ұрпақ буынының өкілі ретінде сезінеді.

**Лирикалық шегініс** – көркем шығарма авторының кейіпкерлерге, оқиғаларға байланысты өзінің ойы мен сезімін білдіру.

**Литота** – затты, құбылысты мүлде құлдырата, кішірейтіп суреттеу.

**Мадригал** – жым-жырт, рақат тірлікті жырлау, француз тілінен аударғанда «малшының сазы» деген мағынаны білдіреді.

**Мазмұн** – шығармада өрнектелген өмір шындығы.

**Мақал** – көлемі шағын, мазмұны кең, тілі өткір, мағынасы терең, тұжырымдалған ой, даналық қорытынды жасалған ауыз әдебиетінің түрі.

**Мәтел** – жанамалап, нұсқай салу түрінде айтылған тұжырымды ой.

**Метафора немесе ауыстыру** – сөз мәнін өңдеп өзгертіп айту. Суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, сөйтіп мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту. Метафораның жасалу жолдары:

1. Жалғаусыз, жұрнақсыз бір нәрсені екінші нәрсеге балау, салыстыру, ұқсату арқылы жасалады. Мысалы:

Гималай – көктің кіндігі,

Гималай – жердің түндігі. (І.Жансүгіров)

2. *-мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін, -сын* тәрізді жіктік жалғаулары арқылы жүзеге асады. Мысалы: *Мен жаралы жолбарыспын.*
3. *еді, едім, едің, екен, ем* сияқты көмекші етістіктердің көмегімен туындайды. Мысалы: *Сен жаралы жолбарыс ең, мен киіктің лағы ем.*
4. *бейне, тең* секілді сөздер арқылы жасалады. Мысалы: *Қайғың болар шермен тең, Қара көңілім жермен тең. (Абай).*

**Метонимия** – өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін алмастыра қолдану тәсілі.

**Монолог** – сөз өнерінде кейіпкердің ішкі жай-күйін, толғаныс-тебіренісін бейнелеу мақсатында қолданылатын тәсіл, сөйлеуші өз ойын бір немесе бірнеше адамдарға арнап айтатын ауызша сөйлеу әрекеті. Монологтің ерекшелігі – бір адамның ойының, сөзінің көрініс табуы. Мәтінде монолог диалог үлгісінде де, диалогпен араласып та келе береді. Монолог жазбаша түрде де кездеседі. Екі жағдайда да (ауызша және жазбаша) негізгі ерекшелігі – бір адамның сөйлеуі немесе бір адамның ойы. Монолог – әдеби шығармаларда, әсіресе, драмалық туындыларда кейіпкердің ішкі көңіл күйін білдіретін толғау сөзі, кейіпкерді сөйлету тәсілі.

**Мінездеу** – кейіпкердің мінез бітімі, көркем образдың өзегі, негізгі арқауы. Кейіпкердің рухани әлемін, жан сырын, идеясын, күрес жолын, мақсатын, іс-әрекетін нанымды бейнелеу арқылы ашады. Әдебиетте тура және жанама мінездеу деген түсінік бар.

**Тура мінездеу** – бұл автор мінездемесі. Адамды бір сөзбен де мінездеуге болады. Мысалы, *сараң болса – Қарабай, аңқау болса – Мырқымбай, жалқау, өтірікші болса – Судырахмет дейміз.*

Кейіпкерге қатысты құбылыстар мен заттарды суреттеу арқылы қаһарман бейнесін ашып көрсетуді **жанама мінездеу** дейді.

**Мысал** – тәрбиелік мәндегі шағын аллегориялық шығарма.

**Мақала** – өмірдің әлеуметтік, экономикалық, өндірістік, ғылыми, сондай-ақ басқа да рухани өмір деректерін арқау ететін шығарма түрі. Мақаланың түрлері көп: баяндау, пайымдау, түсіндірме, қиял және т.б.

**Образ** – көркем шығармадағы сөзбен сомдалған кез келген құбылыс. Көбінесе әдеби қаһарман бейнесі.

**Ода** – мадақ жыры.

**Омоним сөздер** – айтылуы, жазылуы бірдей, бірақ мағыналары бөлек сөздер.

**Өлең** – арнайы шумақ, тармақ, ұйқас, буын, бунақ қалпын сақтаған, белгілі бір өлшеммен, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін, кейіпкер көңіл күйіне неғұрлым терең үңілетін поэзиялық жанр түрі.

**Өлең құрылысы** – өлең сөзде қолданылатын өлшем-өрнектердің жасалу жүйесі.

**Өлең ұйқасы** – өлең тармағының соңындағы буындардың үйлесуі.

**Өлеңші** – өлеңді айтушы, таратушы.

**Өсиет өлең** – көпшілікке айтылатын кеңес, өсиет.

**Пастораль** – малшы сазының бір түрі.

**Пейзаж** (француз тілінде «мекен», «өлке») – белгілі бір жердің, мекеннің, табиғаттың көрінісі. Пейзаж – әдеби шығармаларда жаратылыстың, яғни табиғаттың әсем көрінісі, көркемдік бейнесі. Көркем әдебиеттегі табиғат суреті – пейзаж деп аталады. Тақырыпты толығырақ ашу үшін пейзаж кескіндеме жанрының басқа түрлерінде де (портрет, баталия жанры т.б.) қолданылады. Пейзажда суретшінің сезімі, көңіл күйі, түсінігі, табиғатқа деген эстетикалық, этикалық көзқарасы аңғарылады.

**Повесть** – көлемі жағынан әңгімеден үлкен, романға жақын, баяндау түрінде қара сөзбен жазылған оқиғалы көркем шығарманың түрі.

**Полисемия** – сөздің көпмағыналылығы.

**Портрет** – француздың «бейнелеу», «бейнеленген» деген сөзінен алынған, өмірдегі немесе өмірде болған бір адамды немесе адамдар тобын бейнелеу немесе суреттеп жазу. Портрет – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу.

Портрет бейнелеу өнерінде – кескіндеме, мүсін, графика, фото өнерінің басты жанрының бірі болып табылады. Нақты адамның тұр-сипатын бейнелеу портреттің негізгі белгісіне саналады.

Көркем әдебиеттегі портрет адамның сыртқы тұрпатын сипаттаумен ғана шектелмей, оның рухани ішкі әлемін ашумен қатар, сол тарихи дәуірдің, ұлттың, әлеуметтік ортаның қайталанбас өкілі екендігін шынайылықпен бейнелейді.

**Поэма** (грек – «туынды») – орта көлемді эпикалық түрге жататын, өмірде болған не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адамдар тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен суреттейтін жанр.

Поэмалар сюжетті, сюжетсіз болып бөлінеді. Образдарын эпикалық, лирикалық, романтикалық, реалистік т.б. деп бөлуге болады.

Поэма белгілі бір оқиғаны жыр, толғау түрінде өлеңмен баяндайды. Поэмада оқиға желісі ширақ өрістеп, кейіпкерлердің образдары олардың іс-әрекеті, ішкі сезімі, жан дүниесі арқылы ашылады. Қазақ әдебиетіндегі поэманың алғашқы нұсқаларына батырлар жыры жатады.

**Проза** – қара сөзбен жазылған көркем шығарма.

**Пролог** – көркем шығарманың оқиға мазмұны мен мәнін оқырманға таныстыратын кіріспе.

**Прототип** – түптұлға – әдеби шығармада кейіпкер бейнесін жасауға тірек, негіз болған адам, түпкі тарихи тұлға.

**Психологиялық параллелизм** – кейіпкердің көңіл күйін табиғат құбылыстарымен байланыстыра бейнелеп, суреттеу тәсілі.

**Реализм** – көркем шығармада болмысты объективті түрде бейнелеу.

**Риторика** – шешендік өнер ілімі.

**Риторикалық сұрау** – ойды, сезімді әсерлі жеткізу үшін жауабы өзінен-өзі айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айту. Риторикалық сұрау жауапты қажет етпейді.

**Роман** – күрделі сюжетті, көбіне қара сөзбен, кейде өлеңмен жазылған кең көлемді эпикалық түр. Романның көлемі үлкен, мазмұны қат-қабат, сюжеті мен композициясы өте күрделі. Романның түрлері: тарихи роман, авантюрлік роман, ғажайып оқиғалы роман, детективті роман, психологиялық роман, тұрмыстық роман, педагогикалық роман.

**Тарихи роман** белгілі бір тарихи оқиғаға байланысты туған шығарма. Тарихи шығармаларда оқиғаның дәлдігі сақтала бермейді, әр кезеңнің тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси бет-бедері көркемдік тұрғыдан қорытылып бейнеленеді. Бұл жанрда жалпыхалықтық мемлекеттік мүдделер басты сипат алады. Тарихи роман негізін тарихта болған оқиға желісі құрайды. Тарихи роман кейіпкерлері де өмірде болған адамдар.

**Авантюралық роман.** Бұл роман кейіпкерлері қауіп-қатерлі аса қорқынышты халдерді басынан өткізеді және ол қиыншылықты жеңіп шығады.

**Роман-эпопея** – күрделі, ірі оқиғаларды ұлттық-тарихи тұрғыдан суреттейтін, өмірді, оның әр алуан құбылыстарын, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды кең қамтып, терең бейнелейтін роман.

**Ғажайып оқиғалы роман.** Бұл романдардың оқиғасы тез дамып, қиыннан шарықтап кетіп, барған сайын оқиғаға шиеленісе

береді. Бұл роман жұртты тез қызықтыру үшін, көңіл аулау үшін жазылғандықтан, ондағы оқиғалар көпшілігінде тек қызықты ету мақсатымен құрылады.

**Детективті роман** – тыңшылық жөніндегі роман.

**Психологиялық роман.** Бұл оқиғаны адамның ішкі сезімін, терең, барынша қатты күйзелту жағдайында дамытады.

**Тұрмыстық роман.** Бұл негізінен үй тұрмысы, сол заманның салты, әдеті көрсетіледі. Мұндай роман ХІХ ғасырда көп болды.

**Педагогикалық роман.** Бұл романда негізгі оқиға желісі педагогикалық тәрбие беру мақсатында жасалады.

**Романс** – сүюді жырлау.

**Романтизм** – көркем шығармада өмірді, болмысты не тым құлдыратып, не мүлде өсіріп, өсірелеп, қиял дүниесіне бой алдыратын көркем әдіс түрі.

**Синекдоха** – (меззеу) – бүтіннің орнына бөлшекті, бөлшектің орнына бүтінді қолдану.

**Синоним сөздер** – айтылуы мен жазылуы әртүрлі, мағынасы жақын, ұқсас сөздер.

**Сонет** – құрылымы өлшеулі өлең.

**Суреттеу** – шығарма оқиғасын баяндау барысында оқиға болған жермен, кейіпкерлермен, оған қатысты нәрселермен таныстыруда қолданылатын көркем әдеби әдіс.

**Сюжет** – көркем шығармадағы оқиғалардың рет-ретімен баяндалып, бір-бірімен байланысып, біртұтас желіс құруы. Сюжет жоқ жерде композиция жоқ. **Шартты түрде әдеби шығармада:** сюжеттің басталуы – экспозиция-кіріспесі, сюжеттік байланыс – адамдар арасындағы әрекет басы, тартыстың басталуы, негізгі оқиғаның туу себебі, сюжеттік даму, шиеленіс, шарықтау шегі – тартыстың өрістеп шыққан биігі, шешімі – жазушының өмір шындығына шығарған шешімі, үкімі, адамдар арасындағы қайшылықтардың бітуі. **Композицияның құрамына кіретін сюжеттен тыс нәрселер:** пролог – көркем шығарманы қабылдауға дайындық, эпилог – көркем шығарманы қорыту.

**Сатира** – құбылысты, оқиғаны немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі және осы тәсілмен жазылған көркем шығарма. Қазақ поэзиясына сатира Абай өлеңдерімен кірді.

**Стиль** (грекше – *stylos*) деген терминнің мағынасы әртүрлі: көне римдіктер сырлы тақтаға сөз жазатын бір ұшы қалақша, бір ұшы сүйір таяқшаны стиль деген болса, кейін әркімнің қолтаңбасы,



жазу өрнегі, одан бертін келе сөз мәнері, сөйлеу машығы, әр суреткерге тән өнер ерекшелігі стиль атанған.

**Тақпақ** – көлемі шағын, айтуға жеңіл өлеңдер.

**Тақырып** – жазушы көтерген әлеуметтік мәселе. Жазушы көркем шығармада өмірде болып жатқан оқиғалар мен оған қатысы бар адамдар тағдырын суреттей отырып бір немесе бірнеше әлеуметтік мәселені көтереді.

**Тарихи жырлар** – белгілі тарихи оқиғаға байланысты туған эпикалық шығармалар. Тарихи жырларда оқиғаның дәлдігі сақтала бермейді, әр кезеңнің тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси бет-бедері көркемдік тұрғыдан қорытылып бейнеленеді.

**Тармақ** – буын саны тұрақты келетін өлең жолы.

**Теңеу** – заттың, құбылыстың қасиетін, сапасын ашу үшін екінші бір затпен, құбылыспен салыстыра сипаттау.

**Терме** – нақыл, өсиет айтуға негізделген, өмірдің жеке құбылыстарына байланысты қорытынды айтылатын өлең түрі.

**Төл сөз** – әдеби шығармада тікелей айтылған қалпын сақтап берілетін кейіпкер сөзі.

**Төлеу сөз** – кейіпкердің сөзін айтылған қалпын сақтамай, тек мағынасын ғана жеткізетін сөз.

**Троп** – сөз немесе сөз тіркесінің көркем шығармада тура мағынада емес, ауыспалы мағынада қолдану тәсілі.

**Табиғат лирикасы** – ақынның ішкі жан дүниесін оның әртүрлі табиғат құбылыстарын сезінуі, бейнелеп суреттеуі арқылы танылатын, адамның табиғатпен етене жақындығын көрсететін өлең-жырлар.

**Толғау** – көне дәуірлерде туып қалыптасқан поэзиялық шығарманың бір түрі, философиялық ой қорытудың ұлттық үлгісі, табан астында суырып салып айтуға құрылған лиро-эпикалық жыр. Толғау – күрделі, көлемді лирикалық туынды, сюжетсіз поэма.

**Ұйқас** – тармақтардың соңғы сөздерінің үндесіп келуі. Ұйқас түрлері: қара өлең ұйқасы, шұбыртпалы ұйқас, кезекті ұйқас, шалыс ұйқас, егіз ұйқас, ерікті ұйқас.

**Шежіре** – халықтың құрамына кіретін ру-тайпалардың тегін таратып, туысқандық дәрежесін айыратын тізбе.

**Шешендік сөздер** – қоғам өміріне, табиғат құбылыстарына байланысты терең ой, бейнелі шебер тілмен айтылған халық шығармасы, тапқырлық сөздер мен тұжырымдар.

**Шумақ** – аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіретін жүйе.

**Шендестіру немесе антитеза** – бір-біріне кереғар құбылыстарды, мән-мағынасы әр тарап ұғымдарды, түр-түсі әр бөлек

нәрселерді өзара бетпе-бет қою арқылы бұлардан мүлде басқа бір құбылыстың, ұғымның, нәрсенің суретін, сыр-сипатын, кескін-кейпін анықтау, аңғару, елестету.

**Ішкі монолог** – кейіпкердің ішкі ойы, өзіне қарата айтылған арнауы.

**Философиялық лирика** – қоғамдық болмыстың өзекті мәселелерінің ақын жазушы шығармаларында көрініс табуы. Философиялық лирикаға жататын өлеңдерге философиялық толғаныстар, азаматтық-ағартушылық әуендер, адам және оның жан дүниесі, көзқарасы туралы сипат тән.

**Ырғақ** – бунақтардан құралған, өлеңдегі қимыл-әрекетті бір мөлшерде, бір қалыпта суреттеу.

**Эвфемизм** – арнайы жағымсыз, дөрекі сөздің орнына қолданылатын сыпайы сөз.

**Экспозиция** – көркем шығармада оқиға дамып-өрістейтін орынды, ортаны, кейіпкерді оқырманға алғашқы таныстыру.

**Элегия** – бір мұң, бір сыр аралас өлең.

**Эпиграмма** – жеке біреуді мінеп, мысқылдайтын сықақ өлең.

**Эпиграф** – әдебиетте жеке шығармалар алдынан немесе оның жеке тараулары алдынан келтірілген үзінді, өнеге сөздер, не өлең жолдары.

**Эпизод** – көркем шығарма сюжетіндегі өз алдына мәні бар, өзара байланысқан оқиғаның бір бөлшегі, көрінісі.

**Эпилог** – көркем шығарманы қорытындылайтын бөлім.

**Эпиталама** – жас жұбайларға арналған өлең.

**Эпитафия** – қабір басындағы өлең.

**Эпитет** – заттың, құбылыстың сипатын, сапасын айқындайтын суретті сөз.

**Эпопея** – бір немесе бірнеше тарихи дәуірдің типтік оқиғаларын кең көлемде суреттейтін, бірнеше ұрпақ өкілдерінің іс-әрекеттерін көркемдік тұтастықта баяндайтын поэзиялық не прозалық кесек туынды.

**Эпос** – суреттеп отырған өмір құбылыстарын және кейіпкер образын көркем әдебиеттің алуан түрлі әдістерін кең көлемде қамту арқылы бейнелейтін әдебиет тегі.

**Эссе** – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын көркем әдебиет жанры.

**Эпифора** – метафораның қиялға негізделіп айшықталған түрі. Айтылған ойдың әсерлілігін арттыру үшін фразалар соңындағы сөзді не дыбыстық тіркесті қайталаудан туатын айшықты орамдар.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Адамбаев Б. Төле би шешен / Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық. 1-том. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 632 б.
2. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы, 1993.
3. Айбергенов Т. Шығармалары. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. 320 бет.
4. Ахметов З., Шаңбаева Т. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы, 1998.
5. Әбдікәрімұлы Б., Сарбасова Қ. «Ж.Баласағұни педагогикасы». Қарағанды, 2008. –124 б.
6. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002.
7. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Ақжол. – Алматы, 1991.
8. Баласағұн Ж. Құтадғу біліг / Ауд. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
9. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы, 1989.
10. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі», 2001, – 592 б.
11. Дербісәлі Ә. Даланың дана перзенттері. – Алматы, 2004.
12. Дәдебаев Ж. Шешендік сөздер. – Алматы, 1993.
13. Жандыбаев Ғ. Сөз мәйегі. – Алматы, 1998
14. Жармұхамедов М. Шешендік өнер. – Алматы, 1998.
15. Кекілбайұлы Ә. – Алматы, Он екі томдық шығармалар жинағы, 10-том, 145 бет. «Өлке» баспасы, 1999. – Т.Айбергенов туралы
16. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
17. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 8-том, Қазақстан тарихы энциклопедиялық анықтамалығы.
18. Қара қылды қақ жарған: билер мен шешендер сөздері / құраст. І.Есхожин. – Алматы: Қайнар, 1995. – 256 б.

19. Қасымжанов А.Х. Ұлы дала зиялылары. – Алматы: Қазақ университеті, 1996. – 157 б.
20. Қирабаев С. «Ұлт тәуелсіздігі және Әдебиет». – Алматы. Ғылым, 2001.
21. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. – Алматы, 2003.
22. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 2002.
23. Қасенов С. Шешендік тәсілдері. – Алматы, 1989.
24. Қаратаев М. «Қазақ поэзиясының Құлагері».
25. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том. // Құраст.: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.
26. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, – Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1998, 2-том.
27. Қазақ өнерінің антологиясы. Айтыс I том. «Күлтегін». Астана, 2014. 400 бет.
28. Негимов С. «Шешендік өнер». – Алматы: Ана тілі, 1997.
29. Орынбеков М.С. История философской и общественной мысли Казахстана (с древнейших времен по XII в.). – Алматы: ИРК, 1997. – 132 с.
30. Өзбекұлы С. Қазақтың саяси-құқықтық ой-пікір тарихының өзекті мәселелері. – Алматы. Білім, 2004. – 128 б.
31. Садырбаев С. Халық әдебиетінің тарихи негіздері. – Алматы, 1995.
32. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
33. Сейдімбеков А. «Елтұтқа» кітабы.
34. Сүйіншәлиев Х. VIII–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1989. – 280 б.
35. Төреқұл Н. Майқы би және Төле би / Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық /1-том. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 632 б.
36. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы: «Алматыкітап» баспасы, 2009.
37. Төреқұлов Н. «Даланың дара ділмарлары». – Алматы: «Қазақстан», 2001.
38. Төреқұлов Н. «Билер сөзі – ақылдың көзі». – Алматы: Қазақстан, 1996.
39. Төреқұлұлы Н. Қазақтың 100 би-шешені. – Алматы, 1995. – 384 б.
40. Төреқұлов Н., Қазыбеков М. Қазақтың би-шешендері. – Алматы, 1993.

41. Уәлиханов Ш. «Таңдамалы». – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1985.
42. Үш ғасыр жырлайды. (Революцияға дейінгі қазақ ақындарының шығармашылығы) «Жазушы» баспасы, Алматы 1965.
43. Шәлекенов У.Х. V–XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – Алматы: Жібек жолы, 2006. – 248 б.
44. Шқанова Б. Шешендік сөздердің жанрлық ерекшеліктері. – Алматы, 1995.
45. Шындалиева М. Шешендік пен ақындықтың дәстүрлі байланысы. – Алматы, 1996.
46. Оңғарсынова Ф. 10 томдық жинақ. – Алматы, 2010
47. Т.Нұртазин, М.Қаратаев, Х.Әдібол. «Заман және әдебиет». Классикалық зерттеулер. – Алматы, 1998.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	4
<b>I ТАРАУ. АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ СӨЗ</b> .....	<b>7</b>
Х–ХІІ ғасырлардағы әдебиет .....	8
Жүсіп Баласағұн .....	10
«Құтты білік» дастаны .....	17
Шешендік сөздер .....	25
Майқы би Төбейұлы .....	36
Мөңке би Тілеуұлы .....	41
Әнет би Кішікүлы .....	48
Төле би Әлібекұлы .....	55
Қазыбек би Келдібекұлы .....	63
Әйтеке Байбекұлы .....	69
Сырым Датұлы .....	76
Бұқар Қалқаманұлы .....	86
Айтыс .....	96
Біржан мен Сара айтысы .....	109
Жиынтық бағалау тапсырмалары .....	117
<b>II ТАРАУ. ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК ШЕШІМ</b> .....	<b>121</b>
Нысанбай жырау (1822–1883) .....	122
Махамбет Өтемісұлы .....	137
Шоқан Уәлиханов .....	154
Жиынтық бағалау тапсырмалары .....	166
<b>III ТАРАУ. АДАМ ЖАНЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ</b> .....	<b>169</b>
Ілияс Жансүгіров .....	170
Бейімбет Майлин .....	192
Ғабит Мүсірепов .....	202
Төлеген Айбергенов .....	215
Фариза Оңғарсынова .....	222
Жиынтық бағалау тапсырмалары .....	229
<b>IV ТАРАУ. МӘҢГІЛІК ЕЛ – МӘҢГІЛІК МҰРАТ</b> .....	<b>233</b>
Несіпбек Айтұлы .....	234
Қажығали Мұханбетқалиұлы .....	241
Жиынтық бағалау тапсырмалары .....	250
Әдебиеттану терминдерінің сөздігі .....	255
Пайдаланылған әдебиеттер .....	267

*Оқулық басылым*

**Сәуле Чапайқызы Тұрсынғалиева  
Гүлмира Дәулетқазықызы Рыскелдиева**

# **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ**

Жалпы білім беретін мектептің  
9-сыныбына арналған оқулық

<b>Суретшілері</b>	А.Айтжанов, Д.Кдыров, Ә.Төлебиев
<b>Бас редакторы</b>	Қ.Қараева
<b>Редакторлары</b>	А.Ізет, Р.Акегожаева
<b>Техникалық редакторы</b>	В.Бондарев
<b>Көркемдеуші редактор</b>	Е.Мельникова
<b>Бильд редакторы</b>	Ш. Есенкулова
<b>Суретші-бездіруші</b>	О.Подопригора
<b>Мұқабаның дизайны</b>	В.Бондарев, О.Подопригора
<b>Беттегендер</b>	Л.Костина, Г.Илишева, С.Сулейменова, Т.Макарова



### **Назар аудар**

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны *arman-pv.kz* сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алуыңа болады

### **Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:**

Нұр-Сұлтан қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: [astana@arman-pv.kz](mailto:astana@arman-pv.kz)

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел./факс: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: [info@arman-pv.kz](mailto:info@arman-pv.kz)

### **«Арман-ПВ» кітап дүкені**

Алматы қ., Алтынсарин к/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 12.07.2018 берілді. Басуға 12.06.2019 қол қойылды. Пішімі 70 x 100 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.

Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «ММ Мектептік». Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 21,93. Таралымы 50000 дана.

**Артикул 809-003-001к-19**